

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы ____ қыркүйектегі
№ ____ бұйрығына
1-қосымша

Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің)
профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРКЕН» БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ» КеАҚ

*«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған
(24.07.2025 жылғы № 2 хаттама)*

Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасы. – Алматы: «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ» КеАҚ, 2025. – 321 б.

Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасы өзектілігі, тұжырымдамалық негіздемесі, мақсаты, міндеттері, жүзеге асыру кезеңдері, күтілетін нәтижелері, қосымшалардан тұрады.

Қосымшалар тізіміне: буллингке қарсы команданың ережесі; жергілікті актілердің жобалары; білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда дереу ден қою алгоритмі; педагогтерге арналған кіріспе семинары; білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған семинарлар; мектептердің 1-4, 5-9, 10-11-сыныптары /колледждердің 1-2-курс білім алушыларының заңды өкілдеріне арналған сабақтар; мектептердің 1-11-сыныптары /колледждердің 1-2-курс білім алушыларына арналған сабақтар негізінде жобалық қызметті ұйымдастыру бойынша нұсқаулық; диагностика мен мониторинг жүргізуге арналған материалдар; білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық ұжымның қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау материалдары енгізілген.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтерге, әдіскерлерге, білім басқармалары, білім бөлімдері басшылары мен мамандарына арналған.

© «Өркен» БӘАҰҒПИ
КеАҚ, 2025

АЛМАТЫ 2025

МАЗМҰНЫ

1	Бағдарламаның төлқұжаты	4-бет
2	Глоссарий	4-бет
3	Бағдарламаның өзектілігі	5-бет
4	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері	11-бет
5	Бағдарламаны іске асыру кезеңдері	14-бет
6	Күтілетін нәтижелер	23-бет
7	Пайдаланылған дереккөздер тізімі	23-бет
8	Қосымшалар	26-бет
9	1-қосымша	27-бет
10	2-қосымша	32-бет
11	3-қосымша	42-бет
12	4-қосымша	50-бет
13	5-қосымша	56-бет
14	6-қосымша	69-бет
15	7-қосымша	95-бет
16	8-қосымша	277-бет
17	9-қосымша	285-бет
18	10-қосымша	287-бет

Қысқартылған атауы

«ӨРКЕН» БӨАҰҒПИ» КеАҚ – «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

1. Бағдарламаның төлқұжаты

Бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілде № 319-III.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз етудің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 742, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 531-НҚ, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 386 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

Бағдарламаны әзірлеуші: «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Бағдарламаға қатысушылар: орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері, қызметкерлері, білім алушылардың заңды өкілдері.

Бағдарламаның орындалуын басқару және бақылау: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

2. Глоссарий

Қауіпсіз білім беру ортасы – білім беру ұйымының ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы, онда білім беру үдерісінің әрбір қатысушысына психологиялық-физикалық қауіпсіздік құқықтары мен нормаларының сақталуына кепілдік беріледі, әрбір білім алушының жеке дамуы үшін жағдайлар жасалады.

Баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе масс-медиа және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);

Баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар.

3. Бағдарламаның өзектілігі

Қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың денсаулыққа, толыққанды даму және сапалы білім алу құқықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып табылады.

Қазақстанда 2022 жылы *Балалардың хал-ахуал индексі*н енгізу арқылы өмірдің әртүрлі салаларында балалардың жағдайын жақсарту, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін бағалауға жағдай жасалды.

Қазіргі уақытта әлемді балалық шаққа тән позитивті қабылдауды нигилизммен, пессимизммен, басқаларға зорлық-зомбылық көрсету және аутодеструктивтік мінез-құлықпен ығыстыру жаппай үрдіске айналды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар статистикасы 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылдың алғашқы 4 айында балаларға қатысты құқық бұзушылықтың 27 %-ға артқанын көрсетті. Аталған кезеңде тіркелген 358 құқық бұзушылық 2024 жылдың маусымында ҚР Қылмыстық кодексіне енген жаңа баптарға сәйкес келеді.

Мектеп ортасында буллинг мәселесінің кең таралуы ерекше алаңдатуда. Буллинг – бір адамға қарсы топтың әдейі және жүйелі түрде көрсететін агрессивті мінез-құлқы. Ол балалардың эмоционалды әл-ауқатына және мектептегі жалпы қауіпсіздігіне теріс әсер етеді. Соңғы жиырма жылда әлемде жүргізілген зерттеулер буллингтің құрбан болған балаларға ғана емес, оны жәбірлеуші баланың өзіне де кері әсер ететінін дәлелдеді.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы 2024 жылғы *Ұлттық баяндама деректері* келесі жайттарды айқындады. Орта есеппен әрбір төртінші оқушы (22%) буллингтің кез келген түріне ұшырайтынын хабарлаған (ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш – 20%). Ата-аналардың (заңды өкілдердің) рұқсатымен 10-18 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген Балалар әл-ауқаты индексі аясындағы әлеуметтік сауалнама нәтижесінде, буллингке ұшырағанын көрсеткен балалардың ең жоғары үлесі Алматы қаласында – 21,4% және Батыс Қазақстан облысында – 20,1% тіркелгені белгілі болды. Мұндай балалардың үлесі Жамбыл облысында 0,6%-ға және Қарағанды облысында 0,6%-ға артқан. Балалардың жәбірлеуге / буллингке, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы ұшырауы көрсеткішінің ең төменгі үлесі Қостанай – 6,9% және Павлодар облысында – 8,9% екенін көрсетті. Аталған көрсеткіш бойынша 2023 және 2024 жылдарға жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде ең жоғары өсім Шығыс Қазақстан облысында – 2,1%, Ақмола және Түркістан облыстарында – 1,2% болғаны анықталды.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, қазақстандық жасөспірімдер көбінесе буллингтің мінез-құлықтық түріне (іс-шарадан шеттету) ұшыраған, ал физикалық түрі (ұрып-соғу, итеру, төбелесу, заттарын бүлдіру, қорқыту) азырақ тіркелген.

Қазақстанда ұл балалар қыздарға қарағанда буллингке жиі ұшырайды – 26% ұлдар, қыздар – 19%. Орналасу ерекшеліктеріне қарай талдау көрсеткендей, ауылдық жерлердегі білім алушылардың 25%-ы буллинг фактілері туралы жиі хабарлайды, ал ірі қалалардағы білім алушылардың көрсеткіші – 21%.

Сонымен қатар, буллинг әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардың балалары оқитын білім беру ұйымдарында 24%-ға жиі кездесетіні байқалды.

Бүгінгі таңда заңнамалық деңгейде «жәбірлеу (буллинг)» ұғымы енгізіліп, баланың бұл құбылыстан қорғалу құқығы заңмен бекітілді.

Буллинг термині нормативтік актілерде ресми түрде бекітілді. 2022 жылғы 3 мамырда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң аясында, оның ішінде жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке қарсы іс-қимыл және құқықтық реттеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Яғни, 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңға; 2004 жылғы 5 шілдедегі «Байланыс туралы» Заңға; 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңға өзгерістер енгізілді. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 1-бабы 4-1-тармақшамен, «Білім туралы» Заңның 1-бабы 4-2-тармақшамен толықтырылды, бұл баптарда *баланы жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг* ұғымдарын қолдану көзделген.

Кәмелетке толмағандарға қатысты буллинг фактілері бойынша әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Мысалы, 2024 жылы 119 әкімшілік іс тіркелді.

Қазақстандық буллингке қарсы «Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасын» (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеуде қазіргі әлемде сәтті жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар негізгі бағдар ретінде алынды. Олардың ішіндегі ең танымалы – *финдік KiVa бағдарламасы*.

KiVa бағдарламасы – *Турку университетінде ғылыми негізделіп әзірленген буллингке қарсы бағдарлама*. KiVa-ның тиімділігі кездейсоқ таңдалып бақыланған ірі ұлттық сынақта және басқа да зерттеулерде ғылыми дәлелденген. KiVa бүкіл әлемде қолданылады және буллингке қарсы күресте ең көп сұранысқа ие бағдарлама болып табылады.

KiVa-ның негізі – *профилактика, араласу және мониторинг*. KiVa бағдарламасы барлық оқушылар қатысатын сабақтар мен онлайн-ойындар арқылы буллингтің алдын алу шараларын жүзеге асырады. KiVa

бағдарламасының араласу шаралары буллингке тікелей қатысқан балалар мен жасөспірімдерге бағытталған: бағдарлама мектептер мен оқушыларға мәселені шешетін тиімді құралдарды, сонымен қатар оқушылар мен қызметкерлер үшін жыл сайынғы онлайн-сауалнамалар арқылы мектептердегі жағдайды бақылау әдістерін ұсынады. Мұндай кері байланыс буллинктің алдын алу жұмысын жақсарту туралы ақпарат береді.

Еуропалық бастамалардың тағы бірі – Норвегияда әзірленген және сынақтан өткен, кейін Канада, АҚШ, Ұлыбритания және Германияға тараған *Olweus – The Olweus Bullying Prevention Program буллингті болдырмау бағдарламасы*. Ол жәбірлеуді азайтуға және болдырмауға және агрессивті мінез-құлық мүмкіндігін жою үшін мектеп ортасын қайта құруға бағытталған. Бағдарлама оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және жұртшылық қатысатын жалпымектептік тәсілге баса назар аударады. Сондай-ақ, буллингпен күресу үшін тұтас орта құру бойынша іс-шараларды қамтиды.

Буллинг және құрдастар арасындағы қарым-қатынас туралы сынып және ата-аналар жиналыстары тұрақты өткізіледі. Мектеп көлеміндегі іс-шараларға оқушылар анонимді түрде толтыратын «Olweus – агрессор/құрбан» сауалнамасын жүргізу; буллинктің алдын алу бойынша үйлестіру комитетін құру; кіші қызметкерлерді оқыту; жалпы мектептегі буллингке қарсы ережелерді және үзіліс кезінде бақылаудың үйлестірілген жүйесін әзірлеу кіреді.

Агрессор және жәбірлеуге тап болған балалар және олардың ата-аналарымен жеке кездесулер өткізіледі.

Жаңа Зеландия мектептерінде іске асырылатын *Peer Support Network – құрдастарды қолдау желісі* бағдарламасы – білім алушыларға әлеуметтік және эмоционалдық қолдау көрсету үшін тәлімгерлікті пайдаланатын буллинктің профилактикасы бағдарламаларының тамаша үлгісі. Арнайы оқытылған жоғары сынып оқушылары кіші жастағы білім алушыларға тәлімгер ретінде әрекет етіп, олар үшін жағымды үлгі болады. Бастауыш сынып оқушылары жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынас жасау және құрдастарымен достық қарым-қатынас орнату арқылы өздеріне деген сенімділік пен төзімділікті дамытады. Бағдарлама оқушының өзін ұжымның мүшесі екенін сезінуін, жанашырлығын және жағымды әлеуметтік қарым-қатынасын қалыптастырады. Өзіне және өзгелерге қамқор болу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін қауіпсіз орта қалыптастырады.

Америкалық *Steps to Respect: A Bullying Prevention Program «Қадірлеу қадамдары: буллингтің алдын алу бағдарламасы»* жалпы мектеп саясатын, ересектердің хабардарлығын және араласуын, сондай-ақ оқушылардың дағдыларын, нормалары мен үміттерін қамтитын көпдеңгейлі тәсілді ұсынады. Бірқатар зерттеулер көпдеңгейлі араласулардың тиімділігін растады. Мысалы, *Journal of School Health* журналында жарияланған зерттеу саясатты әзірлеуге, ересектерге білім беруге және оқушыларды тартуға бағытталған кешенді бағдарламаларды іске асырған мектептерде буллинг оқиғаларының

айтарлықтай азайғанын көрсетті. Көпдеңгейлі тәсіл мектеп қауымдастығының әртүрлі деңгейлерінде жағымды мінез-құлықты нығайтуға ықпал ете отырып, синергетикалық әсерді қамтамасыз етеді.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, біз әрбір білім беру ұйымында буллингтің профилактикасы және оған қарсы тұру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу қажеттігіне көз жеткіздік. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұрудың ең тиімді стратегияларын айқындадық. Оларға әртүрлі әлеуметтік салаларды кіріктіру, ата-аналардың белсенді қатысуы, ерте араласу және анықтау іс-тәжірибесі, құрдастарды қолдау бағдарламалары және деректерді жинау мен бағалаудың сенімді тетіктерін пайдалану кіреді. Жалпы мектеп ұжымында позитивті атмосфераны, қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды қалыптастыру білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын жақсартудың басты шарты екеніне көзіміз жетті.

Бағдарламаны әзірлеушілер қазақстандық қоғамның бірегей ерекшеліктерін, ділін, мәдени дәстүрлерін және құндылықтарын ескерді. Жергілікті мазмұн мен тәжірибені есепке алу, оны буллингтің профилактикасы бағдарламасына кіріктіру – оның тиімділігі мен мәдени өзектілігі үшін аса маңызды. Аймақтық қауымдастықтың өзіндік ерекшеліктері тұлғааралық қарым-қатынастың дамуына, қоғамдық нормаларға және буллинг себептеріне әсер етеді. Бағдарлама білім алушылардың өмір тәжірибесімен үндеседі және соған сәйкес жасалған.

Қоғам буллингке қатысты мәселелерді сындарлы түрде шешу қажеттігін түсінеді. Сарапшылар бұл мәселеге қатысты отандық зерттеулердің жеткіліксіз екенін атап өтеді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы (ҚР ДСМ ҰҚДО) жүргізген «Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатысты мінез-құлқы» атты ұлттық зерттеу (Health Behaviour in School-Aged Children, HBSC) – жас ұрпақтың денсаулығы, тамақтану мәдениеті, дене белсенділігі, семіздік, репродуктивті мінез-құлқы, темекі, есірткі мен алкогольді қолдану тәжірибесі, бос уақытты өткізуі, сондай-ақ буллинг пен кибербуллингке қатысты мәселелер бойынша жалғыз дереккөз.

Қазақстандық сарапшылар мен қоғамдық ұйымдардың әзірлемелері.

Жергілікті сарапшылар (психологтер, қоғам белсенділері, мәдениет және қоғамдық ұйымдардың өкілдері) буллингтің профилактикасының тиімді бағдарламаларын құрастыруда және іске асыруда белгілі рөл атқарады. Олардың белсенділігі аймақтағы нақты мәселелерді шешетін бағдарламаларды және қоғам құндылықтарына сәйкес келетін стратегияларды әзірлеуге бағытталған.

Осылайша, «Just Support» қоры жасөспірімдер мен ата-аналарға көмек көрсетуге бағытталған бірқатар жобаны іске асырды: TEENS, «Отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың профилактикасы және ата-аналық дағдыларды нығайту»; Буллингке қарсы қауымдастық құрылды (Instagram <https://www.instagram.com/bullyingkaz/> – 3295 жазылушы және Facebook

<https://www.facebook.com/groups/stopbullyingkz> – 770 қатысушы), оның мақсаты: ата-аналар, сарапшылар, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, БАҚ өкілдері қауымдастығын дамыту. Қауымдастық балаларды буллингтен қорғауға және олардың қауіпсіз білім беру ортасына деген құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстанның бүкіл аумағында шамамен 100 отбасы психологтерден, заңгерлерден, мектеп медиаторлары мен балалар қауіпсіздігі жөніндегі тренерлерден кеңес пен көмек алды. Онлайн-курстар әзірленді: Буллинг/жәбірлеу: кім кінәлі және не істеу керек? (1400+ қатысушы), Жасөспірімдер психологиясы – олардың тетігі қайда? (5500 қатысушы), Жасөспірімдерде soft skills дағдыларын қалай дамытуға болады? (2400+ қатысушы).

Soul Games қорының жобасы технологияны меңгерген бүгінгі жастардың қалауы мен білім беру стиліне сәйкес келетін серпінді платформаны ұсына отырып, оқытудың инновациялық және тартымды тәсілдерін қамтамасыз етеді. Бұл жоба жасөспірімдерге арналған әлеуметтік-психологиялық INSIDE квестін, «In the City» кәсіптік бағдар беру ойынын, ата-аналардың психолог маманмен қарым-қатынасы барысында тәрбие мәселелерін шеше алатын ата-аналар топтарын, сондай-ақ өзара түсіністікті жақсартып, қиын тақырыптар бойынша әңгімелесуге көмектесетін Step/қадам – отбасына немесе жасөспірімдер тобына арналған үстел ойынын қамтиды. Қор сонымен қатар жасөспірімдердің ата-аналары үшін «Жақындар» деп аталатын коммуникативтік онлайн-тренажерін әзірледі.

«Отбасылық академия» отбасын жан-жақты қолдау орталығы қоғамдық қоры онлайн-курстар арқылы отбасында бақытты өзара қарым-қатынас орнатуға және қолдауға бағытталған «ONEGE» әлеуметтік жобасын жүзеге асырады. «Саналы ата-ана болу» курстарының мақсаты – бала тәрбиесі бойынша ата-аналардың құзыреттілігін арттыру. Атап айтқанда, баланың жеке ерекшеліктерін, еркіндігін, даму және өзін-өзі көрсету құқығын құрметтей отырып, тәрбиелеу процесінде болып жатқан жағдайды дұрыс қабылдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру. Бұл курс позитивті ата-ана болу, зорлық-зомбылықпен, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын дағдарыстарды және т.б. қиын мәселелерді зерделеуге мүдделі ата-аналар үшін пайдалы.

Шайкеновтың оқушылары қауымдастығының құқықтанушы профессорлары заң факультетінің студенттерін оқытады. Студенттер «Street Law Kazakhstan» бағдарламасы аясында жауапты азамат болу, өз құқықтарын саналы түрде пайдалану, басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, заң көмегіне қайда жүгіну керек, басынан өткерген қылмыс туралы айтудан қорықпау мәселелері бойынша оқушыларға сабақ береді. Бұл – мектеп оқушыларын адам құқықтары мен зорлық-зомбылықтан, буллингтен және кибербуллингтен сақтану тетіктеріне үйрететін интерактивті пән. Курстың соңында мектеп оқушылары мен мұғалімдері Street Law пәнін оқытудың оң нәтижесі ретінде: оқушылардың заңға, құқыққа, бір-біріне және

мұғалімдерге сыйластық қарым-қатынасын, сыныптағы оқушылар арасындағы агрессия мен буллинг деңгейінің төмендеуін, пилоттық сыныптардағы достық атмосферасының арта түскенін атап өтті.

Аталған бағдарламалар қазақстандық қоғамның сыйластық, түсіністік және инклюзивтілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарламаның әдіснамасы

Біз білім беру ұйымдарындағы буллинктің профилактикасы бойынша Стефани М.Джонс, Майкл В. Мак Гарра және Дженнифер Кан негіздеп, шетелдік және отандық ғалымдар дамытып жатқан *әлеуметтік-эмоционалды оқытудың (ӘЭО)* идеяларын әдістеме ретінде негізге аламыз.

Әлеуметтік-эмоционалды оқытудың (ӘЭО) негізгі қағидалары:

1. Ересектердің физикалық және психологиялық саулығы балалық шағында өзін-өзі бақылауының қалай дамығанына тікелей байланысты. Зерттеулер балалардың табандылық, ынтымақтастық, жанашырлық, қақтығыстарды шешу сияқты әлеуметтік құзыреттіліктерінің дамуы мен олардың болашақтағы табыстылығы арасында тығыз байланыс бар екенін анықтады.

2. Балалардың *әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру* маңызды. Бұл өз эмоцияларын реттеу, құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым-қатынас орнату, табандылық таныту, өзін-өзі бақылау, ойлау қабілеті мен мінез-құлқын басқару сияқты дағдыларды қамтиды.

3. Әлеуметтік-эмоционалды дағдылары қалыптасқан балалар құрдастарымен тез тіл табысып, достық қарым-қатынасты сақтай алады. Мұғалімдермен ашық сөйлесіп, мәселелерін еркін талқылайды, танымдық қабілеттері артады, сезімдерін бөлісе алады, келіспеушілік кезінде өзгелердің пікірін құрметтейді, сыныптағы іс-шараларға белсенді қатысады және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысады.

4. *ӘЭО тиімділігінің көрсеткіштері*: сыныптағы әлеуметтік-психологиялық ахуал мен қарым-қатынас мәдениетінің жақсаруы, мінез-құлықта, қарым-қатынаста, оқу үлгерімінде оң өзгерістердің байқалуы, құқық бұзушылықтар мен эмоционалды күйзелістердің, қоғамға жат мінез-құлық көріністерінің және психикалық денсаулыққа қатысты мәселелердің азаюы.

5. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту (ӘЭО) бағдарламалары әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы оқушыларға ерекше әсер етеді. Бұл бағдарламалар агрессия деңгейін төмендетіп, үлгерімді арттырады және қарым-қатынасты жақсартады

6. Әлеуметтік-эмоционалды оқытуды (СЭО) табысты жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі – оқу үдерісі мен сыныптан тыс іс-шаралардың өзара байланысы.

7. Педагогтерге сыныпты немесе топты басқарудың тиімді стратегияларын меңгеру, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, сондай-ақ балаларға эмоцияларын реттеуге және мінез-құлқын бақылауға қолдау көрсетеді.

Бағдарламаның ерекшелігі – *оны жүзеге асыру барысында білім алушылар әлеуметтік бағыттағы жобалық қызметке белсенді түрде тартылады.*

Жобалық қызмет әлеуметтік-эмоционалды дағдылардың дамуына ықпал етеді, себебі ол білім алушыларды бірлескен жұмысқа тартады. Командалық жұмыс барысында олар өзара әрекеттесуді, келісімге келуді және ортақ нәтижеге жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

4. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған тиімді түрде қарсы әрекет ету жүйесін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы әрекет ету жүйесін құру бойынша ұйымдастыру шараларын жүргізу:

1) білім беру ұйымы басшысының бағдарламаны іске асыру туралы бұйрығы, Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспары және басқа да тиісті құжаттарды әзірлеу қажет.

2) педагогикалық ұжыммен кіріспе семинарларын өткізу;

3) білім беру ұйымында қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, демалыс аймақтары, дәретханалар, аумақ және т.б.).

2. Білім беру ұйымдарында қақтығыс жағдайларының туындауына әсер ететін себептер мен факторларды анықтай отырып, әлеуметтік-психологиялық ахуал жағдайының диагностикасын жүргізу.

3. Білім алушылар арасындағы агрессияның / жәбірлеудің профилактикасы және оған қарсы тұру, білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды интеллектін дамыту, білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша педагогтердің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің біліктілігін жүйелі түрде арттыруды ұйымдастыру.

4. Балалар арасындағы агрессия / жәбірлеу көріністеріне ден қою алгоритмдерін меңгеруі үшін білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен (техникалық персонал, медбикелер, асхана қызметкерлері және т.б.) оқыту семинарларын өткізу.

5. Білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар негізінде жобалық қызметті ұйымдастыру.

6. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында буллингке тап болған балаға қалай көмектесу керегі жөнінде оқыту жүргізу.

7. Білім беру ұйымында, сондай-ақ сыныптар мен топтарда әлеуметтік-

психологиялық ахуалды тұрақты түрде мониторингілеу.

Білім беру ұйымдарындағы жәбірлеу (буллинг) мәселесі қоғамды алаңдатып отыр. Бұл мәселе қауіпті, себебі жәбірлеу – бұл екі тең тарап арасындағы қактығыс емес, адамдар тобының бір адамға қатысты қасақана, жүйелі түрде жасайтын агрессивті әрекеті.

Білім алушылар арасындағы жәбірлеу (буллинг) мәселесін шешу үшін білім беру ұйымында жай ғана іс-шаралар өткізу жеткіліксіз. Білім беру ұйымы өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тұтастай алғанда қоғамға, жекелей алғанда әрбір ата-анаға айналасында болып жатқан кез келген іске салғырт қарамай, жәбірлеу жағдайын көрсе бірден араласып, алдын алуға немесе тоқтатуға тырысу керегін түсіндіруі тиіс. Мұндай іс-әрекеттер жүйесін білім беру ұйымының білім алушылары арасындағы жәбірлеудің (буллингтің) *профилактикасы және оған қарсы тұру стратегиясы* ретінде айқындауға болады.

Мұндай стратегияны әзірлеу бірқатар қағидаға негізделуі керек:

1. *Мақсат қою қағидасы* білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы әрекет ету бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттерді айқындайды. Бұл міндеттер анықталған мәселелер мен оларды шешудің басымдықтарына негізделіп, жоспарлау барысында көрініс табады.

2. *Жүйелілік қағидасы* білім беру ұйымындағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған қарсы әрекет ету жөніндегі қызметті өзара байланыста әрекет ететін және біртұтас жүйе ретінде жұмыс істейтін құрамдас бөліктер жиынтығы ретінде қарастырады.

3. *Реттілік қағидасы* мәселені жан-жақты зерделеуді, білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді шешу реттілігін сақтай отырып, жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған қарсы тұру жөніндегі қызметтің барлық бағыттарын қамтитын шаралар жүйесін айқындауды көздейді.

4. *Жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қағидасы.* Жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған қарсы тұру шараларын айқындауда жас және жеке ерекшеліктерін ескереді.

5. Жәбірлеуге (буллингке) мүлде төзбеушілік қағидасы — бұл білім беру ортасындағы буллингтің кез келген көрінісін жол беруге болмайтын әрекет ретінде қарастырып, оған дереу әрекет етуді көздейтін ұстаным. Аталған қағида барлық білім алушылар үшін қауіпсіз, сыйластыққа негізделген және қолдаушы орта қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған қарсы тұру стратегиясы екі бағытты қамтиды:

1. Жәбірлеу (буллинг) профилактикасының құралы ретінде білім алушылар ұжымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру;

2. Жәбірлеу (буллинг) жағдайларына дереу ден қою.

Буллингке қарсы бағдарламаларды салыстырмалы тұрғыда талдаған зерттеушілердің пікірінше, бала мінез-құлқы көбінесе әлеуметтік ортадағы ахуалға тәуелді, сондықтан осы ахуалды қалыптастыруда рөл атқаратын «буллинг куәгерлерімен» жұмыс жүргізуге айрықша назар аударылады.

Теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық деректер жәбірлеудің жүйелік сипатқа ие екенін көрсетеді: топтың ұйымшылдығы мен шиеленістің дамуы негізгі күш ретінде топ мүшелері арасындағы қарым-қатынасты айқындайды. Топтық шиеленіс оның мүшелері арасындағы ішкі қақтығысқа және сыртқы қысымға байланысты (мұғалімнің авторитарлық оқыту стилі, оқушыларға әділетсіз қарым-қатынас, білім беру ұйымындағы қолайсыз ахуал) артуы мүмкін.

Буллинг топтық және жеке деңгейлерде, сондай-ақ әлеуметтік ортада да көрініс табады. Буллинктің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігі барлық деңгейдің үйлесімді қатысуын қажет етеді. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, дәл осы жүйелі жұмыс қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы Бағдарламада тұжырымдалған міндеттерді шешу негізінен екі стратегиялық бағытты іске асыруды көздейді.

Кез келген білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы және оған ден қою үшін мыналар жүзеге асырылуы тиіс:

1) Ұйымдастыру шаралары (Буллингке қарсы команда құру, білім беру ұйымдарында болуы мүмкін қақтығыстар аймақтарын белгілеу және т.б.)

2) Педагогикалық ұжымды тренингтер, семинарлар, вебинарлар форматында жәбірлеу (буллинг) жағдайларын диагностикалау және ден қою дағдыларына оқыту;

3) Өзірленген ден қою алгоритмдеріне сәйкес білім беру ұйымдарының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, асхана қызметкерлері және т.б.) балалар арасындағы агрессия мен жәбірлеу көріністеріне уақытылы әрі дұрыс әрекет етуге оқыту көзделеді.

4) Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру;

5) Білім алушыларды білім беру ұйымында әлеуметтік-эмоционалды дағдыларға және буллинг жағдайларындағы мінез-құлыққа оқыту;

6) Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында буллинг жағдайындағы баланың жай-күйін анықтау және оған қолдау көрсету дағдыларына оқыту.

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты әзірлеген Бағдарламасы:

1. білім алушылар арасындағы агрессивтік және дұшпандық реакцияларын төмендетуге;

2. тұлғааралық және топаралық қатынастарды реттеуге;

3. білім алушылардың қақтығыс жағдайларына ден қою дағдыларын дамытуға;

4. балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға (толеранттылық, эмпатия және т.б.) бағытталады.

Бағдарлама мектептер мен колледждерде балаларды оқыту үшін ұсынылады. Оның негізіне білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға бағытталған жобалық қызмет алынған. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту – мектепте зорлық-зомбылыққа мүлде төзбеу атмосферасын құрудың ең маңызды факторы.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

№	Іс-шаралардың атауы	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
I. Ұйымдастыру-диагностикалық кезең				
1.	Білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен, техникалық және қызмет көрсету персоналы мен ұйымдастыру іс-шараларын өткізу	Білім беру ұйымы ұжымының Бағдарламаның негізгі ережелерімен және оны іске асыру кезеңдерімен танысуы: 1. Бағдарламаны енгізу туралы; 2. Буллингтің (жәбірлеудің) алдын алу жоспарын бекіту туралы; 3. Буллингке қарсы команданың ережесін әзірлеу туралы; 4. Білім беру ұйымындағы буллинг мәселесінің нақты жағдайын диагностикалау туралы педагогикалық кеңес өткізу. Білім беру ұйымының қызметкерлерімен Бағдарламаны енгізу туралы өндірістік кеңес өткізу.	Қыркүйек 2025ж.	Педагогикалық кеңес, өндірістік кеңестің хаттамалары Диагностикалау кестесі Сауалнамаларды өңдеудің жоспары
2.	Білім беру ұйымындағы жәбірлеудің (буллингтің) нақты жай-күйін анықтау	1. Білім беру ортасында буллингтің таралуы мен ерекшеліктерінің диагностикасы (білім беру ұйымының білім алушылары) 2. Психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын диагностикалау (білім алушылар, педагогтер, мектептердің 4-11- сынып және	Қыркүйек 2025 ж.	Диагностика өткізу туралы бұйрық Өткізу кестеслері Диагностика

	бойынша диагностик а жүргізу	колледждердің 1-2-курс білім алушыларының ата-аналары).		материал дары, Талдамал ық анықтама
3.	Білім беру ұйымында ғы буллингтің жай-күйін мониторин гілеуді ұйымдаст ыру	Білім беру ұйымындағы жәбірлеудің (буллингтің) қазіргі жағдайына кешенді талдау жүргізу, оның ішінде буллинг жағдайлары бойынша деректерді жинау.	Қырк үйек- қазан 2025ж .	Талдамал ық анықтама
4.	Бағдарлам аны іске асыру бойынша ақпаратты қ науқан ұйымдаст ыру.	1. Білім беру ұйымының педагогтері үшін кіріспе семинарын өткізу 2. Білім беру ұйымының қызметкерлері үшін семинарлар өткізу 3. Ата-аналар жиналыстарында Бағдарламаның мақсатын, міндеттерін түсіндіру. 4. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата- аналарға арналған сабақтар өткізу 5.Әлеуметтік желілерде пост жариялау 6. Білім беру ұйымының сайтында айдар құру	Қырк үйек 2025 ж.	Ақпарат Материал дар
5.	Буллингке қарсы команда құру	Буллингке қарсы команда құру туралы Ереже әзірлеу 2. Ынталы педагогтерді, білім беру ұйымдарының қызметкерлерін, ата- аналар комитеті өкілдерін тарта отырып, Буллингке қарсы команда құру. 3. Буллингке қарсы команданың басшысын тағайындау 4. Буллингке қарсы команда мүшелері арасында функцияларды, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу 5. Буллингке қарсы команда мүшелерінің лауазымдық	Қырк үйек 2025 ж.	Буллингк е қарсы команда туралы Ереже Буллингк е қарсы команда құрамы туралы бұйрық Буллингк е қарсы

		нұсқаулықтарына толықтырулар енгізу (қажет болған жағдайда)		команданың жұмыс жоспары Сайттағы, әлеуметтік желілердегі ақпарат
II. Жобалау кезеңі				
1.	Бағдарламаны іске асыруды ескере отырып білім беру ұйымының қызметін жоспарлау	1. Бағдарламаны іске асыруды, білім беру ұйымының ерекшеліктерін, білім алушылар контингентін, қалыптасқан дәстүрлерді ескере отырып, мектеп қызметін реттейтін құжаттарды әзірлеу (Оқу- тәрбие жоспары, Мектепшілік бақылау жоспары және т. б.) 2. Әзірленген құжаттарды педагогикалық кеңесте бекіту	Қыркүйек 2025 ж.	Білім алушылардың жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары Білім беру ұйымының жұмыс жоспары педагогикалық кеңес хаттамасы
2.	Буллингке қарсы команданың қызметін жоспарлау	1. Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспарын әзірлеу және педагогикалық кеңесте бекіту. 2. Буллингке қарсы команданың жұмысын мектептің жұмыс жоспарына кіріктіру. 3. Білім беру ұйымында жәбірлеудің (буллингтің) әрбір нақты жағдайы бойынша көмек көрсетуге арналған жеке жоспарды	Қыркүйек 2025 ж. Мамыр 2026ж.	Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспары Көмек көрсетудің жеке жоспары

		іске асыру; оның орындалуын үйлестіру.		
III. Іске асыру кезеңі				
1.	Бағдарламаны іске асыру бойынша білім беру ұйымы әкімшілігінің қызметі	1. Білім беру ұйымындағы қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, демалыс аймақтары, дәретханалар, оқу орнының аумағы және басқа да оқушылар жиі шоғырланатын орындар) 2. «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері мен мазмұны бағдарламасы» бойынша педагогтердің біліктілігін «ӨРКЕН» БӨАҰҒПИ» КеАҚ базасында арттыруды қамтамасыз ету. 3. Білім беру ұйымдарының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, асхана қызметкерлері және т.б.) балалар арасындағы агрессия/жәбірлеу көріністеріне ден қоюды тренингтер арқылы оқыту 4. Білім алушылармен, педагогтермен және баланың заңды өкілдерімен буллингтің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу 5. Білім беру ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал орнату, білім алушыларда жәбірлеуге (буллингке) мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру 6. Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету 7. Буллингке қарсы команданың қызметін тиімді ұйымдастыру	Тамыз - қыркүйек 2025 ж. Қыркүйек, желтоқсан 2025 ж. Қыркүйек 2025 ж. – мамыр 2026 ж. Тоқсанына 1 рет	Қақтығыс болуы мүмкін аймақтардың схемасы Педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары Қызметкерлерді оқыту кестесі Іс-шаралардың мазмұнын әзірлеу, спикерлер мен модераторларды іріктеу Жеке көмек көрсету жоспары

		8. Білім алушыларға қатысты жәбірлеудің (буллингтің) белгілері анықталған жағдайда дереу ден қоюды ұйымдастыру 9. Білім беру ұйымындағы жәбірлеудің (буллингтің) әрбір нақты жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын іске асыру, оның іске асырылуын үйлестіру 10. Білім беру ұйымдары педагогтерінің құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру: білім алушылар арасында агрессияның / жәбірлеудің профилактикасы және оған қарсы тұру; жобалау қызметін ұйымдастыру; педагогтер мен білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды интеллектін дамыту; білім беру салаларына, қосымша білім беруге, оқудан тыс қызметке жәбірлеуге (буллингке) мүлде төзбеушілік мәдениетін кіріктіру. 11. Бағдарлама аясында мектептердің 1–11 сынып оқушылары мен колледждердің 1–2 курс білім алушыларының жобалық қызметін ұйымдастыру 12. Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Жәбірлеу (буллинг) жағдайындағы балаға қалай көмектесуге болады» сабақтарын өткізу 13. Профилактикалық іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелер қорын құру 14. Ақпараттық-ресурстық қамтамасыз ету 15. Бағдарламаны іске асыру мониторингі 16. Әлеуметтік әріптестер желісін кеңейту, мүдделі мемлекеттік		
--	--	--	--	--

		органдар мен ұйымдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, бизнес-құрылымдарын тарту		
2.	Бағдарламаны іске асыру бойынша педагог қызметкерлердің қызметі	1. Буллинг жағдайларын диагностикалау және ден қою әдістерін пайдалану және алгоритмін қолдану 2. Мектептердің 1-11- сынып, колледждердің 1-2-курс білім алушыларымен жұмыстың мазмұнын, әдістерін игеру (жобалау қызметін, тренингілік жаттығуларды және жұмыстың басқа да түрлерін жүргізу бойынша практикалық ұсынымдар) 3. Педагогтердің өз әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуы 4. Жәбірлеуге (буллингке) мүлде төзбеушілік мәдениетін білім беру салаларына, қосымша білім беруге, оқудан тыс қызметке кіріктіру	Қыркүйек 2025 ж. – мамыр 2026 ж.	
3.	Бағдарламаны іске асыру бойынша сынып жетекшілерінің / топ кураторларының қызметі	1. Бағдарлама бойынша мектептердің 1-11-сыныптары және колледждердің 1-2-курс білім алушыларына арналған сабақтар негізінде жобалау қызметін ұйымдастыру 2. Бастауыш сынып оқушыларына жоғары сынып білім алушыларының менторингін ұйымдастыру, бірлескен іс-шараларды өткізу 3. Мектептің / колледждің педагог-психологі жүргізетін білім алушыларға арналған сауалнаманы ұйымдастыруға қатысу 4. Оқушылардың әлеуметтік желілердегі бейіндерімен, оның ішінде оларға қоса салынатын фото, бейне, посттарымен және түсіндірмелерімен танысу, агрессия көріністерін анықтау және	Қыркүйек 2025 ж. – мамыр 2026 ж.	Ақпарат Материалдар

		кибербуллингтің профилактикасы бойынша шаралар қабылдау 5. Білім алушыларға қатысты жәбірлеудің (буллингтің) белгілері анықталған жағдайда дереу ден қою 6.Балалармен жеке жұмыс жүргізу және ата-аналармен байланыста болу		
4.	Бағдарламаны іске асыру бойынша педагог-психологтің қызметі	1.Білім алушылардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен сауалнама ұйымдастыру және жүргізу 2. Педагог-психологтің консультациялық кеңесін есепке алу журналында тіркей отырып, білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету. 3. Тәуекел топтарындағы балалармен жұмыс жоспарына жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мәселелерін қосу. 4. Жәбірлеу (буллинг), педагогтердің кәсіби қажуы және психологиялық денсаулық тақырыбындағы ақпараттық стендтерді дайындау. 5. Диагностика нәтижелері бойынша алаңдаушылық тудырған білім алушылармен жеке әңгіме жүргізу 6. Білім алушылардың ата-аналарымен кездесулер өткізу. 7. Білім алушыларымен тренингтер жүргізу.	Қыркүйек 2024 ж. – мамыр 2025 ж.	Психологтің және әлеуметтік педагогтің ұсынымдары Жұмыс жоспары Ақпарат, стендтер Жоспар, кесте, ақпарат
5.	Бағдарламаны іске асыру бойынша әлеуметтік педагогтің қызметі	1. Білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету 2. Білім алушылардың отбасыларымен жұмыс	Қыркүйек 2025 ж. – мамыр 2026 ж.	Әлеуметтік педагогтің ұсынымдары Жұмыс жоспары

6.	Бағдарламаны іске асыру бойынша оқушылардың қызметі	1. Білім алушылардың шығармашылық қызметі аясында буллингтің алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу 2. Мектептердің 1-11-сыныптары және колледждердің 1-2-курс білім алушыларының жобалық қызметін іске асыру 3. Білім беру ұйымының өзін-өзі басқару жұмысының жоспарына буллингтің профилактикасы іс-шараларын енгізу 4. Жас ерекшелігіне байланысты өзара әрекеттесуді ұйымдастыру (бастауыш-орта-жоғары буын білім алушылары)	Қыркүйек 2025ж. – мамыр 2026ж.	Білім беру ұйымының өзін-өзі басқару жұмысының жоспары
7.	Бағдарламаны іске асыру бойынша білім алушылардың ата-аналарының қызметі	1. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» буллингтің профилактикасы бойынша мектептердің 1-4, 5-9, 10-11–сыныптары, колледждердің 1-2-курс білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтарына қатысу 2. Буллингтің нақты жағдайларын шешу бойынша өзара әрекеттесу мүдделерін, ұстанымдарын, тәсілдерін келісу үшін ата-аналардың, балалардың, педагогтердің кездесулеріне қатысу 3. Білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша педагогтермен ынтымақтастық 4. Сыныптың, топтың әлеуметтік бағытталған жобалық қызметін іске асыру процесіне қатысу 5. Білім беру ұйымының іс-шараларын, мерекелерін ұйымдастыру кезінде еріктілер ретінде қатысу	Қыркүйек 2025ж. – мамыр 2026ж.	Ата-аналарға арналған сабақтардың бағдарламасы Іс-шаралардың жоспарлары, бағдарламалары

		6. Ата-ана кеңестері, клубтары және т.б. жұмысына қатысу («Даналық мектебі»)		
IV. Талдау кезеңі				
1.	Аралық және қорытынды диагностикалық зерттеулерді жүргізу: буллинг пен кибербуллингің жай-күйін анықтау	1. Білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктерін диагностикалау (мектептің 1-11- сынып оқушылары, колледждің 1-2- курс білім алушылары) 2. Психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын диагностикалау	Оқу жылында үш рет (қыркүйек, қаңтар, мамыр)	Зерттеу материалдары, талдамалық анықтама
2.	Бағдарламаны іске асыру бойынша білім беру ұйымының қызметін мониторингілеу	1. Мониторинг жүргізу 2. Бағдарламаны іске асыру барысы туралы талдамалық есеп құру	Мамыр 2026 ж.	Мониторинг материалдары, талдамалық есеп, презентация
3.	Бағдарламаны іске асырудың оң тәжірибесін тарату	БАҚ және әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, семинарлар, вебинарлар және т.б өткізу	Қыркүйек 2025 ж. – мамыр 2026ж.	Тәжірибені тарату материалдары

6. Күтілетін нәтижелер

Білім беру ұйымдары ұжымдарының білім алушылар ортасындағы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қызметі келесі нәтижелерде көрініс табады.

1-нәтиже. Әрбір ұйымда жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған тиімді қарсы тұру жүйесі құрылады.

2-нәтиже. «ӨРКЕН» БЭАҰҒПИ» КеАҚ ұжымымен бірлесе отырып және оның әдістемелік қолдауы негізінде педагогтерге, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге буллингтің (жәбірлеудің) алдын алу және оған әрекет ету, сондай-ақ білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша оқыту ұйымдастырылады.

3-нәтиже. Білім беру ұйымдарында бақылау жүргізу мақсатында ықтимал қақтығыс аймақтары (киім шешетін бөлмелер, демалыс аймақтары, дәретханалар, оқу орнының аумағы және басқа да орындар) анықталады және белгіленеді.

4-нәтиже. Білім беру ұйымдарында буллингке мүлде төзбеушілік мәдениеті қалыптасатын қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал пен орта дамиды.

5-нәтиже. Білім беру ұйымдарында сыныптардың / топтардың әлеуметтік-психологиялық ахуалын тұрақты бақылау және түзету үшін мониторинг жүргізіледі.

7. Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Балалардың хал-ахуал индексі бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2200000021>

2. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180>

3. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748>

4. Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін бекіту туралы

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 742, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 531-НҚ, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 386 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірлескен бұйрығы.

6. Қазақстан Республикасы Бала құқықтарын қорғау комитеті. Қазақстан Республикасындағы балалар жағдайы туралы баяндама. — Астана: Комитет, 2023. — 188 б.
7. Қазақстан Республикасы Бала құқықтарын қорғау комитеті. Қазақстан Республикасындағы балалар жағдайы туралы баяндама. — Астана, 2025. — 244 б.
8. Williford, A., Boulton, A., Noland, B., Little, T. D., Kärnä, A., & Salmivalli, C. (2012). KiVa бағдарламасының жасөспірімдердің депрессиясына, мазасыздығына және қатарластары туралы қабылдауына әсері. *Journal of Abnormal Child Psychology*, 40(2), 289–300.
9. Olweus D. Мектеп жасындағы балалар арасындағы буллинг мәселелері: негізгі деректер және мектептегі интервенция бағдарламасының әсерлері. К. Rubin & D. Pepler (ред.). Балалық шақтағы агрессияның дамуы мен емі. 1991. б. 85–128. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
10. Chien, W. T., Leung, S. F., Yeung, F. K. C., & Wong, W. K. (2023). Құрдастарды қолдау бағдарламаларының ауыр психикалық аурулар кезінде тиімділігі: жүйелі шолу және мета-талдау. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 20(3), 1234.
11. Brown, E. C., Low, S., Smith, B. H., & Haggerty, K. P. (2011). «Steps to Respect» бағдарламасының тиімділігі: мектептік рандомизацияланған зерттеу нәтижелері. *School Psychology Review*, 40(3), 423–443.
12. Seligman, M., & Csikszentmihalyi, M. (2000). Позитивті психология: кіріспе. *American Psychologist*, 55(1), 5–14.
13. Мектеп медиация қызметтерінің жұмысын ұйымдастыру: әдістемелік ұсынымдар. / Құраст. Г. С. Копбаева, Е. М. Антипкина, Е. А. Горбатова және т.б. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2019.
14. Мектептегі буллинг: жәбірленген балаларға психологиялық көмек көрсету тәжірибесі: оқу-әдістемелік құрал. / авт.-құраст. Чурсинова О.В., Ярошук А.А. – Ставрополь: СКИРО ПК және ПРО, 2021. – 86 б.
15. «Мектептерде баланың буллингтен қорғалуға құқығын сақтау» тақырыбындағы мониторинг қорытындысы бойынша баяндама. – Қоғамдық бірлестік «Қадірқасиет», 2023. – 119 б.
16. Ұлттық зерттеу «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқы» (Health Behaviour in School-Aged Children, HBSC). – Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы, ҚР ДСМ НЦОЗ, Астана–Алматы, 2024.
17. Зерттеу: әр сегізінші оқушы Қазақстанда кибербуллингке ұшырайды. <https://www.zakon.kz/obshestvo/6428856-issledovanie-kazhdyy-vosmoy-shkolnik-podvergaetsya-kiberbullingu-v-kazakhstane.html> (қаралған күні: 08.10.2024).
18. Атемова Қ. Т., Мырзапеисова М. Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу шаралары // Буллингтің өзекті мәселелері: теория және

практика: конференция материалдары. — Астана : Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024.

19. Алимбекова А., Асылбекова М., Өтемісова Г., Нұрғалиева Д. Қазақстандағы буллингтің алдын алу: жалпы білім беру ұйымдарындағы мәселенің пайда болуы мен дамуы жағдайларына SWOT-талдау // ҚР Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. — 2024. — Т. 410, № 4. — 47–65-бб. — DOI: 10.32014/2024.2518 1467.786.

20. Қалиева Г.И., Құдышева Б.К., Сагимбаева Г.У., Самадин А.Н. Балалардың мектеп ортасындағы әл-ауқатын қамтамасыз етудің шарты ретінде әлеуметтік-эмоциялық оқыту // «Қазіргі білім: үрдістер. Инновациялар. Жаңа мүмкіндіктер»: ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Жезқазған, 2024. — 496 б. — 100–104-бб. ISBN 978-601-7875-29-9.

21. Касимова С.Б., Мансурова А.К. Мектептегі буллингтің алдын алудағы жобалық-бағдарлы тәсіл // «Қазіргі білім: үрдістер. Инновациялар. Жаңа мүмкіндіктер»: ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Жезқазған, 2024. — 496 б. — 108–114-бб. ISBN 978-601-7875-29-9.

22. Касимова С.Б., Мансурова А.К. Мектептегі буллингтің алдын алуға арналған инновациялық шешімдер: жобалық-бағдарлы тәсіл және менторинг бағдарламалары // III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы «Білім берудегі инновациялар: тәжірибе, мәселелер және болашақ». — Алматы, 24 мамыр 2024.

23. Калачева И.В. Жобалық қызмет: буллингтің алдын алудағы жаңа тәсілдер // «Инабат» журналы. — № 6. — 2024.

24. Касимова С.Б. Кедергілерді бұзып, көпірлер салу: буллингтің алдын алудағы жобалық-бағдарлы тәсіл // «Әлеуметтік психолог» журналы. — 2024. — № 1 (49). — 221–228-бб. (РФ РИНЦ, Өзбекстан ВАК).

25. Касимова С.Б. Мектептегі буллингтің алдын алудағы жобалық-бағдарлы тәсіл // «Психологтер журналы». — 31-шығарылым, 2-бөлім. — 2024. — 195–201-бб.

7. Қосымшалар

1-қосымша. Буллингке қарсы команда туралы ереже

2-қосымша. Ішкі актілердің тізбесі

3-қосымша. Білім алушыларға қатысты жәбірлеудің (буллингтің) белгілеріне дереу ден қою алгоритмі

4-қосымша. Педагогтерге арналған кіріспе семинары

5-қосымша. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған семинарлар

6-қосымша. Мектептердің 1- 4, 5-9, 10-11- сыныптары, колледждердің 1-2-курстары білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтар

7-қосымша. Мектептердің 1-11- сынып оқушылары мен колледждердің 1-2-курс білім алушыларына арналған сабақтар негізінде жобалық қызметті ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық.

8-қосымша. Диагностика және мониторинг жүргізуге арналған материалдар

9-қосымша. «Не туралы үндемеймін» қойындысын пайдалану жөніндегі нұсқаулық <https://orken-instituty.kz/kz/what-am-i-silent-about>

10-қосымша. Білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық ұжымның қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау

БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ КОМАНДА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Буллингке қарсы команда қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, қалыптастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына» сәйкес әзірленді.

1.3. Буллингке қарсы команда педагогикалық кеңестің келісімі бойынша білім беру ұйымы директорының бұйрығымен құрылады және таратылады.

1.4. Буллингке қарсы команда өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қызметтің мақсаты мен міндеттері

2.1. *Мақсаты:* білім беру үдерісіне қатысушылардың жәбірлеу (буллинг) фактілерінің алдын алу және болдырмау бойынша өзара әрекеттестігін күшейту, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарындағы жәбірлеу (буллинг) фактілеріне жедел әрекет ету.

2.2. *Міндеттері:*

2.2.1. Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасына сәйкес жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

2.2.2. Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда жедел әрекет ету, білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

2.2.3. Білім беру ұйымының буллингке қарсы қызметінің диагностикасы мен мониторингін ұйымдастыру.

3. Буллингке қарсы команданы құру

3.1. Буллингке қарсы команданың құрамына: мектеп/колледж директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, бірнеше белсенді, ынталы педагог пен қызмет көрсетуші персонал қатарының қызметкері, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері кіреді.

3.2. Нақты жағдайды зерделеу, алдын алу іс-шараларын жоспарлау және өткізу, мониторинг жүргізу барысында тиімді атаулы көмек көрсету мақсатында Буллингке қарсы команданың құрамына басқа педагогтер де уақытша тартылуы мүмкін.

3.3. Буллингке қарсы команданың сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және шешім қабылдауы білім беру ұйымының қажеттілігін ескере отырып, осы Ережемен айқындалады.

3.4. Буллингке қарсы команданың мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында дауыс беру жолымен өз құрамынан басшы мен хатшыны сайлайды. Буллингке қарсы команданың басшысы мен хатшысы, егер оларға Команда мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, сайланған болып саналады.

3.5. Буллингке қарсы команданы ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді (жабдықталған жұмыс орнын дайындау, ұйымдастыру техникасы, қажетті әдебиетпен қамтамасыз ету, іс жүргізуді ұйымдастыру және т.б.) білім беру ұйымының директоры тарапынан жүзеге асырылады.

4. Команданың қызметі

4.1. Буллингке қарсы команда қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша ресурстардың бастапқы талдауын ұйымдастырады.

4.2. Буллингке қарсы команда жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл бойынша келесі қызметті жүзеге асырады:

4.2.1. Білім беру ұйымындағы ортаны талдау, буллингтің бар екендігіне негізделген дәлелдер қалыптастыру, сондай-ақ оның туындау қаупін анықтау мақсатында ішкі мониторинг пен анонимді сауалнамаларды жүргізуді ұйымдастырады.

4.2.2. Сауалнама нәтижелерін өңдеуді ұйымдастырады, білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) мәселесінің нақты жағдайын көрсететін талдамалық анықтама жасайды.

4.2.3. Білім беру ұйымдарының педагогтері мен қызметкерлерінің жәбірлеудің (буллингтің) және кибербуллингтің (біліктілікті арттыру, семинарларға, конференцияларға қатысу және т.б., жарияланымдар, тәжірибе алмасу және т.б.) профилактикасы мәселелері бойынша дайындығы деңгейін талдайды.

4.2.4. Білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) мәселесінің бар екенін мойындау және онымен жұмыс істеу нұсқауын қалыптастыру туралы педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды.

4.2.5. Білім беру ұйымында буллингпен жұмыс істеу жүйесін құруға дайын белсенді, ынталы педагогтерді, қызметкерлерді, ата-аналар комитетінің өкілдерін іріктейді және біріктіреді.

4.2.6. Оқу-тәрбие үдерісінің ерекшелігін, білім алушылар контингентін, ата-аналар қауымының пікірін, білім беру ұйымының қалыптасқан дәстүрлерін ескере отырып, Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымының нормативтік-құқықтық базасын пысықтайды.

4.2.7. Педагогтермен бірлесіп, буллингтің алдын алу және Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

4.2.8. Білім беру үдерісіне қатысушыларды Буллингке қарсы команданың қызметі туралы үнемі хабардар етеді, оң тәжірибені таратуды қамтамасыз етеді.

4.2.9. Білім беру үдерісіне қатысушыларды: білім алушыларды, педагогтерді, техникалық персоналды, баланың заңды өкілдерін оқытуды ұйымдастырады және бақылайды.

4.2.10. Білім беру ұйымында профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуін үйлестіреді.

4.2.11. Баланың заңды өкілдерін профилактикалық іс-шараларын жүргізуге және консультациялық көмек көрсетуге тартады.

4.2.12. Білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын Бағдарламаны іске асыруға қатыстырады.

4.2.13. Буллингке қарсы оқытуды жүргізу мақсатында білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтарын қорғауға қайшы келмейтін серіктес ұйымдармен (коммерциялық емес ұйымдар, психологиялық орталықтар, буллинг тақырыбымен жұмыс істейтін басқа да білім беру ұйымдары, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, қалалық медиақызметтер, сенім телефондары) ынтымақтастықты ұйымдастырады.

4.2.14. Зорлық-зомбылық жағдайларының таралуы бойынша білім беру ұйымындағы ахуалға, білім беру үдерісіне қатысушылардың көмек сұрауға дайындығына мониторинг жүргізеді, жағдайлармен жұмыс динамикасын қадағалайды.

4.2.15. Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына енгізу үшін білім беру ұйымы мамандарының білім алу қажеттілігін айқындайды.

4.2.16. Білім беру ұйымының буллингке қарсы саясатын, жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жоспарын әзірлеу, мектеп /колледж инфрақұрылымын өзгерту үшін ұсыныстар енгізеді.

4.3. Буллингке қарсы команда жәбірлеу (буллинг) жағдайларына жедел әрекет ету бойынша мынадай қызметті жүзеге асырады:

4.3.1. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына» және «Білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) жағдайындағы іс-қимылдар алгоритміне» сәйкес буллинг жағдайлары туралы дабылдарды қабылдайды.

4.3.2. Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда оларға жедел әрекет етуді ұйымдастырады.

4.3.3. Білім беру ұйымдарында әрбір нақты жәбірлеу (буллинг) жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлейді.

4.3.4. Нақты сыныпта немесе топта анықталған буллинг жағдайы бойынша көмек көрсету жоспарын іске асыруды үйлестіреді.

4.3.5. Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен білім алушыларға көмек көрсетуді ұйымдастырады, ата-аналарға көмектің қажеттілігі мен мәнін, кәсіби көмек алу бойынша ұсынымдарды түсіндіреді.

5. Құқықтары

5.1. Буллингке қарсы команда өз функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында:

5.1.1. Ұйымның, оның ішінде Буллингке қарсы команданың құзыретіне жататын мәселелер бойынша өткізілетін кеңестеріне қатысуға;

5.1.2. Буллингке қарсы командаға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға;

5.1.3. Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа ұйымдармен қарым-қатынаста Буллингке қарсы команданың құзыретіне жататын және ұйым басшысымен келісуді талап етпейтін мәселелер бойынша білім беру ұйымының атынан өкілдік етуге;

5.1.4. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі білім беру ұйымның қызметін перспективалық дамыту, жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға, енгізуге құқылы.

6. Жауапкершілігі

6.1. Буллингке қарсы команда мүшелері:

6.1.1. Осы Ережеде айқындалған Буллингке қарсы команданың функциялары мен міндеттерін ҚР қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде орындамағаны (тиісінше орындамағаны);

6.1.2. Басқа да ықтимал шараларды қоса алғанда, жәбірлеуді (буллингті) тоқтатумен айналыспауы, буллингті бастаған және оған қатысқан тұлғалармен, сондай-ақ олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) әңгімелесу шараларын қолданбағаны;

6.1.3. Өздеріне белгілі болған жәбірлеу (буллинг) эпизодтарына қатысты шара қабылдамағаны немесе білім беру ұйымының басшысына хабарламағаны;

6.1.4. Жәбірлеуді тоқтатуға бағытталған шараларды, сондай-ақ ішкі тәртіп қағидаларында және білім беру ұйымының жарғысында көзделген жәбірлеуді бастаушы мен қатысушыларға тәртіптік жазалау шараларын немесе білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шараларды қабылдамағаны;

6.1.5. Білім алушының білім беру ұйымындағы өзіне белгілі болған жәбірлеу фактілері туралы хабарлағанын жасырын сақтау туралы өтінішін орындамағаны үшін жауапты.

6.2. Буллингке қарсы команданың функциялары мен міндеттерінің орындалуына оның жетекшісі жауапты болады.

Глоссарий

Буллингке қарсы команда – білім беру ұйымындағы әкімшілік, педагогтер, техникалық қызметкерлер және баланың заңды өкілдері қатарынан құралған, буллингтің профилактикасы және оны тоқтату арқылы балалар ұжымында қауіпсіз орта қалыптастыруға белсенді қатысатын буллингке қарсы құзыреттерге ие білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі.

Буллингке қарсы құзыреттер – жәбірлеудің (буллингтің) анықталған жағдайымен жұмыс істеу, жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын

ұйымдастыру, осы мәселе бойынша білім беру ортасының жай-күйіне мониторинг жүргізу, баланың заңды өкілдерін оқыту үшін қажетті білім, икемділік, дағдылар.

Қауіпсіз білім беру ортасы – білім беру үдерісінің әрбір қатысушысына психологиялық-физикалық қауіпсіздігінің құқықтары мен нормаларының сақталуына кепілдік берілетін, әрбір білім алушының жеке дамуы үшін жағдайлар жасалатын білім беру ұйымының ішкі өмірінің тұтас сапалық сипаттамасы.

Консультациялық көмек – мақсаты ата-аналардың (заңды өкілдердің) кәмелетке толмағандарға білім беру және тәрбиелеу мәселелеріндегі құзыреттілік деңгейін арттыру болып табылатын кәмелетке толмағандарды дамыту, әлеуметтендіру, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық көмек.

ІШКІ АКТІЛЕР ТІЗБЕСІ

Бағдарламаны білім беру ұйымдарында іске асыру жүйелі, нормативтік бекітілген және басқарылатын тәсілді талап етеді. Оның тиімділігін, тұрақтылығын және есептілігін қамтамасыз ету үшін жергілікті нормативтік актілер түрінде профилактикалық жұмыстың барлық негізгі рәсімдері мен тетіктерін құжаттау қажет.

1. Білім беру ұйымы басшысының Бағдарламаны іске асыру туралы бұйрығы

2. Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспары
 3. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы
 4. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары
 5. Мектепшілік/колледжілік бақылау жоспары
 6. Сынып жетекшісінің/куратордың жұмыс жоспары
- Төменде олардың әрқайсысының қажеттілігінің негіздемесі келтірілген.

1. Білім беру ұйымы басшысының Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыру туралы бұйрығы.

Аталған бұйрық білім беру ұйымында Бағдарламаны іске асырудың басталуына құқықтық және ұйымдастырушылық негіз болып табылады. Бұйрық:

- 1.1. Жауапты орындаушыларды анықтайды (Бағдарламаның үйлестірушісі, Буллингке қарсы топ мүшелері);
- 1.2 Бағдарламаны тәрбие жұмысына енгізуді ресімдейді;
- 1.3 Бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін бекітеді;
- 1.4. Барлық қатысушылардың іс-әрекеттеріне әкімшілік қолдау мен дәйектілікті қамтамасыз етеді.

Осылайша, бұйрық Бағдарламаға ресми мәртебе береді және буллингтің профилактикасы бойынша басқару, әдістемелік және педагогикалық жұмысты бастау нүктесі ретінде қызмет етеді.

2. Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспары

Буллингке қарсы команданың қызметі нақты жоспар бойынша жүргізілгенде тиімділігін көрсетеді.

Жоспар:

- 2.1 Жәбірлеу жағдайларының алдын алу және оларға жедел әрекет ету жұмыстарын жүйелейді;
- 2.2 Мамандар арасында міндеттерді бөледі (педагог-психолог, сынып жетекшілері /кураторлар, әлеуметтік педагог және т. б.);
- 2.3 Ағартушылық, диагностикалық, коррекциялық және мониторингілік іс-шаралар кешенін қамтиды.

Жоспар пәнаралық және кіріктірілген тәсілді қамтамасыз ете отырып, Буллингке қарсы команданың қызметін мақсатты, дәйекті және өлшемді етеді.

3. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы

Кезекшілік журналы білім беру ұйымындағы тұлғааралық атмосфераны профилактикалық бақылау құралы ретінде қызмет етеді. Ол:

3.1. Буллингке қарсы команданың үзілістерде, дәліздерде, іс-шараларда болуын тіркеуге;

3.2. Деструктивті өзара әрекеттесу көріністерін және буллинг дабылдарын белгілеуге;

3.3. Деректерден қою әрекеттерін бақылауға;

3.4. Жағдайды талдау және профилактикалық шараларды жоспарлау үшін ақпаратты жазып алуға мүмкіндік береді.

Журнал бақылаулардың ашықтығын, жүйелілігін және тұрақтылығын, сондай-ақ Буллингке қарсы команда жұмысының есептілігін қамтамасыз етеді.

4. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

Бағдарлама тақырыбын мектептің – колледждің тәрбие жұмысының жоспарына кіріктіру:

4.1. Зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас, эмпатия және әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі идеяларын қазіргі білім беру іс-шараларына қосуға мүмкіндік береді;

4.2. Сынып сағаттары, акциялар, ата-аналар жиналыстары және білім беру ұйымының түрлі жобалары арқылы қауіпсіз ортаны қалыптастыруда сабақтастықты қамтамасыз етеді;

4.3. Білім беру ұйымының тәрбие саясатының стратегиялық бағытын көрсетеді.

Мұндай жоспар буллингтің профилактикасын білім алушылардың құндылыққа негізделген тәрбиесі мен азаматтық қалыптасуының бірыңғай жүйесінің бір бөлігіне айналдырады.

5. Мектепшілік/колледжішілік бақылау жоспары

Бағдарлама бойынша жүргізілетін жұмыстарды бақылау оның жүзеге асырылуының қажетті шарты болып табылады.

Білім беру ұйымының ішкі бақылау жоспары:

Іс-шаралардың орындалуын тексеру критерийлері мен мерзімдерін белгілейді;

5.2 Қиындықтар мен тәуекелдерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді;

5.3 Білім беру процесіне қатысушылардан кері байланыс алуға ықпал етеді;

5.4. Қатысудың тиімділігін талдау арқылы педагогтердің кәсіби дамуын ынталандырады.

Бақылау функциясы Бағдарламаны енгізу сапасын және оны өзгермелі жағдайларға бейімдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6. Сынып жетекшісінің/куратордың жұмыс жоспары

Сынып жетекшісі/куратор Бағдарламаның балалар ұжымындағы негізгі бағыттаушысы.

Бағдарламаның міндеттерін жұмыс жоспарына қосу:

6.1. Тақырыптық сабақтарға, тренингтерге, жобаларға және білім алушылармен жеке жұмысқа қатысуын көрсетеді;

6.2 Балалардың эмпатия, сыйластық, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді;

6.3 Белгілі бір сыныптың/топтың ерекшеліктерін ескеруге және профилактикалық жұмысын құруға мүмкіндік береді.

Мұндай жоспар Бағдарламаны жүзеге асыруды сыныптық/топтық қоғамдастық шеңберінде дәйекті, бейімделген және тұрақты етеді.

Қорытынды

Бағдарламаны іске асыру бойынша жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу және енгізу ережелердің ресми орындалуын ғана емес, Бағдарламаны мектептің/колледждің педагогикалық, тәрбиелік және басқару практикасының ажырамас бөлігіне айналдырады. Бұл буллингтің профилактикасына және білім алушылар арасында сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға ықпал ететін қауіпсіз, қолдаушы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру үшін нормативтік, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіз құрайды.

Үлгі

Білім беру ұйымы басшысының Бағдарламаны іске асыру туралы бұйрығының үлгісі:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің / облыстың / қаланың Білім басқармасының білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасын енгізу туралы бұйрығы / хаты (нөмірі, күні) негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте/колледжде Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі «ДосболLIKE» бағдарламасы іске асырылсын.

2. Педагогикалық кеңесте:

1) Буллингке қарсы команда туралы Ереже;

2) Мектепте/колледжде жедел әрекет ету алгоритмі қаралып, бекітілсін.

3. Іс - шараларды өткізу мерзімдерін айқындап, «Білім алушыны жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы» жаңа бағытын құра отырып, Тәрбие жұмысының жоспарына және мектептің/колледждің ішкі бақылау жоспарына қосымша бөлімдер енгізілсін.

4. Бағдарламаның жұмыс істеуі үшін педагогикалық қызметкерлер арасынан құрамды анықтап, Буллингке қарсы команда бекітілсін.

5. Буллингке қарсы команда баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі жоспарды іске асыруды қамтамасыз етсін.

6. Сынып жетекшілерінің / кураторлардың, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспарына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс - шаралар енгізілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

2. Буллингке қарсы команданың жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1.	Буллингке қарсы команданың қызметін ұйымдастыру 1. білім беру ұйымының ынталы педагогтерін, қызметкерлерін тарта отырып, Буллингке қарсы команда құру 2. Буллингке қарсы команда отырысын өткізу: басшы мен хатшыны сайлау; Буллингке қарсы команда мүшелері арасында функцияларды, міндеттерді, жауапкершілікті бөлу. 3. Буллингке қарсы команда туралы Үлгілік ережеге түзетулер енгізу (қажет болған жағдайда).	Тамыз	Басшы	Хаттам а Ереже Буллингке қарсы команданың құрамы
2.	Диагностиканы ұйымдастыру: мектептердің 1-11- сыныптары/ колледждердің 1-2 - курс білім алушылары арасында білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктерін анықтау; мектептердің 4-11- сыныптары/ колледждердің 1-2- курс білім алушылары, педагогтер және 4-11- сыныптары/ колледждердің 1-2- курс білім алушыларының ата-аналары арасында білім беру ұйымындағы эмоционалдық атмосфераның жайлылық деңгейін диагностикалау.	Тамыз		Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдамалық анықтамa

3.	Білім алушылардың жағдайлары мен осал топтары туралы деректерді жинауды қоса алғанда, білім беру ұйымдарында буллингтің ағымдағы жай-күйіне кешенді талдау жүргізуді ұйымдастыру	Тамыз		Талдам алық анықтама
4.	Бағдарлама туралы ақпараттық науқан ұйымдастыру: 1. Білім беру ұйымының педагогтері үшін кіріспе семинарын өткізу 2. Білім беру ұйымының қызметкерлері үшін семинарлар өткізу 3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде ата-аналарға арналған сабақтар бағдарламасына баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы тақырыптарын енгізу 4. Әлеуметтік желілерде посттар орналастыру; 5. Білім беру ұйымының сайтында арнайы айдар құру	Тамыз Үнемі		Ақпарат Сабақтар бағдарламасы
5.	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны іске асыру	Тамыз		Жоспар
6.	Педагогикалық кеңеске дайындық: 1) Білім беру ұйымында жәбірлеу (буллинг) мәселесінің бар екенін мойындауға және онымен жұмыс істеу ұстанымын қалыптастыруға арналған материалдарды дайындау; 2) Буллингке қарсы команданың және білім беру ұйымының қызметін реттейтін құжаттарды бекіту үшін әзірлеу.	Тамыз		Педагогикалық кеңестің хаттамасы Ақпарат Құжаттар
7.	Ұйымдастыру:	Тамыз	Басшы	

	1. «ӨРКЕН» БӘАҰҒПИ КеАҚ базасында «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері және мазмұны» бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру; 2. Білім беру ұйымының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, асхананың қызметкерлері және т. б.) балалар арасындағы жәбірлеу/буллинг көріністеріне жедел әрекет етуді оқыту; 3. Буллингтің нақты жағдайларын шешуде мүдделерді, ұстанымдарды және әрекеттесу тәсілдерін келісу үшін ата-аналармен ынтымақтастық жасау; 4. Бағдарламаны жүзеге асыратын білім беру ұйымдарымен желілік өзара әрекеттесу; 5. Әлеуметтік әріптестерді тарту, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, үкіметтік емес ұйымдарды, бизнес-құрылымдарды тарту жөніндегі жұмыстар.		Педагог-психолог	Біліктілікті арттыру кестесі Тренингілер кестесі Ата-аналардың тізімі Бірлескен іс-шаралар жоспары Шарттар, меморандумдар
8.	Білім беру ұйымдарында ықтимал қақтығыстар аймақтарын белгілеу (киім ауыстыратын бөлмелер, демалыс аймақтары, дәретханалар және т.б.)	Тамыз-қыркүйек		Білім беру ұйымының сызбасы
9.	1-11-сынып білім алушыларына /колледждің 1-2 курс білім алушыларына Бағдарлама бойынша сабақтарды сыныптардың тәрбие жұмысы жоспарларына енгізу және олардың өткізілуін бақылауды ұйымдастыру.	Тамыз-қыркүйек		Тәрбие жұмысының жоспарлары. Кесте

10.	Бағдарламаның мақсатын, міндеттерін, жұмыс әдістерін түсіндіре отырып, білім беру ұйымының ата-аналар жиналысын өткізу	Қыркүйек		Хаттам а
11.	Буллингке қарсы команданың және білім алушылардың өзін-өзі басқаруының бірлескен отырысын өткізу: 1. Буллингтің алдын алу бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу; 2. Оқыту бағдарламасы бойынша жобалау қызметін іске асыру; 3. Өзін-өзі басқару органдарының жұмысына буллингтің профилактикасы шараларын енгізу; 4. Жасаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру (бастауыш, негізгі, жоғары буынның білім алушылары).	Қыркүйек		Хаттам а. Білім беру ұйымындағы өзін-өзі басқарудың жұмыс жоспары
12.	Білім беру ұйымындағы эмоционалды атмосфераның әлауқат деңгейін диагностикалау (білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы)	Қаңтар		Материалдар Талдам алық анықтама
13.	Диагностика: мектептердің 1-11- сынып оқушылары мен колледждердің 1-2- курс білім алушылары арасында білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктерін анықтау; мектептердің 4-11- сынып оқушылары, колледждердің 1-2- курс білім алушылары, педагогтер және 4-11- сыныптар/ колледждердің 1-2- курс білім алушыларының заңды өкілдері арасында білім беру ұйымындағы эмоционалдық атмосфераның	Мамыр		Өткізу кестесі, диагностика материалдары, талдам алық анықтама

	жайлылық деңгейін диагностикалау.			
14.	Білім беру ұйымының сайтында, стендтерде, әлеуметтік желілерде материалдарды дайындау және орналастыру	Үнемі		Матери алдар
15.	Бағдарламаны іске асырудың оң тәжірибесін тарату	Үнемі		Матери алдар
16.	Білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау	Мамыр		Есеп
17.	Бағдарламаны іске асырудың барысы жайында талдамалық есеп дайындау	Мамыр		Талдам алық анықта ма
18.	Келесі оқу жылына білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын әзірлеу	Маусы м		Жоспар жобасы
Жәбірлеу (буллинг) белгілерін немесе деректерін анықтау кезіндегі іс-қимыл жоспары				
1	«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларына» сәйкес жәбірлеудің (буллингтің) белгілері немесе деректері туралы сигналды қабылдау		Педагог- психолог	Журналда ғы жазба
2	Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне жедел әрекет етуді ұйымдастыру		Команданы ң барлық мүшелері	
3	Білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) әрбір нақты жағдайы бойынша көмек көрсетудің жеке жоспарын әзірлеу			Жеке көмек көрсету жоспары Есеп
4	Белгілі бір сыныпта / топта буллингтің анықталған жағдайы бойынша көмек көрсету жоспарын іске асыруды үйлестіру			

5.	Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру			
----	---	--	--	--

3. Буллингке қарсы команда мүшелерінің кезекшілік журналы

№	Аты-жөні	Уақыты	Оқиғаның сипаты	Қолы
1				

4. Оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Бағдарлама бойынша мектептер/колледждердің 1-2-курс білім алушыларының жобалау қызметін ұйымдастыру	Ақпарат	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері /кураторлар	Жыл бойы
2	Білім беру ұйымында барлық білім алушылардың қатысуымен жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру	Ақпарат	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
3	Ювеналды полиция, құқық қорғау органдары және Психикалық денсаулық орталығы өкілдерімен кездесулер	Ақпарат	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жыл бойы

4	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары шеңберінде баланың заңды өкілдеріне арналған сабақтарды ұйымдастыру	Ақпарат	АПҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері	
5	Өзін-өзі басқару органдарының жұмысына жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы шараларын енгізу Жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы бойынша мінез-құлық ережелерін әзірлеу Бағдарлама бойынша жобалау қызметін іске асыру Бастауыш, негізгі және жоғары буындағы білім алушылар арасындағы жастараралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру.	Ақпарат		

ЖӘБІРЛЕУ (БУЛЛИНГ) БЕЛГІЛЕРІНЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ АЛГОРИТМІ

Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда жедел әрекет ету алгоритмі

Егер сіз жанжалдың, жәбірлеудің (буллингтің) куәгері болсаңыз, онда мына әрекеттерді жасауыңыз қажет:

1. Жағдайдың қатысушылар және сіз үшін қаншалық қауіпті екенін бағалау.
2. Жағдайға жедел әрекет ету: ескерту жасау, қатысушыларды тоқтату.
3. Жанжалды тоқтату мүмкін болмаған жағдайда және қатысушылардың өмірі мен денсаулығына айқын қауіп төнген кезде көмекке жүгіну.
4. Оқиға туралы Буллингке қарсы команда мүшелеріне, мектеп/колледж әкімшілігіне немесе кезекші әкімшіге келесі нөмірлер арқылы хабарлау:
+7 (7XX) XXX XX XX (Буллингке қарсы команда жетекшісінің телефон нөмірі);
+7 (7XX) XXX XX XX (директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының телефон нөмірі);
+7 (7XX) XXX XX XX (кезекші әкімшінің телефон нөмірі).
5. Қақтығысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау.
6. Қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін мектептің /колледждің медицина қызметкерлерін шақыру.
7. Анықталған дерек туралы мектеп әкімшілігіне хабарлау.
Буллингке ұшыраған білім алушылардың жедел әрекет ету ережелері
Бұл ережелер үш блоктан тұрады:
 1. Егер сен жәбірлеудің/буллингтің куәгері болсаң;
 2. Егер сен жәбірлеудің/буллингтің құрбаны болсаң;
 3. Егер сен жәбірлеу/буллинг жағдайында агрессор болсаң.

Егер сен жәбірлеудің/буллингтің куәгері болсаң

1. *Мәселенің бар екенін мойындау.* Егер сен біреуді үнемі ренжітіп жүргенін байқасаң, бәрі өзі шешіледі деп күтуге болмайды. Мәселені мүмкіндігінше тезірек шешу маңызды.
2. *Өзің сенетін ересек адамға:* ата-анаңа, сынып жетекшісіне/кураторға, мұғалімдеріңнің біріне немесе мектеп психологіне айту: Егер оларға жүгінуге қысылсаң, онда оқиға туралы хат жазып, хатты сенім жәшігіне салуға болады.
3. *Егер сен біреудің ренжіткенін көрсең, араласу.* Буллинг жағдайында өзіңе қауіп төндірмеуің керек, бірақ жәбірлеу жағдайына куә болсаң, онда дереу кедергі жасап, оқиғаны тоқтату маңызды. Егер мұны өзің жасай алмасаң, айналадағы ересектердің көмегіне жүгін.

4. *Агрессорға буллингтің жаман әрекет екенін және оны қолдамайтыныңды түсіндіру.* Буллинг – бұл басқа адамның қадір-қасиетін төмендететін адам құқықтарының бұзылуы екендігін ескерту жеткілікті.

5. *Жәбірленушіге қолдау көрсету.* Сыныпта/топта болып жатқан жәбірлеу/буллинг оқиғаларына қарсы екенінді көрсет әрі қолдамайтыныңды түсіндір.

6. *Басқаларға үлгі болу.* Сыныбыңда/тобыңда балалар бір-бірімен дос болғысы әрі араласқысы келеді, бірақ оны қалай жасау керегін білмейді. Біреулер басқа біреуді ренжітіп, көңіл көтеруге үйреніп алған, ұнамаған адамға қарсы бірігуді әдетке айналдырған. Достық құру мен сабырлы қарым-қатынас жасау — күн сайын агрессия мен жағымсыздыққа тап болудан әлдеқайда жақсы екенін көрсет. Мұны тек бір-бірімізге құрметпен қараған жағдайда ғана жүзеге асыруға болады.

Егер сен жәбірлеудің/буллингтің құрбаны болсаң

1. *Сабыр сақта!* Басында агрессорға мүлдем көңіл аудармауға тырысу керек. Бұл әрекет агрессор сенің жәбірлеудің құрбаны болуға бейім екенінді тексеру кезінде іске асады. Егер агрессор күш қолданып жатса, бұл әдіс іске аспайды.

2. *Кетіп қал!* Мүмкін болса, агрессордан аулақ жүруге тырыс. Агрессор әдетте саған шабуыл жасайтын, адамдар аз жүретін орындармен жүрмеуге тырыс. Үлкендерге, әсіресе ересектер мен мұғалімдерге/педагогтерге жақын бол. Ересек адамдардың болуы агрессорды тоқтата алады. Егер жәбірлеу/буллинг мектепке/колледжге барар жолда болса, онда мектепке/колледжге баратын және үйіңе қайтатын кезде басқа жолды таңда.

3. *Өзіңе ұнамайтын нәрсені айт!* Агрессорға оның істегенін ұнатпайтыныңды және оны тоқтату керек екенін сабырмен және анық түсіндір. Бұл ретте «Тоқтат!», «Таста!», «Доғар!» деген нақты сөздерді қолдан.

4. *Екінші бір адамға сені жәбірлеп жатқаны туралы айт.* Өзің сенетін ересек адамға: мұғалімге/педагогке, ата-анаңа, мектеп/колледж директорына немесе Буллингке қарсы команда мүшесіне ескерт.

5. *Сенім білдір!* Есінде болсын, сен буллингке ұшырағаныңа кінәлі емессің. Көмек пен қолдау сұрауға қорықпа.

Егер сен жәбірлеу/буллинг жағдайында агрессор болсаң:

1. *Тоқта және ойлан:* өз әрекеттеріңмен басқаларға тигізетін зардапты түсінуге тырыс.

2. *Көмек сұра:* жағдайды түсіну үшін мұғаліммен/педагогпен, ата-анаңмен немесе өзің сенетін ересек адаммен сөйлес.

3. *Кешірім сұра және түзел:* егер біреуді ренжіткен болсаң, кешірім сұра, мінез-құлқыңды жақсы жаққа өзгертуге тырыс.

4. *Өз эмоцияларыңды басқара бі:* осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін эмоцияларыңды және мінез-құлқыңды қалай басқаруға болатындығы туралы білуге тырыс.

5. *Шешім қабылда:* осы секілді оқиғаны болдырмау үшін, өзің жүрген ортада позитивті болуға тырыс.

Білім беру ұйымы басшысының кәмелетке толмағандар арасындағы жәбірлеу (буллинг) фактілеріне жедел әрекет ету алгоритмі

1-қадам. Жәбірлеу (буллинг) немесе кибербуллинг туралы ақпарат алу

Білім алушылар арасында зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг) немесе кибербуллинктің ықтимал жағдайы туралы ақпарат түскен кезде білім беру ұйымының басшысы алынған ақпаратты инциденттерді есепке алу журналына дереу тіркеуге міндетті. Барлық қатысушылардың құпиялылығын қамтамасыз ету және олардың құқықтарын бұзуы мүмкін мәліметтердің таралуына жол бермеу маңызды.

2-қадам. Қорғаншылық органдарымен және уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл

Білім беру ұйымының басшысы 1 сағат ішінде баланың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесіне тексеру жүргізу үшін қорғаншылық органдарына білім алушылар арасында жәбірлеу (буллинг) немесе кибербуллинг болуы мүмкін жағдай туралы хабарлайды.

Қамқоршылық органдары әлеуметтік педагогпен, педагог-психологпен, сынып жетекшісімен/куратормен, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп, баланың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесін тексеруге бірден кіріседі. Тексеру барысында қауіп факторлары анықталады, барлық қатысушылардан түсініктемелер алынып, баланың тұрмыстық жағдайы мен психологиялық жай-күйі жазылады. Білім беру ұйымының басшысы комиссияны сүйемелдеуді және қолдауды қамтамасыз етеді, барлық қажетті құжаттарды ұсынады және қажетті ақпаратқа қол жеткізуге кепілдік береді.

Егер тексеру нәтижесінде зорлық-зомбылық немесе буллинг фактілері расталса, зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг белгілерін анықтау туралы ақпарат тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды тексеру актісін қоса бере отырып, ішкі істер органдарына; кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға, кәмелетке толмағандардың құқықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын барлық уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

3-қадам. Баланы психологиялық қолдау және білім беру ұйымының ішінде қолданатын шаралар

Білім беру ұйымы ішінде сыртқы органдарға ақпарат берумен бір мезгілде зардап шеккен баланы қорғау бойынша бастапқы шаралар

қабылдануы тиіс. Мекеме басшысы психологиялық қолдауды ұйымдастырады, қатысушылар арасындағы одан әрі байланысты болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды, қажет болған жағдайда басқа сыныпқа/топқа ауысуға немесе уақытша алшақтатуға көмек береді. Мектеп/колледж тарапынан жәбірленуші үшін де, жәбірлеуге қатысушылар үшін де психологпен тұрақты кездесулерді, мінез-құлық мониторингін, ата-аналармен жұмысты қамтитын жеке сүйемелдеу жоспары әзірленеді.

Білім алушыларды психологиялық қолдау кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және үш негізгі кезеңнен тұрады: анықтау, қолдау және мониторинг.

1. Бірінші – *анықтау* кезеңінде – білім алушылардың эмоционалдық жай-күйі мен агрессивтілік деңгейін диагностикалау және талдау, оның ішінде оқу жылының басында бейімделу тестілерін пайдалана отырып жүргізіледі. Өтініш келіп түскен немесе мәселе анықталған кезде іс ашылады. 24 сағат ішінде жағдайды бастапқы бағалау жүзеге асырылады, директорға, баланың заңды өкелдеріне және сынып жетекшісіне/кураторына хабарланады, ал жағдай арнайы журналға жазылады. Содан кейін кешенді бағалау жүргізіледі: жиналған ақпарат талданады, құпиялылық туралы келісімге қол қойылады, жағдайға қатысушылармен кездесулер ұйымдастырылады. Бұл процесс үш жұмыс күнінен аспайды.

2. Екінші кезең – қолдау – жеке көмекті жоспарлау мен жүзеге асыруды қамтиды. Жұмыстың егжей-тегжейлі жоспары жасалады, баланы сүйемелдеу жөніндегі іс-қимылдар келісілетін Буллингке қарсы команданың жауапты мүшелері тағайындалады. Жоспар ата-аналармен және білім алушының өзімен келісіледі. Қажет болған жағдайда процеске Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция қызметкерлері сияқты мамандар, тьюторлар, мектеп психологтері, еріктілер және т.б. қосымша мамандар тартылады. Жоспар (жағдайдың күрделілігі мен динамикасына байланысты) үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

3. Соңғы кезең – *мониторинг және одан әрі шешім қабылдау*. Бұл кезеңде жоспардың орындалуын үнемі бақылау жүзеге асырылады және жүргізілген жұмыстың тиімділігі талданады. Ай сайын бақылау шолулары өткізіледі, мамандардан, ата-аналардан және білім алушының өзінен кері байланыс алынады, аралық қорытындылар шығарылады. Жұмыс қорытындысы бойынша Буллингке қарсы команда отырыс өткізеді, онда кейсті жабу туралы шешім қабылданады. Ол жабылғаннан кейін де бала үш ай бойы бақылауда болады. Егер жағдай сүйемелдеуді жалғастыруды талап етсе, ағымдағы жоспардың мерзімі аяқталғанға дейін 15 күн бұрын одан әрі шаралар мен мерзімдер талқыланады.

4-қадам. Құжаттандыру және есептілік

Басшы ішкі құжаттаманың тиісті жүргізілуін қамтамасыз етеді: тексеру актілері, әңгімелесу хаттамалары, педагогтердің есептері, көмек көрсету

бойынша жеке жоспарлар. Барлық ақпарат дербес деректерді қорғау туралы заңнаманы сақтай отырып, жабық түрде беріледі. Жұмыс нәтижелері бойынша ішкі есеп қалыптастырылады, ол қажет болған жағдайда білім беру органдарына немесе прокуратураға ұсынылады.

Жедел әрекет ету алгоритмінің орындалуын бақылауды басшының өзі жүзеге асырады. Қайталану қаупі немесе күрделі жағдайлар болған кезде қайта тексеру жүргізіледі, сондай-ақ құқық қорғау органдарына одан әрі шаралар қабылдау туралы сұрау салынады.

5-қадам. Жәбірлеуге ұшыраған немесе қатысқан білім алушылармен жүргізілетін жұмысты анықтау

Сондай-ақ жоспардан тыс педагогикалық отырыстар өткізілуі мүмкін, оның нәтижелері бойынша жәбірлеуге ұшыраған немесе оған қатысқан кәмелетке толмаған оқушыны одан әрі оқыту және сүйемелдеу туралы шешім шығарылады. Егер жағдай жүйелі сипатқа ие болса немесе психологиялық бұзылуларға әкеп соқтырса, материалдар отырыста қарап және профилактикалық есепке қою үшін Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға жіберіледі.

Ерекше нұсқаулар

Балаға қатысты зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг туралы ақпарат оны алған сәттен бастап бір сағат ішінде берілуге тиіс. Тарату арналары: ұялы байланыс, электрондық пошта, органдармен ресми байланыс жүйелері.

Басшы «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңына, «Білім туралы» ҚР Заңына және 2024 жылдан бастап буллинг пен кибербуллинг жекелеген құқық бұзушылықтар ретінде енгізілген ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіндегі жаңа өзгерістерге сәйкес балалардың құқықтарын уақтылы ақпараттандыруға және қорғауға жауапты.

Барлық органдар мен ұйымдардың ведомствоаралық
өзара іс-қимыл алгоритмі

1. Фактілер анықталғаннан немесе ол туралы хабарлама алынғаннан кейін барлық уәкілетті мемлекеттік органдар жедел түрде хабарлануы тиіс: ішкі істер органдары, прокуратура, білім беру, денсаулық сақтау органдары (қажет болған жағдайда), сондай-ақ баланың құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілетті өкілдер.

Жағдайға жедел әрекет ету: ескерту жасау, қатысушыларды тоқтату.

Ақпарат белгі алынғаннан кейін бір сағаттан кешіктірілмей берілуі тиіс.

Білім беру ұйымының басшысы немесе өзге де жауапты тұлға (психолог, әлеуметтік педагог) баланың аты-жөнін, оқиғаның мән-жайын, зорлық-зомбылықтың болжамды түрін көрсете отырып, қысқаша анықтама (жазбаша немесе электрондық нысанда) жасайды.

Хабарлама қорғалған байланыс арналары (электрондық пошта, қорғалған мессенджер, қызметтік жүйе) арқылы жіберіледі.

Хабарлама мына органдарға жіберіледі:

1. Аудандық полиция бөлімі
2. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімі
3. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл.

2. Жергілікті атқарушы органдар зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған балалар туралы деректерді Баланың құқықтары жөніндегі уәкілге, сондай-ақ оның байланыс деректерін зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған балалардың отбасыларына береді.

Деректер мыналарды қамтиды:

- 1) Баланың аты-жөні;
- 2) туған күні;
- 3) оқу орны, сыныбы/курсы туралы мәліметтер;
- 4) ата-аналардың (заңды өкілдердің) байланыс деректері;
- 5) жағдайдың қысқаша сипаттамасы;
- 6) қолда бар медициналық, психологиялық қорытындылар (егер бар болса).

3. Ішкі істер органдары жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен баланың заңды өкілі жүтінген жағдайда өз қызметін «Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығының 3-тарауы 16-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

ЖӘБІРЛЕУГЕ (БУЛЛИНГКЕ), КИБЕРБУЛЛИНГКЕ ҰШЫРАҒАН НЕМЕСЕ КУӘГЕР БОЛҒАН КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

Жәбірлеуден (буллингтен) немесе кибербуллингтен зардап шеккен балаға білім беру ұйымы жағдайды кешенді бағалауды, баланың құқықтары мен міндеттері туралы құқықтық білім беруді, сондай-ақ әлеуметтік оңалту бойынша жеке жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтитын психологиялық қолдау көрсетеді.

Зардап шеккен білім алушымен алғашқы әңгімелесу кезінде білім беру ұйымының қызметкерлеріне мыналар ұсынылады.

Сабырлы және мейірімді болу. Зорлық-зомбылық, буллинг немесе кибербуллинг туралы хабарлаған баламен қарым-қатынас кезінде қызметкер эмоционалды ұстамдылықты сақтауға міндетті. Әңгіме құпиялылықты қамтамасыз етіп, этикалық нормаларды сақтай отырып, сондай-ақ кәмелетке толмағанның жасын, эмоционалдық жағдайын және сенім деңгейін ескере отырып, тыныш жағдайда өткізіледі. Әңгіме жұмсақ, қолдаушы мәнерінде жүргізіледі. Баланы кінәлауға, оның сөзін бағалауға немесе күмән келтіруге тыйым салынады.

Білім алушыны мұқият тыңдау. Қосымша сұрақтар қоймай, сөзін бөлмей тыңдау. Барлық нақтылау тек не болып жатқанын түсіну үшін қажет

болған жағдайда ғана беріледі. Негізгі ойларды сөзбе-сөз, түсіндірусіз жазу керек.

Балаға болған оқиға туралы айтқызып, дұрыс әрекет еткеніне сендіру. Білім алушы не болғанын хабарлай отырып, дұрыс әрекет жасағанын атап өту қажет. Зорлық-зомбылық немесе буллинг жағдайында көмек сұрау фактісі жауапкершілікті және білім беру ортасындағы мінез-құлықтың рұқсат етілген шекараларын түсінетінін көрсетеді. Білім алушының іс-әрекеті жеке қауіпсіздігі және қолдау жүйесімен өзара іс-қимыл қағидаттарына сәйкес келетіндігін атап өту маңызды.

Онымен диалог жүргізіп, тек негізгі ақпаратты жинауға, жағдайды нақтылауға қажетті мейлінше аз сұрақ қою. Әңгімелесу кезінде тек оқиғаның негізгі мән-жайларын нақтылауға бағытталған сұрақтар санымен шектелу ұсынылады. Баланың күйзелістік жағдайын күшейтетін егжей-тегжейлі сұрақтардан аулақ болған жөн.

Білім алушының жанын қайта жараламау үшін айтылғанды қайталаудан аулақ болу. Баладан оқиғаны бірнеше рет қайталап сұрамау. Бала көз жасына ерік беріп, қатты қиналып тұрса, одан эмоционалдық сәттерді егжей - тегжейлі «түсіндіруін» сұраудың қажеті жоқ. Негізгі мақсат – қосымша зиян келтірмеу.

Өз пікірлерін, болжамдары және қорытындыларын ұсынбау, оқушының әрекеттеріне түсінік бермеу. Қызметкердің жеке пікір білдіруге, қорытынды жасауына тыйым салынады. Баланың әрекеттері түсіндірілмейді немесе күмән туғызбайды. Қойылған сұрақтар бейтарап, бағалауға жол бермейтін нысанда тұжырымдалуы және жағдайды алдын ала түсіну үшін маңызы бар фактілерге ғана қатысты болуы тиіс.

Білім алушының болған оқиғаның маңызды сәттерін қайталауына кедергі жасамау керек. Әңгімелесу барысында білім алушыға болған оқиғаның мәнін еркін, өзіне тән қарқынмен баяндауға мүмкіндік беру керек. Білім алушының орын алған жағдай туралы әкімшілікке, ата-анасына / заңды өкілдерге, мамандарға хабарлауы керек екеніне көзін жеткізу.

Әңгіме аяқталғаннан кейін білім алушыға ақпарат әкімшілікке, ата-анасына (заңды өкілдерге), мектеп психологіне және (қажет болған жағдайда) уәкілетті органдарға берілетінін түсіндіру қажет. Бұл әрекеттің баланы қорғауға бағытталғанын ескере отырып, оны сабырлы қалыпта жасау маңызды.

Баланың айтқан ақпаратын толығымен, сөзбе-сөз жазу. Білім алушыдан алынған ақпарат уақыты, күні, әңгімеге қатысушылар және баланың төл сөзі көрсетіліп жазылуы керек.

Жазбаша хаттама толтыру.

Білім алушымен алғашқы әңгімелесу нәтижелері бойынша жазбаша хаттама жасау қажет.

Хаттаманы уәкілетті маман (директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог немесе білім беру ұйымы бойынша

бұйрықпен тағайындалған басқа адам) ресімдейді. Құжатта негізгі мәліметтер: әңгімелесу күні мен уақыты, өткізілген орны, әңгіме жүргізген адамның лауазымы мен аты-жөні, білім алушы туралы мәліметтер (аты-жөні, жасы, сыныбы/курсы), болған оқиға туралы білім алушының әңгімесінің қысқаша, бірақ мазмұнды баяндалуы, сондай-ақ оның қарым-қатынас кезіндегі эмоционалдық жағдайы мен жалпы мінез-құлқы жазылады.

Хаттама кемінде екі маманның, мүмкіндігінше психологтің қатысуымен объективтілік пен бала құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жазылады. Құжатқа барлық қатысушылар қол қояды, білім беру ұйымы басшысының қолымен куәландырылады және ішкі тергеу материалдарына қоса тіркеледі. Ведомствоаралық іс-қимыл шеңберінде немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша хаттаманы ықтимал пайдалану мақсатында белгіленген нысанды және құжатты ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау міндетті.

ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН КІРІСПЕ СЕМИНАР

Педагогтерге арналған семинар-практикум

Білім беру ұйымдарында буллингтің профилактикасының негіздері

Мақсаты: білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ББҰ) буллингке жол бермеу мәселелері бойынша педагогтердің психологиялық-педагогикалық және практикалық құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері: Бағдарламамен таныстыру.

Қатысушылар: Орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері.

Өткізу нысаны: семинар-практикум (воркшоп).

Ресурстар: бейнепроектор, ББҰ-нда буллингтің алдын алу бойынша мұғалімдерге/педагогтерге арналған жадынамалар түріндегі материалдар.

Семинар барысы

1. Сәлемдесу. Кіріспе сөз

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгін біз мектеп базасында буллинг мәселесіне, онымен күресу әдістеріне және оның алдын алуға арналған өте маңызды іс-шара өткіземіз.

Қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың денсаулық, толыққанды даму және сапалы білім беру құқықтарын қорғау еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттары болып табылады.

Бүгін бірде-бір бала өзін қорланған сезінбеуі және психологиялық немесе физикалық зорлық - зомбылыққа ұшырамауы керек. Біз мектептегі жәбірлеу мәселесінің өзектілігін талқылаймыз, буллингтің мәнін, балалар ұжымдарындағы жәбірлеуді анықтау және алдын алу құралдарын талдаймыз.

2. «Ассоциация» жаттығуы. Буллинг... бұл сөзге байланысты сіздерде қандай ассоциациялар туындайды? (*Мұғалімдердің жауаптары*).

3. «Өркен» БӘАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Буллингті алдын алу» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады:

https://www.youtube.com/watch?v=kMEpOQo7P4Y&list=PLA5eCSY2FeoSl1BP_nlCAffobS8jN8ZPG&index=18

Бейнероликті келесі сұрақтар бойынша талқылау:

Мектепте/колледжде балалардың буллинг жағдайында жәбірленуші, буллер немесе бақылаушы болмауына кім көмектесе алады?

Педагогтердің жауапкершілігі неде?

4. Шағын дәріс. Теориялық бөлім

Мақсаты: Бағдарламамен таныстыру.

Қазіргі уақытта әлемді балалық шаққа тән позитивті қабылдауды нигилизмнің, пессимизмнің, басқаларға қатысты зорлық-зомбылық пен аутодеструктивті мінез-құлықтың ығыстыруы жаппай үрдіске айналды.

Мәселен, 2024 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндаманың деректері бойынша:

1) суицидке әкелетін балалардың психоэмоционалды жағдайының бұзылуы;

2) балаларға қатысты қылмыстар, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық (буллинг, кибербуллинг және т. б.);

3) балалар қылмысы, көбінесе отбасылардың қолайсыздығына байланысты;

4) электрондық кеңістіктің теріс әсері (интернет, әлеуметтік желілер) жаппай сипатқа ие болды.

PISA 2018 халықаралық зерттеуі шеңберінде жүргізілген сауалнамаға сәйкес, Қазақстандағы 15 жастағы әрбір төртінші білім алушы буллингтің қандай да бір түріне: келемеждеуге, қорқытуға, физикалық буллингке ұшырайды. Интернетті пайдаланатын, ұялы телефондары мен компьютерлері бар 11-15 жас аралығындағы балалардың 70% - дан астамы электронды кеңістіктегі кибербуллингке ең осал болып табылады (ЮНИСЕФ, 2019).

Қорлау, жәбірлеу (буллинг) балалардың эмоционалды әл-ауқатына және білім беру ұйымындағы жалпы қауіпсіздікке үлкен әсер етеді. Соңғы екі онжылдықта жүргізілген әлемдік зерттеулер жәбірлеудің зиянды салдары туралы білімді едәуір кеңейтті. Жәбірлеудің объектісіне айналған балалардың да, басқаларды жәбірлейтіндердің де дамуына теріс әсер ететіні анық.

Жәбірлеудің кез келген түрінің мәні – үстемдік ету және басқаларға күш көрсету. Көптеген бала үшін жәбірлеудің құрбаны немесе агрессоры ретінде қорлауға қатысу кездейсоқ құбылыс болуы мүмкін, ал басқалары үшін бұл созылмалы және әлеуметтік қауіпті мінез - құлық үлгісі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы мәселені шешу үшін жүйелі шаралар қабылдауда. Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «ӨРКЕН» БЭАҰҒПИ» КеАҚ білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бойынша әлемдік жетекші бағдарламаларға жан-жақты талдау жүргізді. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, біз осы бағдарламаны әзірлеуге негіз болған зорлық - зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұрудың тиімді стратегияларын анықтадық.

Бағдарлама әрбір білім алушы өзін қауіпсіз сезінетін білім беру ортасын құруға бағытталған.

Бағдарламада халықаралық тәжірибенің біздің қоғам менталитетінің ерекшеліктерімен үйлестірілуі балаларымыздың бойында зорлық-зомбылықты қабылдамауды, бір-біріне деген жанашырлық, өзара түсіністік пен құрмет мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі, қоғамда осы идеяларды ілгерілетуге ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаты - білім беру ұйымдарында жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және тиімді қарсы тұру жүйесін құру.

Міндеттері:

1. Білім беру ұйымдарында жәбірлеуге (буллингке) қарсы іс - қимыл және алдын алу жүйесін құру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыру:

- 1) мектепшілік нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- 2) педагогикалық ұжыммен кіріспе семинарларын өткізу;
- 3) жәбірлеудің (буллинктің) алдын алу және оған қарсы тұру жөніндегі іс-шараларды мектептегі тәрбие жұмысының жоспарына енгізу;
- 4) білім беру ұйымында балалар арасында жәбірлеуге (буллингке) қарсы тұру бойынша педагогтерді, оқушыларды, ата-аналарды біріктіретін жүйе құру;

5) білім беру ұйымдарында қақтығыс болуы мүмкін жерлерді (киім ауыстыратын бөлмелер, демалыс аймақтары, дәретханалар, аумақ және т.б.) анықтау, оларды бейнекамераларымен жабдықтау мүмкіндіктерін пайдалану.

2. Оқу ұжымында қақтығысды жағдайлардың туындауына әсер ететін себептер мен факторларды анықтай отырып, әлеуметтік-психологиялық ахуалдың жай-күйіне диагностика жүргізу.

3. Білім алушылар арасында жәбірлеудің (буллинктің) алдын алу және оған қарсы іс - қимыл, білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды интеллектін дамыту, білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау бойынша педагогтердің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтердің біліктілігін жүйелі арттыруды ұйымдастыру.

4. Білім алушылар арасында жәбірлеу (буллинг) көріністеріне жедел әрекет ету алгоритмдерін меңгеру үшін білім беру ұйымдарының қызметкерлерін (техникалық персонал, медбикелер, асхананың қызметкерлері және т.б.) оқыту.

5. Балаларды жәбірлеу (буллинг) жағдайына тап болған кезде өзін-өзі ұстау ережелеріне үйретуді ұйымдастыру және олардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын жүйелі түрде дамыту.

6. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Буллингке тап болған балаға қалай көмектесуге болады» тақырыбы бойынша оқыту жүргізу.

7. Сыныптарда, жалпы білім беру ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.

«ӨРКЕН» БӨАҰҒПИ» КеАҚ әзірлеген білім алушыларға арналған бағдарлама:

- 1) білім алушылар арасында агрессивті және дұшпандық реакцияларды төмендетуге;
- 2) тұлғааралық және топаралық қатынастарды оңтайландыруға;
- 3) оқушылардың қақтығысда сындарлы әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға;
- 4) білім алушылардың толеранттылығын, эмпатиясын дамытуға бағытталған.

Бағдарлама мектеп оқушылары мен колледждердің 1–2-курс білім алушыларына арналған. Бағдарламаның негізі – білім алушылардың

әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуға бағытталған *жобалық қызмет*.

Бағдарламаға:

1. Буллингке қарсы команда туралы Ереже
2. Ішкі актілердің тізбелері
3. Білім алушыларға қатысты жәбірлеу (буллингтің) белгілері анықталған жағдайда жедел әрекет ету алгоритмі
4. Педагогтерге арналған кіріспе семинарының әзірлемесі
5. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған семинарлардың әзірлемелері
6. 1–4, 5–9, 10–11-сынып оқушылары мен колледждердің 1–2 курс білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтардың әзірлемелері
7. Бағдарлама бойынша 1-11 сынып оқушылары мен колледждердің 1–2 курс білім алушыларына арналған сабақтар негізінде жобалау қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық
8. Диагностика және мониторинг жүргізуге арналған материалдар
9. «Не туралы үндемеймін» нұсқаулығы. <https://orken-instituty.kz/kz/what-am-i-silent-about>
10. Білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша педагогикалық ұжымның қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау жадынамасы қоса беріледі.

Білім беру ұйымдары ұжымының білім алушылар ортасындағы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қызметі келесі нәтижелерде көрсетіледі.

1-нәтиже. Әрбір ұйымда жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және оған тиімді қарсы тұру жүйесі құрылады.

2-нәтиже. «ӨРКЕН» БӨАҰҒПИ» КеАҚ ұжымымен бірлесе отырып және оның әдістемелік қолдауы негізінде педагогтерге, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге буллингтің (жәбірлеудің) алдын алу және оған әрекет ету, сондай-ақ білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша оқыту ұйымдастырылады.

3-нәтиже. Білім беру ұйымдарында бақылау жүргізу мақсатында ықтимал қақтығыс аймақтары (киім шешетін бөлмелер, демалыс аймақтары, дәретханалар, оқу орнының аумағы және басқа да орындар) анықталады және белгіленеді.

4-нәтиже. Білім беру ұйымдарында буллингке мүлде төзбеушілік мәдениеті қалыптасатын қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал пен орта дамиды.

5-нәтиже. Білім беру ұйымдарында сыныптардың / топтардың әлеуметтік-психологиялық ахуалын тұрақты бақылау және түзету үшін мониторинг жүргізіледі.

Практикалық бөлім

Мақсатты аудитория: білім беру ұйымдарының педагогтері.

Іс-шараның мақсаты: буллинг жағдайын анықтау дағдысын пысықтау, буллинкті қақтығыстан ажырата білу және жағдайды шешу жолдарын табу.

Іс-шара барысы

Джефф жаттығуы + пікірталас

Кеңістік шартты түрде үш аймаққа бөлінеді (әрқайсысында тиісті жазба бар): біріншісі – «Иә», екіншісі – «Жоқ», үшіншісі – «Білмеймін» («Жағдайға байланысты» нұсқасын қолдануға болады).

Егер кеңістікті аймақтарға бөлу мүмкін болмаса (сынып/топ, қозғалмайтын орындықтары бар акт залы), қолды оңға, солға, жоғары көтеру арқылы қолмен дауыс беруді ұсынуға болады.

Жүргізуші экранға шығарылған жағдаяттардың сипаттамасын айтады және сұрақтарға жауап беруді ұсынады.

1-кейс. Әсел Бақытгүлді ұнатпайды, оны ылғи бүкіл сыныптың/топтың көзінше мазақтайды. Әселдің құрбылары да Бақытгүлге күледі. Ол үндемейді немесе жылайды.

Сұрақ: Бұл жағдаят жәбірлеуге жата ма?

Қатысушылар «Иә», «Жоқ», «Білмеймін», «Жағдайға байланысты» деп жауап беруі керек.

Талқылау: Бұл жағдайда қатысушылар буллинктің қандай белгілерін көрді, неге бұл жай қақтығыс емес және т. б. Бірнеше ұқсас жағдаятты ұсынуға болады.

2-кейс. Жоғары сынып оқушысы/колледждің 1-2 курс білім алушысы Назгүлдің бойы аласа, дауысы жіңішке, ақырын жүреді. Бірнеше сотқар бала оны үнемі мазақ етіп, сыртынан талқылап, тышқан деп атайды (оның дауысын шикылмен салыстырады). Қалғандары бұған күледі. Назгүл кейде оңаша қалғанда жылайды, бірақ оқушыларды/группаластарды тәртіпке шақыра алмайды. (Иә, бұл буллинг)

3-кейс. Бекзат байқамай Андрейге қолы тиіп кетті. Андрей мұны әдейі жасады деп, Бекзатты қатты итеріп жіберді. Екеуі төбелесіп қалды, оларды басқа білім алушылар мен мұғалімдер ажыратты. Бір-екі сағаттан кейін Бекзат пен Андрей ештеңе болмағандай, күліп, әзілдесіп жүрді (Жоқ, буллинг емес – бұл қақтығыс.)

Әрі қарай, Джеффтің жаттығу әдісін қолдана отырып, пікірталас мәселелерін талқылауға шығару ұсынылады.

Сұрақ үлгілері

- 1) Сіз буллинкті қалыпты жағдай деп санайсыз ба?
- 2) Егер жәбірлеу орын алса және бала немесе жасөспірім ол туралы ата-анасына айтса, мұндай баланы жалақор немесе сатқын деп санайсыз ба?
- 3) Ересектер жәбірлеу жағдайына араласуы керек пе? Неге?
- 4) Сіз бір кездері буллинг жағдаятының куәгері немесе қорғаушысы болдыңыз ба? Осы туралы айтып беріңіз.
- 5) Сіз құрбан, агрессор болдыңыз ба? Осы туралы айтып беріңіз.

6) Сіз ешқашан буллингтің құрбаны немесе агрессор болмаймын деп ойлайсыз ба? Неге?

7) Жәбірлеуге қарсы қандай да бір шара қолдану керек пе? Неліктен?

8) Жәбірлеумен қалай тиімді күресуге болатыны туралы ойыңыз бар ма?

«Салауатты қарым-қатынас» тапсырмасы

«Қақтығыссыз және буллингсіз салауатты қарым-қатынас» тақырыбында постер дайындау.

Педагогтер 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ «Қақтығыссыз және буллингсіз салауатты қарым-қатынас қағидалары» постерін дайындайды. Екінші топ «Білім беру ұйымдарында жәбірлеуге және буллингке жол бермеу ережелері» постерін дайындайды. Әр топтың пікірі тыңдалады. Жұмыстан кейін буллинг жағдаятының алдын алу қағидалары мен ережелері анықталады.

Рефлексия

Семинар-практикум қатысушыларына сөйлемдерді аяқтау ұсынылады.

1. Мен ... екенін білдім.

2. Мен ... сезіндім.

3. Мен ... боламын.

Жұмыс аяқталғаннан кейін семинар материалдары бойынша ақпараттық буклеттер ұсынылады.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАРЛАР

Буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру бойынша №1 семинар

Мақсаты: білім беру ұйымдарында білім алушылар арасында жәбірлеу / буллинг және зорлық - зомбылық жағдайларының алдын алу, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің білім алушыларға қатысты әртүрлі жағымсыз көріністерге төзбеушілік қатынасын қалыптастыру.

Міндетері:

1. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің буллингке қарсы іс - қимыл үшін жауапкершілігін арттыруды ынталандыру.
2. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жәбірлеу (буллинг) және оның таралуының алдын алу және оған қарсы іс - қимыл жолдары туралы түсініктерін кеңейту.
3. Жәбірлеуге (буллингке) тиімді қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру.

Ресурстар: Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларынан алынған үзінділер (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы) топтарда жұмыс істеу үшін, слайдтар.

Қатысушылар: техникалық персонал, медициналық персонал, асхана, білім беру ұйымдарының күзет қызметінің өкілдері.

Семинарды Буллингке қарсы команданың мүшелері ұйымдастырады.

I. Кіріспе

1. Буллингке қарсы команданың мүшелерін таныстыру, оның қызметінің мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру, байланыс базасын ұсыну.

2. Сауалнама (Кіріс сауалнамасы «Үлестірмелі материал» VI бөлімде ұсынылған 5.1-қосымшасы. Кіру және шығу сауалнамаларының мазмұны бір-біріне сәйкес).

3. Ақпараттық блок. Семинар тақырыбына кіріспе.

Статистикалық деректерді келтіре отырып, буллинг тақырыбының өзектілігі туралы мәселе ашылады.

Қазақ ағартушысы Ахмет Байтұрсынов: «Егер халық балаға қамқорлық жасамаса, өскен адамның өз елінің болашағы туралы алаңдайтынына кепілдік жоқ», – деп жазды.

Бүгінгі таңда балалардың әл-ауқаты қазақстандық қоғамның дамуындағы жалпыұлттық басымдық болып табылады.

Әл-ауқат әрқайсымыздан басталады. Сонымен бірге, баланың еркін дамуына қолайлы орта құруға кедергі келтіретін құбылыстар пайда болды. Бұл *жәбірлеу* немесе *буллинг*.

Буллингті зерттеуді алғаш рет 40 жыл бұрын Берген университетінің (Норвегия) ғалымы Дэн Олвеус бастаған. Бұл құбылыс бүгінде белсенді қарқын алуда.

Қазіргі халықаралық зерттеулерге сәйкес:

- 1) Әлемдік білім беру кеңістігіндегі балалардың 20-25% - ы буллингтің бастамашысы, куәгерлері немесе құрбандары ретінде буллингке тікелей қатысады;
- 2) Жасөспірімдердің 4-9% - ы буллингті бастайды;
- 3) Мектеп оқушыларының 9-25% - ы буллингке ұшырайды.
- 4) 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар арасында:
- 5) 35%-ы буллингке басқаларға зиян келтіретін, қорлайтын, ренжітетін адам ретінде қатысады;
- 6) 15% -ы онлайн-ортадағы буллинг– кибербуллингке қатысады.

Қазақстанда 2023 жылы Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы ғалымдарының мектеп балаларының денсаулыққа қатысты мінез - құлқын зерттеу жөніндегі зерттеу тобы жсөспірімдер арасындағы денсаулық пен әлауқат көрсеткіштерін зерттеу үшін оқушылар арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама барысында мектеп оқушыларынан буллингке қаншалықты жиі қатысқаны немесе соңғы екі айда мектепте оның құрбаны болғаны туралы сұрақтарға жауап беруді сұрады. Белгілі болғандай, 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында:

- 1) 17%-ы мектепте айына бір немесе одан да көп рет жәбірленген;
- 2) 20%-ы айына бір немесе одан да көп рет мектепте басқа адамдарды жәбірлеуге қатысты.

Кейінгі жылдары бұл сандар айтарлықтай өсті.

II. Негізгі бөлім

1. «Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Мектептегі буллинг» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады:

https://www.youtube.com/watch?v=uM4T3_0kVZA&list=PLA5eCSY2FeoSl1BP_nlCAffobS8jN8ZPG&index=94

2. Төмендегі сұрақтар бойынша әңгімелесу

1) Жәбірлеудің негізгі кейіпкерлері кім?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: агрессор және жәбірленуші.

2) Буллинг не нәрсеге бағытталған?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: басқа адамға физикалық және психикалық азап шеккізу.

3) Буллинг зардап шеккен адамның жеке басына қалай әсер етеді?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: буллинг жәбірленушінің өзіне деген сенімділігін төмендетеді, оның денсаулығын, өзін-өзі құрметтеуін және адамның қадір-қасиетін бұзады.

4) Буллинг кімге әсер етеді?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: буллинг – бұл зорлық-зомбылық жасаушы мен жәбірленушіге ғана емес, сонымен бірге бұл орын алатын бүкіл ұжымдағы зорлық-зомбылық куәгерлеріне де әсер ететін топтық процесс.

5) Буллингтің қандай түрлері бар?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: физикалық зорлық-зомбылық; моральдық зорлық-зомбылық: бопсалау, қорқыту, жалған ақпарат тарату, ренжітетін әзіл, бойкот, көпшілік алдында елемеу; кибербуллинг және т. б.

6) Буллинг қай жерде жиі кездеседі?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: дәретханада, баспалдақтың астында, мектептің артында, асхананың алдындағы фойеде, мектеп жанындағы қараусыз қалған аумақтарда, интернет кеңістігінде.

7) Буллинг өздігінен тоқтай ала ма?

Қатысушылардың жауаптары. Дұрыс жауап: буллинг ешқашан өздігінен тоқтамайды: зардап шеккендерге – жәбірленушілерге, буллинктің бастамашыларына – агрессорларға және куәгерлерге әрқашан қорғаныс пен көмек қажет.

Қорытынды. Буллинг жасөспірімдер арасында суицид қаупінің едәуір артуына ықпал етеді, сыныпта және мектепте/колледжде агрессия мен зорлық-зомбылықтың таралуына, оқу үлгерімінің төмендеуіне, эмоционалды және невротикалық мәселелерге әкеледі. Буллинктің алдын алу және жою керек!

III. Топпен жұмыс

Буллинктің алдын алу үшін *«Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасының қағидалары»* әзірленді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы).

Семинар қатысушыларына осы құжат үзінділермен танысу (VI бөлім «Үлестіріме материал» 5.2 – қосымшасы) және тапсырманы орындау ұсынылады.

Қатысушылар 3 топқа бөлінеді.

1-топ. Тапсырма. Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидаларының 1-тарауының 2-тармағымен танысыңыз. Мектептің тәжірибесінде кездесетін буллинг мысалдарын келтіріңіз.

2-топ. Тапсырма. Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидаларының 2-тарауын қараңыз. Сіздің қызметкерлеріңіз жоғарыда айтылғандардан басқа не істей алатындығы туралы айтып беріңіз:

1-тармақты іске асыру бойынша: білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, заңды өкілдерінің хабардар болуын арттыру үшін жәбірлеудің (буллинктің) алдын алу мәселелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мүдделеріне қайшы келмейтін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын (әңгімелесу, жалпыға бірдей құқықтық оқыту, сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы, сабақтан тыс іс-шаралар және т.б.) жүргізу. Тоқсанына кемінде 1 (бір) рет. Мысалдар келтіріңіз.

3-топ. Тапсырма. Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидаларының 2-тарауын қараңыз. Сіздің лауазымыңыздағы қызметкерлердің білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда 4-тармақты дереу әрекет ету практикалық тұрғыда қалай орындағаныңыз туралы айтып беріңіз. Мысалдар келтіріңіз.

IV. Кейс-стади

Тапсырма. Жағдаяттарды қарастырыңыз және сұраққа жауап беріңіз. Психологтің пікірін тыңдаңыз және оны өз тұжырымдарыңызбен байланыстырыңыз.

1-жағдаят. 1. Педагогтің әңгімесі. Менің тәжірибемде мұндай жағдай болды. Менің әріптесім маған менің сыныбымның/тобымның оқушысы сыныптасын/группаласын қатты итеріп жібергенін айтты. Балаға қатысты қандай шаралар қабылдау керек? Егер бізде тек осы ақпарат болса, мектеп/колледж оқушысының неге осылай әрекет ететінін анықтау қиын. Мен білім алушының мінез-құлқын талдай бастадым (оны шартты түрде Арман деп атайық) және оның қатысуымен байланысты екі жағдайды есіме түсірдім.

1. Бірде Арман футбол ойынының нәтижесіне қатысты сыныптасымен/группаласымен дауласты, себебі ол гол соғу мүмкіндігін жіберіп алғандықтан, командасы ұтылды. Арман баланы итеріп жіберді де, оның қолынан ештеңе келмейтінін дәрекі түрде айтты.

2. Бірде Арман дәлізде өтіп бара жатқан жасы кіші оқушыға: «Жолда неге тұрасың? Басқа жер жоқ па?» – деп, итеріп жіберді. Арманның қасында келе жатқан сыныптастары/группаластары да баланы итеріп, мазақтай бастады.

Талқылауға арналған сұрақ: екі жағдайда да балалар бір-бірін итереді. Бұл жағдаяттардың арасында айырмашылық бар ма? Неліктен? (Қатысушылардың жауаптары)

Психологтің пікірі. Жағдаяттар әртүрлі. Басқа адамды итеру агрессияның бір түрі болғанымен, бұл жағдайларда ол әртүрлі. Бірінші жағдайда, бұл Арманның ойында жеңіліп, ашуланғаны немесе көңілі қалуынан туындайтын реакция туралы айтады. Екінші жағдайда, оның мінез-құлқы кейбір әлеуметтік артықшылықтарды (достар арасындағы мәртебе мен имидж, бедел, билік) алатын құрал болып табылады, өйткені ол ыңғайсыздықтан туындамайды (итеріп жіберген бала Арманға ештеңе жасамады). Бұл буллингтің бір түрі.

Қорытынды. Балалар арасындағы мінез-құлықтың бірдей түрін кей жағдайда жанжалдар мен даулар нәтижесінде туындайтын ыңғайсыз эмоцияларға реакция ретінде қарастыруға болады. Алайда бұл мінез-құлық білім алушыға бірқатар әлеуметтік артықшылықтар беретін буллингтің көрінісі болуы да мүмкін. Агрессивті мінез-құлықтың кез келген түрі буллинг болып саналмайды. Мінез-құлықты дұрыс бағалау үшін оны нақты жағдайға байланысты қарастыру қажет, себебі кейде бұл әрекет бір нәрсені өзгертуге бағытталған болуы мүмкін.

2-жағдаят. Дәуреннің хатынан үзінді. Мен оқитын мектепте/колледжде мұғалім/педагог жоқ кезде көптеген жаман нәрсе орын алады. Кейбір сыныптастар/курстастар басқаларға өте мейірімсіз. Ернар – солардың бірі. Ол күн сайын достарымен көңіл көтеріп, мені қорлайды. Бірде ол менің сөмкемді алып, балшыққа тастап жіберді, ал келесі күні сөмкемдегі таңғы асымды жеп

қойды. Бүгін ол менің математика дәптеріме түкіріп, жауып қойды. Мен үй тапсырмасын жасап отырғанмын, сия бүкіл бетке жайылып кетті. Оның достары күліп, мені қорлағаннан ләззат алды. Мен қатты ашуланып, оны ұрғым келді. Бірақ олай жасамадым, өйткені оның достары көп, ал мен жалғызбын. Өзімді өте жаман сезінемін, сондықтан мектепке/колледжге барғым келмейді.

Талқылауға арналған сұрақ: неліктен Ернардың мінез-құлқын буллинг деуге болады?

(Қатысушылардың жауаптары)

Психологтің пікірі. Ернардың мінез-құлқын буллинг деп атауға болады, себебі ол күн сайын қайталанатын, онда іс-әрекеттің ниеті көрінеді (Ернар достары Дәуренді қорлаған кезде көңілденеді). Сондай-ақ, Ернардың артықшылығы – оның достары көп (оның көптеген досы бар, ал Дәурен жалғыз).

Қорытынды. Балалар ортасындағы кез келген қақтығысты тоқтату керек! Бұл буллинктің көрінісі болуы мүмкін.

V. Қорытынды

Семинар қатысушыларына талқылау үшін сұрақ ұсынылады.

Білім алушылар арасындағы қақтығысты байқасаңыз не істеу керек?

(Қатысушылардың жауаптары)

Қорытынды. Егер сіз білім алушылар арасындағы қақтығысты байқасаңыз, міндетті түрде шаралар қабылдау қажет: араласу, Буллингке қарсы команда мүшелеріне хабарлау, Буллингке қарсы команда мүшелері келгенге дейін мектептің/колледждің кез келген қызметкерінен қолдау сұрау. Жағдайды талдау кезінде әділеттілікті қалпына келтіру үшін куәгер ретінде әрекет ету керек.

Мектеп/колледж қызметкерлерінің білім алушылар арасындағы қақтығысқа әсер ету алгоритмін көрсететін слайд (чек-парақ) көрсетіледі.

Білім беру ұйымы қызметкерінің оқушылар арасындағы қақтығысқа әрекет ету алгоритмі

1. Жанжалға жедел әрекет ету: байқау, ескерту жасау, қақтығысты тоқтату. Жанжалдың алдын алу мүмкін болмаған жағдайда, оның қатысушыларын назардан тыс қалдырмай, жанында тұрған кез келген білім беру ұйымының қызметкерінен көмек сұрау.

2. Міндетті түрде жағдай туралы Буллингке қарсы команда мүшелеріне хабарлау.

3. Болған оқиғаның куәгері болу.

Үй тапсырмасы

Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидаларын зерделеу (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы).

Семинар соңында барлық қатысушыларға белсенділігі, ашықтығы, шығармашылығы үшін алғыс білдіріп, баланың дамуы үшін жағымды ортаны тек білім беру ұйымының тұтас ұжымының, барлық қызметкерлердің бірлескен күш-жігерімен, олар қандай қызмет саласында жұмыс істесе де, ата-аналармен ынтымақтастықта құруға болатындығын айту керек.

VI. Үлестірмелі материал

Сауалнама (кіру тестілеуі)

5.1-қосымша

Кіру тестілеуіне арналған сауалнама

Сізден бірнеше сұраққа жауап беруіңізді сұраймыз. Жауап бермес бұрын, барлық жауап нұсқаларын оқып, дұрысын белгілеңіз.

ТАӘ _____ Толтыру күні _____

1. «Буллинг» дегеніміз не?

- А. Кемсітушілік, жәбірлеу – қорлаушылар өздеріне бағындыру мақсатында өз құрбандарында әдейі тудырған қорқыныш негізінде кейбір адамдардың басқаларға қатысты физикалық немесе психологиялық терроры.
- Б. Адамға қатысты тұрақты физикалық және / немесе психологиялық террор.
- В. Қысым, жәбірлеу, кемсіту, басқа адамды өзіне бағындыру.
- Г. Барлық жауаптар дұрыс.

2. Келесі жағдайлардың қайсысы буллинктің белгісі емес?

- А. Физикалық зорлық-зомбылық.
- Б. Бопсалау.
- В. Дос болғысы келмеу.
- Г. Жалған ақпарат тарату.
- Д. Намысқа тиетін әзіл, бойкот, көпшілік алдында елемеу.
- Е. Кибербуллинг.
- Ж. Қорқыту.

3. Аталған тармақтардың қайсысы буллинктің салдарына жатпайды?

- А. Депрессия, мазасыздықтың жоғарылауы.
- Б. Өзін-өзі бағалауды арттыру және достық қарым-қатынас орнату.
- В. Мектеп/колледждегі үлгерімнің төмендеуі, сабаққа келмеу, оқудан бас тарту.
- Г. Жедел немесе жарақаттан кейінгі стрестік бұзылу, ұйқының бұзылуы, түнгі қорқыныш.

5.2-қосымша

Топтарда жұмыс істеу үшін

1-топ үшін:

Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасының қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 Бұйрығы). 1-тарау, 2-тармақ

Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды:

1) *баланы жәбірлеу (буллинг)* – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе масс-медиа және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);

2) *әлеуметтік оңалту* – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

3) *әлеуметтік бейімделу* – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық қағидалары мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі;

4) *баланың заңды өкілдері* – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші, баланы қабылдайтын ата-аналар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар;

2,3-топтар үшін:

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу ережесі (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы). 1-тарау, 2-тармақ. *Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын жүргізу тәртібі*

1. Білім беру ұйымының әкімшілігі баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, баланы жәбірлеуге (буллингке) мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасында жағдай жасайды.

2. Білім беру ұйымының басшысы баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мақсатында жыл сайын оқу жылының басында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі жоспарды (бұдан әрі – жоспар) бекітеді. Жоспарға мерзімдер, аяқтау нысандары, жауапты тұлғалар және келесі іс-шаралар кіреді:

1) тоқсанына кемінде 1 (бір) рет білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, баланың заңды өкілдерінің жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мәселелерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мүдделеріне қайшы

келмейтін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын (әңгімелер, құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары, сабақтан тыс іс-шаралар және басқалар) жүргізу арқылы хабардар болуын арттыру;

2) оқыту семинарларына (вебинарларға), семинар-тренингтерге, шеберлік сыныптарына, коучингтерге, конференцияларға, форумдарға, панельдік пікірталастарға қатысу арқылы педагогтердің оқу-тәрбие жұмысындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру;

3) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, баланың заңды өкілдерін баланы жәбірлеуге (буллингке) жол берілмейтіндігі туралы (жазбаша және (немесе) ауызша түрінде) хабардар ету;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне ол анықталған жағдайда жедел әрекет ету;

5) «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 4-қосымшадағы нысанға сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) педагог-психологтің консультациясын есепке алу журналына тіркей отырып, педагог-психологтермен, әлеуметтік педагогтермен білім алушылар мен тәрбиеленушілерге әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

6) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтау, оларды оқыту, тәрбиелеу және білім беру ұйымдарында қауіпсіз болу үшін ресурстармен қамтамасыз ету тұрғысынан тәрбие процесі мен білім беру ортасының жағдайларына мониторинг жүргізу;

7) білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы мен болдырмау мәселесін ата-аналар комитетін тарта отырып, білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының отырыстарында қарау.

Буллингтің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған 2-семинар-практикум

Мақсаты: білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жәбірлеу (буллинг) жағдайларына жедел әрекет ету тәсілдерін жаттықтыру, олардың білім алушыларға қатысты әртүрлі жағымсыз көріністерге төзбеушілік қатынасын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалар ортасында буллингке қарсы іс - қимыл жасағаны үшін білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыруды ынталандыру.

2. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жәбірлеу (буллинг), оның таралуының алдын алу және оған қарсы іс - қимыл жолдары туралы түсініктерін кеңейту.

3. Білім беру ұйымдарының қызметкерлерінде жәбірлеу (буллинг) көріністеріне тиімді әрекет ету дағдыларын бекіту.

Ресурстар: топтарда жұмыс істеу үшін баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының қағидаларынан (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы) басып шығарылған үзінділер, слайдтар.

Қатысушылар: техникалық персонал, медициналық персонал, асхана, білім беру ұйымдарының күзет қызметінің өкілдері.

Семинарды БҚК жауапты мүшелері ұйымдастырады.

I. Кіріспе

«Ала қарға» жаттығуы

Жүргізуші қатысушылармен сәлемдесіп, «Ала қарға» ойынын ойнауды ұсынады.

«Ала қарға» болғысы келетін қатысушы топтың істеген ісіне керісінше әрекет етуі керек. Ал топ жүргізушінің барлық қимылдарын қайталайды. «Ала қарға» шеңбердің ортасына шығып, жүргізушінің барлық нұсқауларын керісінше орындайды. Мысалы, топ қолдарын жоғары көтереді, ал «ала қарға» төмен түсіреді. Бүкіл топ күлсе, «ала қарға» қабағын түйеді және т. б. Қолдарыңызды жоғары көтеріңіз («ала қарға» төмен түсіреді), оңға еңкейіңіз, күліңіз және т. б.

Ойынға қатысушыларға арналған сұрақтар

- 1) Сіздің «ала қарғаға» қатысты не істегіңіз келді?
- 2) «Ала қарға» сізге кедергі келтірді ме? Ол сізді алаңдатты ма?
- 3) Сіз өзіңізді «ала қарға» ретінде қалай сезіндіңіз?
- 4) Сізге басқалардан бөлектену қиын болды ма?
- 5) Егер жағдай үнемі қайталанса, өзіңізді қалай сезінер едіңіз?

Қорытынды. Көпшіліктен ерекшеленетін немесе өздерін қорғай алмайтын адамдар жәбірлеу жағдайларына жиі ұшырайды, қысым көреді.

II. Негізгі бөлім

1. Топтық дауыс беру «Сіз білім беру ұйымында буллингті ажыратасыз ба?»

Қатысушыларға білім беру ұйымдарында буллингті тану дағдыларын дамыту ұсынылады.

Тапсырма. Ұсынылған жағдаятпен танысыңыз. Жауап нұсқаларының бірін таңдап, оны талдаңыз. «Буллинг» нұсқасын таңдағанда қолыңызды көтеріңіз, «Буллинг емес» нұсқасын таңдағанда қол шапалақтаңыз.

1. Арман мен Айдос мектептің/колледждің артында төбелесіп жатыр. Арман Айдосқа онлайн-ойында ұтылып қалды, сондықтан төбелес бастады.

2. Қарлығаш асханада сыныптастары/группаластары отырған үстелдің жанынан өтеді. Олар оны өздерімен бірге отыруға шақырмайды.

3. Қарлығаш асханада сыныптастары/группаластары отырған үстелдің жанынан өтеді. Олар оны өздерімен бірге отыруға шақырмайды. Бізбен бірге отыру үшін сен тым семізсің деп айқайлайды, содан кейін бәрі күледі.

4. Серік пен Асқар үнемі достарымен ойнайды. Бірде олар Айнұрдың сөмкесіне ойыншық егеуқұйрық салып қорқытты. Айнұр қорқып кетті, бірақ кейін бұған сыныппен/топпен бірге күлді.

5. Индира Мадинаға өзінің ақылсыздығын көрсететін қылықтар жасайтындықтан мектепке/колледжге келмегенің дұрыс деген жазба қалдырады.

2. «Буллингті қалай жеңуге болады» рөлдік ойыны

Жүргізуші қатысушыларға агрессор, жәбірленуші, байқаушы, мектеп/колледж қызметкерлері, ББҚ деген жазулардың бірі бар карточкаларды таратады. (5.1-қосымша)

Тапсырма. Жағдаятты қарастырыңыз. Буллингке қатысушы адам не деп айтып, не сезінетінін болжаңыз. Сізге берілген рөл тұрғысынан шешім ұсыныңыз. Нәтижені көрсетіңіз.

Дәурен өте әлсіз бала еді. Ауру емес, бірақ бозарған, арық және ебедейсіз, физикалық белсенділігі төмен. Ол 6-сыныпта оқыса да, мектепке әжесінің бақылауымен барады. Сыныптастары оны ұнатпайды, оны өлімтік және анасының ұлы деп атайды.

Дәурен бұрын үздік оқушы болған, сондықтан оны «ботаник» деп кеткен, дегенмен қазір оның оқу үлгерімі төмендеді, себебі ауырғандықтан ол сабақтан көп қалады. Олар тек мазақ етумен шектелмеді. Сыныптағы мықты ұлдар футбол ойнағанда оның спорт киімімен ойнады, бутербродтарын тартып алып, аяғынан шалады. Олар оны бірнеше рет денесінде із қалдырмай ұрды. Дене шынықтыру сабақтары ол үшін тозақ болды: ұлдар да, қыздар да «Дәурен арқанмен жоғарыға өрмелей ала ма, әлде жарты жолда құлап қала ма?», «Сырықтан секіре ме, әлде ілініп, құлап кете ме?» деп бәстесетінді шығарды. Дәурен партада жалғыз отырады: онымен ешкімнің отырғысы келмейді.

Шағымданудан пайда жоқ, ал көмек сұрайтын ешкім жоқ. Ата-анасы жұмыстан босамайды, бірақ әкесімен әңгімелескен кезде ол: «Сен еркексің ғой, оны өзің шешуің керек», – деді.

2. Ми шабуылы

Ми шабуылы спикер барлық қатысушының жауаптарын жазып алған кезде рөлдік ойын негізінде өткізіледі.

Ми шабуылының сұрақтары

1. Баланың (бас кейіпкердің) әрекеті туралы не ойлайсың? Балаға не ұсынуға болады?

2. Ата-аналар не істеу керек?

3. Мұғалімдер не істеу керек?

4. Білім беру ұйымының қызметкері (техникалық қызметкерлер, асхана қызметкерлері, күзет қызметі) не істеуі керек?

5. Буллингке қарсы команда мүшелері не істеуі керек?

Ми шабуылы аяқталғаннан кейін қорытынды жасалады (слайд, тексеру парағы).

Буллинг анықталған жағдайда:

1. егер буллингтің куәсі болсаңыз, бей-жай қалмаңыз;

2. буллингті «Сендер заңды бұздыңдар», «Сендердің басқаларды ренжітуге құқықтарың жоқ», «Бұл үшін жауапкершілік қарастырылған», «Сендер заң алдында жауап бересіңдер» деген сөздермен тоқтатыңыз;

3. жәбірлеу құрбанын сабырға шақырыңыз;

4. жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз (жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көмек сұрау);

5. БҚК мүшелеріне хабарлаңыз;

6. орын алған оқиғаның куәгері болыңыз.

4. «Аңыз бен ақиқат» викторинасы

Тапсырма. Деректерді талдап, ненің шындық, ненің өтірік екені туралы жауап беріңіз.

1. Буллингтің жағымды жақтары да бар. (Жоқ)

2. Баланың басқа біреуге қатысты балағат сөздерді қолдануы зорлық - зомбылықтың көрінісі болып табылады. (Иә)

3. Зорлық-зомбылық – бұл жәбірленушінің денесінде соққы іздері пайда болған кез. (Иә)

4. Оның өзі соққыға лайық. (Жоқ)

5. Мектепте/колледжде ең көп таралған психологиялық зорлық – зомбылық – бір баланың екіншісіне қатысты дөрекі сөздер қолдануы. (Иә)

6. Зорлық-зомбылықтан зардап шегетін бала бұл туралы айтпауы керек. (Жоқ)

7. Ұлдар қыздарға қарағанда зорлық-зомбылыққа бейім. (Иә)

8. Зорлық-зомбылық ҚР заңымен жазаланады. (Иә)

9. Зорлық – зомбылық – бұл қылмыс. (Иә)

10. Біреу зорлық-зомбылықтан, буллингтен зардап шеккенде үндемеуі керек. (Жоқ)

11. Буллинг, бойкот, елемеу – бұл психологиялық зорлық-зомбылық. (Иә)

12. Зорлық-зомбылық жасаушы, агрессор тек ересек адам бола алады. (Жоқ)

13. Буллинг – бұл баланың немесе балалар тобының басқа адамға немесе балаларға саналы, қатыгездікпен қарауының ұзақ процесі. (Иә)

14. Буллингтен зардап шегетін бала әрқашан көтеріңкі көңіл-күйде болады. (Жоқ)

15. Көбінесе буллинг жасайтын баланың құрбанынан артықшылығы болады (жасы үлкен, физикалық тұрғыдан күшті, топта, сыныпта жоғары беделге ие. (Иә)

III. Алынған білімді диагностикалау

Семинардың барлық қатысушылары «Үлестірме материал» – 5.3-қосымшада ұсынылған сауалнаманы толтырады.

IV. Қорытынды

Семинар соңында барлық қатысушыларға белсенділігі, ашықтығы, шығармашылығы үшін алғыс айту және ата-аналармен ынтымақтаса отырып, білім беру ұйымының барлық ұжымының бірлескен күш - жігерімен ғана баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға болатынын айту маңызды.

V. Рөлдік ойынға арналған үлестірімелі материал

5.3-қосымша

Құрбан	Қызметкерлер
Агрессор	Бақылаушы
Куәгер	БҚК

5.4-қосымша

Шығу тестілеуіне арналған сауалнама

Сізден бірнеше сұраққа жауап беруіңізді сұраймыз. Жауап бермес бұрын, барлық жауап нұсқаларын оқып, дұрысын белгілеңіз.

ТАӘ _____ Толтыру күні _____

1.«Буллинг» дегеніміз не?

А. Кемсітушілік, жәбірлеу – қорлаушылар өздеріне бағындыру мақсатында өз құрбандарында әдейі тудырған қорқыныш негізінде кейбір адамдардың басқаларға қатысты физикалық немесе психологиялық терроры.

Б. Адамға қатысты тұрақты физикалық және / немесе психологиялық террор.

В. Қысым, жәбірлеу, кемсіту, басқа адамды өзіне бағындыру.

Г. Барлық жауаптар дұрыс.

2. Келесі жағдайлардың қайсысы буллингтің белгісі емес?

А. Физикалық зорлық-зомбылық.

Б. Бопсалау.

В. Дос болғысы келмеу.

Г. Жалған ақпарат тарату.

Д. Намысқа тиетін әзіл, бойкот, көпшілік алдында елемей.

Е. Кибербуллинг.

Ж. Қорқыту.

З. *Аталған тармақтардың қайсысы буллингтің салдарына жатпайды?*

А. Депрессия, мазасыздықтың жоғарылауы.

Б.Өзін-өзі бағалауды арттыру және достық қарым-қатынас орнату.

В. Мектеп/колледждегі үлгерімнің төмендеуі, сабаққа келмеу, оқудан бас тарту.

Г. Жедел немесе жарақаттан кейінгі стрестік бұзылу, ұйқының бұзылуы, түнгі қорқыныш.

МЕКТЕПТІҢ 1-4, 5-9, 10-11– СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН КОЛЛЕДЖДІҢ 1–2-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА- АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

Кіріспе

Мектептің 1–4, 5–9, 10–11-сынып оқушылары мен колледждің 1–2-курс білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтар білім беру ұйымдарындағы буллинг пен кибербуллинктің алдын алуға бағытталған. Бұл кездесулер бейресми, бірақ терең мағыналы, ата-аналарды балалардың нақты және виртуалды өмірде кездесетін өткір әлеуметтік мәселелерін талқылауға тартады.

Сабақтың негізгі мақсаты – ата-аналардың білім беру ұйымдарындағы жәбірлеудің (буллинктің) табиғаты, себептері мен формалары туралы хабардарлығын арттыру, сондай-ақ мұндай жағдайларға жедел әрекет етудің және алдын алудың тиімді әдістерін үйрету.

Сабақтар интерактивті жұмыс әдістеріне негізделген: ми шабуылы, «Сұрақ – жауап» жаттығулары, бейнематериалдарды талдау және топтық жағдаяттық тапсырмалар. Ата-аналарға нақты өмірлік жағдайларды қарастыруға, жәбірленуші, агрессор және куәгер рөлін ойнау, олардың әрекеттерін анықтау және ұсынымдар жасау ұсынылады. Сондай-ақ, ата-аналарға жадынамалар, чек-парақтары және балалардың онлайн және офлайн ортадағы қауіпсіздігін сақтау бойынша кеңестер беріледі. Жоғары сыныптар мен колледждің 1–2-курс білім алушыларына арналған кибербуллинг бойынша сабақта цифрлық қауіпсіздікке, желідегі қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, қауіп-қатерлерді ажырата білуге және сауатты онлайн-әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл кездесулер ата-аналарға тек білім ғана емес, сонымен қатар сабақтан кейін бірден қолдануға болатын практикалық құрал береді: баламен қалай сөйлесуге болады, қандай мәселеге назар аудару керек, қайдан көмек сұрау керек. Мұндай жұмыстың салдары өте жағымды болуы мүмкін: ата - ана мен бала арасындағы эмоционалды байланысты нығайту, жасөспірімдердің ата-ана қолдауына деген сенімін арттыру, ең бастысы – білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету. Мұндай іс – шараларды үнемі өткізу балалардың дамуы үшін қауіпсіз және салауатты кеңістік құруға бағытталған қадам болып табылады.

1-4 – СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚ

«Балаңызға жасалатын буллинг туралы не білесіз?
Балаңыз буллингтің құрбаны ма әлде қатысушы ма?»

Мақсаты: Ата-аналардың білім беру ұйымдарында және үйде салауатты, мейірімді орта қалыптастырудың маңыздылығын түсінуін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балалар үшін қауіпсіз орта құру және қолдаудың қажеттілігін түсіндіру;

2. Балалар бойындағы агрессивті мінез-құлық көріністері туралы ата-аналардың түсініктерін кеңейту;

3. Балалар арасындағы зорлық-зомбылық жағдайларында ата-ана назарының маңыздылығына назар аудару.

Күтілетін нәтижелер:

1. Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны болдырмау үшін отбасы мен әкімшіліктің ресурстарын қалыптастыру;

2. Балалардағы буллингтің себептерінің жан-жақты сипатын терең түсіну;

3. Балалардың мүдделерін қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымы мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті орнату.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер: адамдарға деген құрмет, парасаттылық, позитивті ерік, өзін-өзі басқару, жауапкершілік, шығармашылық, адалдық, табандылық.

Құрал-жабдықтар: мультимедиялық жабдықтар, презентация.

Ресурстар: А4 қағаз парақтары, қаламдар, қайшылар, фломастерлер.

Өткізу нысаны: практикалық сабақ.

Жоспар

Кіріспе бөлім

1. Балаларда болатын агрессивті мінез-құлық түрлері. Кейс-тапсырмалар. Топтық талқылау.

2. Буллингке кім қатысады?

3. Отбасындағы қақтығыстарды шешу жолдары. «Мен – хабарлама» жаттығуы.

4. Баланың демалысы және бос уақыты. Гаджеттер және кибербуллинг қаупі.

5. Егер буллинг орын алса, не істеу керек? Әрекеттер алгоритмі. «Дұрыс жауапты таңдаңыз» жаттығуы.

6. Балалардың типологиясы және олардың буллинг жағдайындағы рөлі. Балаңызға мұқият болыңыз.

Қорытынды бөлім.

Сабақтың ұзақтығы – 1 сағат

Хронометраж	Сабақтың барысы:		
3 мин.	Кіріспе бөлім Құрметті ата-аналар, осы сабақтың көмегімен біз агрессия мен зорлық-зомбылық тақырыбын ашқымыз келеді. Зорлық-зомбылық дегеніміз не? Ол қалай пайда болады? Біз, ата-аналар, балаларымызды жанжалдардан қорғау үшін не істей аламыз? Бүгін біз ата-аналар мен педагогтердің осы мақсатқа жетуі үшін бірлесіп жұмыс істеуінің бірнеше жолын қарастырамыз. Агрессия – туа біткен қасиет емес, бұл мінез-құлықтың бір түрі. Агрессивті мінез-құлық балаларда белгілі бір жағдайларда пайда болуы мүмкін немесе кейде кейіннен кезең-кезеңімен пайда болады. Бұл бірден алаңдаушылық туғызбауы мүмкін. Бірақ агрессивті көріністер бақылаудан шыққан кезде немесе басым агрессивті мінез балалар үшін қалыпты жағдайға айналғанда, сақ болу керек. Бұл әрқашан физикалық зорлық-зомбылық болмауы мүмкін. Шын мәнінде, бұл білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтың ең сирек түрі. <i>Жәбірлеу</i> – бұл бүкіл ұжымның «ауруы», агрессияға жол беретін ортада туындайтын құбылыс. Мұндай жағдайлар қақтығыссыз қарым-қатынас құндылықтарының, жеке тұлғаға құрметтің, келісімге келу және өз қажеттіліктерін экологиялық жолмен жүзеге асыру қабілетінің болмауынан пайда болады. Тіпті мұндай сыныптан агрессорды немесе жәбірленушіні алып тастаса да, сыныпта салауатты ахуал болмайды.		
10 мин	<i>Буллинг</i> – бұл баланың психикасы үшін өте қауіпті құбылыс. Буллинге тән үнемі мазақ ету, қорлау және қорқыту зардап шеккен баланың өзін-өзі бағалауының, қауіпсіздік сезімінің және өзіне деген сенімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Жәбірлеу ұзақ мерзімді стресс тудырады. Онымен бірге мазасыздық, депрессия, әлеуметтік оқшаулану пайда болады, сондай-ақ оқу үлгерімі төмендейді. Кейде буллинг психикалық бұзылулардың дамуына, тіпті суицидтік ойларға әкелуі мүмкін.		
	Параметр	Қақтығыс	Буллинг
	Ұзақтығы	Бір реттік немесе қысқа мерзімді	Ұзақ мерзімді
	Мақсаттың болуы	Бар. Мүддені қорғау, қалағанға қол жеткізу, әлсізді қорғау	Жоқ. Агрессор үшін буллингтің өзі маңызды

Куәгерлердің болуы	Әрдайым емес	Әрқашан
Жәбірленуші мен агрессордың күш теңдігі	Шамамен тең	Тең емес. Агрессорлар саны көп
Енді айырмашылықтарды нақты мысалдарда қарастырайық. Буллингке ұқсас үш жағдайды талқылайық. Олардың барлығы қауіпті және жағымсыз, бірақ олардың бәрі жәбірлеу емес. Кейстерді талқылау. Топты үш командаға бөліңіз. Әр командаға кейс беріңіз. Талқылауға 5 минут уақыт беріңіз. Уақыт өткеннен кейін әр команданың өкілі пікірін білдіреді. 1-кейс. Арман үй тапсырмасын көшіру үшін, Дәуреннің дәптерін рұқсатсыз алды. Дәурен ашуланып, Арманды ренжіте бастады. Төбелес басталып, екеуі де үйлеріне бет-ауызы көгеріп қайтты. Келесі күні Арман мен Дәурен бір-біріне ренжіп, сөйлеспеді. Тағы бір күннен кейін олар татуласып, бұрынғыдай араласа бастады. 2-кейс. Жоғары сынып оқушысы Қанат екінші сыныптың оқушысы Дидардың ақшасын тартып алды. Қанат мектеп қақпасының сыртындағы камера жоқ жерде Дидарды күтіп, бұтаның түбіне итеріп, қорқытып, ақша талап етті. Екінші сынып оқушысы ата-анасына бұл жөнінде айтуға қорықты, ақша жоғалттым деп өтірік айтты. Бұдан былай Қанат мен Дидар кездеспеді. 3-кейс. Карина Мағира деген сыныптасын ұнатпайды. Оны кемсіту үшін ол көпшілікке арналған телеграм-арнасын ашты, онда ол сыныптастарымен қосылып, Мағираның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, хоббиін және отбасын сынайды. Мағира қасында болған кезде де, айтқан сөздерін дауыстап қайталайды. Сонымен қатар, сыныптастары спорттық киім ауыстыратын бөлмеде оның киімдерін тығып қояды және асханадағы тамағын ыдысымен қоса төңкеріп тастайды. Мұндай жағдай бес айға созылады, нәтижесінде Мағира мектепке барудан бас тартады. Жауаптар: 1-кейс. Бір реттік төбелес. Мысалдағы жағдай буллинг емес, өйткені қақтығыстың нақты себебі болды және ол тез аяқталды. Қақтығыстағы күштер тең деп айтуға болады. Егер тіпті бір тарап екінші тараптың біршама күшті екенін сезсе де, ол қолдау тауып, өз мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді. Егер де бір бала екінші (немесе бүкіл сыныпқа) қарсы тұра алмаса, онда бұл жәбірлеу деген сөз.		

	2-кейс. Эпизодтық шабуыл бұл жағдайды буллинг деп те атауға болмайды, өйткені жүйелілік жоқ. Қанат ақшаны жалғыз өзі бір рет және жасырын түрде алып кетті. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушысының ақшаны алу мақсаты болғаны маңызды. Ал буллер үшін мақсат емес, процесс маңызды. 3-кейс. Сыныптас қыздар арасында ойластырылған қастандық бар және бұл жағдай – нағыз буллинг, өйткені бұл жүйелі түрде бірнеше айға созылған. Бұл жәбірлеушілердің материалдық мақсаттары жоқ. Олар бұл процестен ләззат алады.
5 мин	Буллингке кімдер қатысады? Ақпараттық блок. Буллингтің бірнеше жағы бар. Атап айтқанда, қатысушылардың үш түрі. Агрессор – жәбірлеудің бастамашысы. Оны бастаушы, буллер деп те атайды. Оның ізбасарлары сол санатқа жатады. Бұл буллердің идеяларын қабылдайтын және жәбірлеуге белсенді қатысатын «достар». Ересектер буллинг туралы білгенде, әдетте агрессор жазаланады. Алайда, бұл балаға да көмек қажет. Ол жағдайдан өзі шыға алмайды. Ол үшін буллинг – бұл билікке, үстемділікке, қауіпсіздікке деген қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі. Құрбан – агрессор мен оның ізбасарлары жәбірлеген бала. Құрбан жәбірленуіне кінәлі деген қате түсінікке сенбеңіз: ол өзгеше, қарсылық білдіре алмады. Олай емес. Кез келген бала жәбірленуші болуы мүмкін және оның жеке ерекшеліктері оған ешқандай әсер етпейді. Кім жәбірленуші болатынын әрі қарай егжей-тегжейлі талқылаймыз. Бақылаушылар буллингке араласпайды, бірақ қорлауға қарап тұрады. Қатыспағанына қарамастан, олар да шетте қала алмайды. Сыныптағы ахуал бақылаушыларға да әсер етеді. Кейбіреулер жәбірленушіге көмектесе алмайтындықтан азап шегеді. Басқалары менің басымда да болуы мүмкін деп қорқады. Шындығында, бақылаушылар – үлкен күш. Буллинг олардың үнсіз келісімімен жүреді. Егер олар үндемей қалмаса, жәбірленушінің жағында болса, онда буллинг тоқтайды. Буллинг үнемі асимметриялы немесе тепе-тең бола бермейді. Бір жағында айқын күші, салмағы мен қолдауы бар агрессор. Екіншісінде – жәбірленуші, тек оның мұндай күші мен қолдаушылары жоқ. Жағдайды теңестіру үшін жәбірленушіге қолдау қажет. Көбінесе құрбан жоғары сезімталдықпен, өзін-өзі бағалаудың төмендігімен, мазасыздық және ұялшақтықпен немесе керісінше импульсивтілікпен ерекшеленеді.
10 мин	Отбасындағы қақтығыстарды шешу жолдары. Отбасындағы қақтығыстар – табиғи процесс, бірақ оларды ауызша немесе күшпен (физикалық) шешу мүмкін. Ата-аналар арасындағы ашу-

ызаның көрінісі балалардың мінез-құлқынан көрінеді. Ересектердің өздерін ұстай білуі маңызды, себебі бұл балаларға қажет. Отбасылық дауларды бейбіт жолмен шешу – бұл олардың ата-аналарының жағымсыз эмоциялармен қалай күресетінін көру мүмкіндігі.

«Мен-хабарлама» жаттығуы...

«Мен-хабарлама» – бұл адам өзінің сезімдерін, ойлары мен қажеттіліктерін «мен» сөзінен басталатын тұжырымдаманы қолдана отырып білдіретін қарым-қатынас тәсілі. Бұл әдіс тиімді және сындарлы қарым-қатынас орнатуға арналған, әсіресе маңызды жағдайларда айыптаудан, қорлаудан немесе ренжітуден аулақ болу. «Сен» немесе «ол» сөздерін айыптау түрінде қолданудың орнына, өз сезімдері мен қажеттіліктерін басқа адамның іс-әрекетімен тікелей байланыстырмай, «Мен-хабарлама» жеке сезімдер мен реакцияларға баса назар аударады. Бұл әңгімелесушілерге бір-бірінің көзқарасын жақсы түсінуге мүмкіндік береді және қақтығыстың алдын алады.

«Мен-хабарламалар» мысалдары:

«Мен бөлменің шашылып жатқанын көргенде мазасызданып кетемін, өйткені мен үшін тәртіп маңызды».

Қатысушыларды жұптарға бөліңіз. Серіктестердің әрқайсысы «Мен-хабарлама» мәтінін кезекпен қайталауы керек.

1. «Сен сабаққа нашар дайындалдың!»

2. «Сен компьютерде тым көп отырасың!»

3. «Сен тағы бас киім киген жоқсың ба?»

4. «Неліктен түскі астан кейін ешкім ыдыс жуған жоқ?»

5. «Бөлменді тез жина!»

6. «Үй тапсырмасын неге әлі жасамадың? Мен телефоныңды алып қоямын!»

7. «Егер тоқсандық бағаларың нашар болса – жаңа телефоннан үміттенбе».

8. «Сен бас киіміңді тағы жоғалттың ба? Мен шаршап кеттім!»

9. «Сенің портфеліңде не бар? Оны қашан реттейсің?»

Аяқтағаннан кейін пікірталас өткізіңіз:

Қандай сезімдер көрініс тапты?

«Мен-хабарламалар» арқылы көрсетілген қажеттіліктер қандай болды?

Тәсілдің өзгеруі жағдайды қабылдауға қалай әсер етті?

Ескерту: «Мен-хабарламаларды» қолдану олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті жоққа шығармайтынын, бірақ сезімдер мен қажеттіліктерді конструктивті түрде білдіруге көмектесетінін атап өту маңызды. Жаттығу эмоционалды

	интеллектіні дамытуға және отбасында қолдау көрсететін ортаны құруға ықпал етеді.
5 мин	Бос уақыт тәртібі. Теледидар, компьютерлік ойындар және кибербуллинг. Көптеген бала балалық шағының көп бөлігін теледидар, компьютер мен смартфондағы ойындардың алдында өткізеді. Бастауыш сынып оқушыларының көпшілігінің бөлмесінде смартфондары, жеке теледидарлары мен компьютерлері немесе ойын құрылғылары бар. Көбінесе олар балаларға арналған жаңа қиял әлемін, көптеген ақпарат пен идеяларды ұсынады. Ойлау қабілеттерін дамытады, әртүрлі шындыққа енуге мүмкіндік береді. Алайда, зерттеулер көрсеткендей, зорлық-зомбылықты бейнелеу зорлық-зомбылықты қолдануға дайын болуға ықпал етеді. Сіз ата-ана ретінде балаларыңыздың әлеуметтік медиа мен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануын бақылауыңыз керек. Ата-ананың осы маңызды жауапкершілігін ұмытпаңыз.
10 мин	Баланың буллингке тап болғанын қалай білуге болады? Ата-аналар мектептегі баланың жәбірленіп жатқанын әрдайым біле бермейді, өйткені балалар өздерінің қорланған жағдайынан ұялуы, ата-аналарын аяуы немесе жай ғана көмек іздеуі мүмкін. Бала үндемей, ештеңе айтпаса да, оған мұқият қарау керек. Буллингтің жанама белгілері: 1. Зорлық-зомбылықтың іздері: көгеру, сызаттар, бүлінген заттар, жоғалған ақша. 2. Балалар баланы өз атымен емес, лақап атымен атайды. 3. Бала ұжымдық іс-шаралардан аулақ болады. 4. Оқушы құрдастарымен араласпайды, ересектерге жақын болады. 5. Бала мектепке бармауға себеп іздейді. 6. Оқу үлгерімі төмендейді. 7. Тәбеті нашарлайды, ұйқысы бұзылады, басы аурады және стрестің басқа да белгілері. Егер сіз осы белгілердің бірін байқасаңыз, баланы жәбірлеп жатыр деген қорытынды жасауға ерте. Буллинг кезінде бұл белгілердің барлығы бірге көрінеді. Қалай болғанда да, баламен сөйлесу маңызды. Сыныптастарының ата-аналарымен сөйлесуге болады. Мүмкін біреу сізге пайдалы ақпарат айтар. Балаңыз буллингке тап болған кезде не істеуге болмайды? «Дұрыс жауапты таңдаңыз!» Барлық қатысушылар жауаптарға дауыс береді. Жүргізуші дауыстар жиналған кезде жауаптарды талдайды. Егер балаңыз буллингке ұшырады деп ойласаңыз, төмендегі қажеттілікті ескеріңіз:

	1. Баланың өзі мәселені шешкенше күту. 2. Баламен оған қалай жол бергенін анықтау. 3. Баланы агрессорларға есесін жібермеуге үйрету. 4. Мәселені балаңызды ренжіткен балалармен шешу. 5. Мектеп әкімшілігіне шағым жазу. 6. Мектепке бару және айыптау. 7. Балаңызды ренжіткен балалардың ата-аналарына хабарласу. 8. Басқа мектепке ауысу. Енді біз ата-аналардың мәселені шешпейтін, тек буллингті күшейтетін, көп таралған қателіктерін талқылаймыз. Мәселе өздігінен шешіледі деп ойлау – <i>аңғалдықтың белгісі</i>. Мәселе өзі шешіледі деп ойламаңыз. Агрессор маманның көмегінсіз тоқтамайды. Бақылаушылар не болып жатқанына үйреніп, солай болуы керек деп ойлайды. Ал жәбірленуші күйзеліске ұшырап, көпшілікке қарсы тұра алмайды. <i>Баланы айыптау</i>. Бұл балаға жасалуы мүмкін ең ауыр нәрсе. Егер да ата-анасы баланы айыптаса, бұл оған екі есе қиындық тудырады. Мысалы, егер бала көк түске боялған шашы үшін жәбірленсе, және біз оның осы нәрседен бас тартқанын қаласақ, мынадай стильдегі сөз тіркестерінен бас тартамыз: «Біз саған айттық қой, солай болатынын ескерттік». Адамның басқалардан ерекшеленуге құқығы бар. Бірақ мазақ пен қорлауға жол бермеу керек. <i>«Есеңді жіберме!» деп кеңес беру</i>. Бұл көмектеспейді. Өйткені бұл мәселенің түп-тамырына бармайды. Және қақтығысды физикалық агрессия деңгейіне шығаруы мүмкін. <i>Балалармен «мәселені шешуге» бару</i>. Балалар сізді тыңдамайтыны сөзсіз. Балаларды қорлау және ұру – қылмыстық жауапкершілік. Ең бастысы, ересектердің мұндай ісі мәселені шешпейді, тек жәбірлеушіні ашуландырады. <i>Мектепті айыптау</i>. Бұл да сындарлы емес. Егер шу көтерсеңіз және айыптай бастасаңыз, мұғалімдер қорғаныс позициясына түседі. Бұл серіктестікке көмектеспейді. Мұғалімдермен тең дәрежеде сөйлесу – ұтымды және тиімдірек. Білім беру ұйымдарында буллингтен жәбір көрушіге алғашқы көмек: 1) Біз баланы оның жағдайын түсінетінімізге сендіреміз: олай ету дұрыс болмағанымен, әркім жәбірленуші болуы мүмкін. 2) Біз тыңдауға және сөзсіз қолдауға дайынбыз деп айтамыз: кез келген жағдайда біз баланың жағында екенімізді еске саламыз. 3) Біз не болғанын сұраймыз, әңгімені үзбейміз (тіпті кінәлілерді жазалағымыз келсе де). Тек тыңдаймыз.
--	--

	4) Біз жанашырлық танытамыз, балаға бұл қорлықтың қаншалық ауыр және қиын екенін түсінетінімізді білдіреміз. 5) Баланың өз жағдайымен бөліскені жақсы. Біз сенетін ересектермен тәжірибені қалай бөлісуге болатынын түсіндіреміз. Бұл мәселені шешуге және қолдау табуға көмектеседі. Позитивті жоспар: 1-қадам. Баламен сөйлесеміз. Болған оқиғаның мән-жайын анықтаймыз және қолдаймыз. 2-қадам. Сынып жетекшісімен және мектеп психологімен сөйлесеміз. Ұрысу және қарым-қатынасты анықтау үшін емес, мектептен одақтас табуымыз керек. Сонымен бірге қорқыту, кемсіту түрінде не болып жатқанын анықтаймыз. 3-қадам. Мұғаліммен және психологпен іс-қимыл жоспарын жасаймыз. Табандылық танытамыз. Мүмкін, мектепте болған оқиғаны буллинг деп тану тиімсіз шығар. 4-қадам. Жоспарланғанның орындалуын қадағалаймыз. Үнемі мектепке барамыз, психологпен және сынып жетекшісімен кездесеміз.
5 мин	Балалардың типологиясы және олардың буллинг жағдайындағы рөлі. Балаңызға мұқият қараңыз. Зорлық-зомбылыққа қарсы тұратындай өзін-өзі күшті бағалау. Күшті балалар көбінесе қақтығыстарды зорлық-зомбылықсыз шеше алады. Ал «күшті» деп біз бұлшық етті емес, мықты тұлғаны айтамыз. Кішкентай кезінен бастап өздерін отбасында қабылданғанын және жақсы көретінін сезінетін балалар өзін-өзі бағалауды сәтті де тұрақты дамыта алады. Өзін-өзі бағалауы күшті бала кейде әділетсіздікке физикалық күш көрсетпей-ақ қарсы тұра алады. Оны қорқыту оңай емес. Құрбан. Таяқ жеген немесе қорланған бала өзін әлсіз және төмен сезінеді. Балалардың өзін-өзі бағалауының төмен болуы ата-аналардың қаталдығынан. Баланың ішкі жан-дүниесіне қол сұғып, шекарасын қаншалық жиі бұзсаңыз, ол соғұрлым көбірек жарақат алады. Сондықтан ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ересектер ата-ана болған кезде оқып, үйренеді. Егер бала өз отбасындағы жағымсыз жайттардан хабардар болса, онда ол мектепте тереңдей түсуі мүмкін. Позитивті тәжірибе балабақша мен мектептегі «әлсіз» баланың өзін-өзі бағалауын күшейтуі мүмкін.
2 мин	Қорытынды бөлім. Ата-аналар балаларды қалай қолдай алады? 1. Егер балаңыз өзіңізге мазасыз болып көрінсе, көмектесу үшін кейбір нәрселерге назар аударыңыз,

	2. Егер сіздің көзқарасыңыз сөзсіз дұрыс деп ойласаңыз, онда өз мінез-құлқыңызды бақылаңыз. 3. Әрдайым баланың жанында болуға тырысыңыз. Оны сыйластықпен қабылдаңыз. Балаңызды тыңдап, онымен сөйлесуге және ойнауға уақыт бөліңіз. 4. Күнделікті қарбалас өмірде де оның жетістіктері мен жағымды мінез-құлқына қуанатыныңызды көрсетуге тырысыңыз.
--	--

5-9 – СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚ

«Буллинг: мойындау, анықтау, тоқтату»

Мақсаты: жасөспірімдер ортасында жәбірлеу фактілерін алдын-алу бойынша, ата-аналардың білімін қалыптастыруда практикалық көмек көрсету.

Міндеттері:

1. Буллинктің алдын алуды ұйымдастырудағы ата-ана миссиясының маңыздылығын ашу;
2. Ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыру;
3. Буллинг фактілері туындаған жағдайда ата-аналарға практикалық әдістемелік көмек көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

1. Ата-аналардың білім деңгейі артып, буллинктің алдын алудың практикалық әдістерін меңгереді.
2. Мектептегі қорлау фактілерін болдырмау үшін отбасында қолайлы ахуал құрады.
3. Буллинг мәселесі бойынша ата-аналардың білімін дамытады.

Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер: парасаттылық, құрмет, шындық, ашықтық, бірлік.

Жоспар:

1. Жасөспірімдер арасындағы буллинг проблемасының өзектілігі
2. Көркем фильмнің үзіндісін қарау, содан кейін талқылау.
3. «Ассоциация» жаттығуы
4. Ми шабуылы «Бізді толғандыратын мәселелер»
5. Ақпараттық блок
6. Карточкалармен топтық жұмыс
7. Сұрақ-жауап жаттығуы
8. Қорытынды. Рефлексия

Әдістер: проблемалық жағдайларды жасау, аудио, бейне қолдау, интерактивті оқыту әдістерін қолдану.

Жабдықтар: интерактивті тақта, карточкалар (Д.Олвеус бойынша), маркерлер, рефлексорлық парақ.

Хроно-метраж	Мазмұны
5 мин	Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесінің өзектілігі. Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Сіздерді ата-аналарға арналған буллинктің алдын алу сабағында көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін буллинг/кибербуллинг ұғымымен, оның негізгі сипаттамаларымен танысамыз, сұрақтарға жауап табуға тырысамыз: бала буллинг/кибербуллинге ұшыраған жағдайда ата-аналар не істеуі керек? Бала агрессор болған жағдайда және мұндай жағдайлар туындамауы үшін не істеу керек.

	Соңғы оқиғалардың өзекті мәселелерінің бірі-кәмелетке толмағандар жасаған зорлық-зомбылық санының өсуі. Қазіргі білім беруде, сарапшылардың пікірінше, балалардың қарым-қатынасында қатыгездік, қорлау мен мазақ ету барған сайын көбейіп жатыр, бұл жеке тұлғалық бұзылуларға, депрессиялық жағдайларға әкеледі. «Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://www.youtube.com/watch?v=K9-kxCAZ31w&list=PLA5eCSY2FeoSl1BP_nlCAffobS8jN8ZPG&index=61 Ақпараттық блок. <i>Слайд.</i> Статистикалық деректерге сәйкес, қазіргі қазақстандық мектептерде: • балалардың 17%-дан астамы кейде буллингке ұшырайды; • сұралған жасөспірімдердің 6,8%-ы айына екі-үш рет жәбірлеу мен қорқытуға тап болатынын айтқан; • 11–15 жас аралығындағы балалардың 14,1%-ы өздері құрдастарына қатысты буллингке қатысқанын мойындаған; • буллингке ұшыраған балалардың тек 2%-ы ғана бұл туралы ата-аналарына айтқан; • ұл балалардың буллингке қатысу көрсеткіші қыздарға қарағанда жоғары. 2022 жылғы мамырда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Баланың құқықтарын қорғау туралы Заңға қол қойды. Депутаттар бастамашы болған бұл жоба кәмелетке толмағандарды жәбірлеу мен буллингтен қорғауға бағытталған заңнамалық шаралар ретінде ұсынылып, билікке әлеуметтік желілер мен мессенджер иелеріне балаға қатысты буллинктің белгілері бар заңсыз контентті жоюды міндеттеуге мүмкіндік береді. «Ассоциациялар» жаттығуы Педагог: Сізде буллинг, кибербуллинг сөздерімен байланысты қандай ассоциациялар туындайды? (Ата-аналар өз қалауы бойынша сөйлейді).
10 мин	I. Ми шабуылы «Бізді толғандыратын мәселелер» Мақсаты: жұмыс жағдайларының шеңберін анықтау, қатысушылардың сабақта пысықтағысы келетін мәселелерді талқылау. Ата-аналар топтарға бөлінеді. Әр топ жасөспірімдерде туындауы мүмкін буллингке қатысты мәселелер шеңберін анықтауы керек. Жұмыс аяқталғаннан кейін алынған нәтижелерді талқылау және талдау жүргізіледі. Ақпараттық блок.

2 мин	Слайд . Буллинг (ағылш. bullying – сыныптастар тобының балаға қатысты қорқыту, физикалық немесе психологиялық терроризмі) - бұл физикалық немесе психикалық күшті адам немесе топ белгілі бір жағдайда әлсіз адамға физикалық немесе психологиялық тұрғыда күш көрсетіп, ләззат алатын қатыгездік түрі. Буллинг мәселесін шешудің тиімді әдістерін әзірлеуге кіріспес бұрын, осы құбылыстың түрлерін, себептерін және мүмкін көріністерін, олардың алуан түрлілігін зерттеу керек. Слайд. Буллинктің келесі түрлері бар: Психологиялық (моральдық) зорлық-зомбылық: 1.Вербалды (мазақ ету, лақап ат қою, шексіз ескертулер мен біржақты бағалар, басқа балалардың қатысуымен қорлау, физикалық зорлық-зомбылық қауіпі, бопсалау, ересектерге шағымдану, достықты тоқтату, хабарлау, жәбірленушіге жала жабу, қорлау). 2. Әлеуметтік ерекшелік (бойкот, бас тарту, оқшаулану, жәбірленушімен қарым-қатынастан бас тарту, баламен ойнаудан, жаттығудан бас тартады, онымен бір партада отырғысы келмейді) 3.Кибербуллинг – интернетте қорлайтын мәтіндерді, бейнелер мен фотосуреттерді жариялау және тарату, қауіп-қатерлер, сондай-ақ интернетте өзін «құрбан» ретінде көрсету (12-15 жас аралығындағы оқушылардың 30% - на дейін әсер етеді). Троллинг— қатысушылар арасындағы қақтығыстарды, өзара қорлауды тудыру мақсатында интернетте (форумдарда, пікірталас топтарында, блогтарда және т.б.) арандататын хабарламалар орналастыру. Физикалық зорлық-зомбылық (ұру, сабау, заттарын бүлдіру және тартып алу, ұрлау.) Әр түрлі дереккөздерге сәйкес, буллинктің бірінші түрі ең көп таралған. Зерттеулер көрсеткендей, орта сыныптарда буллинг жағдайларының жиілігі ұлдар арасында жиі кездеседі, 14-15 жасқа келгенде төмендейді, кибербуллинг 13-15 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында жиі кездеседі, көбінесе қыздарға тән дүние. II. Үлестірмелі карточкалармен жұмыс. Қатысушылар 3 топқа бөлінеді (агрессор, жәбірленуші, куәгерлер). Оларға Д.Ольвейс кестесіндегі карталар беріледі. Педагог ата-аналарға жетіспейтін бағандарды толтыруды ұсынады. Буллингке қатысушылардың бірнеше түрлі атаулары бар. Олардың бірі Д. Ольвеус ұсынған: 1) агрессор және оның барлық ізбасарлары; 2) құрбан; 3) куәгерлер (қорғаушылар мен бақылаушылар). АГРЕССОР
-------	--

12 мин	Олар кімдер?
	<i>Агрессордың ізбасарлары – жәбірлеуді белсенді қолдайтын, оған қатысатын, бірақ бастамашы емес адамдар;</i>
	<i>Пассивті агрессорлар жәбірлеуді қолдайтын, бірақ қатыспайтын және оның бастамайтын адамдар.</i>
	Не істейді:
	
	Куәгерлер
	Олар кімдер?
	Ата-аналар толтырады
	Не істейді?
	1. жәбірлеуді тоқтату бойынша әрекет жасамайды; 2. жәбірлеуге немқұрайлы қарайды; 3. оны тоқтату немесе жәбірленушіге көмектесу үшін шаралар қолданбайды.
	
	Құрбан
	Ол кім? Ол:
	1) тривиальды емес ойлайтын («ала қарғалар» деп аталады); 2) девиантты мінез-құлықты, үлгерімі төмен; 3) табысы төмен немесе әлеуметтік мәртебесі төмен отбасынан шыққан; 4) табысы жоғары және материалдық жағынан қамтамасыз етілген отбасынан шыққан бала
	Неліктен ол құрбан болады?
	Неліктен ол құрбанға айналады? Ата-аналар толтырады. Жауаптары: Агрессорлар – бұл үстемдік етуге және басқаларды бағындыруға деген күшті қажеттілігі бар, импульсивті мінез-құлықпен ерекшеленетін балалар. Олар ересектерге (мұғалімдерге, ата-аналарға) агрессия мен бағынбаушылық танытады, жәбірленушілерге жанашырлық білдірмейді және көбінесе құрдастарына қарағанда физикалық тұрғыдан күштірек болады. Куәгерлер – бұл әртүрлі рөлдерді атқара алатын балалар: әлеуетті қорғаушылар, бақылаушылар немесе белсенді қорғаушылар. Кейбіреулері зорлық-зомбылықты қолдамайды, бірақ араласпайды, басқалары бейтарап қалып, ал қорғаушылар буллингке теріс көзқарас танытып, жәбірленушіге көмектесуге тырысады.

6 мин	Жәбірленуші – бұл көбінесе сақтықпен, ұялшақтықпен, тұйықтықпен, жоғары мазасыздықпен және өзіне сенімсіздікпен ерекшеленетін бала. Мұндай балалардың өзін-өзі бағалауы төмен, олар депрессияға бейім және көбінесе жақын достары болмайды. III. Сұрақ-жауап жаттығуы. Неліктен балалар көмек сұрамайды? 1. Мұны өз бетімен шешкісі келеді. (Дұрыс) 2. Достарының көзінше беделді болғысы келеді. (Дұрыс емес) 3. Балалар жәбірлеушінің реакциясынан қорқуы мүмкін. (Дұрыс) 4. Әлсіздік үшін жазаланады деп қорқады. (Дұрыс) 5. Бұзақымен сенімді қарым-қатынас орнатқысы келеді. (Дұрыс емес) 6. Ата-анасы баланың ешбір сезіміне мән бермейтінін сезінуі мүмкін. (Дұрыс) 7. Балалар құрдастары олардан бас тартады деп қорқуы мүмкін. (Дұрыс) Педагог: Баланың кибербуллинг құрбаны болғанын қалай түсінуге болады? Симптомдарды атаңыз. Келіссеңіз, қол шапалақтайсыз, келіспесеңіз –аяқпен жер тебінесіз. Дұрыс жауап: Егер де сіздің балаңыз: 1) мектепке ынтасыз барып және мектепке бармауға кез келген мүмкіндікке қуанса; (Дұрыс) 2) мектептен қуанышты оралса; (дұрыс емес) 1) жиі айқын себептерсіз жыласа; (дұрыс) 2) өзінің сыныптастарын жиі есіне алса; (дұрыс емес) 3) мектеп өмірі туралы өте аз айтып жүрсе; (дұрыс) 4) бала ешкімді туған күніне шақырғысы келмесе. (дұрыс) Бұл жағдайда сіздің балаңыз буллинг құрбанына айналған болуы мүмкін.
15 мин	Жәбірленуші үшін ықтимал салдарларды атаңыз: әлеуметтік оқшаулану, әлеуметке жат мінез-құлық, мазасыздықтың бұзылуы, психосоматика, суицид қаупі. IV. Топта жұмыс істеу. «Қызыл-сары-жасыл» жаттығуы Ата-аналар қызыл-сары-жасыл карточкаларды таңдай отырып, топтарға бөлінеді. Егер қатысушының қызыл карточкасы болса, онда «Құрбан» тобына түседі. Егер қатысушының сары карточкасы болса, онда «Агрессор» тобына түседі. Егер қатысушының жасыл карточкасы болса, онда «Куәгерлер» тобына кіреді.

	Енді топта жұмыс істейміз және келесі сұрақтарға жауап табуға тырысамыз: «Құрбан» тобы топтық пікірталас барысында: «Бала құрбан болған жағдайда ата-аналар не істеуі керек?» Ұсынымдар әзірлеу. «Агрессор» тобы «Бала буллер болған жағдайда ата-аналарға не істеуі керек?». Ұсынымдар әзірлеу. «Куәгерлер» тобы «Бала буллингке куә болған жағдайда ата-аналарға не істеу керек?». Ұсынымдар әзірлеу. Талқылаудан кейін әр топтың өкілдері осы мәселе бойынша сөйлейді және ұсынымдарымен таныстырады.. Мұғалім ата-аналардың талқылауын нақты ұсынымдарға жеткізеді және психологтің кеңестерін ұсынады. Буллинг туралы чек-парағы https://cloud.mail.ru/public/PZWh/t1btZyGaW/%D0%91%D1%83%D0%BB%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3%20%D1%87%D0%B5%D0%BA-%D0%BB%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%8B%20%D1%80%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D1%82%D0%B5%D0%BB%D1%8F%D0%BC
8 мин	Қорытынды Педагог: Құрметті ата-аналар, жасөспірімге мүмкіндігінше жиі көңіл бөліңіздер: қолынан ұстаңыздар, құшақтаңыздар, басынан сипаңыздар. Оған оны жақсы көретінін айтып отырыңыздар. Бала өзін сүйікті әрі бағаланған сезінеді. Кейбір балалар буллингпен бетпестелгенде соншалықты ауыр күйзелісті кешіреді, тіпті өз дағдыларын жоғалтып, өзін жек көре бастайды. Мұндай балаларға мұқият жоспарланған терапиялық қолдау қажет. Ол мектептегі қолдауды немесе сыртқы қолдау қызметін қамтуы мүмкін. Мысалы, әлеуметтік қызметпен, сот органдарымен немесе балаларға арналған «111» сенім телефонымен байланыс орнатуға болады. Қорытынды. Рефлексия Педагог: Құрметті ата-аналар, бүгін біз мектептегі буллинг мәселесін және мұндай жағдайға тап болған балаларға көмектесу жолдарын қарастырдық. Енді сіздерден кері байланыс алуды ұсынамын. Рефлексия: Қатысушылар шеңбер бойымен өз пікірлерін білдіреді: не пайдалы болды, сабақ соңындағы көңіл-күйі қандай... Рефлексивті парақтар толтырылады. Сабақ сіздер үшін қызықты әрі пайдалы болды деп сенеміз. Сау болыңыздар! Рефлексивті парақ

	Менің көңіл-күйім 1 2 3 4 5 Ақпарат қызықты болды 1 2 3 4 5 Ақпарат пайдалы болды 1 2 3 4 5 Сіздің ойыңызша, не ең сәтті болды және неліктен? Келесі сабақтарда қандай мәселелерді қарастырғыңыз келеді?
--	--

10-11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН КОЛЛЕДЖДІҢ 1-2-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚ

«Кибербуллингтің алдын алу: киберкеңістіктегі балалардың қауіпсіз
мінез-құлқын дамыту»

Сабақ мақсаты: Ата-аналарға кибербуллингтің қауіп-қатері және зардаптарын таныстыру.

Міндеттері:

1. Кибербуллингтің алдын алуды ұйымдастырудағы ата-ана міндетінің маңыздылығын ашу;
2. Ата-аналарға балаларды кибербуллингтен қорғау жолдарын үйрету;
3. Әлеуметтік желіде балаларды қорлау жағдайларында ата-аналарға практикалық әдістемелік көмек көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

1. Кибербуллинг мәселесінің өзектілігі және оның балалар өміріндегі салдары туралы ата-аналардың білім деңгейі артады;
2. Ата-аналар балаларды қорлау фактілерін анықтаудың диагностикалық әдістерін меңгереді;
3. Ата-аналар балаларға психологиялық қолдау көрсету, кибербуллингтің әртүрлі жағдайларына тап болған балалардың депрессиялық синдромын және жағымсыз эмоционалдық жағдайын жою жолдарын үйренеді.

Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер: парасаттылық, сыйластық, шындық, ашықтық, бірлік, өзара түсіністік.

Жоспар:

1. Ми шабуылы. Жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг мәселесінің өзектілігі.
2. Сұрақ-жауап жаттығуы.
3. Ақпараттық бөлім.
4. Жағдаяттық сұрақтар. Практикалық бөлім. Жаттығулар.
5. Бақылау-парағы: «Балаңызға әлеуметтік желілердегі кибербуллингпен күресуге қалай көмектесуге болады».
6. Тапсырма: «Виртуалды қауіпсіздік коды».
7. «Кибербуллингтен қорғану ережелері» бейнеролигін көру.
8. «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарға арналған кеңестер» парағы.
9. Қорытынды. Рефлексия.

Құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, бақылау парағы, А4 парақтары, маркерлер.

Хроно- метраж	Мазмұны
------------------	---------

2 мин	Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Сіздерді, кибербуллингтің алдын алу шаралары тақырыбындағы сабақта көргенімізге қуаныштымыз. I. Ми шабуылы. Ата-аналарға ми шабуылын жасау үшін кибербуллинг ұғымымен байланысты мүмкіндігінше көп сөзді/тіркестерді атауды ұсыну. Жауаптар тақтаға немесе флипчартқа жазылады.
2 мин	Ақпараттық блок. Ата-аналарға кибербуллинг туралы өте қысқаша ақпарат беріліп, бұл құбылыстың біздің елде таралуына қатысты кейбір статистикалық мәліметтер келтіріледі. 1) Қазақстандағы балалардың 17 пайыздан астамы буллинг/кибербуллингке ұшырайды; 2) Сауалнамаға қатысқан жасөспірімдердің 6,8 пайызы айына екі-үш рет кибербуллингті бастан кешіреді; 3) 11-15 жас аралығындағы балалардың 14,1 пайызы құрдастарына қатысты кибербуллингке қатысқанын мойындады; 4) Жасөспірімдердің 46%-ы желідегі агрессивті мінез-құлықтың куәсі болған; 5) 46% агрессивті хабарламалар алған; 6) 14-17 жас аралығындағы жасөспірім қыздардың 48%-ы бопсалаудың құрбаны болды; 7) 54% жасөспірімдер, әсіресе қыздар, желідегі зорлық-зомбылықтан шеккен; 8) Балалардың 90%-ы сыныптастарына қарағанда бейтаныс адаммен желіде жиі кездеседі.
4 мин	2022 жылғы 3 мамырдағы «Кейбір заңнамалық актілерге балалардың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңдарға «буллинг/кибербуллинг» ұғымдары енгізілген. Балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі уәкілетті орган Оқу-ағарту министрлігі болып табылады. II. Сұрақ-жауап жаттығуы. Мақсат қою. Аудиторияның белсенділігін ояту үшін сұрақтар қойылып, жауаптары талқыланады. Сұрақтар: 1) Біздің елде кибербуллинг қаншалық кең таралған деп ойлайсыз? 2) Сіз немесе балаңыз кибербуллингке ұшырады ма? Осы туралы айтып бере аласыз ба? 3) Бұл мәселені талқылау керек пе? Не үшін?

2 мин	4) Өзіңізді, балаңызды мұндай жағдайлардан қорғауға бола ма? Нәтижесінде, педагог ата-аналарды кибербуллинг шын мәнінде әр бала тап болуы мүмкін қауіп деген қорытындыға әкеледі. Заманауи балалар кибербуллинг құрбаны болмау үшін мұндай жағдайда қалай әрекет ету ережелерін білуі керек. Кейбір жағдайларда әлеуметтік желідегі бұзақылар балалардың фотосуреттерін, парақшаға жариялаған мәліметтерін ұрлайды. Оқушы/білім алушы кибербуллингтің құрбаны болмау үшін не істеу керегін (ережелерін) білуі керек. III. Ақпараттық блок. Слайд. Кибербуллинг (ағылшын тілінен шыққан bull – «бұқа», сабақтас мағыналары бар: агрессивті түрде шабуыл жасау, қорқыту, арандату) – бұл психологиялық зиян келтіру мақсатында бір адамның немесе топтың жәбірленушіге қарсы қасақана, жүйелі агрессивті әрекеті, бұл лездік хабар алмасу қызметтері, әлеуметтік желілер, веб-сайттарда, электрондық пошта арқылы, сондай-ақ ұялы байланыс арқылы жүзеге асырылады.
5 мин	«Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Кибербуллинг» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://youtu.be/dgGqK39aBjg?si=-PlMeuEXwL9Pn3kH Педагог: Кибербуллингтің негізгі әрекеттері қандай? Дұрыс жауапты таңдаңыз. Келіссеңіз – қол шапалақтаңыз, келіспесеңіз – еденді тебіңіз. 1. Ұру, итеру (дұрыс емес) 2. Алаяқтық, құпия ақпаратты алдап алу және оны тарату (дұрыс) 3. Шабуылдар, үнемі қажытатын лақап аттар (дұрыс) 4. Физикалық зорлық-зомбылық (дұрыс емес) 5. Жала жабу (дұрыс) 6. Өзгенің атын жамылу, белгілі бір тұлғаға айналып көріну (дұрыс) 7. Ұрыс-керіс, дауды өршіту, көпшілік алдында қорлау, эмоциялық реплика алмасу (дұрыс) 8. Соққыға жығу, мәжбүрлеу (дұрыс емес) 9. Шеттету (дұрыс) 10. Киберқудалау (дұрыс) 11. Хеппислепинг – кибербуллингтің салыстырмалы түрде жаңа түрі: агрессорлар жәбірленушіні ұрып-соғып немесе мазақтап жатқан видеоны түсіріп, кейін оны жәбірленушінің келісімінсіз интернетке жүктеу (дұрыс)

10 мин	Педагог: Кибербуллингтің себептері қандай? Дұрыс жауапты таңдаңыз. Келіссеңіз – қол шапалақтаңыз, келіспесеңіз – еденді тебіңіз 1. Үстемдікке ұмтылу. (Дұрыс) 2. Эмпатия дамуының жоғары деңгейі. (Дұрыс емес) 3. Қызғаныш. (Дұрыс) 4. Жан-жақты жетілгендік сезімі. (Дұрыс емес) 5. Ойын-сауық. (Дұрыс) 6. Отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастар. (Дұрыс емес) 7. Кек. (Дұрыс) Слайд. Нені қауіп факторларына жатқызуға болады? 1. Ата-аналардың өз балаларының белсенділігіне жеткіліксіз көңіл бөлуі. 2. Ұжымдағы ахуалды жағымсыз деп қабылдау. 3. Физикалық жәбірлеуге қатысу тәжірибесі. 4. Құрдастарының бас тартуы. Слайд. Кибербуллингтің бала үшін қандай салдары болуы мүмкін? Оқшаулану, қорқыныш, алаңдаушылық, әлсіздік сезімі, депрессия, қорлау, ашулану және кек алуға ұмтылу, бопсалау, өмірге және білім беру ортасына қызығушылықтың болмауы, ауру, суицидке апару. Слайд: Баланың кибербуллингке ұшырағанын қалай білуге болады? Балаларыңыздың эмоционалдық жағдайына мұқият назар аударыңыз, себебі кейбір бала өз уайымын білдіруге қиналады. Назар аударатын белгілер: 1. Мектепке/колледжге барудан немесе аулаға шығудан қорқу. 2. Баланың мазасыздануы. 3. Мектепте/колледжде немесе одан тыс жерде достарының аз болуы. 4. Достарынан бір мезгілде қол үзуі. 5. Киімнің, гаджеттер немесе басқа жеке заттардың жоғалуы. 6. Оқу үлгерімінің төмендеуі. 7. Жиі ақша сұрауы. 8. Сабаққа кешігуі 9. Үйге қайту үшін мектептен/колледжден қоңырау шалуы. 10. Үлкендерге жақын болуға ұмтылуы. 11. Дұрыс ұйықтамауы және қорқынышты түс көруі. 12. Басының, асқазанының ауруы немесе басқа да физикалық ауруларға шағымдануы. 13. Интернетте уақыт өткізгеннен кейінгі жағымсыз көңіл-күйі. 14. Әдеттен тыс құпиялылық.
--------	--

2 мин	15. Агрессия, ашу-ызаға беріліп кету. III. Жағдаяттық сұрақтар. Топтық жаттығу. Педагог ата-аналарды 2 топқа бөледі. Әр топқа жағдаяттық сұрақтар ұсынылады. Біз осы сұрақтарды талқылап, қауіпті және қауіпсіз әрекет ету жолдарын табуымыз керек. Ата-аналар бұл жағдайда не істеу керекін айтады. Жағдаяттар: 1- топ. Жағдаяттық тапсырма Әсия 16 жаста. Ол селфи жасап, фотосуретін Instagram парақшасына жариялады. 5 минуттан кейін селфиге 5 қолданушы пікір қалдырды. Олардың арасында Әсияның жазылушылары, оның ішінде сыныптастары/группаластары бар. Кешке қарай фото сыныптың/группаның WhatsApp тобында пайда болды. Біреу ол туралы жағымсыз пікірлер жазыпты. Әсия өзін қорғамақ болып, топтан шығып кетті. Сыныптасы/группаласы жеке хабарламасында құрбысына назар аудармауға кеңес берді, өйткені бәрі ертеңге дейін тынышталады деді. Басқа біреу жеке хабарламасында: «Әсия, қорқасың ба?» – деп сұрады. Сыныптастардың/группаластардың бәрі бірдей жағымсыз пікірлер жазған жоқ. 2-топ. Жағдаяттық тапсырма Әлихан 17 жаста. Ол билегенді ұнатады, бірақ пандемияға байланысты би студиясында сабақтар өткізілмеді. Бірде ол сыныптасының/группаласының өтініші бойынша оған бірнеше би қимылын көрсетті. Осы кезде оны біреу видеоға түсіріп алды. Кешке қарай Әлиханның биінің видеосы Tik Tok-та, бірнеше әлеуметтік желіде пайда болды. Біреулер оның қандай биші екенін білу үшін сауалнама жүргізді. Келесі күні бейнероликті көптеген қолданушы таратты, ал ондағы пікірлер Әлиханға ұнамады. Әлихан қатты ренжіп, биді тастау туралы шешімге келді. Талқылауға арналған мәселелер: 1. Біз кім туралы айтып отырмыз? 2. Әр кейіпкер қалай әрекет етті (жәбірленуші, әзілкеш пайдаланушы, мейірімді қолдаушы, виртуалды куәгерлер)? 3. Сипатталған жағдайда кім зардап шекті? 4. Кім ыңғайсыз жағдайға қалды? 5. Неліктен болған оқиғаны кибербуллинг деп атауға болады? 6. Бұл жағдайдың алдын алу үшін әр кейіпкер не істей алады? 7. Жәбірленушілер қандай күйде болды? 8. Қандай қорытындыға келдіңіз? V. Чек-парақ. Балаңызға әлеуметтік желілердегі кибербуллингпен күресуге қалай көмектесуге болады?
-------	---

	https://cloud.mail.ru/public/PZWh/t1btZyGaW/%D0%9A%D0%B8%D0%B1%D0%B5%D1%80%D0%B1%D1%83%D0%BB%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3 чек-парағы 1) Балаларыңызға кибербуллинг туралы айтыңыз. Кибербуллингтің не екенін білетін бала оны бірден таниды. 2) Балаларыңызбен ашық және жиі сөйлесіңіз. Балаларыңызбен кибербуллингтің туралы неғұрлым көп сөйлессеңіз, соғұрлым оларға көрген-білгенін айту оңайырақ болады. 3) Күнделікті балаларыңыздың мектептегі уақыты мен интернетті пайдалану уақыты туралы сұраңыз. Олардың сабақтары мен әрекеттері туралы ғана емес, сонымен қатар сезімдері туралы да сөйлесіңіз. 4) Балаңызға кибербуллингке қарсы күресте үлгі болыңыз. 5) Кибербуллингте үш қатысушы болады: жәбірленуші, кибербуллинг субъектісі және бақылаушы. Балалар кибербуллингтің құрбаны болмаса да, достарына құрметпен қарап, мейірімді болу арқылы оның алдын алуда маңызды рөл атқарады. 6) Балаңыздың өзіне деген сенімділігін дамытуға көмектесіңіз. Балаңызды өзіне ұнайтын істермен айналысуына, өз ортасында болып жатқан іс-шараларға қатысуына мүмкіндік жасаңыз. Сонда өзіне деген сенімі артып, мүдделес достар табуына көмектеседі. 7) Оларға үлгі болыңыз. 8) Айналаңыздағы, соның ішінде зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамға көмектесу арқылы балаңызға басқа балалар мен ересектерге мейірімді және құрметпен қараудың маңыздылығын көрсетіңіз. Балалар ата-аналарына қарайды, көбінесе олардың мінез-құлқын, іс-әрекетін қайталайды. 9) Олардың онлайн тәжірибесінің бір бөлігі болыңыз. Балаңыз қолданатын онлайн - платформалармен танысыңыз. Оған интернетте кездесуі мүмкін әртүрлі қауіптер туралы ескертіңіз. <i>Слайд. Егер балаңыз кибербуллингтің құрбаны болса, қайда жүгіну керек?</i> «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңы «Балаға қатысты интернет-ресурстардағы кибербуллинг фактілерін қарауға қатысты мәлімдемелер» жаңа 18-4 бабымен толықтырылды.
10 мин	Осы бапқа сәйкес, азамат немесе баланың заңды өкілі, егер балаға қатысты кибербуллинг фактілері анықталса, уәкілетті орган Ақпарат министрлігіне жазбаша немесе электрондық құжат түрінде жүгінуге құқылы. Заңсыз әрекеттер орын алатын интернет-ресурстың атауын көрсете отырып, балаға қатысты кибербуллинг фактілері туралы мәлімдеме жасауға болады. Оны Қазақстан

	Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде құрылған сараптамалық топ қарайды. VI. Жаттығу. Виртуалды қауіпсіздік кодексі Топ SMART пайдаланушы командасына айналады. Оның әрбір мүшесі жасөспірімдердің SMART пайдаланушысы болуына және өзін интернетте ыңғайлы және қауіпсіз сезінуіне көмектесетін виртуалды қауіпсіздік кодексін әзірлеуге қатысуы керек. 1) Қатысушылардың әрқайсысының өз рөлі болады: контент сарапшысы, коммуникация сарапшысы, кеңесші. 2) Рөлдер кездейсоқ таратылады, бұл үшін ойынға қатысушылар бірінші – үшінші реттік санымен топқа бөлінеді. 3) Сарапшылар тобы тапсырма жазылған карта алады. 4) Тапсырманы орындауға 10 минут уақыт беріледі. 5) Сараптамалық топтардың жұмысының нәтижелері Padlet тақтасына жазылады. <i>Контент жөніндегі сарапшы.</i> Тапсырма. Пайдаланушы орналастыратын/жүктейтін, жіберетін немесе бөлісетін/тарататын фотосуреттер қандай болмауы керектігін кестеге жазады: Мысалы: сыныптастарымен немесе достарымен олардың келісімінсіз суретке түсу. Фотосуретте дененің интимдік бөліктері болмауы керек. <i>«Коммуникация жөніндегі сарапшы»</i> Тапсырма: Пайдаланушылардың бірі хабарлама жіберсе, не істеуге болатынын кестеге жазыңыз: 1) әдеттегі; 2) жағымсыз контент. Әрекеттер: Хабарламаға мән бермеймін/ Бұл мені қызықтырмайды деп жауап беремін/ Жауап ретінде жағымсыз нәрсе жазамын/ Сенетін ересек адамға айтып беремін. <i>Кеңесші.</i> Тапсырма: Жасөспірімдерге желіде өздерін қауіпсіз сезінуге көмектесетін 2-3 кеңес жазыңыз. Топтар өз жұмысын ұсынғаннан кейін оны қорытындылап және виртуалды қауіпсіздік кодексіне енгізу керек. Енді оны балаларына ұсына алады. Топтардың жауаптарына түсініктеме беру. Қатысушыларға кеңес берушілердің кеңестері мазмұн сарапшылары мен коммуникация сарапшыларының кеңестеріне сәйкес келетінін ескеріңіз. Ата-аналардан қалыпты және жағымсыз хабарларға жауап берудің қосымша жолдарын ұсынуын сұраңыз. Қатысушылар сұрақтарға өз бетінше жауап беруі үшін оларға дайын жауап бермеңіз.
--	--

2 мин	VIII. «Өркен» БЭАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Мектептегі буллинг» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://youtu.be/uM4T3_0kVZA?si=QOtCEgsj5ZOu1Fvq VI. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ата-аналарға кеңестер жазылған парақ беру 1. Гаджеттерді алып қоямын деп қорқытуға болмайды. 2. Балаларға кибербуллингті, қауіпсіз интернет ережелерін қалай анықтау керегін үйретіңіз. 3. Мәселені жоққа шығармаңыз 4. Баланы жазғырмаңыз. 5. Шектеулер қойып, оның маңыздылығын түсіндіріңіз. 6. Желіде болатын уақытты шектеңіз. 7. Ата-ана бақылауын орнатыңыз. 8. Балаңыздың неге қызығатынына, немен айналысып жүргеніне назар аударыңыз. 9. Балаға сеніңіз. 10. Ешқандай жағдайда офлайн немесе онлайн түрде буллинг жасамау және әлеуметтік желілерде оған жауап бермеу керегін үйретіңіз. 11. Әлеуметтік желілерде балалардың жеке фотосуреттерін жарияламыңыз.
8 мин	VII. Қорытынды. Педагог: Құрметті ата-аналар, бүгін сабақта кибербуллингтің алдын алу бойынша толыққанды білім алдыңыздар. Енді сіздерге балаларыңызға ұсыныстар әзірлеп жадынама дайындауды ұсынамын. Интернетті пайдалану кезінде бала қандай қауіпсіздік ережелерін білуі керек? Алдымен қатысушылар ауызша жауап береді, содан кейін педагог жадынаманың соңғы нұсқасын беріп, қорытындылайды.
2 мин	Балаларға арналған жадынама 1) Желіде сыпайы және мейірімді бол. 2) Достарыңа жағымды хабарламалар, күлімсіреу жіберу арқылы қолдау көрсет. 3) Параметрлер мен құпия сөздерді тексер: құпия сөзің 12345 пе? Сен мұны досыңмен бөлістің бе? 4) Желідегі жазбанды кім көре алады? 5) Құпиялық параметрлерін соңғы рет қашан тексердің? 6) Егер біреу сені жәбірлесе немесе кибербуллинг құрбаны болсаң, сенетін адамыңа айт. 7) Қолдау көрсет. Егер біреуді қорлағанын көрсең, білсең оны жасырып қалма. Сол адамға хабарласып, қолдау көрсет. Сенің сөздерің жағдайды өзгертуі мүмкін.

	8)Өз мінез-құлқыңнан қорлау әрекетін сезсең, өзгеруге тырыс, Қорлауды тоқтат. Қолдау керек болса, жақыныңа хабарлас. Мейірімді болуға тырыс. 9)Достық сұрауын қабылдас бұрын профиліне қарап, олардың кім екенін анықтауға тырысу керек. Есіңде болсын: кейде адамдар өздерін басқа адам ретінде көрсетеді және олардың шындықты айтып жатқанын білу қиын. 10)Ортақ достарың бар ма? Сендер бір қаладансыңдар ма? Кездейсоқ достық сұрауларды қабылдау қажет деп ойлама. 11)Танымайтын адамдар сенің құпия ақпаратыңды көрмейтіндей құпиялылық параметрлерін тексер. 12)Қауесет сөзді таратпа, зиянды, ұят оқиғаларды, фотосуреттерді бөліспе. Біреге әзіл сияқты көрінетін нәрсе басқаларға зиян тигізуі мүмкін. 13)«Жіберу» батырмасын баспас бұрын, әсіресе ренжісең немесе ашулансаң, әбден ойлан. Хабарламаны, фотосуретті немесе бейнені бөліскеннен кейін оған не болатынын бақылау қиын. Оны кері қайтару мүмкін емес. 14)Басқалар сияқты сенің де жеке өміріңе құқығың бар екенін есте сақта. Басқа адамдардың жазбасына кіруге немесе олардың рұқсатынсыз телефондарын пайдалануға болмайды. VIII. Қорытынды. Рефлексия <i>Педагог:</i> Сонымен, құрметті ата-аналар, сіздермен мектептегі/колледждегі кибербуллингке тап болған баламызға көмектесу жолдарын қарастырдық. Кері байланыс берулеріңізді сұраймын. Қатысушылар кері байланыс береді, шеңбер бойымен өз ойларын ортаға салады: не пайдалы болды? Сабақтың басындағы және соңындағы көңіл-күйі қандай? Бұл сабақ сіздер үшін қызықты әрі пайдалы болды деп үміттенеміз. Сіздерге тек жақсылық тілейміз!
--	--

1-11- СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ 1–2 КУРСТАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Кіріспе

Жобалық қызмет – білім алушыларға топта жұмыс істеуге, өмірлік және академиялық мәселелерді бірлесіп шешуге және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-эмоционалды оқытудың тиімді құралы. «ДосболІКЕ» бағдарламасының ерекшелігі – оның 1-11-сынып оқушыларын, колледждің 1-2 курс білім алушыларын *әлеуметтік жобаларға* тарту арқылы жүзеге асырылуы.

Жобалық қызмет зерттеу, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды, тұлғаның маңызды қасиеттерін дамытуда ең тиімді санатқа жатады. Баланың дүниетанымы кеңейіп, өмірлік ұстанымдары қалыптасады.

«ДосболІКЕ» бағдарламасын іске асыруда ұйымдастырылатын әлеуметтік жобалардың мақсаты – әлеуметтік тәжірибелер арқылы оқыту негізінде балаларға қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

Бұл тәсілдеме бастаманы, дербестік пен жауапкершілікті, командада жұмыс істей білуді, өз пікірін ашық айтуды, әртүрлі өмірлік жағдайларда шешім табу мүмкіндігін дамытуға ықпал етеді. Бұл ретте білім алушылардың назары шығармашылық қызметке, жағымды қарым-қатынас құруда өз мүмкіндіктерін түсінуге аударылады, пікірлес адамдарды табуға мүмкіндік туады.

Білім алушылардың көзқарасы бойынша, әлеуметтік бағыттағы оқу жобасы – бұл өзінің ішкі әлеуетін барынша ашуға, өзінің жеке тұлға ретіндегі құндылығын және басқа адамның құндылығын түсіну мүмкіндігі. Бұл қызмет өзін жеке және топта көрсетуге, өз күшін сынап көруге, білімін қолдануға, пайда әкелуге, қол жеткізген нәтижені көпшілік алдында көрсетуге мүмкіндік береді.

Педагогтің көзқарасы бойынша, әлеуметтік бағыттағы оқу жобасы білім алушылар үшін қызықты іс-шараларды ұйымдастыру, мәселені шешу жолдарын іздеу және табу үшін жағдай жасау, білім алушылардың педагогпен, оқушылармен және ата-аналармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру нысаны ретінде ғана емес, сонымен қатар жобаны әзірлеу және іске асыру барысында қажетті өмірлік дағдыларды дамыту мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Мына мәселелер:

- 1) позитивті қарым-қатынастың маңыздылығын түсіну;
- 2) өз сөзі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілік алуға дайын болу;
- 3) қарым-қатынас жасау, өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуы маңызды болып саналады

Мұның бәрі білім алушылардың бойында жәбірлеуге мүлде төзбеушілік мәдениетін, зерттеу, шығармашылық, тәжірибелік қызмет арқылы белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға қызмет етеді.

Бұл тәсіл 1-11-сынып білім алушыларына/колледждердің 1-2 курстарына арналған жобалар тақырыбын әзірлеу кезінде қарастырылды.

Тәрбие сағаты арқылы іске асыруды ескере отырып, жобалардың тақырыбын қарастыратын кестені ұсынамыз.

Оқу деңгейі	Жоба тақырыбының атауы	Сабақ өткізу әдістері	Жоба кезеңдері	Күтілетін нәтижелер (дағдылар, сапалар)
1 сынып	<i>Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз</i>	Ойындар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет	1. Менің осындай болғаным қандай жақсы! 2. Өнер жан-жақтылықта, күш бірлікте 3. Сен және мен – біз доспыз! 4. Ынтымағымыз жарасса	Адамдардың жеке басындағы және мінез-құлқындағы жалпы және ерекше көріністерге қызығушылық, адамдардың теңдігі туралы идеяларды кеңейту, эмпатияны дамыту, жағымды қарым-қатынас дағдылары.
2 сынып	Мен + Сен=Біз	Тренингілік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет	1. Менің ұжымым 2. Біздің жауапкершілік, әдептілік, қызығушылықта ізгі ниет, достық қарым-рымыз достықты нығайтады 3. Өзге адамдармен сөйлесуді үйрену 4. Жақсылықты бірге жасайық	Қарым-қатынас дағдылары, командада жұмыс істей білу, жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет, достық қарым-қатынаста өзара көмектің құндылығын түсіну.
3 сынып	Әрқайсымыз бірегейміз	Тренингілік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет	1. Мен өзгелерге ұқсамаймын 2. Біздің күшіміз – бірегейлікте 3. Біз бір шаңырақ астындамыз 4. Бір-бірімізге қолдау көрсетейік	Өзінің бірегейлігін сезіну, өзін-өзі оң бағалау, сенімді мінез-құлық дағдылары, сыныптастарымен достық қарым-қатынасты сақтай білу, белсенді тыңдау тәсілдерін және басқаларға қолдау көрсету дағдыларын игеру.
4 сынып	Сөз энергиясы	Тренингілік жаттығулар, дидактикалық ойындар,	1. Сөз–қарым-қатынас негізі 2. Сөздің ұлы күші	Қарым-қатынас дағдылары, бейбітшілік, өзін-өзі бақылау, өзара бақылау, өз сөздері мен әрекеттері үшін

		шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет	3. Мейірімді сөз ашуды жеңеді 4. Достық тілі	жауапкершілік, рефлексиялық дағдылар.
5 сынып	Күйзеліске төзімділік	Тренингілік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет	1. Мен және күйзеліс 2. Өзімізді басқаруды үйренеміз 3. Сенімділік-сәттіліктің кепілі 4. Мен жетістікке жетемін	Күйзеліске төзімділікті өз денсаулығына және айналасындағыларға зиян келтірместен, эмоционалды және ерікті жүктемелерді көтеруге мүмкіндік беретін сапа ретінде түсінеді; өз даралығын білу, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту; коммуникативтік құзыреттіліктің құндылығын түсіну.
6 сынып	Қақтығыстарды басқару өнері	Тренингілік жаттығулар, кейс-стади, шығармашылық тапсырмалар, сторителлинг, жобалық қызмет	1. Көпшіліктің арасында 2. Қарым-қатынас ережесі 3. Жасөспірімдер арасындағы диджитал 4. Тұлғалық құзыреттілік	Позитивті қарым-қатынас дағдылары, белсенді өмірлік ұстаным, буллингке қарсы тұруға дайын болу, сөздер мен әрекеттер үшін жауапкершілік.
7 сынып	Өзімнің және өзгенің жеке шекаралары	Тренингілік жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет	1. Жеке шекараларды зерттеу 2. Жеке шекараларды қорғау 3. Цифрлық кеңістіктегі жеке шекара 4. Өзгелердің жеке шекараларына құрмет	Жеке шекараларды түсіну, шекараларды басқару стратегиясын меңгеру, басқалардың шекараларын құрметтеу, практикалық шешімдерді әзірлеуде шығармашылық, ынтымақтастық пен өз пікірін айта білу.
8 сынып	Ұжымның күші	Тренингілер, интерактивті жаттығулар, ойындар,	1. Көру, сезіну, есту 2. Басқаларды түсіну қабілеті	Қарым-қатынас дағдылары, тыңдау, жанашырлық, ұжымдық пікір негізінде жалпы шешімдер

		талқылаулар, кейс-стади, шығармашылық тапсырмалар, жобалық қызмет, жұпта, топта жұмыс істеу, ауызша және жазбаша форматтағы рефлексия	3. Ұжымда барлығына орын бар 4. Көпірлерді орнату: біз біріккенде үлкен күшпіз	қабылдауға қатысу, ынтымақтастық дағдылары. Әр адамның бірегейлігін түсіну.
9 сынып	Өміршеңдік ресурстары	Тренингілік жаттығулар, сұхбат, шығармашылық міндеттер, жобалық қызмет	1. Позитивті ойлау-өміршеңдіктің көзі 2. Қоршаған орта және өміршеңдікті дамыту 3. Өміршеңдік шығармашылықта туады 4. Өзіне сену: мен істей аламын, сен істей аласың, біз жасай аламыз!	Креативті ойлау, шындықты, шынайы өмірді шығармашылық тұрғыдан түсіну, өзін-өзі талдау қабілеті, қиын өмірлік жағдайларда әрекет етуге дайын болу.
10 сынып/1-курс	Шабыттандыратын көшбасшы	Тренингілік жаттығулар, кейс-стади, шығармашылық тапсырмалар, шағын топтардағы жұмыс, жобалық қызмет	1. Көшбасшы деген кім? 2. Көшбасшылық көшбасшының жеке қасиеттерінен басталады 3. Команда әр қатысушыдан бастау алады» 4. Өзін-өзі тәрбиелеу және өмірлік мақсаттарға жету	Көшбасшылық қасиеттер, өзара әрекеттесу, қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі көрсету дағдылары.

11 сынып/ 2-курс	Өзіме де, өзгелер үшін де жауаптым ын!	Тренингілік жаттығулар, ми шабуылы, пікірталас, дөңгелек үстел, шығармашылы қ тапсырмалар, рөлдік ойын, жобалық қызмет	1. Ересек өмірге қадам 2. Жауапкершілік – менің таңдауым 3. Өзім үшін де, өзгелер үшін де жауаптымын! 4. Қоршаған әлемді ізгілікке толтырамыз!	Өзін-өзі көрсету, медиация дағдылары; топта жұмыс істей білу, жауапкершілік, шығармашылық.
------------------------	--	---	---	--

Ұсынылған тақырыптағы сабақтарды ұйымдастыруға деген көзқарастың ерекшелігі сабақта (сынып сағаттары форматында) арнайы дағдыларды дамыту және жобаның әр кезеңінде (сабақтан тыс) практикалық іс-шаралар арқылы әлеуметтік жобаны жүзеге асыру (салдары) болып табылады.

Әр сыныптың (1-10-сыныптарына), колледждің 1-2 курстарына жобаның 4 кезеңінің әрқайсысында негізгі кезең болып табылатын 4 сабақ қарастырылған. Сабақты шартты түрде ақпараттық-практикалық және жобалық деп екі бөлікке бөлуге болады. *Ақпараттық-практикалық бөлім* білім алушыларды жоба тақырыбы бойынша қажетті мәліметтермен таныстыруға және позитивті қарым-қатынастың практикалық дағдыларын пысықтауға, қақтығыстардың алдын алуға және шешуге, буллингке қарсы тұруға, сауатты шешуді талап ететін қарым-қатынас жағдайларын шығармашылық тұрғыдан түсінуге, өзіндік мінез-құлық көзқарастарын талдауға арналған.

Әр сабақтың негізгі компоненті – бұл сабақтың құрылымына логикалық түрде енгізілген білім алушылардың *жобалық қызметі*. Буллингке қарсы бағыттағы білім беру үдерісін құрудың бұл тәсілі оқушыларға рефлексия жасауға, сыныптастарымен қарым-қатынастағы оң өзгерістерді байқауға, ал мұғалімдерге әлеуметтік жобалау барысын оның мақсатқа жетудегі тиімділігі тұрғысынан бақылауға мүмкіндік береді.

1. Әлеуметтік бағыттағы жобалық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері

Білім беру ұйымдарында балаларға қатысты буллингтің алдын алу бойынша жүргізілетін әлеуметтік жобаның негізгі мақсаты – зерттеу, шығармашылық, жасампаз тәжірибелік іс-әрекет арқылы оқушылардың баланы жәбірлеуге мүлде төзбеу мәдениетін, белсенді өмірлік ұстанымын, позитивті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасау.

Әлеуметтік жобалар білім алушыларға жалпы идеяларды өздері, достары, мұғалімдерімен бірге нақты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Жобаларды іске асыру барысында қатысушылар өз білімдерін белсенді

пайдаланады, бір-бірімен байланыс орнатып, ынтымақтасады. Әлеуметтік жобалар әдісі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді: сұрай білу, өз көзқарасын білдіру, келісе білу, жағымды атмосферада ең дұрыс, ұтымды, ерекше шешімді таңдау, сонымен қатар ойлауды дамытады, болып жатқанды талдауға итермелейді. Жоба бойынша жұмыс барысында білім алушылар өз жұмысын және сыныптастарының жұмысын, сонымен қатар нәтижені, мәселені шешу үдерісін бағалауды, кемшіліктерді бөліп көрсетуді, тілектер айту мен ескерту жасауды үйренеді.

Жоба әдісі әрқашан қандай да бір мәселенің шешілуін көздейді. Жоба бойынша жұмыс тек осы мәселеден хабардар болуды емес, сонымен бірге оны ашу жолын, іс-әрекеттерді нақты жоспарлауды, осы мәселені шешудің ниеті немесе гипотезасының болуын, рөлдерді нақты бөлуді қамтиды. Аяқталған жобалардың нәтижесі «нақты» болуы керек. Нақты істі орындай отырып, нақты нәтижеге жету адамға қанағат сезімін сыйлайды.

Шартты түрде жобаны келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1 - кезең

Жоба тақырыбымен танысу, мақсаттарды, бастапқы позицияны анықтау, шығармашылық топтарын құру (қажет болған жағдайда)

Жоспарлау (мәселені талдау, міндеттер қою, ақпаратты нақтылау, идеяларды синтездеу, жоспар құру)

Шешім қабылдау (ми шабуылы, баламаларды талқылау, ең жақсы нұсқаны таңдау)

2-кезең

Орындау (жобаны іске асыру бойынша жұмыс)

3-кезең

Нәтижелерді бағалау (жобаның орындалуын талдау, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін анықтау), жалпылау

4-кезең

Жоба қорытындыларын ұсыну (қызметті ұжымдық талдау).

Жобаны сабақ жүйесіне қалай қосуға болады? Сабақта және сабақтан тыс уақытта не істеу керегін (салдарын) нақты анықтау қажет. Жоба тақырыптарының бағдарламамен анықталғанын ескере отырып, 1-сабақта білім алушыларға оны түсінуді және іске асыру бойынша ұсыныстарды тыңдауды, яғни жоспарлауды жүзеге асыруды ұсыну керек.

I. Жоспарлау

Жоба бойынша жұмысты жоспарлау оны ұжымдық талқылаудан басталады. Бұл, ең алдымен, білім алушылардың өзара пікір алмасуы және мүдделерінің келісуі; бұрыннан бар білім негізінде бастапқы идеяларды ұсыну және даулы мәселелерді шешу.

Бастапқы пікір алмасудың мақсаты – идеялар жинау. Ол үшін ми шабуылы ең тиімді әдіс деп санаймыз. Мұғалім мүмкіндігінше түсініктеме беруден бас тартып, айтылған идеяларды, сондай-ақ оқушылардың қарсы пікірлерін тақтаға жазуы керек.

Бірінші сабақта, егер қажет болса, жоспарды ескере отырып, топтар құруға болады. Осы кезеңдегі мұғалімнің міндеті – әр құрылған топта қарым-қатынас дағдылары, шығармашылық әлеуеті, әртүрлі бейімділігі мен қызығушылықтары бар білім алушылардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Әрі қарай, білім алушылар мұғаліммен бірлесе отырып, әрқайсысының әлеуетті мүмкіндіктерін анықтайды (коммуникативті, көркем, публицистикалық, ұйымдастырушылық, спорттық және т.б.). Бұл жағдайда жұмысты әркім өзін көрсете алатындай және басқалар оны мойындайтындай етіп ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, жұмыстың белгілі бір кезеңдерінде топтарға қандай да бір міндеттерді шешуге көмектесетін және кеңесші ретінде әрекет ететін жоғары сынып оқушыларын (менторларды) тартуға болады.

II. Жобаны орындау

Ол 1-ші сабақтан кейін жүзеге асырылады, 2,3-ші сабақтар негізгі кезеңдер болып табылады.

Бұл әр білім алушының ойластырылған ақпаратты практикалық тұрғыдан іске асыру, ақпарат алу және талдау кезеңі, осы кезеңде әр оқушы:

- 1) жобаның жалпы мақсатына және өз тобының міндеттеріне сүйене отырып, өз міндетін нақтылайды және тұжырымдайды;
- 2) өз тәжірибесін; басқа білім алушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, жоғары сынып оқушыларымен (менторлармен) және т. б. ақпарат алмасу нәтижесін; сабақ, әдебиет, интернет материалдарымен танысу, бейнематериалдарды қарау және т. б. негізінде алынған мәліметтерді ескере отырып, ақпарат іздейді және жинайды;
- 3) алынған деректерді талдайды және түсіндіреді.

Осы кезеңде топ мүшелері жауапкершілікті бөлу және нәтижені ұсыну нысандары туралы келісуі керек. Әрбір білім алушы жеке журнал (күнделік) жүргізе алады, онда ол жұмыс барысын жазады. Жобаның барлық қатысушылары үшін жалпы журнал жүргізуге де болады. Бұл мұғалімге (және білім алушының өзіне) жоба бойынша жұмыс істеуге қосқан жеке үлесін бағалауға, сондай-ақ бақылауды жеңілдетуге көмектеседі.

Цифрлық онлайн тақтаны қолдануға болады, ол тапсырмаларды көрнекі түрде ұсынуға, аяқталмаған жұмыстардың көлемін шектеуге және барынша тиімділікке (немесе жылдамдыққа) қол жеткізуге көмектеседі. Онлайн тақтада қатысушыларды қосуға, мақсаттарды, тапсырмаларды, тапсырма сипаттамаларын, жауапты тұлғаларды және орындау мерзімдерін көрсетуге болады. Бұл элементтер жұмыс процесі бойынша жылжып, жұмыстың барысын көрсетеді.

Мысалы, «Идеялар», «Кезекте», «Жұмыс үстінде» және «Дайын» деген тізімдер жасауға болады. Әр тапсырма жеке карточка түрінде ұсынылады, ол тапсырма кезекке қойылғаннан бастап, орындалып, аяқталғанға дейін тізімдер арасында жылжиды.

Цифрлық тақтаның артықшылықтары көп. Материалды тезірек дайындауға, бірлесіп жұмыс жасауға, жобаны іске асыру барысында кез келген уақытта талқылаулар жасауға, пікірлерді бақылауға мүмкіндік береді. Команда мүшелері

тақтаға қай жерден және қай уақытта кірсе де, жобаның ең өзекті күйін көре алады. Сонымен қатар, жұмыс процесін жеке ағымдағы істер тізімін жүргізу үшін де қолдануға болады.

Жоба бойынша жұмыс істеген кезде әр қатысушы өзінің нақты тапсырмасын жақсы түсінуі қажет, сондықтан жобаның тақырыбы, тапсырмалары, алдағы істері, менторлар арасынан кеңесшілер, жауапты тұлғалар және т.б. туралы ақпарат ұсынылатын ақпараттық бұрышты (кейс, чат) құру ұсынылады. Мұндай тәсіл әрбір білім алушының өз жұмысына деген жауапкершілігін сезінуіне ықпал етеді.

Жобаны орындау кезеңінде оқушылар: эксперимент, сұхбат, акция, концерт, кеш, ертеңгілік, жәрмеңке, «жанды» журналдар өткізу барысында, чек-парақ, жадынамалар шығару, қамқорлыққа алынғандармен, қамқоршылармен ұжымдық іс-шара ұйымдастыру, шығармашылық өнім шығару кезінде бір-бірімен өзара белсенді әрекеттеседі. Жоспардың сәтті жүзеге асырылуына сабақ барысындағы белсенді танымдық және практикалық іс-шаралар ықпал етеді: тренингілер, кейс-стади, іскерлік және рөлдік ойындар, жаңа ақпаратпен танысу, т.б.

Педагог белсенді бақылаушы рөлін атқарады: зерттеу барысын, оның жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігін бақылайды; жеке қатысушылардың әрекетсіздігіне жол бермей, топтарға қажетті көмек көрсетеді; соңғы кезеңде жобаның аралық нәтижелерін қорытындылайды.

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы мұғалім рөлінің ерекшелігі – оның өзі ұжымдық шығармашылық қызметке тікелей қатыса алады. Жоғары сынып оқушыларын (менторларды) жобалық іс-шараларға қатысуға тарту құпталады, өйткені олар өздерінде бар дағдыларымен бөлісіп, қамқорлығындағы білім алушыларды бағыттап, ұжымдық және топтық істерді іске асыруда ынтымақтастықты нығайта алады.

III. Нәтижелерді тексеру және бағалау (жобаның орындалуын талдау, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін анықтау)

Жоба бойынша табысты жұмыс істеудің қажетті шарты – әрбір білім алушының қызметтің мақсаты мен нәтижелерге қол жеткізу критерийлерін нақты түсінуі. Педагогтің міндеті – осы критерийлерді анықтауға көмектесу. Алынған ақпаратты өңдеу, ең алдымен, оны түсіну, салыстыру, тапсырманы орындау үшін ең маңыздысын таңдау болып табылады. Жобаға қатысушыларға деректерді түсіндіру, қорытынды жасау, өз пайымдауларын қалыптастыру, яғни өз қызметі туралы рефлексия жасау мүмкіндігі қажет болады.

Білім алушылар жасайтын негізгі тұжырымдар – бұл қарым-қатынастағы өз мүмкіндіктерінің жаңа қырларын көру, буллингке қарсы тұру дағдыларын меңгеру, пікірлес адамдармен жасампаздық негізінде бірігу мүмкіндігі.

Ұжымдық нәтижелерді бағалауды 3,4-ші аяқтау сабақтарында жүргізген жөн. Оқушылардың жетістіктері мен жеңістері, олардың сыныптағы қарым-қатынасты нығайтудың жалпы ісіне қосқан үлестері көпшілік алдында айтылуы үшін, бұл мәселеге шығармашылықпен қарау маңызды. Сонымен қатар, қандай мәселелер қалғанын атап өтіп, оларды шешу жолдарын белгілеу керек.

Бұл тәсіл жобаны терең түсінуге, оны жүзеге асыруға бейресми көзқарасқа және сыныптастар арасында оң қарым-қатынас жасау үшін әркімнің жеке жауапкершілігін түсінуге ықпал етеді.

IV. Ақпаратты жалпылау

3-ші немесе 4-ші сабақта жүзеге асырылады.

Бұл кезеңде алынған ақпаратты құрылымдау және алынған білімді, біліктер мен дағдыларды кіріктіру жүзеге асырылады.

Білім алушылар:

- 1) алынған деректерді жүйелейді;
- 2) әр топтан алынған ақпаратты біріктіреді (егер топтар құрылған болса);
- 3) қорытындылау және шығармашылық нәтиженің таныстырылымы үшін қорытындылардың жалпы логикалық сызбасын құрады.

Педагог оқушылардың әртүрлі жұмыс түрлері (сұхбаттасу, сауалнама, эксперимент, акция, челлендж, шығармашылық істер және т.б.) барысында алған білімдері және дағдыларымен өзара алмасуын қамтамасыз етуі керек. Бұл кезеңде оқушыларға жоба нәтижелерін ұсыну формаларын таңдаудың максималды тәуелсіздігін қамтамасыз ету, әр оқушыға өзінің шығармашылық әлеуетін, әлеуметтік белсенділігін ашуға мүмкіндік беру қажет. Ақпаратты жалпылау үдерісі маңызды, өйткені жобаға қатысушылардың әрқайсысы бүкіл сынып алған білімдерін, дағдыларын «өзі арқылы өткізеді», өйткені ол кез келген уақытта жоба нәтижелерін ұсынуға қатысуға дайын болуы керек.

V. Алынған жұмыс нәтижелерін ұсыну

Бұл кезеңде оқушылар өздерінің ашқан жаңалықтары мен нәтижеге жету жолдарын түсінеді; жобаны шығармашылықпен таныстыру мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл жағдайда алынған нәтижелер мен қорытындыларды көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге алынған ақпарат пен талданған әдістерді сипаттаған жөн; алған білімдері мен дағдыларын көрсетеді; жоба бойынша жұмыс кезінде кездесетін мәселелер туралы әңгімелейді. Презентацияның кез келген түрі – бұл шығармашылық үдеріс, оның барысында білім алушылар өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну дағдыларын игеріп қана қоймай, жағымды қарым-қатынас жасауға, өз қабілеттерін, тұлғаның күшті жақтарын көрсетуді үйренеді.

Жоба қатысушылары жоба бойынша аяқтау сабағында бейнероликті, таныстырылымды, «жиналатын» кітапшаны, сахналық көріністі және т.б. дүниелерді көрсете алады. *Әр топтың және жалпы таныстырылымға қойылатын негізгі талаптар:* таңдалған форма жобаның мақсаттарына сәйкес болуы, нәтижеге әркімнің қосқан үлесін көрсетіп, ынтымақтастыққа одан әрі ынталандыруға ықпал етуі керек.

Алайда, жобаның негізгі нәтижесі әрдайым нақты шығармашылық өнім бола бермейді, дегенмен бұл жобалық қызметті сәтті жүзеге асырудың маңызды көрсеткіші. Жоба бойынша жұмыс жасай отырып, мұғалім сәттіліктің негізгі критерийлері оның барлық қатысушыларының өз жетістіктері мен алған дағдыларын білуден алған қуаныш пен қанағат сезімі ұжымда жағымды қарым-

қатынасты нығайтуға мүмкіндік беретінін ұмытпауы керек. Жоба бойынша қорытынды сабақта сыныптағы қарым-қатынас атмосферасы, психологиялық ахуал қалай өзгергені туралы айту маңызды. Мүмкін концерт, акция, жәрмеңке, байқау, жарыс, қамқорлықтағы немесе басшылық алған сыныптармен бірлескен шығармашылық қарым-қатынас және т. б. ұжымдық істер оның оң нәтижесі болуы мүмкін.

Буллингке қарсы іс-қимыл бойынша жобалық қызметтің ерекшелігі – оқушыларды жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға, ұжымда қарым-қатынас орнатуға, белсенді өмірлік ұстанымын көрсетуге, оқушылардың бойында жәбірлеуге мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға, әркімнің өз жауапкершілігін сезінуге ықпал ететін қызметке тарту.

Буллингке қарсы тұру жобаларын іске асыру кестесін ұсынамыз.

Жобаны орындаудың негізгі кезеңдері

Кезең	Міндеттері	Білім алушылардың іс-әрекеті	Мұғалімнің қызметі
1-кезең: 1- сабақ, әрекет нәтижесі	<i>Сабақта:</i> тақырыпты түсіну, идеяларды жинау, 1-кезеңде қызметті жоспарлау үшін жағдай жасау, жобаны іске асыру үшін қажетті дағдыларды пысықтау. <i>Әрекет нәтижесі:</i> сабақтан тыс уақытта жобаны іске асыру бойынша практикалық қызметті ұйымдастыру.	<i>Сабақта:</i> жобаны іске асыру үшін идеяларды, ұжымдық және топтық іс-шараларды ұсынады, топтарға бөлінеді (қажет болған жағдайда), 1- кезеңдегі қызметті жоспарлайды, ақпарат көздерін анықтайды, танымдық іс-шараларға қатысады. <i>Әрекет нәтижесі:</i> топ мүшелерінің рөлдері бөлінеді, тиімділік критерийлері анықталады, ойластырылғандар іске асырылады.	Оқушыларды ынталандырады, жобаның мақсаттарын түсіндіреді, бақылайды, сабақтан тыс жұмыстарда үдерістің үйлестірушісі ретінде әрекет етеді, Kanban-ды қолдана отырып, қажетті ақпаратты уақтылы жеткізеді, қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.
2-кезең: 2-сабақ, әрекет нәтижесі	<i>Сабақта:</i> 1-кезеңде жоба бойынша жасалғанды талдау,	<i>Сабақта:</i> өткізілген істерден алған әсерлерімен бөліседі, 2 -кезеңдегі жобаны іске асыру бойынша	Нәтижелілікті талдауға көмектеседі, бақылайды, сабақтан тыс жұмыста үдерістің үйлестірушісі ретінде әрекет етеді, қажетті

	2- кезеңдегі қызметті жоспарлау. <i>Әрекет нәтижесі:</i> жоба бойынша практикалық қызметті ұйымдастыру, жетістіктерді талдау.	мұғалімнен ұсынымдар мен тапсырмалар алады, ұсыныстар енгізеді, танымдық іс-шараларға қатысады. <i>Әрекет нәтижесі:</i> тығыз өзара қарым-қатынас негізінде ойластырылғанды жүзеге асырады.	ақпаратты уақтылы жеткізеді, қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.
3-кезең: 3-сабақ, әрекет нәтижесі	<i>Сабақта:</i> ақпаратты жинау және нақтылау, баламаларды талқылау, нәтижені ұсынудың тиімді нұсқасын таңдау, қызмет жоспарларын нақтылау және түзету, жобаны аяқтау үшін қажетті дағдыларды пысықтау <i>Әрекет нәтижесі:</i> нәтижелерді жалпылау бойынша практикалық қызметті ұйымдастыру.	<i>Сабақта:</i> өткізілген істерден алған әсерлерімен бөліседі, 3- кезеңдегі жобаны іске асыру бойынша мұғалімнен ұсынымдар мен тапсырмалар алады, ұсыныстар енгізеді, жетістіктер мен сәтсіздіктерді талдайды, жобаны аяқтаудың тиімді жолдарын белгілейді, танымдық іс-шараларға қатысады. <i>Әрекет нәтижесі:</i> тығыз өзара іс-қимыл негізінде ойластырылған іс-әрекетті іске асырады, қызметті талдайды, жобаны қорытындылайды (шығармашылық өнімді аяқтайды).	Жоба бойынша қызметті бақылайды, кеңес береді, үйлестіреді, білім алушылар арасындағы қарым-қатынастардағы өзгерістерді талдайды, қақтығыстарды еңсеру тәсілдерін іздейді (туындаған жағдайда); практикалық істерді табысты іске асыруға ынталандырады, қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.
4-кезең, 4-сабақ,	Өнімді, баяндаманы дайындау, жобалау үдерісін негіздеу, алынған	<i>Сабақта:</i> жобаның ұжымдық көрсетіліміне қатысады және жобаға	Нәтижелерді ұжымдық талдауға және бағалауға

әрекет нәтижесі	нәтижелерді түсіндіру, жобаны ұжымдық қорғау, бағалау, одан әрі ынтымақтастыққа бағдарлау.	қатысудан алған әсерлерімен бөліседі <i>Әрекет нәтижесі:</i> жобаның нәтижелері бойынша ойластырылғанды іске асырады.	қатысады, болашаққа тілектерін білдіреді.
--------------------	---	---	--

2. Әлеуметтік жобаларды іске асыру үдерісіндегі менторлықтың (тәлімгерліктің) рөлі мен маңыздылығы

Білім беру ұйымдарында балаларды жәбірлеудің алдын алу бойынша қызметтің тиімділігі мен сапасына қол жеткізу мақсатында әлеуметтік жобаларды іске асыру үдерісінде жоғары сынып оқушыларының тәлімгерлігі (ментор) қарастырылған.

Бұл жағдайда *тәлімгерлік* – орта және жоғары сынып оқушыларының кіші сынып оқушыларымен серіктестік негізінде өзара қарым-қатынасы, онда тәжірибелі жоғары сынып оқушысы (ментор, тәлімгер) өзінің білімі мен дағдыларын тәжірибесі аз оқушымен (менти) бөліседі және әлеуметтік жобаны әзірлеу оны іске асыру үдерісін сүйемелдейді. Тәлімгерлік арқылы білім алушылар қиындықтарды жеңуге және әлеуетін ашуға көмектесетін, қолдау көрсететін басшылыққа ие болады.

Тәлімгер өз қамқорлығындағы білім алушылардың өзін-өзі бағалауын, ынтасын және өзіне деген сенімділігін дамытуға ықпал етеді. Оларға өздерінің күшті жақтарын білуге, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуына көмектеседі, сонымен қатар оларға ұжымдағы қарым-қатынас мәселелерін оңтайлы шешу қабілетін дамытуға ықпал ететін әртүрлі стратегиялар мен әдістерді үйретеді.

Тәлімгерлердің қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық пен көшбасшылық сияқты дағдыларды дамытудағы рөлі даусыз. Білім алушылар жоғары сынып оқушысынан қолдау мен басшылық ала отырып, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауды, қақтығыстарды шешуді және мектеп ортасына бейімделуге қажетті дағдыларды үйренеді.

Тәлімгерлік әлеуметтік жобаны әзірлеу мен іске асырудың шығармашылық үдерісіне белгілі бір артықшылықтар беретін тиімді құрал болып табылады. Олардың ішіндегі ең маңыздылары мыналар:

Жеке қолдау. Тәлімгерлер оқушыларға назар аударып, қолдау көрсетеді, бұл олардың алға қойған мақсаттарына жетуге, өздерінің күшті жақтарын түсінуге, жақсартуды қажет ететін бағыттарды анықтауға және табысқа жету үшін іс-қимыл жоспарын жасауға көмектеседі.

Қызығушылығы мен өзін-өзі бағалауын арттыру. Тәлімгерлер білім алушыларға қызығушылықты және өзін-өзі бағалауды арттыруға көмектеседі. Олар өздеріне деген сенімдерін қолдап, өз күштеріне деген сенімділікті дамытады.

Тәлімгерлер білім алушылардың жайлылық пен қолдауды сезінуі үшін жағымды орта құруға қатысады.

Икемді дағдыларды дамыту. Тәлімгерлік қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық, көшбасшылық және мәселелерді шешу сияқты икемді дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Тәлімгерлер білім алушыларға осы дағдыларды нақты жағдайлар мен тапсырмалар арқылы дамытуға, олардың жеке және кәсіби өсуіне ықпал ететін ұжымдық іс-шараларға қатысуға көмектеседі.

Қойылған міндеттерді орындау үшін әрбір жоғары сынып оқушысы, яғни ментор (тәлімгергер) өз бойындағы төмендегідей негізгі қасиеттерді дамыту керек.

Эмпатия. Бұл тәлімгер өзін қамқорлығындағы білім алушының орнына қойып, оның сезімдерін, қажеттіліктері мен мәселелерін түсіне білу қабілеті. Жақсы тәлімгер оған шынайы қызығушылық танытады, оны мұқият тыңдап, оның жеке қажеттіліктерін түсінеді. Эмпатия тәлімгерге сенімді қарым-қатынас орнатуға және әрқайсысына жол табу үшін бейімделуге мүмкіндік береді.

Сынаудан аулақ болу. Тиімді тәлімгер әр оқушының даралығын мойындап, бағалайды, оның ерекше қажеттіліктері мен қабілеттерін түсінеді. Ментор қауіпсіз және шабыттандыратын орта құра отырып, оқушының өсуі мен өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қолдайды.

Қарым-қатынас жасау дағдылары. Жоғары сынып оқушысы-тәлімгерге өз ойын анық және нақты жеткізе білу, сондай-ақ қамқорлығындағы білім алушыны тыңдап, түсіне білу маңызды. Тәлімгер оған сұрақтар қойып, әңгімеге тартады және оқушының сыни ойлауы мен жауапкершілігін дамытуға көмектесу үшін ойландырады.

Жобалық қызмет жәбірлеудің алдын алуға бағытталғандықтан тәлімгердің бойында жәбірлеуге мүлде төзбейтін қасиеттің болуы маңызды деп саналады.

Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруда шығармашылық көзқарас маңызды, сондықтан мұғалім нақты бір сыныпқа қатысты тәлімгерлермен жүргізілетін жұмысты өзі анықтай алады. Бұл білім алушыларға кеңес беру, ақпараттық қолдау, іс-шараларды ұйымдастыру және т. б. болуы мүмкін.

Ментор, яғни жоғары сынып оқушыларының қатысуын өз қамқорлығындағыларды сүйемелдеуден гөрі кеңірек қарастыруға болады. Сайып келгенде, бұл - адамның қадір-қасиетін қорлауға жол бермейтін қауіпсіз мектеп ортасын құруда еріктілік тәжірибесін байыту.

3. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар

Білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру және оқушылардың зерттелетін тақырыпқа қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта оқытудың интерактивті әдістерін пайдаланылады.

Оқыту барысында, ең алдымен, оқушыларды білім беру үдерісіне белсенді қатыстыратын, сәттілік жағдайын бастан кешіріп, сәйкесінше олардың мінез-құлқына әсер ететін әдістерге назар аудару қажет. Бірлескен қызмет дегеніміз – әркім өзінің жеке үлесін қосуы, жұмыс барысында білім, идеялар, іс-әрекет

тәсілдерімен алмасу. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыс ұйымдастырылады, шығармашылық және жобалық қызметтің сан алуан түрлері, рөлдік және іскерлік ойындар және т. б. қолданылады.

Интерактивті әдістер бірлескен жұмыс қағидаларына, білім алушылардың белсенділігіне, топтық тәжірибеге, міндетті кері байланысқа негізделген. Білім берудің қарым-қатынас ортасы құрылады, ол ашықтық, қатысушылардың өзара әрекеттесуі, дәлелдемелерінің теңдігі, бірлескен білімнің жинақталуы және өзара бағалау мен талдау мүмкіндігімен сипатталады.

Мұғалім оқу ақпаратын тек өзі арқылы өткізетін «сүзгі» рөлінен бас тартып, оқу процесіндегі көмекші, ақпарат көздерінің бірі әрі зерттеуге қатысушы ретінде қызмет атқарады. Оның мақсаты – оқушылар өздерінің жетістіктерін сезінетін ыңғайлы жағдай жасау. Бұл өз кезегінде баланың танымдық қабілеттерінің дамуына да ықпал етеді.

Интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, оның барысында білім алушылар мен мұғалім арасында, білім алушылардың өздері арасында шығармашылық қарым-қатынас жүзеге асырылады.

Интерактивті оқыту мыналарға бағытталған:

- 1) талқыланатын тақырыпқа қызығушылықты ояту;
- 2) қаралатын материалды тиімді игеру, қойылған мәселені шешудің жолдары мен нұсқаларын өз бетінше іздеу үшін жағдай жасау;
- 3) өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру.

Интерактивті әдістерді қолданған кезде мұғалім басты рөл атқармайды, ол тек үдерісті реттеп, оны жалпы ұйымдастырумен айналысады, қажетті тапсырмаларды алдын ала дайындап, топтарда талқылауға арналған сұрақтар мен тақырыптарды тұжырымдайды, кеңес береді, орындалатын жоспардың уақыты мен тәртібін бақылайды. Бұл ретте білім алушылар әлеуметтік тәжірибеге – өзінің және сыныптастарының тәжірибесіне жүгінеді, бірге жұмыс жасап, қойылған міндеттерді бірлесе шешіп, ортақ тіл табысады.

Сабақ өткізу барысында мынадай интерактивті әдістер пайдаланылады:

- 1) тренинг, тренингілік жаттығу;
- 2) ми шабуылы;
- 3) іскерлік және рөлдік ойындар;
- 4) Case-study (нақты жағдайларды талдау) және т.б.

Оқытудың интерактивті формаларына негізделген сабақты дайындау барысында мұғалім алдында белгілі бір тақырыпты зерттеу үшін оқытудың ең тиімді және қолайлы түрін таңдау ғана емес, сонымен қатар мәселені шешу үшін бірнеше оқыту әдісін біріктіруге мүмкіндік туындайтынына назар аударуы керек, бұл тақырыпты жақсырақ түсінуге ықпал етеді.

Интерактивті сабақта жұмыс істеу қағидалары:

1. Сабақ – мұғалімнің монологі емес, ынтымақтастық.
2. Барлық қатысушылар тең.
3. Әрбір қатысушы кез келген мәселе бойынша өз пікірін білдіруге құқылы.
4. Жеке тұлғаны тікелей сынауға жол берілмейді (тек идеяны сынауға болады).

5. Сабақта айтылғандардың бәрі іс-әрекетке арналған нұсқаулық емес, ойлануға арналған ақпарат, өз жаңалықтарын ашу мүмкіндігі.

Сабақтағы жұмыстың кейбір интерактивті әдістерінің ерекшеліктерімен танысуды ұсынамыз.

Тренинг. Тренинг – әлеуметтік-психологиялық оқыту мен тұлғаны дамытудың интерактивті әдістерінің бірі. Ол жаттығулар мен ойындар жиынтығынан тұрады. Жаңа білімді алу ғана емес, оны практика барысында қолдануға назар аударады.

Тренинг – ол адамның өз мүмкіндіктерін сараптауға, қойылған мақсаттарды жүзеге асыру шарттарын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өзін-өзі дамыту жолдарын айқындап, қажетті құралдарды таңдауға, іс-әрекеттерін белгілі бір бағытта ұтымды жоспарлауға жағдай жасайды. Ең бастысы – бұл құралдарды нақты әлеуметтік ортада сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Тренингтің басты ерекшелігі – оған қатысушылар қазіргі өмір талаптарына сай дайындықтан өтіп, табиғи жағдайларда өз рөлдерін атқарады.

Әлеуметтік-психологиялық тренингінің негізгі мақсаты – тұлғаны дамыту. Осы негізгі мақсатпен қатар бірқатар қосымша мақсаттар да бар:

- 1) қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыру;
- 2) олардың басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту;
- 3) қатысушылардың белсенді әлеуметтік ұстанымын қалыптастыру;
- 4) олардың өз өмірінде және айналасындағылардың өмірінде елеулі өзгерістер жасау қабілетін дамыту;
- 5) позитивті қарым-қатынасқа байланысты жаңа білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Тренинг қатысушылардың белсенді интеллектуалды қызметімен қатар, эмоциялары және сезімдермен жұмыс істеуді де қамтиды. Бұл ұжымды тез біріктіруге мүмкіндік береді. Мінез-құлықты түзетуде, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда және жеке мәселелерді шешуде тренингінің тиімділігі жоғары.

Практикалық сабақтарды өткізудің бір түрі ретінде тренингінің артықшылығы – адамның өзін-өзі ашуы, өз-өзін талдауы және өзін-өзі дамытуы үшін уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігі. Тренингінің сан алуан әдістемелік тәсілдері (жаттығулар, рөлдік ойындар, пікірталастар, нақты жағдайларды талдау, брейнсторминг және т.б.) әртүрлі дағдыларды дамытудың заманауи технологиялары ретінде әрекет етеді.

Тренинг қатысушыларды өзінің тиімділігі, құпиялылығы, ашықтығы және жайлы психологиялық атмосферасымен тартады. Тренингіні сәтті өткізу үшін белгілі бір қағидалардың сақталуы маңызды. Әлеуметтік-психологиялық тренингті ұйымдастыру қағидаларының негізгілеріне тоқталып өтейік.

1. *Тренингтің өзіне, оның жекелеген сабақтары мен жаттығуларына өз еркімен қатысу қағидасы.* Қатысушының жұмыс барысында өз тұлғасын өзгертуге деген ішкі табиғи қызығушылығы болуы керек. Олай болмаса, позитивті жеке динамика жүзеге аспайды, сондықтан қатысушылардан авторитарлық әдістермен мақсатқа қол жеткізуін талап етуге болмайды.

2. *Қарым-қатынасты диалогқа негіздеу* қағидасы, яғни қатысушылардың бір-бірін құрметтеуіне, бір-біріне деген толық сеніміне негізделген топ сабақтарындағы толыққанды тұлғааралық қарым-қатынасты білдіреді.

3. *Өзін-өзі диагностикалау қағидасы* қатысушылардың рефлексиясы мен өзін-өзі ашуын, өздерінің жеке маңызды мәселелерін түсінуді және тұжырымдауды қамтиды.

4. *Қауіпсіздік қағидасы* әрбір оқушының қауіпсіздігіне, ақпараттың құпиялылығын сақтауға кепілдік береді. Сабақта жүзеге асырылатын барлық нәрсе оның аясынан шығып, көпке жайылып кетпеуі керек.

5. *Ашықтық қағидасы* қатысушылардың ашық, адал болуын қамтамасыз етеді. Ашықтық, эмпатия, толеранттылық топтың басқа мүшелерімен адал кері байланыс орнатуға ықпал етеді, яғни, әр қатысушыға маңызды ақпаратты береді және өзіндік санасын дамыту мен топтағы өзара әрекеттесу тетіктерін іске қосады.

6. *Әріптестік қарым-қатынас қағидасы* мұғалім мен білім алушылар арасындағы субъект-субъектілік өзара әрекетті іске асыруды көздейді. Сабақ барысында мұғалім ұжымдағы әрбір қатысушының қызығушылықтары, сезімдері, эмоциялары мен тәжірибелері ескерілетін осындай қарым-қатынасты ұйымдастыруы керек. Бұл қағида әрбір қатысушының өз көзқарасын, сезімдерін, наразылықтарын білдіріп, ұсыныстар енгізулері үшін тең құқықтарына кепілдік береді.

7. *Белсенділік қағидасы* барлық қатысушылардың міндетті белсенділігін және әркімнің топ қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілік алуын қамтиды.

8. *Ақцент жасау қағидасы* қатысушылардың рефлексия жасауына ықпал етеді, оларды өз сөздері, ойлары мен сезімдеріне назар аударуға үйретеді, өзін-өзі талдау дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Бұл қағида басқаларға баға бермейтіндей пайымдауларды ғана қамтиды.

Тренингте дайындық бағдарлама мен тренингті әзірлеуден және оның сабақтары мен жаттығуларының мазмұнынан басталады. Әрбір сабақтың біртұтас аяқталған түрі болып, нақты мәселелерді шешуге бағытталуы *маңызды*.

Ми шабуылы. Ми шабуылы әдісі немесе брейнсторминг (ағылш. brainstorm) - бұл әртүрлі міндеттердің шешімдерін табу тәсілі. Ол ақпаратты талдаумен байланысты салаларда, атап айтқанда жарнама мен маркетинг, жобаларды әзірлеу сияқты жаңа өнімдерді ойлап табу және шығармашылық тұжырымдамалар жасауды қажет ететін салаларда қолданылады. Ми шабуылының мақсаты – шектеулі уақыт жағдайында стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдау. Ми шабуылының мақсаты – шектеулі уақыт жағдайында стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдау. Бұған командада бірлескен талқылау процесінде әртүрлі идеялардың мейлінше көп санын қалыптастыру арқылы қол жеткізіледі.

Бұл техниканы американдық психолог және BBD&O жарнама агенттіктері желісінің негізін қалаушы Алекс Осборн ойлап тапты. Ол 1930-шы жылдары қызметкерлерімен бірге ми шабуылын жасаудың бір нұсқасын қолданып, алғаш рет 1942 жылы жарық көрген «How to «Think Up» (Қалай ойлап табуға болады) кітабында сипаттады. Осборнның негізгі ойы: әртүрлі ұсыныс неғұрлым көп болса, дұрыс шешім табу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Ми шабуылы шығармашылықты қажет ететін мәселелерді шешу кезінде, қойылған сұрақтың жауабын шектеулі уақыт ішінде табу керек болғанда және әдеттегі стратегиялар жұмыс істемегенде тиімді. Ми шабуылы үдерісінде қатысушылар ойларына келген алғашқы нұсқаларды ұсынады. Әрине, көптеген нұсқа керек болмай қалады – тек тапқыр және оңтайлы шешімдерді ұсыну міндетті емес. Ми шабуылы кезінде ең бастысы – шығармашылық энергиясын шығару және қатысушыларға қорықпай, стандартты емес шешімдерді ұсыну үшін еркіндік беру.

Ми шабуылы бірнеше кезеңде жүзеге асырылады

1. Бастапқы кезеңде үдеріске қатысушылардың алдында нақты міндет – атап айтқанда, қандай мерзімде неге қол жеткізу керек, қандай идеяларды ұсыну керек, тапсырыс беруші кім, соңында команда қандай өнім шығарады деген міндет қойылады.

2. Содан кейін команда идеяларды ойластыруға көшеді. Осы кезде ми шабуылының барлық қатысушылары мәселені шешудің нұсқаларын ұсына бастайды – неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы. Мұнда ақылға қонымсыз идеяларды да ескеріп, бірақ барлық ұсыныстарды мұқият жазып алу керек. Бұл кезеңде идеяларды сынау мен бағалауға қатаң тыйым салынады.

3. Барлық ұсыныстар айтылып, жазылады және таңдау мүмкіндігі туады, енді бағалау мен талдауға көшуге болады. Бұл – сыни ойлау мен жүйелеу дағдыларын қамтитын, тек қолайлы идеялар таңдалатын, барлық оң және теріс жақтар мұқият қарастырылатын сараптамалық кезең. Бұл кезеңде ең жақсы идеялардың қысқа тізіміне енгізілмеген идеялардың авторларын сынауға болмайды. Бұл брейнсторминг тұжырымдамасына қайшы келеді.

Ми шабуылын жүргізудің бірнеше негізгі әдісі бар.

«Ми қоршауы» әдісі жақсы идеяның лайықсыз сынға ұшырау қаупін азайтады. Бұған жол бермеу үшін әрбір ұсынылған идея соңына дейін дамытылады. Әдіс көп уақытты қажет етсе де, дәлелдермен расталып, нәтиже береді.

«635» әдісі – алты адам бес минут ішінде үш идеядан жазады. Содан кейін топ мүшелері бір-бірінің ұсыныстарымен танысып, оларды бес минут ішінде талдайды. 30 минут ішінде 18 пысықталған ұсыныс айтылады, содан кейін олар ұжымдық түрде талқыланып, ішінен ең жақсы шешім таңдалады.

Кеме кеңесінің әдісі иерархия бойынша пікір білдіруді көздейді. Алдымен «юнга» өз идеясы туралы айтады, соңында - «капитан», бірақ тек бір идеяны ғана қарастыруға болады.

Онлайн ми шабуылы көпшілік қолданатын интернет-қызметтерінде жүргізілуі мүмкін: мессенджер, форум, чат, блог. Бұл әдістің артықшылығы – қатысушы «бағаланудан қорықпайды», өйткені идея авторлары жасырын қалуы мүмкін.

«Рөлдік ойын» әдісін адамдарға өз көзқарастарымен байланыстыру тән. Рөлдік ойындар қатысушыға басқа тұлғаның рөлін ойнау арқылы нәрселерге жаңа көзқараспен қарауға көмектеседі. Ойында қалпақ немесе кесілген қағаз салынған қапты пайдалануға болады. Әр қағазға біреудің атын жазу керек. Бұл атақты адамдардың, тарихи тұлғалардың және т.б. есімдері болуы мүмкін. Қатысушылар кезектесіп, бір қағаздан алып, аты жазылған тұлғаның атынан идея айтады.

Мысалы, «Ал Димаш Құдайберген не ұсынар еді?», «Мәншүк Мәметова не айтар еді?». Бұл – біржақты пікірден айырылып, өз көзқарасын жаңартудың тамаша тәсілі.

«Жұлдыз» әдісі. Қағазға немесе тақтаға алты бұрышты жұлдыз суреті салынады, оның ортасына ми шабуылы бағытталған мәселе немесе мүмкіндік жазылады. Мысалы, жаңа байқау ұйымдастыру. Жұлдыздың әр бұрышына «Кім?», «Не?», «Қашан?», «Қайда?», «Неге?» және «Қалай?» деген сөздер жазылады. Әрі қарай, осы сөздерден басталатын сұрақтар жазылады. Мысалы: «Байқаудың жүргізушісі кім болады?» немесе «Сценарийді кім жазады?» Әр сөз үшін мүмкіндігінше айқын және айқын емес бірнеше сұрақ жазу керек.

Іскерлік ойындар оқытудың ең жақсы әдістерінің бірі болып табылады. Олар жаттығу, шығармашылық ойлауды дамыту, практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылады. Іскерлік ойындар зейінді ынталандыруға және сабаққа қызығушылықты арттыруға, оқу материалын қабылдауды жандандыруға және күшейтуге мүмкіндік береді.

Іскерлік ойын адамдардың психологиясын жақсырақ түсінуге, олардың орнында болып, нақты оқиға кезінде оларды әрекетке не итермелейтінін түсінуге мүмкіндік береді.

Белсенді оқыту әдістерінің арасында іскерлік ойынның орны ерекше, өйткені ол басқа да әдістерді қамтуы мүмкін: нақты жағдайды талдау (соның ішінде «кейс-стади»: *бұл әдіс туралы төменде айтылады*), ми шабуылы, практикалық мәселелерді шешу, пікірталас, модельдеу және т.б.

Іскерлік ойынның тиімділігі көбінесе оның дайындық кезеңінің мұқият болуына және әсіресе ойын сюжетін ойластыруға байланысты. Егер ойын сюжеті нашар ойластырылған болса, ойын шынайы емес, жасанды болады да, оқиғаларға тән табиғи динамика болмайды. Бұл жағдайда мұғалім қатысушыларды үнемі әрекетке итермелеуі керек. Сондықтан сюжетте рөлдік бейнелердің қарым-қатынасына түрткі болатын объективті қайшылық болуы керек. Рөлдік функциялар анық болуымен қатар, қатысушылардың мінез-құлқындағы импровизация еркіндігін шектемеуі керек.

Буллингтің алдын алу тақырыбындағы іскерлік ойын – бұл белгілі бір мағынада оқушылардың ұжымдағы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған дайындық.

Іскерлік ойынға дайындық сценарий әзірлеуден басталады, онда:

- 1) оқу мақсаты;
- 2) зерттелетін жағдайдың сипаттамасы;
- 3) міндеттері;
- 4) іскерлік ойын жоспары;
- 5) ойынның жалпы сипаттамасы;
- 6) жағдайдың мазмұны;
- 7) кейіпкерлердің сипаттамасы;
- 8) сарапшылардың құқықтары мен міндеттері;
- 9) бағалау критерийлері және өлшеу құралдары белгіленеді.

Іскерлік ойын рәсімі бірнеше кезеңнен тұрады.

Ұйымдастырушылық-дайындық кезеңі:

- 1) - іскерлік ойынның өзектілігі мен мақсаттары негізделеді;
- 2) - ойын топтарына біріктіру;
- 3) - ойын топтарына материалдар пакеті беріледі;
- 4) - рөлдер бөлінеді;
- 5) - ойын ережелері мен шарттары жарияланады;
- 6) - командалар үшін сарапшылар ұсынылады;
- 7) - қатысушылар тақтайшалар және қолтаңбалармен белгіленген орындарды иеленеді.

Жағдайды зерттеу кезеңі:

ойыншы командалар жағдайды, нұсқаулық материалдарын зерттейді; қажет болған жағдайда қатысушылар түсініктеме алу үшін жетекшіге немесе менторларға (тәлімгерлерге) жүгінеді.

Ойын барысы:

Ойыншы командалар топ ішінде талқылау жүргізеді, өз нұсқаларын ұсынады. Әрбір қатысушы ұжымдық мақсатқа жетуге ұмтылады, белгіленген рөліне сәйкес өз ұстанымын қорғайды. Негізгі міндет – белгілі бір уақытта дұрыс шешімге келу.

Шешім қабылданды. Топтың өкілі оны айналасындағыларға жеткізеді. Сөз сөйлегенде қойылатын негізгі талаптар: қабылданған шешімнің негізділігі, нақтылығы, оны ұсынудың реттілігі.

Топ басшысы сұрақтарға жауап береді.

Алдын ала талдау кезеңі:

1. ойынды талдайтын сарапшылардың сөз сөйлеуі;
2. пікір алмасу;
3. командалардың өз шешімдерін қорғауы, қорытындыларға қатысты өз пікірлерін білдіруі.

Бағалау кезеңі:

Сарапшылар:

1. қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін бағалайды;
2. жеке тапсырмаларды орындамау себептерін көрсетеді;
3. ойынға қатысушылардың қорытынды бағаларын ұпай түрінде қояды;
4. сарапшылардың төрағасы қол жеткізілген нәтижелер туралы айтып, қателіктерді атап өтеді, ойынның соңғы нәтижесін тұжырымдайды.

Орындаушыларды бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

1. қабылданған шешімдердің логикалық негізділігі мен дұрыстығы;
2. жағдайды тез бағдарлай білу;
3. ойнаған рөлдің эмоционалды экспрессивтілігі.

«Кейс-стади» әдісі (case-study)

«Кейс-стади» әдісі – бұл нақты іс-әрекетке негізделген практика жүзінде, типтік мысалдар мен ерекше жағдайларда оқыту әдісі.

Ситуациялық оқыту технологиясының мақсаты – негізгі назарды дайын білімді игеруге емес, оны «мұғалім-оқушы» жүйесіндегі субъект-субъектілік өзара әрекеттесу үдерісінде өзбетінше игеруіне аударылады. Білімді игеру үдерісіндегі

серіктестік - (тең қарым-қатынас) осы оқыту технологиясының негізгі қағидаларының бірі.

Кейс-стадиге қатысушылардың өз міндеттері бар.

Білім алушылар үшін:

- 1) іс материалдарымен танысу, сабақ идеяларын түсіну;
- 3) алдыңғы қатарға шығатын мәселелерді бөліп көрсету;
- 4) ситуациялық модельді талқылау;
- 5) проблемалық жағдайды шешу бойынша өз ұсыныстарын, сынамалық (алдын ала) қорытындыларын ұсыну маңызды.

Педагогтің функциялары

1. Адам өмірінде болған нақты проблемалық жағдайдың моделін әзірлеу. Бұл - оқу материалының пакеті, кейс (көлемі 2-3 беттен тұратын мәтін). Мәтінде қарама қайшылық – талқылау тақырыбы (проблемалық жағдай, қақтығыс) болуы керек.

2. Кейстің бүкіл оқу курсының құрылымындағы, сондай-ақ оның оқу сабағының (немесе бірнеше сабақтың) құрылымындағы орнын айқындау.

3. Білім алушылардың назарын ситуациялық тапсырманың маңызды аспектілеріне аударатын негізгі мәселелерді тандау ойды жинақтауға ықпал етеді, белсенді бірлескен қызметке итермелейді.

4. Білім алушыларды кейспен (берілген жағдаймен) жұмыс істеудің мақсаты, шарттары және қағидаларымен таныстыру.

5. Аудиторияда қарастыру үшін тыңдаушыларға дәйекті түрде жауап беруге мүмкіндік беретін «Біз немен айналысамыз?», «Не істеу керек?», «Бұл нені білдіреді?» деген пікірталас тударатын сұрақтар ұсынылады.

6. Пікірталастың негізгі бағытын қамтамасыз ету, ситуациялық жаттығудың жалпы мәнмәтінін қолдау, идеяларды дамытуға көмек көрсету, пайымдауға ынталандыру, талқылауды белгілі бір тұжырымдарға келтіру.

7. Білім алушыларды қорытындыларды талдауға және пікірсайыстың түйіндемесін жазуға тарту.

8. Ситуациялық оқытуда тыңдаушының нақты рөлдерін ауыстыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдай жасау – оны объектіден осы үдерістің субъектісіне айналдыру.

9. Білім алушылардың шығармашылық қызметін және олар қабылдаған шешімдерді талдау.

«Кейс-стади» әдісінің ерекшеліктері:

- 1) шығармашыл топтағы білім алушылардың топтық жұмысы;
- 2) мектеп ұжымында, сыныпта туындауы мүмкін нақты динамикалық жағдайды модельдеу;
- 3) ситуациялық тапсырмада проблеманың немесе қақтығыстың болуы (мәселе ойын шарттарымен немесе жағдайдың өзгеруі жағдайында объектіні басқару қажет болған жағдайда объективті түрде туындауы мүмкін);
- 4) ситуацияда қалыпты емес шешім қабылдауды қажет ететін мәселенің болуы;

5) ойынға қатысушыларда шынайы өмірде әрекет ететіндей мотивацияның болуы.

«Кейс-стадиді» пайдаланудың нәтижесі алынған білім ғана емес, сонымен қатар жауапты тұлғаның қалыптасқан дағдылары, оның маңызды қасиеттері болып табылады.

Осы әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, 1-11-сынып оқушыларына/колледж білім алушыларына арналған сабақтарды өткізуді ұсынамыз.

«БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ ТЕҢБІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 1-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

Бірлік бар жерде - тірлік бар.
Халық мақалы

1-сынып оқушыларына арналған 1-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Менің осындай болғаным қандай жақсы!»

Мақсаты: жалпы және бірегей тұлғалық қасиеттерді түсіну арқылы өзіне және басқаларға оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларға өздерінің және өзгелердің бірегейлігін сезінуді үйрету
2. Тең құқықтылықты және айырмашылықтарға қарамастан айналадағы адамдарға құрметпен қараудың маңыздылығын түсіндіру
3. Сыныптағы жағымды қарым-қатынас, эмпатия және ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

Ресурстар: динамиктер, қорап, алма, картоп, анар, қаламдар, түрлі-түсті қарындаштар, суреттері бар карточкалар, А4 қағазы, сары қағаздан жасалған қиықша сәулелер, желім немесе скотч, кішкентай айна.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Айырмашылықты сезіну» ойыны (когнитивті, эмоционалды, физикалық және әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған жаттығу).

Оқушыларға үстелде тұрған тосынсыйлар қорабына назар аудару ұсынылады. Мұғалім үш оқушыны шақырып, қорапқа қолдарын салып, ішінде не жатқанын қолдарын қораптан шығармай анықтап табуды сұрайды. (Қорапта алма, картоп, анар бар).

Мұғалім балаларға осы заттардың арасында не ортақ екенін және олар бір-бірінен қалайша ерекшеленетінін анықтауға тапсырма береді. Оқушылардың жауаптарын кестеге жазу керек. Мысалы:

<i>Картоп, алма, анар</i>	
<i>Ұқсастығы неде?</i>	<i>Айырмашылығы қандай?</i>
1. Пішіні дөңгелек. 2. Қабығы, мәйегі бар. 3. Барлығы жеуге жарамды. 4. Денсаулыққа пайдалы (құрамында дәрумендер бар).	1. Пішін ерекшеліктері (картоп – сопақша, тегіс емес, кедір-бұдырлы; анар – қатты, кедір-бұдырлы қабығы бар, «құйрығы» бар; алма – тегіс, домалақ 2. Әртүрлі өсу орны (картоп – жердің астында, анар мен алма - ағашта). 3. Әртүрлі топтарға жатады (картоп - көкөніс, алма және анар - жемістер). 4. Дәмдері әртүрлі. 5. Түстері әртүрлі.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Бірдей, бірақ сонымен қатар айырмашылықтары да бар заттарды тағы қалай атауға болады? (тамақ, сусындар, киім және т.б.)

2. Адамдар туралы, сен және біз туралы дәл солай айта аламыз ба?

3. Сен және біздің ортақ қасиеттеріміз бен айырмашылықтарымыз көп пе?
(Балалардың жауаптары)

«Өз жұбыңды тап» ойыны

Әрбір оқушыға балаларға таныс заттар мен құбылыстардың бейнесі бар бір карточкадан таратылады (мысалы: алма, доп, балмұздақ, мысық, кітап, гүл және т.б.). Әр карточканың екі данасы дайындалады, сондықтан әр бала өз «жұбын» таба алады.

Карточкаларды алғаннан кейін оқушылар орнынан тұрып, сынып ішінде еркін қозғала бастайды. Олардың міндеті – дәл сондай карточкасы бар басқа оқушыны табу. Ол үшін балалар бір-біріне жақындап, карточкаларын көрсетеді. Егер бейнелер сәйкес келсе, жұп құрылады. Егер сәйкес болмаса, балалар іздеуді жалғастырады. Өз жұбын тапқан оқушылар бірге қол соғып, жақын тұрған партаға бірге отырады.

Барлық жұптар құрылғаннан кейін мұғалім қысқа тапсырма береді – суреттен басқа, оларда тағы қандай ортақ нәрсе бар екенін талқылау (мысалы, сүйікті түсі, ойыны, мультфильмі және т.б.). Егер балалар қиналса, мұғалім тақтаға бірнеше нұсқаларды ұсына алады.

Мұғалім барлық оқушыларды еденде бормен алдын-ала белгіленген сызықтан тыс тұруға шақырады және оның әлеуметтік құзыреттілігін сипаттайтын белгілі бір жеке қасиеттерді атайды. Оларға не сәйкес келетінін естігеннен кейін, балалар мұғалім еденге бормен салған басқа сызыққа көшеді. (Ойынның бұл бөлігінде қол шапалақтауды қолдануға болады. Мысалы, оқушылар сыныптастарына, аталған сипаттамаларға сәйкес келгенде қол шапалақтайды).

Пайдалануға болатын тіркестер:

1) Ата-анасына кім көмектеседі, алға қадам жасасын.

2) Кішілерге кім қамқорлық жасайды, ...

3) Достарын кім жақсы көреді,...

4) Үлкендерге кім құрмет көрсетеді,...

5) Басқаларға жағымды сөйлегенді кім жақсы көреді,...

6) Кім жақсы істер жасайды және т.б.

Әрбір сөйлемнен кейін сынып оқушылары шапалақтап, бас бармағын көтеріп немесе жай ғана жымыып жауап бере алады. Бұл жылы атмосфера қалыптастырып, әр баланың өзіндік құндылығын сезінуіне ықпал етеді.

Жаттығу аяқталғанда, мұғалім қорытынды жасайды және сабақ тақырыбына алып келеді: *«Қараңдаршы, бізде қаншама жақсы қасиеттер бар. Біз әртүрліміз, бірақ бәрімізге ортақ бір нәрсе – біз жақсы әрі ізгі ниетті адам болуға ұмтыламыз!»*

II. Негізгі бөлім

Мұғалім: «Біз әртүрлі дағдыларға, күштерге, қабілеттерге ие бола аламыз және осылайша бір-бірімізден ерекшелене аламыз. Бұл әр тұлғаның бірегейлігі. Бірақ барлық адамдарда болуы керек қасиеттер де бар». Мұғалім мына қасиеттерді атайды: *басқаларға мейірімді болу, құрмет көрсету, бір-біріне көмектесу, өзін және басқаларды ести білу*. Оқушыларға тізімді толықтыру ұсынылады.

Ары қарай ойын ойнатылады.

Тандауға арналған ойындар	
<i>1. «Суперқаһарманмен сұхбат» рөлдік ойыны</i> Мұғалім оқушыларды жұпқа бөлуді ұсынады. Әр жұпта 1 сұхбат алушы (фильмдегі, мультфильмдегі немесе ертегідегі суперқаһарман/кейіпкер) және 1 сұхбат беруші бар, ол кейіпкерге оны қызықтыратын сұрақтар қояды. Мысалы: 1) Сенің атың кім? 2) Сенің сүйікті түсің қандай? 3) Сүйікті фильм/мультфильмің қандай? 4) Жақсы көретін әнің? 5) Ұнататын кітабың/ертегің? 6) Сүйікті тағамың? 7) Сүйікті киім стилің? 8) Сенің хоббиің? 9) Ең жақсы қасиеттерің? 10) Өскенде кім болғың келеді? 11) Сенің арманың қандай? Сұхбат барысында қатысушыларға қиялдауға және суперқаһарманның атынан жауап беруге рұқсат етіледі, сонымен қатар өз атынан да жауап беруге болады. Шығармашылық сұхбат үшін микрофон ретінде қаламдар/қарындаштарды пайдалану ұсынылады.	<i>«Іздеуде» ойыны</i> («Жұлдызбен сұхбат» ойынына балама) Мұғалім оқушыларға А4 қағазын таратады және олардан өздері туралы хабарландыру жасауды сұрайды (өздерінің портретін салу, бойын, шаш/көздің түсін, хоббиі туралы ақпарат беріп және соңында «соңғы рет оны ... жерде көріпті» деп аяқтаңыз). Негізгі шарт – есімін атамау. Содан кейін оқушылар парақтарды қабырғаға іліп қояды, ал сынып әр хабарландырудың авторын табуға тырысады.

«Өркен» БЭАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Күлімсіреу нені жасырады» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: <https://youtu.be/2MTfpPKq798?si=F-W2UPakJIFk-DTE>

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қыз қандай сезімде болды?
2. Ол неден қорқады, неге мұңаяды?
3. Ол қорқыныштан құтылу үшін не істей алады?

Топтық жұмыс: кейс-стади

Мұғалім сыныпты 3 топқа бөледі. Әр топқа кейс беріліп, шешімін табу ұсынылады.

1) Мектепте үзілісте Тимур екі сыныптастың төбелесіп жатқанын көрді. Не істеу керек? Оның әрекеттерін жаз.

2) Әлияның планшетінде әркім ойнағысы келетін танымал ойын бар. Одан планшетті ешкімді ренжітпей қалай сұрауға болады?

3) Қайрат қуаласпақ ойнап жүргенде абайсызда дөрекі сөз айтып, досын ренжітіп алды. Қайрат досымен татуласу үшін не істеуі керек?

III. Жобалық қызмет

Тапсырма. Әңгімені тыңдап, сұраққа жауап беріңіздер: Сыныптастарыңыздың қандай қызықты қасиеттері бар?

Қазақстанның бір шағын қаласында Айгүл деген қыз өмір сүрді. Ол өте тыныш, ұяң болатын және шулайтын ойындарды ұнатпайтын. Оның көзілдірігі үлкен, ескі күртешесін киіп жүретін. Ал ең сүйікті ісі – кітап оқып, жануарлардың суретін салу еді.

Оған басқа балалар жиі күлетін:
- Ой, Айгүл, сен әже сияқтысың! Қолыңа кітап пен дәптерден басқа түк алмайсың!
- Неге қуаласпақ ойнамайсың? Қызықсызсың!

Айгүлге бұл сөздер ауыр тиетін. Ол іштей: «Мүмкін, шынымен біртүрлі шығармын...» - деп ойлайтын.

Бірақ бір күні ауылға қаладан суретші қонаққа келді. Ол балалар арасында сурет байқауын өткізді. Балалар бірі – киіз үйді, бірі – түйені, енді бірі – гүлдерді сала бастады.

Ал Айгүл дала көрінісін, күн батқан сәтті және қолына домбыра ұстаған бақташыны бейнеледі. Оның суреті ерекше, жаны бар сияқты көрінді. Суретші Айгүлдің жұмысын ұзақ қарап тұрды да, былай деді:

- Бұл суретті кім салды? Барлық балалар таңырқай Айгүлге қарады.
- Мен, - деді ол жай ғана.
- Сенің талантың бар, - деп жымыды суретші. - Сен әлемді жүрегіңмен көресің. Бұл - сирек кездесетін дарындылық.

Содан бастап сыныптастары Айгүлге құрметпен қарай бастады. Олар одан сурет салуды үйретуін сұрап, оның әңгімелерін тыңдап, тіпті Айгүл алып келген кітаптарды оқи бастады. Ал Айгүл өзін біртүрлі сезінуден арылды. Өз бойындағы ерекше дарынды түсінудің кереметтігін сезінді.

Педагогтің сұрағы: Адам үшін ең маңызды нәрсе не?

Қорытынды: Әрбір адам – ерекше. Сен өзгелерден бөлек болсаң да, сенде талант пен мейірім бар. Ең бастысы – өзіңе деген сенімді жоғалтпау.

Мұғалімнің түсіндірмесі: Кейде адамдарды сыртқы түріне қарап бағалаймыз да, оның жан дүниесін байқамаймыз. Сондықтан адамның бізге ұқсамағаны, басқаша көрінгені жаман деген сөз емес. Әр адамды сыртқы келбетімен емес, ісімен, әрекетімен бағалау қажет.

Жобаға арналған тапсырма: Сыныптағы әр баланың несімен қызықты екенін ойлап көріңіздер. Әрқайсысының пікіріне сүйене отырып, «Менің сыныптастарым» атты әңгіме құрайық. Кімнің қай бала туралы айтатынын мұғалім алдын ала ойластырып қояды.

IV. Қорытынды

«Күннің шапағы» жаттығуы

Бұл жаттығуға алдын ала дайындалған сары қағаздан қиылған күннің шапағы (әр балаға 4–5 дана), тақтаға салынған үлкен дөңгелек, желім немесе скотч, шағын айна қажет болады.

Мұғалім қызықты кіріспемен бастайды: «Балалар, бүгін бізде ерекше тапсырма бар! Тақтадағы күнді көріп тұрсыңдар ма? Оның әлі шуағы жоқ, біз оны «тірілтуіміз» керек. Бірақ ол жай нәрсе емес – әрбір шуақ біздің сыныптағы маңызды әрі жақсы қасиетті білдіреді».

Балалар күннің бейнесін мұқият қарайды. Мұғалім жалғастырады: «Кәне, болжайықшы – біздің күнімізде қандай шуақтар болуы мүмкін? Сыныбымызда қандай жақсы қасиеттер бар?»

Балалар өз нұсқаларын ұсына бастайды: достық, көмек, сыпайылық және т.б. Мұғалім кейбір ұсыныстарды тақтаға жазып қояды, содан кейін бірінші шуақты алып: «Мен бірінші шуақты қосамын – бұл мейірімділік, себебі біздің сыныпта мейірімді балалар көп. Енді әрқайсың өз шуақтарыңды қосыңдар».

Мұғалім балаларға қағаз шуақтарын таратады және оларға көмектесіп, қасиеттерді нақтылауға бағыт береді: «Серік, сен әрдайым заттарыңды ұқыпты жинайсың. Шуақ ретінде ұқыптылықты алайық. Майра, сен басқаларға жиі көмектесесің. Мүмкін, бұл – өзара көмек шуағы болар?»

Барлық шуақтар жапсырылғаннан кейін мұғалім кідіріс жасап, айнаны алып: «Енді біздің күніміздің ең басты құпиясын ашайық. Көріп тұрсыңдар ма, ортасы бос? Ең маңызды нәрсені дәл сол жерге орналастырайық».

Мұғалім айнаны күннің ортасына жапсырады, балалар өз бейнелерін көре алатындай етіп: «Қараңдар! Ең басты шуақ – бұл өздерің, сендердің мейірімді жүректерің! Әрқайсың біздің сынып күнін жылы әрі жарқын етіп тұрсыңдар».

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қай шуақ саған ерекше ұнады?
2. Біздің ортақ күнімізге қарап қандай сезімде болдың?
3. Неліктен ортасына айна қойылды?

Егер кейбір балалар күмәнданса, мұғалім ақырын еске салады: «Кеше сен бояуларыңмен бөліскенің есінде ме? Бұл – жомарттық шуағына лайық емес пе? Ал кітаптарды жинауға көмектескенің – өзара көмек қой».

Сабақ соңында мұғалім қорытынды жасайды: «Енді бұл күніміз бізге әрқайсыңда қаншама жақсы қасиет бар екенін еске салып тұрады. Егер біреу мұңайса, жай ғана күнге қарап, өзінің және достарының қандай керемет екенін еске түсірсе жеткілікті!»

1-сынып оқушыларына арналған 2-сабақ

Сабақ тақырыбы: «Өнер – жан-жақтылықта, ал күш – бірлікте»

Мақсаты: білім алушылардың топтық жұмыс дағдыларын және сыныпқа қатыстылық сезімін дамыту.

Міндеттері:

1. Оқушыларға ұжымның, ұйымшыл топтың бір бөлігі екенін түсіндіру.
2. Білім алушылардың бір-біріне құрметпен қарау туралы түсініктерін кеңейту.
3. Бір-біріне деген жанашырлық сезімдерін қалыптастыру.

Ресурстар: А4 қағазы, қаламдар, қарындаштар, қорап, динамиктер, таспа, оқшаулағыш таспа.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Сәлемдесу-сергіту.

Мақсаты: балаларды сергіту, есте сақтау мен зейінді белсендіру, сабаққа және өзара қарым-қатынасқа баулу.

«Күлімсіреу» жаттығуы

Бұл жаттығу басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарының рөлін жақсы көрсетеді. Өйткені, адамның не айтқаны маңызды емес, оның қалай айтқаны маңызды дейді. Кез келген затты жасырып қоямыз. «Ыстық-суық» ойынына ұқсас. Ортаға бір ерікті шақырылады. Ол кабинеттің сыртына шығады. Қалған қатысушылармен бір затты таңдап, сол затты қайда жасыру керектігі талқыланады. Қатысушылардың міндеті – сөйлемей, тек күлімсіреу, қимылдар арқылы, яғни вербалды емес түрде еріктіні сол затқа бағыттау. Күлімсіреу таңдалған бағыттың дұрыс екенін, ал күлмей, еш эмоция көрсетпеу – бағыттың қате екенін білдіреді. Жаттығудан кейін сабақтың тақырыбы жарияланады.

II. Негізгі бөлім

«Қолдау» шағын-жаттығуы

Мақсаты: балаларға жолдастарының қолдауы мен құрметін сезінуге көмектесу.

Оқушыларға бір-біріне қарама-қарсы екі-екіден тұру керек. Тұрғанда бір аяқпен және орнынан жылжымау – ойын шарты. Ұзақ тұру қиын. Оқушыларға бір аяқпен тұру қатты қиын болған кезде, мұғалім бір-біріне қол беруді ұсынады. Балаларға бұл әрекет тұруды жеңілдетуге көмек ретінде жеңіл шешім болып көрінеді.

Ойыннан кейін мұғалім жаттығуды айқындау үшін сұрақтар қояды:

1. Неліктен бір-біріңе қолдарыңды бергенде, тұру оңайырақ болды?
2. Олар көмектескенде не сезіндің?
3. Басқа адамдарға көмектесу маңызды ма?

Таңдау жаттығулары:

Мақсаты: сыныптағы топтық қарым-қатынастардың құндылығын түсіну.

«Бірліктің күші» топтық ойыны Мұғалім оқушыларды топтарға бөліп, әр топтан жұп болып бөлінуді сұрайды. Топтарға әйнек, ойыншық, шахмат фигурасы сияқты ұсақ заттар беріледі. Мұғалім ойын ережелерін түсіндіреді: заттарды тек сұқ саусақтарыңызбен ұстап тұрып, түсіріп алмай бір уақытта отырып тұру керек. Содан кейін сол жаттығуды 5 адам, содан кейін 7 адам орындайды және ары қарай қатысушылар саны арта береді. Келесі кезеңде дәл осы жаттығуды бүкіл сынып орындайды. Мұғалім жаттығуды қол шапалақтаумен аяқтайды.	«Көзімізді жұмып өзеннен өтеміз» жаттығуы Жаттығуды мұғалім алдын-ала дайындайды. Бір-бірінен үш-төрт метр қашықтықта шектеу сызықтары желімделеді. Олардың арасында А4 форматындағы парақтар әртүрлі тәртіпте еденге жабыстырылады. Оқушылардан бірінші-екінші-үшінші болып бөлінуді сұрайды. Әрі қарай оқушылар сызықтардың біріне жақындайды. <i>Нұсқаулық:</i> «Осы сәттен бастап «үш» саны бар қатысушылардың көздері жұмылып, сөйлей алмайды. Барлық қатысушылар А тармағынан В тармағына жету керек. Қазір оқушылар А тармағында. Сызықтар арасында төмпешіктер бар. Оқушылар тек соларды баса алады. Егер біреу төмпешіктен басқа жерді басып қойса, бүкіл сынып А нүктесіне қайта оралып, ойынды қайтадан бастайды. Егер басқа ережелер бұзылса, топ ойынды жаңадан бастайды. Тапсырма бүкіл сынып В нүктесінде болған кезде орындалды деп саналады». <i>Жаттығуды орындаудың басқа шарттары:</i> оқушыларды 2-3 топқа бөлу, әр топтан бір қатысушының көзін байлау, ал қалған топ мүшелері оны мәреге жеткізеді.
<i>Талқылау сұрақтары:</i> Затты ұстап тұруға не көмектесті? Қай кезде жеңіл болды: кіші топта ма, әлде үлкен топта ма? Неліктен топпен келісу маңызды?	<i>Талқылау сұрақтары:</i> Саған біреу кеңес берген кезде өзінді қалай сезіндің? Сенім арту қиын болды ма? Неліктен ұжымда тыңдай білу және сенім арту маңызды?

III. Жобалық қызмет

Жоба бойынша тапсырма

Әр оқушының сыныптасы туралы айтқан пікірін тыңдау.

Мұғалімнің қорытындысы: қандай керемет сабақ болды десеңізші! Сыныптағы әр бала – бір ерекше тұлға!

Келесі сабаққа тапсырма «Менің таңғажайып сыныбым» атты сурет салу. Суреттер көрмесін ұйымдастыру.

IV. Қорытынды

«Мозаика» жаттығуы

Мұғалім А4 қағазына тақырып бойынша сөздерді жазады. Мысалы, «қолдау, кірпі, достық, күн» сияқты. Әрі қарай, мұғалім қайшымен парақты қиып, үлкен немесе кіші бөліктерге бөледі, сонда мозаика шығады. Мұғалім сыныпты 6-7 адамнан тұратын 3-4 топқа бөледі, содан кейін сөздерді оқи алатындай етіп мозаика бөліктерінен А4 қағазын жинауды сұрайды. Мозаиканы қай топ бірінші жинайды, сол топ құралған сөздерді бірінші оқиды. Аяқтағаннан кейін бәрі бір-бірін қошеметтеп, қол шапалақтайды.

Рефлексия

«Түрлі түсті алақан» жаттығуы

Мұғалім оқушыларға алақандарын сабаққа деген көзқарасын көрсететін түспен бояуды және алақан ізін ортақ ватманға қалдыруды ұсынады.

1) Жасыл алақан: «Маған сабақ ұнады, барлығы пайдалы және қызық болды».

2) Сары алақан: «Сабақ қызықты, бірақ күрделірек болды».

3) Қызыл алақан: «Сабақ қиын болды, маған көп нәрсе түсініксіз».

Соңында мұғалім рефлексия бойынша қорытынды жасайды. Қатысушыларға сабаққа белсенді қатысқаны және табысты жұмыс істегені үшін алғыс білдіреді, оқушылардан бір-бірін бағалап, құрметтеуді сұрайды.

1-сынып оқушыларына арналған 3-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Сен және мен – біз доспыз!»

Мақсаты: жағымды қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Позитивті қарым-қатынас және команда құру дағдыларын жетілдіру
2. Сыныптастармен татулықта болу үшін қарым-қатынас және мінез-құлық ережелерін қалыптастыру
3. Бір-бірін түсіну және ести алу қабілетін жақсарту.

Ресурстар: динамиктер, пластилин, түрлі-түсті қағаз, А4 қағазы, түрлі-түсті қарындаштар, газет парақтары, маркерлер, ватман қағазы.

Сабақ барысы

I.Кіріспе

«Мені қайтала» сергіту жаттығуы

Мұғалім балаларға қарапайым сергіту жаттығуын орындауды ұсынады. Әр жолдан кейін мұғалім сәйкес қимылды көрсетеді, ал балалар оны дауыстап қайталап, бірге қозғалады. Жаттығуды бастамас бұрын мұғалім былай айтуы мүмкін: «Қазір біз көңілді жаттығу жасаймыз. Бұл жаттығу біздің сыныпта әр баланың өз ерекшелігі бар екенін, бірақ бәріміз бірге мықты әрі тату екенімізді көрсетеді!»

Рифма мәтіні және әр жолға сәйкес қимылдар:

1. «Сен тез жүгіре аласың» – балалар орнында тұрып, тізелерін жоғары көтеріп жүгіреді.

2. «Мен ән айтқанды жақсы көремін» – микрофонмен ән айтып тұрғандай алақанды ауызға жақындатады.

3. «Бұл сыныпта әркімде бар» – өзіне, көршісіне, сыныптың әр бұрышына қолымен нұсқайды

4. «Мақтанатын, атап өтетін нәрсе не?» – қолдарын маңызды бір нәрсені ұстағандай кеуде тұсына шеңбер етіп ұстайды, содан кейін қол соғады.

Бір рет толық қайталаудан кейін рифманы екінші рет сәл жылдамырақ немесе белсендірек орындауға болады. Мұғалім балаларды қуануға, бүкіл денесімен қатысуға ынталандырады.

Бұл сергіту жаттығуы балалардың сабаққа белсенді қатысуына, сыныппен байланысты сезінуіне және келесі кезеңге жағымды эмоционалды күймен өтуіне көмектеседі.

II.Негізгі бөлім

Шағын әңгіме: «Асан қайғы – жақсылық жерін аңсаған данышпан»

Ертеде қазақ даласында Асан қайғы есімді данышпан өмір сүрген. Елдің тағдыры туралы көп ойлап, болашағына алаңдағандықтан оны жұрт «Асан – қайғы» деп аталған. Асан қайғы тек ойшыл ғана емес, сонымен қатар ақын, философ, би және хандардың кеңесшісі болған.

Асан қайғы шексіз даланы, асқар таулар мен өзен-көлдерді көп аралаған. Ол байлықты да, атақты да іздеген жоқ. Ол ерекше бір мекен, Жерұйықты табуды

армандады. Бұл – бейбітшілік, әділдік пен келісім орнаған жер. Мұнда адамдар тату өмір сүріп, бір-біріне зиян келтірмейді, әр адам өзін қауіпсіз әрі қажет сезінеді. Енді оның арманы үмітке айналды, ал үміт – әрбір жасалған жақсылықта өмір сүреді.

«Мақсатты мекенге саяхат» жаттығуы

Асан қайғы туралы әңгімеден кейін мұғалім балаларға бүгін өздері де саяхатшы болатынын түсіндіреді. Бірақ бұл жол – ерекше жол. Таулар мен далалардың орнына олар станциялар арқылы өтеді, әр станция – шынайы достықтың қалай құрылатынын көрсететін аялдама.

Нұсқаулық:

Сыныпта бағыт аялдамалары алдын ала белгіленеді. Оларды еденге сурет салып, қағазбен төсеп немесе стикерлермен белгілеуге болады. Мұғалім әр станцияның атауы мен тапсырмасы бар екенін түсіндіреді. Оқушылар шеңберге немесе жұптасып қатарға тұрып, бағыт бойынша қозғала бастайды. Әр аялдамада мұғалім қысқаша тапсырманы түсіндіреді.

Саяхат «Жылы сөздер елінен» басталады. Әр бала көршісіне жағымды сөз айтады. Бұл алғыс, мақтау немесе жай ғана жақсы сөйлем болуы мүмкін.

Содан кейін балалар *«Көмек орманына барады»*. Мұнда балалар бір-біріне көмектеседі: құлап кеткен затты көтеру, ишара, күлімсіреу немесе сөз арқылы қолдау көрсету. Қажет болса, көмектесу сценарийлері алдын ала дайындалады.

Келесі аялдама – «Кешірім көпірі». Балалар біраз үнсіз қалады, біреуді ренжіткен немесе өздері ренжіген сәтті еске түсіреді. Содан кейін іштей: *«Мен кешіремін»* немесе *«Мені кешірсе екен»* деп айтады.

Келесі аялдама – «Достық ойындар алаңы». Балалар бірге қысқа көңілді тапсырманы орындайды: допты бір-біріне беру, қол соғу немесе бір-бірінің қимылын қайталау. Содан кейін балалар *«Келісім шыңына»* шығады. Бүкіл сынып иық тірестіріп тұрып, қолдарын жоғары көтеріп: *«Біз біргеміз!»* деп дауыстап айтады. Осылайша олар біртұтас әрі тату ұжым бола алатынын көрсетеді.

Бағыттың соңғы нүктесі – *«Достық елі»*. Мұндағы ватман, стенд немесе үлкен қағазға әр бала өзінің белгісін қалдырады. Ол жапсырма, алақан ізі, шағын сурет немесе аты-жөні болуы мүмкін. Осылайша балалар әрқайсысының маңызды екенін көрсететін ортақ кеңістік жасайды.

Талқылау арналған сұрақтар:

- Ең есте қалған сәт қандай болды?
- Қай аялдамада өзінді жақсы сезіндің?
- Не нәрсе қиын болды?
- Сыныбымыз әрдайым осындай тату болғанын қалайсың ба?

Жаттығудың соңында мұғалім балаларға қатысқандары үшін алғыс айтып, бұл жолды қалай әдемі өткендерін атап өтеді. Ол шынайы достық жылы сөзден, көңіл бөлуден және әрдайым жанында болу сияқты кішкентай қадамдардан басталатынын еске салады.

«Сыныптағы қарым-қатынас ережелері» жаттығуы

Мұғалім ватман қағазына маркерлермен жазу арқылы мектептегі қарым-қатынас пен мінез-құлық ережелерін құрастыруды ұсынады. Соңында, тапсырманы орындағаннан кейін, ватман қағазын сыныпта ілуге болады.

Талқыланатын сұрақтар:

1. Сыныпта тату-тәтті араласу, татулық пен келісімді сақтау үшін не қажет деп ойлайсыңдар?

2. Ынтымақтастық үшін қандай ережелерді сақтау керек?

Ереже мысалдары:

1-ереже. Кезекпен айтайық, бір-біріміздің сөзімізді бөлмейміз.

2-ереже. Сөйлегенде дәрекі сөздерді қолданбаймыз.

3-ереже. Егер бірдеңе түсініксіз болса, қайтадан сұрау керек.

4-ереже.

5-ереже.

III. Жобалық қызмет

Тапсырма: «Менің ғажайып сыныбым» атты сурет көрмесін қарастырыңыздар. «Неліктен өмір сүру қызықты?» деген сұраққа жауап беріңіздер. Суреттерден «Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз маңыздымыз» атты бүктемелі кітапша жасаңыздар. Бұл кітапшаны «Ынтымағымыз жарасса» атты сабақта таныстырыңыздар, суреттерді шағын оқиғалармен толықтырыңыздар.

IV. Қорытынды

«Жанды» флешмоб жаттығуы

Нұсқаулық: Мұғалім балаларға қазір әртүрлі жағдайларды айтып отыратынын түсіндіреді. Егер олар келіссе, көрсетілген қимылды орындайды. Бұл жарыс емес – бұл өздерінің жақсы істеріне қуану. Жаттығу соңында барлығы «Біз біргеміз!» деген ортақ әрекет жасайды: балалар қолдарымен шеңбер жасайды немесе бір-біріне алақандарын тигізеді.

Мысалдар:

1. Бүгін досыңа күлімсіреген болсаң – қол соқ!

2. Егер біреуге көмектескен болсаң – бір рет айнал!

3. Егер жылы сөз айтсаң – бір рет секір!

4. Егер жаңа біреумен ойнаған болсаң – қолыңмен жүрек белгісін көрсет!

5. Егер көңілді болсаң – қолыңмен үлкен шеңбер жаса!

6. Егер біреудің мұңайғанын байқаған болсаң – қолыңды бұлға!

7. Егер сыныпта достық болғанын қаласаң – бір қадам алға бас!

8. Егер ертең де мейірімді болуға дайын болсаң – екі рет қол соқ!

Соңында мұғалім былай дейді: «Ал енді бәріміз: Біз біргеміз!» деп айтайық және бір-бірімізге қол соғайық!

1-сынып оқушыларына арналған 4 -сабақ
Сабақ тақырыбы: «Ынтымағымыз жарасса...»

Мақсаты: білім алушылардың өз сезімдері мен мінез-құлқын білу, құрдастарымен құрмет пен достық қарым-қатынас орнату қабілетін дамыту.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың бір-бірін құрметтеуін, қолдауын күшейту
2. Балалардың келісім, өзара түсіністік туралы түсініктерін кеңейту
3. Өзінің, өзгелердің эмоциясын тану дағдыларын жақсарту.

Ресурстар: А4 қағазы, қаламдар, түрлі-түсті қарындаштар, проектор.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Айнадағы портрет» жаттығуы

Бұл жаттығуға шағын сөмке немесе әдемі қорап және көлемі 6–9 см болатын айна қажет. Айна сөмкенің немесе қораптың ішіне бала ашқанда бірден өз бейнесін көретіндей етіп бекітіледі.

Мұғалім қызықты кіріспемен бастайды: *«Балалар, менің қолымда сыныптағы ең мейірімді, жанашыр және керемет адамның портреті жасырылған! Кәне, кім екенін бірге болжайық»*. Балалар өз болжамдарын айтып, сыныптастарының есімдерін атап, неге сол адам деп ойлайтынын түсіндіреді.

Барлық нұсқалар айтылғаннан кейін мұғалім әр оқушыға кезекпен сөмкеге қарап, «портретті» көруді ұсынады. Балаларға ішіндегі көргенін дауыстап айтпауын ескерту маңызды – бұл қалғандары үшін қызық болады. Барлығы қарап болған соң, әр бала айнадан өз бейнесін көргені белгілі болады.

Сұрақтар:

1. Көрген бейнемен келісесің бе?
2. Кім келіспейді? Неге?
3. Көргенің қандай сезім тудырды?

Егер кейбір балалар күмәнданса, мұғалім жай ғана еске салады: *«Кеше досыңа көмектескенің есінде ме? Бұл мейірімді әрекет емес пе?»* Сондай-ақ: *«Бұл жаттығу сенде қандай сезім тудырды? Өзіңді көргенде не сезіндің?»* - деп сұрауға болады

II. Негізгі бөлім

«Түсіністік зертханасы» жаттығуы

Қажетті құралдар: Алдын ала дайындалған түрлі-түсті көзілдіріктер (мөлдір пленкадан немесе түрлі-түсті қағаздан жасалған), әртүрлі жағдайлар бейнеленген үлестірмелер, идеяларды жазуға арналған мольберт немесе тақта.

Мұғалім қызықты кіріспемен бастайды: *«Балалар, бүгін біз нағыз ғалым боламыз! Біздің зертханамызда сиқырлы көзілдіріктер бар. Олар көзге көрінбейтін нәрсені, яғни басқа адамдардың сезімдерін көруге көмектеседі»*.

Балалар түрлі-түсті көзілдіріктерді қызығушылықпен қарайды. Мұғалім жалғастырады: *«Кәне, құралдарымыздың қалай жұмыс істейтінін тексерейік. Бұл*

әйнектер арқылы біз тек әлемді ғана емес, айналамыздағы адамдардың эмоцияларын, уайымдарын көре аламыз деп елестетіңдер».

Мұғалім бірінші жағдаят жазылған үлестірмені алады: «Алдымыздағы бірінші тапсырма: бір бала портфелін түсіріп алып, барлық дәптерлері шашылып қалды. Біздің көзілдіріктер бұл баланың қандай күйде тұрғанын анықтауға көмектесе ала ма?»

Балалар кезекпен көзілдірікті киіп, өз болжамдарын айтады: «Ол ренжіді», «Оған көмек керек», «Ол ұялып тұр» және т.б. Мұғалім барлық идеяларды тақтаға жазып отырады.

Содан кейін мұғалім практикалық тапсырма береді: «Енді көзілдіріктерімізді шынайы өмірде сынап көрейік. Бұл жағдайда қалай көмектесуге болатынын кім көрсеткісі келеді?»

Балалар көмектесу көрінісін ойнап көрсетеді. Одан кейін мұғалім аралық қорытынды жасайды: «Тамаша! Біздің көзілдіріктер шынымен де жұмыс істейді: сендер сезімді көре алдыңдар және дұрыс шешім таба білдіңдер».

Мұғалім келесі карточкаға өтеді: «Келесі тапсырма қиынырақ: сыныптың бір бұрышында бір қыз жылап отыр. Біздің көзілдіріктер бұл жағдай туралы не айтады?»

Балалар көзілдірікті қайта киіп, жағдайды талдайды: «Ол мұңайып тұр», «Мүмкін, біреу ренжіткен шығар», «Оны жұбату керек» және т.б. Мұғалім жаңа ұсыныстарды тақтаға жазып отырады.

Сұрақтар:

1. Сиқырлы көзілдірік арқылы қандай эмоцияларды «көре» алдыңдар?
2. Басқа адамдардың сезімін байқау неге маңызды?
3. Біреудің мұңайғанын немесе ренжігенін көргенде қалай көмектесуге болады?

Егер кейбір балалар қиналса, мұғалім жай ғана бағыт береді: «Кеше досыңның көңілсіз екенін байқағаның есінде ме? Сол кезде не істедің? Қане, сол тәжірибені қазір қолданайық».

Жаттығудың соңында мұғалім маңызды қорытынды жасайды: «Бүгін біз үлкен жаңалық аштық – сезімді көру үшін арнайы құралдар қажет емес. Тек мұқият әрі мейірімді болу жеткілікті. Сонда жүрек өзі сиқырлы көзілдірікке айналады!»

III. Жобалық қызмет

«Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз маңыздымыз» атты бүктемелі кітапшаның таныстырылымы.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Басқа адамдардың бірегейлігін түсіну неге маңызды?
2. Достықты не нығайтады?

IV. Қорытынды

«Егер мен...» жаттығуы

Нұсқаулық: Мұғалім оқушыларға сөйлемдерді жалғастыруды ұсынады. Бұл жаттығу балалардың эмпатиясын, ойлау қабілетін және ішкі құндылықтарын дамытуға бағытталған.

Сөйлемдердің басы:

- Егер мен сыныптағы жаңа оқушы болсам, ...
- Егер мен біреудің мұңайғанын көрсем, ...
- Егер мен біреудің жалғыз отырғанын көрсем, ...
- Егер мен көмектесудің жолын білсем, ...
- Егер мен нағыз дос болсам, ...

«МЕН + СЕН = БІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 2-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Мейірімділік, сүйіспеншілік, қайырымдылық пен адалдық ақ жүректен шығады.
Шәкәрім Құдайбердіұлы*

2-сынып оқушыларына арналған 1-сабақ

Сабақ тақырыбы: «Менің тату ұжымым және мен сол ұжымның бір мүшесімін»

Мақсаты: тату сынып ұжымын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың адам өміріндегі достықтың маңызы, шынайы досқа тән қасиеттер және достармен қарым-қатынас ережелері туралы түсініктерін кеңейту.
2. Достық қасиеттерді көрсете білу және оларды сыныптастарымен өзара әрекеттесу барысында қолдану дағдыларын дамыту.
3. Қоршаған ортамен қарым-қатынаста сезімталдық пен қамқорлық танытуға ынталандыру.

Сабақ барысы

I. Кіріспе.

«Достық» ұғымын ашу. Достық туралы мақал-мәтелдер.

«Мақал құрастыр» ойыны.

Мұғалім: Мақал-мәтелдердің бөліктерін оқыңдар. Бөліктерді біріктіріп, толық мақал-мәтелдерді оқыңдар.

Таратпа материал: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», «Ағаш тамырымен мықты, Адам досымен мықты» «Достық деген шарайна, сыныдырып алма абайла».

Талқылау

Қорытынды. Достық – адамға берілген сый. Сондықтан әрқайсымыз шынайы достарды бағалап қана қоймай, жақсы дос болуымыз керек.

Достық туралы әңгіме

Екі дос бірнеше күн бойы шөл далада жүріп келе жатты. Бір кезде олар дауласып, сонда біреуі ашуға булығып, екіншісін шапалақпен ұрды. Досы шапалақ жанына батса да, ештеңе айтпады. Ол үндеместен құмға былай деп жазды: «Бүгін менің ең жақсы досым шапалақпен ұрды».

Арада күндер өте берді. Күндердің күнінде олар көлі бар оазиске жетті. Екеуі шомылуға шешім қабылдады. Шапалақ алған дос суға батып кете жаздады, бірақ досы оны құтқарып қалды. Өз-өзіне келген соң, ол тасқа былай деп жазды: «Бүгін менің ең жақсы досым менің өмірімді сақтап қалды».

Сонда бірінші дос: «Мен сені ренжіткенде сен оны құмға жаздың, ал енді тасқа жазып жатырсың. Неліктен?» - деп сұрады.

Досы оған былай деп жауап берді: «Бізді біреу ренжіткен кезде, біз оны құмға жазуымыз керек, сонда жел оны өшіре алады. Бірақ кез келген адам жақсы нәрсе

жасағанда, оны ешкім өшіре алмайтындай етіп тасқа ойып жазуымыз керек. Құмға реніш жазуды және қуанышты тасқа ойып жазуды үйреніңіз».

Сұрақтар:

1. Нағыз дос қандай қасиеттерге ие болуы керек?
2. Ренішті кешіре білу, досыңның сен үшін жасаған жақсылығын есте сақтау керек пе?

3. Досың саған қандай жақсылық жасады?

Нақыл сөзді талқылау, нағыз достың қасиеттері туралы тұжырымдар, ренішті кешіре білу, досыңның сен үшін жасаған барлық жақсылықтарын есте сақтау қажет.

Әрі қарай, оқушыларға жобаның мақсатын анықтау ұсынылады. Жауаптарды тыңдағаннан кейін мақсат тақтаға жазылады. Мысалы, «Достасуды және достықты бағалауды үйрену».

II. Негізгі бөлім

Сыныптағы достармен қарым-қатынастың рөлі туралы

- Отбасынан айырмашылығы – ұжымдағы адамдарды туыстық қатынастар емес, атқаратын жұмыстары біріктіреді. Мысалы, мектепте мұғалімдер, аспаздар, техникалық қызметкерлер, кітапханашы, медбике және басқалар бірге еңбек етеді, ал оқушылар – білім алады.

Сұрақ: Ұжым қандай болуы керек? (*Оқушылардың жауаптары*)

Мұғалім: Ұжым дегеніміз – ортақ жұмыс немесе оқу, ортақ мүдделер немесе көзқарастар арқылы біріктірілген адамдар тобы. Мектеп сыныбы ұжым бола алады. Ұжымға кіретін адамдар – жолдастар.

«Біз ұқсаспыз» ойыны

Ойынның мақсаты: білім алушыларды адамдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды іздеуге ынталандыру.

Ойыншылардың міндеті - сыныптастарымен ұқсастықты табу және осы ұқсастық негізінде оқушыны шеңберге шақыру. Қайталануға болмайды. Мысалы: «Әсел, сен екеуміз бір үйде тұрамыз», «Тимур, сен екеуміздің бойымыз бірдей». Қатысушылар сынып бөлмесі қабырғасының бойына немесе периметрі бойынша орналасады. Мұғалім немесе жүргізуші бөлменің ортасына келіп, оқушыны ұқсастық негізінде шақырады: «Аида, сен екеуміздің есімдеріміз бірдей». Аида шеңберден шығып, сыныптағы келесі оқушыдан ұқсастық іздейді. Ойын барлық қатысушылар шеңберде болғанша жалғасады.

Мұғалім қорытындылайды: «Бізде қаншама ортақ нәрсе бар! Әр адаммен ұқсастық табуға болады. Қазір сендер достасуды үйреніп жатырсыңдар. Ал достық берік болуы үшін, оның заңдарын сақтау керек. Достықтың көптеген заңдары бар. Міне, солардың кейбірі».

Ақпараттық бөлім. Достықтың негізгі заңдары (*Ақпараттық бөлімде оқушыларға төмендегі сілтеме бойынша бақылау-парақтары мен жадынамалар ұсынылады.*

<https://cloud.mail.ru/public/PZWWh/t1btZyGaW/%D0%94%D1%80%D1%83%D0%B6%D0%B5%D0%BB%D1%8E%D0%B1%D0%B8%D0%B5>

Балалар кезек-кезек карталарды шығарып, оқиды.

1. Бәріміз – біріміз үшін, біріміз - бәріміз үшін.

2. Бір-біріңді құрметтеп, бір-біріңе көмектесіңдер.

3. Достарыңмен бірге қуаныңдар.

4. Достарыңды және айналаңдағы адамдарды ренжітпеңдер.

5. Достарыңды қиындықта қалдырмаңдар, оларды ренжітіп алмаңдар, сатқындық жасамаңдар, алдамаңдар, уәделеріңді бұзбаңдар.

6. Достарыңды қорғаңдар, себебі досыңды жоғалту оңай.

7. Ескі дос жаңа достан да жақсы.

«Өркен» БЭАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Достарды қалай табуға болады?» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://youtu.be/jF4LvSz7FhI?si=BV1gLeWy0_6cP3ov

Топтық жұмыс.

Мақсаты: жаңа ақпарат негізінде шағын топтарда шағын зерттеу ұйымдастыру.

Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топ сөз тіркестерін аяқтайды:

1) Мен өз сыныбымды сыйлаймын, себебі.....

2) Менің сыныбымда достарым бар, өйткені;

3) Мен досымды ренжіте алмаймын, себебі.....;

4) Мен әрқашан досымды, себебі.....

Содан кейін жауаптарды мұғалім жинап, араластырады және балаларға қайтадан оқу үшін таратады, талқылау ұйымдастырылады..

III. Жобалық қызмет

Сабақ барысындағы тапсырмалар:

Сұрақ: «Егер біздің сынып өте ұйымшыл болса, бұл неге әсер етеді?».

Мұғалім талқылау жүргізеді, және барлығы бірге жобаның гипотезасын тұжырымдайды.

Мысалы, егер біздің сынып өте ұйымшыл болса, онда бізде оқу үлгерімі жоғары болады, ..., ..., ... және т.б.

Мұғалім: әрқайсысың сыныптастарыңмен достықтың маңызын естен шығармау үшін, ұжымдағы жылы қарым-қатынасты бұзбау үшін, әр адамның әрекетін реттейтін ережелерді жасау қажет.

Оқушылар өз топтарында қалады. Мұғалім жобаның құрылымын көрсетеді (слайд). Жоба 3 топқа арналған 3 тапсырмадан тұрады.

Жобаның мақсаты: әр оқушының сенімді қарым-қатынасы мен эмоционалды тұрақтылығы негізінде балалар ұжымындағы тұлғааралық қатынастарды қалыптастыру.

1-топ. Тату сыныптың ережелерін ойлап табыңдар.

Ойланыңдар: сыныпта бәріне көңілді, қызықты және жайлы болу үшін не істеу керек? Барлығымыз дос болу үшін көмектесетін 3–5 қысқа ереже жазыңдар.

2-топ. Сыныптастармен достық қарым-қатынас жасау туралы ескертпе құрастырыңдар.

Ойланыңдар: достасуға не көмектеседі, ал не ренжітуі мүмкін?

Бірге сөйлесу, ойнау және жұмыс істеу туралы кеңестер жазыңдар.

3-топ. Біздің тату сыныпқа арналған ұран ойлап табыңдар.

Ұран – бұл қысқа әрі көңілді сөз тіркесі, ол біздің қандай екенімізді көрсетеді!

Мысалы: «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!» немесе «Бірге – күшпіз!».

Топтық жұмыс аяқталғаннан кейін нәтижелер презентация түрінде ұсынылады.

Жоба бойынша тапсырма:

1. Ата-аналардан мектептегі достық туралы шағын сұхбат алу.

2. «Сыныптағы достықты қалай нығайтуға болады?» атты журнал жобасын ойластыру.

Нұсқаулық: Альбом парағы екіге бүктеледі. Осылайша 4 беттен тұратын шағын «журнал» пайда болады. 1-бет – мұқаба. Мұнда журналдың атауы жазылады. 2-бет – сыныптың ұраны. Бұл бетке бүкіл сынып бірлесіп ойлап тапқан достыққа арналған ұран жазылады. 3–4-беттер – мазмұн. Бұл беттерге жоба барысында әзірленген материалдар орналастырылады.

IV. Қорытынды.

Сабақ аяқталған соң мұғалім барлық оқушыға мектептегі достықты қадірлеуді, сыныптастарымен достық қарым-қатынасты сақтауды, достарына мұқият әрі мейірімді болуды тілейді.

2-сынып оқушыларына арналған 2-сабақ

Сабақ тақырыбы: « Біздің қызығушылықтарымыз достықты нығайтады»

Мақсаты: бірлескен шығармашылық қызмет процесінде ұжымды біріктіру.

Міндеттері:

1. Білім алушыларға ұжымдық шығармашылық әрекетке деген қажеттілікті сезіндіру

2. Ұжымдық шығармашылық әрекет барысында өзара қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін түсіндіру

3. Бірлескен қызмет барысында ынтымактасуды, достық қолдау көрсетуді үйрету.

Ресурстар: түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, А4 парақтары, қайшы, картон, фломастерлер, тапсырмалар жазылған карточкалар, адамдардың эмоциялары көрсетілген суреттер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Мұғалім: Достық туралы айтқанда, сенім мен құрмет сияқты маңызды ұғымдарды да атап өтпеуге болмайды.

Достық – бұл адамдар арасындағы махаббатқа, сенімге және құрметке негізделген қарым-қатынас. Әдетте достық ортақ қызығушылықтары бар адамдарды байланыстырады.

Досқа ара түсу, көмектесу, сеніп тапсырылған сырды сақтау, оның қателіктерін шынайы айтып, түзетуге көмектесу – мұның бәрі достықтың көрінісі. Өзара қолдау мен жәрдем достықты нығайтады.

II. Негізгі бөлім

Топтық жұмыс.

«Ағаш тамырымен мықты, адам досымен мықты» деген қазақ халқы мақалының мағынасын оқушылар түсіндіруі керек.

Проблемалық жағдаяттарды топта талқылау.

Топтарға келесі жағдайларды талқылау ұсынылады. Олар кейіпкерлерге дұрыс шешім қабылдауға көмектесуі керек. Талқылаудан кейін оқушылар рөлдерге бөліп, жағдайларды сахналайды.

1-жағдаят. Сіздің досыңыз ауырып қалып, сабақтарға қатыса алмады, сондықтан бағалары төмендеп кетті...

2-жағдаят. Сіздің досыңыз байқаусызда доппен терезені сындырып, қашып кетті...

3-жағдаят. Сіздің досыңыз сыныптасыңызбен ренжісіп қалды. Осыдан кейін олар бір-бірімен сөйлеспей кетті...

Әр топ өз жауаптарын ұсынады.

Талқылауға арналған сұрақ:

Сіз қалай ойлайсыз, сыныптағы жолдастық және достық қарым-қатынасты нығайтуға қандай әрекеттер мен іс-қимылдар көмектеседі?

Қорытынды:

Оқуда, еңбекте өзара көмек, қиын жағдайларда қолдау көрсету – достықты нығайтады. Ұсақ-түйекке бола ренжісудің қажеті жоқ, менмендікке салынбау керек. Егер бір нәрсе жақсы шықса, сыныптасына үйрету керек. Үлкен істерде ғана емес, күнделікті міндеттерде де сезімталдық пен қамқорлық таныту қажет.

III. Жобалық жұмыс

Сабақ барысында орындалатын тапсырмалар

Бейнеролик бойынша сұрақтар

Оқушыларды 3 топқа бөліп, әр топқа достық заңдарын қолдана отырып берілген жағдайларды қарастыру және талдау тапсырылады. «Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Досыңа қалай қолдау көрсетуге болады» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://youtu.be/n53fClXvzmw?si=DX_0uE7OUA6SQf80

1-топ. «Сабақтан кейін мектеп ауласының бір бұрышында екі жігіт балаларды күтіп тұр. Екінші сынып оқушыларының тобы шығады.

Бұл көріністен достықтың қандай заңын шығаруға болады? (Досыңа көмек қолын ұсын. Оны қиындықта қалдырма).

2-топ. «Қандай қасиет (кейіпкер қасиеті) достыққа кедергі келтіруі мүмкін?» (*Басқалардың жетістігін көре алмау. Қызғаныш сезімі*). Бұл көріністен қандай заң шығаруға болады? (*Басқалардың жетістіктеріне қуануды үйрену*).

3-топ. «Бірінші сабаққа бес минут қалғанда барлық балалар сыныпта болды. Әсия соңғы болып келді. Оның түрі солғын болды және жылағаннан көзі қызарған.

- Көзің неге жасаурап тұр? – деп, Аида қатты айқайлады.

- Саған не болды, айт! Кім сені ренжітті? Қане, айтшы! – деп Гүлназ орнынан секіріп тұрды.

Сыныптас қыздардың қателігі қандай болды? Бұл жағдайда достықтың қандай заңы маңызды? (*Жұбат, жолдасыңда сәтсіздік болған кезде қолдау көрсете біл, тек оны дұрыс жаса*).

Топтарда жұмыс аяқталғаннан кейін – нәтижелерді таныстыру (презентация).

Мұғалім: Балалар, достықтың ең басты ережесін есте сақтаңдар: әрқашан басқаларға өздеріңе қалай қарым-қатынас жасағанын қаласандар, солай әрекет етіңдер. Әр адамға өзіне құрметпен, мейірімділікпен қараған ұнайды. Сол сияқты сендер де өзгелерге сондай қарым-қатынас жасауларың керек. Құрметке әр адам, кез келген жастағы, лайық.

Құрмет – сыпайылықта, сүйіспеншілікте, мейірімділікте, жылылықта, қамқорлықта және адамдарға көңіл бөлуде көрінеді. Өзара құрмет – адамдар арасындағы жылы қарым-қатынастың басты шарты.

IV. Қорытынды.

Талқылау.

1. Бүгін мені... қызықтырды.

2. Әңгіме тақырыбы мен үшін маңызды болды...

3. Маған бүгінгі топпен жұмыс істеген ұнады...

4. Өткен аптаны еске түсір. Сенің қарым-қатынасың сыныптағы көңіл-күйіңе қалай әсер етті?

5. Сенің қандай әрекеттерің сыныптастарыңмен қарым-қатынасты жақсартты, ал қайсысы қарым-қатынасты қиындатты? Бөліскісі келетіндер бар ма? Сыныпта жағымды қарым-қатынасты сақтау үшін осы аптада не істеуді үйрендің?

Педагогтерге арналған маңызды ескертпелер. Өз оқушыларыңыздың мінез-құлқына өте мұқият болыңыз және оларға келісімдерді орындауға көмектесу керек. Егер оларға жағдаяттарды есте сақтау қиын болса, келісімшарт сақталған немесе бұзылған кездегі сыныптың өмірінен мысалдар болғаны жақсы. Жағдаяттарды талқылауды айыптауға айналдырмаңыз. Мақсаты – балаларға өздерінің әл-ауқаты мен мінез-құлқы үшін жауапкершілікті алуға және басқаруға көмектесу.

Мүмкін, сабақтың бұл кезеңі сізге жоспарланғаннан ұзағырақ уақыт алуы мүмкін - бұл жауапкершілікке келгенде тұрарлық.

Балаларға нақты әрекеттерді атауға көмектесіңіз. Мысалы: дөрекі сөздерден аулақ болу; егер біреу ренжіп тұрса, «Мен саған қалай көмектесе аламын?» деп сұрау; өзгенің орнына өзін қойып, оны түсінуге тырысу; мәселе туралы ересек адамға айту; егер кінәлі болса, кешірім сұрау.

2-сынып оқушыларына арналған 3-сабақ

Сабақ тақырыбы: «Өзге адамдармен сөйлесуді үйрену»

Мақсаты: балалардың қарым-қатынас дағдыларын, өзін және басқаларды түсіну қабілетін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа деген қажеттілікті қалыптастыру.
2. Позитивті қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
3. Әдептілік, адалдық, жанашырлық, мейірімділік, сенім және өзгелердің пікіріне төзімділік сияқты қасиеттердің маңызын түсіндіру.

Ресурстар: ғарыш кеңістігін, «Достастық», «Ашылу», «Таным» планеталарының атауларын бейнелейтін слайдтар, ғарыштық музыка

Сабақ барысы

1. Кіріспе.

Мұғалім: Біз туыстарымызбен, достарымызбен, сыныптастарымызбен сөйлескенде, өзгелерді түсінуді үйренеміз және өзімізді де жақсырақ тани бастаймыз.

Қарым-қатынас бізге мейірімді, ақылды және ұйымшыл адам болуға көмектеседі.

Сөйлесу арқылы біз жаңа нәрселерді білеміз, қуаныш пен уайымымызбен бөлісеміз, достасуды үйренеміз, бір-бірімізді жақсырақ түсінеміз.

Басқалармен жеңіл әрі жақсы қарым-қатынас жасау үшін мынадай қасиеттер маңызды:

Әдепті болу – сыпайы сөйлеу, сөзбен ренжітпеу.

Мысалы: егер досың ренжіп тұрса – күлу емес, қолдау көрсету керек.

Адал болу – әрқашан шындықты айту, себебі достар бір-біріне өтірік айтпайды.

Мейірімді болу – адамдарға ашық әрі жылы қарым-қатынас жасау. Күлімдеп сөйлеу, ашуланбау, дөрекі болмау.

Сенімді болу – саған арқа сүйеуге болатындай болу. Уәденді орында, сөзінде тұр және достарыңды ешқашан алдама.

II. Негізгі бөлім

Ми шабуылы

«Басқа адамдармен қалай жақсы және дұрыс қарым-қатынас жасауға болады?» (Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар өз ойларын айтады. Талқылаудан кейін қорытынды жасауға болады.)

Оқушыларға төмендегі сілтеме бойынша бақылау парағы және жадынама ұсынылады

<https://cloud.mail.ru/public/PZWh/t1btZyGaW/%D0%96%D0%B8%D0%B7%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%B9%D0%BA%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

Мүмкін болатын жауаптар (қажет болса, мұғалім бағыт береді):

Өңгімелесушінің аты-жөнін атап сөйлесу.

Зейін қойып тыңдау, сөзін бөлмеу.

Өңгіме қызықты әрі достық болу үшін қызықты сұрақтар қою.
Сыпайы және мейірімді болу – «өтінемін», «рахмет» деп айту, дөрекі сөйлемей.
Күлімдеу және көзге қарау – бұл қызығушылықты көрсетеді.
Таласпау, егер пікірлер әртүрлі болса – сабырмен талқылау.
Егер досың ренжіп тұрса – қолдау көрсету.

Ақпараттық блок.

Педагог: Өткен сабақта негізгі ережелердің бірі қалыптасты: «Әрқашан өзгелерді өзіндей көр». Бұл ережені орындау оңай ма? Мұны біз «Үшінші планетаның құпиясы» ойыны кезінде білеміз.

III. Жобалық қызмет.

Мақсаты: қарым-қатынас жасауды үйрету:

- 1) сыныптастарының қасиеттерін біріктіретін белгілерді іздеу;
- 2) құрдастарының жағымды қасиеттерін анықтау;
- 3) қиын жағдайға тап болған басқа құрдастың орнына өзін қоя білу.

«Үшінші планетаның құпиясы» ойыны.

Балаларды топқа бөлу. 5-6 адамнан тұратын экипаждар жасақталады. Өзіңнің экипажыңды таңдау үшін қораптан түрлі-түсті қағаз бөлшектерін шығар. Бір түсті бөлшектері бар адамдар бір экипажда болады. Бізде осындай 4 экипаж болады (қызыл, жасыл, көк, сары). Барлық балалар тақтаға шығып, бөлшектерді қағаздан шығарады.

Барлық балалар тақтаға шығады, қағаздан бөлшектерді шығарады, көрсетілген түстермен үстелдерге отырады.

Педагог: Сендер өз командаларыңа жиналдыңдар, бірақ мақсатқа жету үшін барлық экипаж мүшелерімен ортақ тіл табу керек.

1-тапсырма. біздегі ғарыш кемесінің қозғалтқышын іске қосу үшін қораптан шығарылған бөлшектердің квадратын жинау керек.

Балалар квадраттарды жинайды. (Сынып жетекшісі кестелерді айналып өтіп, нәтижелерді тексереді).

Педагог: міне, барлық қозғалтқыштар іске қосылды және біздің ғарыш кемелеріміз ғаламның кеңістігін шарлап жүр. Назар аударыңдар, біздің алғашқы планетамыз «Достастық» (*Слайд «Планета»*).

2-тапсырма: барлық топ мүшелеріне ортақ нәрсені табыңыз.

Мұғалім: Әр үстелде бір парақ қағаз жатыр – бұл сіздердің достық командаңыздың жол парағы! Сіздер – бір кеменің экипажысыздар. Бірге ұшу үшін, сіздерді не біріктіретінін білу керек!

Ойланып көріңдер де, сендерді біріктіретін нәрселерді жазыңыздар.

- 1) Сырт келбетіңіз қандай? (көз түсі, шаш түсі, бойы...)
- 2) Мінезіңіз қандай? (көңілді, мейірімді, сабырлы...)
- 3) Сізге не қызық? (ойындар, кітаптар, мультфильмдер...)
- 4) Нені жақсы жасай аласыз? (сурет салу, ән айту, жылдам жүгіру...)
- 5) Нені жақсы көресіз? (жемістер, гүлдер, жануарлар...)

Параққа командадағы барлық (немесе көпшілігіне) сай келетін 5–7 белгіні жазыңыздар. Парақты суреттермен әсемдеуге болады.

Педагог: Ал, балалар, қандай экипаж өз мүшелерін біріктіретін 5 белгі таба алмады? Ондайлар жоқ па? Ал кім 5-тен көп ортақ белгі тапты? (*Балалар қолдарын көтеріп, жауап береді.*) Жауаптар барысында қай экипажда ең көп ортақ белгі бар екені анықталады.

Жазғандарыңызды оқып беріңіздер. Экипаж мүшелері арасында ортақ нәрселер неғұрлым көп болса, олардың жұмысы соғұрлым табысты болады. Ондай топтарға күрделі, жауапты тапсырмалар жүктеуге болады. Біздің сыныптағы барлық экипаждар сынақтан өтті, енді саяхатымыз жалғасады!

Жаңалықтар планетасы (слайд «Жұлдызды аспан»)

3-тапсырма: Бұл планетаға аяқ басу үшін жаңалық ашу керек. Басқа адамдар үшін жақсы нәрсе ашу керек. Карточкада нағыз достықтың қасиеттері жазылған.

Үлестірмелі материалмен жұмыс. Балалар нағыз досының анықтамалары бар карталарды алады.

Мұғалім: Бұл планетада нағыз дос қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Бірге ойланайық.

Адамды нағыз дос ететін не? Жауапты таңдаңыз.

1. Нағыз дос – ешқашан досын алдамайтын адам.
2. Нағыз дос – бұл досымен бар нәрсені бөлісуге өкінбейтін адам.
3. Нағыз дос – бұл досының қайғысына немесе сәтсіздігіне күлмейтін адам.
4. Нағыз дос – әрдайым қызықты, ешқашан жалықтырмайтын жан.
5. Нағыз дос – қорлаушыдан қорғауға тырысатын адам.

Енді бірге көрейік!

Әр сөйлемді қайта оқыңыздар, бірақ «нағыз дос» деген сөздің орнына «Мен» деген сөзді қойыңыздар.

Ойланып көріңіздер де жауап беріңіздер:

1. Сізде қандай жақсы қасиеттер бар?
2. Қандай қасиеттерді дамытқыңыз келеді?
3. Ал қандай қасиеттерді түзету керек деп ойлайсыз?

Қорытынды: Әр адамның бойында жақсы да, онша жақсы емес те қасиеттер болады. Бірақ егер біз жақсара түсуге, мейірімді, адал, қамқор болуға тырыссақ – онда сыныпта, отбасында және бүкіл планетамызда достық пен қуаныш көбірек болады!

Біз жұмбақ «Таным» планетасына жақындап келеміз.

4-тапсырма: өзіңді басқа адамның орнына қойып, оның сезімдерін түсінуге тырысу.

Бұл планетада біз бір кездері осында болған оқушының күнделігін таптық (*Слайд*). Бірақ бұл күнделіктегі жеке тіркестер уақыт өте жойылды. Біз сөз тіркестерін қалпына келтіруіміз керек, содан кейін біз бұл планетаның құпиясын ашатын шығармыз. Дұрыс жауаптармен біз жерге қайта орала аламыз. Осы сөз тіркестерінің үзінділерін тыңдап, олардың аяқталуын болжауға тырысыңдар.

Бірінші экипаж: «Ауладағы балалар бір баланы мазақ еткені туралы кітаптан оқыдым. Сол сәтте мен өзімді... сезіндім».

Бұрын осында болған оқушы өзін қалай сезінді?

Болжамды жауаптар:

1. Мен сол сәтте жаным ауырып, ыңғайсыз сезімде болдым..

2. Мен де барлығымен бірге күлдім....

Екінші экипаж: «Сыныпқа жаңадан келген оқушыны мазақ етіп, сөмкесін жасыратыны менің есімде. Мен ... сезіндім» Нені?

Болжамды жауаптар:

1. Мен реніш сезіндім – оның айналасында осындай мейірімсіз сыныптастар болғанына.

2. Маған басқалардың күлгенін бақылау қызық болды.

Үшінші экипаж: «Үзіліс кезінде мені біреу аяқтан шалды, мен құлап қалдым. Маған бәрі күлді... Мен ... сезіндім».

Болжамды жауаптар :

1. Мен ұялу мен қиянат жасау жанымға батқанын сезіндім, балалардың қатты күлгенінен жылағым келді.

2. Мен жүгіріп барып, баланы тұрғызуға көмектестім.

Төртінші экипаж: «Мен ережені жаттауды ұмытып кетіп, тақтаның алдында тұрған кезде сыныптағы барлық балалар маған күлді... Осы сәтте ... мен сезіндім».

Болжамды жауап:

1. Маған бәрі күліп тұрғанына ренжідім...

2. Жауап беруге көмектесу керек...

Мұғалім: менің ойымша, сендер бұл өшірілген сөз тіркестерінің мағынасын болжай алдыңдар. Біз бұл планетада көп тұрып қалдық және үйге қайтатын кез келді. Бірақ қайтып оралу үшін сендер осы планетаның құпиясын ашуларың керек. Сонымен, *соңғы тапсырма* – неге бұл планета «Ашылу» деп аталатынына жауап беру.

Болжамды жауаптары:

1. Бұл планетада адам басқа адамның сезімін біледі және осылайша онымен бірге туындаған жағдайларды бастан кешіруге тырысады.

2. «Таным» планетасы бізге қарым-қатынас ережелерін еске салды: сен басқалардың өзіңмен қандай әрекет жасағанын қаласаң, сен де басқалармен солай әрекет етуің керек.

Міне, біз үшінші планетаның құпиясын шештік және Жерге қайта оралатын кез келді. Біз мұнда ешкімді қалдырмас үшін, орнымыздан тұрып, бәріміздің қолымызды алуымыз керек. (*Балалар орындарынан тұрып, қол ұстасып, тізбекті жабады.*)

IV. Қорытынды

Педагог: Міне, біз Жер планетасына келдік. Саяхатымыз сендерге ұнады ма? Естерінде не қалды?

Педагог шеңберде тұрған балаларға жұмсақ ойыншық береді және оны мұқият қарауды (түрту, иіскеу, сипау), содан кейін қасиеттерді (ақ мамық, жұмсақ, сүйкімді және т. б.) сүйіспеншілікпен атауды ұсынады. Содан кейін сыпайылық ережелерін сақтай отырып, оны көршісіне ақырын, абайлап береді: ойыншықты

жолдасының көзіне қарап, мейіріммен атын атап, мысалы, «Әселжан, өтінемін, алшы. Рақмет», – деп, тікелей қолына береді.

Тапсырма.

1. Күнделікті қарым-қатынаста мына басты ережені ұстан: «Әрқашан басқалардың өзіңмен қалай әрекет еткенін қаласаң, өзің де басқаларға солай істе!»

2. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топ төменде берілген тұжырымдарға сүйене отырып, шағын оқиға құрастырады. Бұл оқиғалар жобалық журналдың «Біздің шығармашылығымыз» атты айдарына енгізіледі.

1-топ. Жолдасыңа көмек қолын ұсын. Оны қиындыққа қалдырма.

2-топ. Басқаның жетістіктеріне қуана біл.

3-топ. Жолдасың сәтсіздікке тап болса, жұбатып, қолдау көрсет, тек оны дұрыс жаса.

4-топ. Досыңды ешқашан алдама.

Мұғалім оқушыларға келесі қорытынды сабаққа арналған журнал үшін «Сыныпта достықты қалай нығайтуға болады» тақырыбында суреттер салуды ұсынады.

Мұғалім балалармен бірге саяхаттың нәтижелерін талқылайды: не үйренгендерін, ненің қызықты әрі маңызды болғанын анықтайды.

Балалар өз әсерлерімен бөлісіп, жақсы дос болуға және жағымды қарым-қатынас орнатуға көмектесетін қасиеттерді атап өтеді.

Одан кейін жұмсақ ойыншықпен жаттығу өткізіледі: ойыншықты шеңбер бойымен бір-біріне беру барысында оқушылар жылы сөздер айтып, бір-біріне ілтипатпен, құрметпен және мейіріммен қарауды үйренеді.

Соңында мұғалім баса назар аударады:

«Қарым-қатынас бізге достықта, қамқорлықта және бір-бірімізге зейінді болуға көмектеседі. Әрқайсымыз адал, ізгі ниетті және қайырымды болсақ, сыныпта әрқашан достық пен түсіністік орнайды».

2-сынып оқушыларына арналған 4-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Жақсылықты бірге жасайық»

Мақсаты: оқушыларды жолдастық, өзара көмек, жақсы істер жасауға, шығармашылық белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Оқушыларды қарым-қатынас пен бірлескен жұмыс барысында серіктеріне эмоционалды қолдау көрсетуге ынталандыру.
2. Тиімді коммуникация негіздерін түсінудіру.
3. Қарым-қатынас пен ынтымақтастық орнату дағдыларын дамыту.

Ресурстар: Түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, А4 парақтары, қайшы, картон, маркерлер, ертегі кейіпкерлері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Педагог: – Балалар, бүгін мен сендерге бір қызықты оқиғаны айтып бергім келеді. Бір елде сиқырлы таразы болған екен. Ол әрдайым теңдікте тұратын, себебі сол елдің тұрғындары тек жақсы, мейірімді істер жасайтын. Бірақ бір күні бұл елге Зұлым-Тікенек келіп, сиқырлы таразының теңдігін бұзды. Оны жеңудің жалғыз жолы – жақсы істер жасау еді.

Ал енді, өздерің жасаған жақсы істер туралы айтып беріңдер де, жақсылық тамшысын таразыға салыңдар. Қалай ойлайсыңдар, қай жаққа таразы ауып кетеді?

Жылыну жаттығуы: «Ертегі достары» викторинасы

Енді ертегілерді еске түсірейік – онда кейіпкерлер дос болып, бір-біріне көмектесіп, бірге жамандықты жеңеді! Сендерге ертегі туралы сұрақтар қойылады. Дұрыс суретті тауып, оны тақтаға жабыстырыңдар. Нағыз ертегі достары сияқты бірге ойланыңдар!

Викторина сұрағы:

1. Қай қазақ халық ертегісінде қыз бен мысық дос болып, бір-біріне көмектеседі?

Бағыт беру: Мысық қыздан көмек сұрайды, қыз да мысықтан көмек сұрайды. Олар бірігіп көп нәрсені түсінеді.

Жауап: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

2. Үй жануарлары – бұзау, қозы және лақтың достығы туралы ертегі қалай аталады?

Жауабы: «Үш дос»

3. Қай ертегіде кейіпкерлер зұлымдықты күшпен емес, ақылмен, мейірімділікпен және достықпен жеңеді?

Кеңес: бұл ертегі кез-келген қиындықты бірге жеңуге болатындығын үйретеді.

Жауабы: «Аламан-Жоламан»

Мұғалім балалардың жауаптарын қорытындылай отырып, келесі сұрақтарды қояды:

1. Қай кейіпкерлер сізге көбірек ұнады?

2. Олар несімен ұқсас?

3. Неліктен достасу және бір-біріне көмектесу маңызды?

III. Жобалық жұмыс

Жоба нәтижесі бойынша «Сыныптағы достықты қалай нығайтуға болады?» атты журналды таныстыру

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Журнал жасау сізге ұнады ма?

2. Жұмыстарыңыздың нәтижесін қалай бағалайсыз?

3. Жобаны орындау барысында өзіңізді қалай сезіндіңіз?

4. Топпен жұмыс жасау сізге көмектесті ме, әлде кедергі болды ма?

5. Жұмыс барысында достық туралы қандай жаңа нәрселерді білдіңіз?

6. Журналға достықтың қандай жаңа ережелерін қосар едіңіз?

IV. Қорытынды

Педагог: Мен әрқайсыңызға адал, шынайы дос табуды тілеймін, достықты қадірлей білуді үйреніңіздер. Алда сіздерді көптеген жақсы істер күтіп тұр. Бірақ ең алдымен өз еліңіздің нағыз азаматы болып өсуіңіз керек. Бұл дегеніміз – батыл, қайырымды, сыпайы, мейірімді, еңбекқор болу. Жақсылық жасау, игі істерге ұмтылу – бұл керемет! Өмірде сіздер жақсылық жолымен жүрулеріңіз керек.

Жақсылық жасауға асығыңыздар! Адамдарға күн сайын пайда келтіруге тырысыңыздар! Бұл – достықтың басты шарты!

«ӨРҚАЙСЫМЫЗ БІРЕГЕЙМІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 3-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.
Қазақтың халық мақалы*

3-сынып білім алушыларына арналған 1-сабақ

Сабақ тақырыбы: «Мен өзгелерге ұқсамаймын»

Мақсаты: балалардың өзіне деген сенімділігін арттырып, өзінің маңыздылығы мен ешкімге ұқсамайтынын түсіндіру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың өзіндік даралығын дамытуға деген құлшынысын арттыру;
2. Оқушылардың бірегейлігі туралы түсінігін кеңейту;
3. Өзін-өзі позитивті бағалау мен сенімді мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Ресурстар: доп, А4 парақтары, қарындаштар, көңілді, бейтарап және ренжулі күлегеш бейнеленген үлестірімелер.

Сабақ барысы

1. Кіріспе

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Жобаның тақырыбын хабарлау.

Сәлемдесу жаттығуы «Күшті жақтар»

Міндеті: ұялшақтықты жеңуді үйрену, өзінің жағымды қасиеттерін білу, өзін-өзі бағалауды арттыру.

Нұсқау: білім алушыларға бір-бірімен амандасып, қайталамауға тырысып, өзіне сенімді адамның қасиеттерін анықтау ұсынылады.

«Менің досымның қадір-қасиеті» жаттығуы

Мақсаты: сыныпта жағымды көңіл-күй мен эмоционалды ахуал қалыптастыру.

Нұсқау: Мұғалім ойынның шартын түсіндіреді: Допты бір-біріне кезек-кезек лақтыра отырып, оқушылар доп ұшқан қатысушының қасиеттерін, күшті жақтарын айтады. Доптың барлық оқушыға жететініне назар аудару керек.

Мұғалім оқушыларды күн сайын таңертең өздерінің күшті және жақсы жақтарын еске түсіруге кеңес береді.

II. Негізгі бөлім

«Өркен» БӘАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Достарды қалай табуға болады» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: <https://youtu.be/jF4LvSz7FhI?si=pTKD5WUZc5hehP8M>
Сұрақтар:

1. Адам үшін достың маңызы қандай?
2. Достық қарым-қатынас орнатуға қандай қасиеттер көмектеседі?
3. Дос іздеу барысында қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін?

Мұғалім оқушылардан сұраққа жауап беруін сұрайды: *Бірегейлік дегеніміз нені білдіреді? (Оқушылардың жауаптары).*

Ақпараттық материал

Бірегейлік – бұл қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын, сирек, ерекше дегенді білдіреді. Әр адамның дүниеге көзқарасы, өз білімі мен тәжірибесі бар. Және бұл қалыпты жағдай, өйткені әрқайсымыз бірегейміз және өз ерекшеліктеріміз бар. Бірақ бұл біз бәрін біле аламыз дегенді білдірмейді. Біздің міндетіміз – үйрену, дамыту, ой-өрісімізді кеңейту. Өйткені біз тек осылай ғана жақсырақ және ақылды бола аламыз.

«Автопортрет» жаттығуы

Мақсаты: балалардың өзін өзі талдауға деген қызығушылығы мен қажеттілігін өзектендіру.

Нұсқау: 5 минут ішінде әрбір оқушы өзіне 5-6 белгіден тұратын сипаттама жазу керек. Бұл сипаттамада оқушыны бірден тануға болатын сыртқы белгілер болмауы керек. Мысалы: «Маған айналамдағы барлық нәрсенің ұқыпты түрде бүктелгені ұнайды. Мен күннің шыққанын көргенді ұнатамын». Бұл мінездің сипаттамасы, адамның сүйіспеншілігі, дүниеге көзқарасы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы және т.б. болуы керек.

Мінездемелерді жазып болған соң оқушылар мұғалімге тапсырады. Парақтарды араластырғаннан кейін мұғалім автопортреттерді оқиды. Оқушылар сипаттама бойынша мәтіннің авторын анықтауға тырысады. Балалар белгілі бір оқушының портретіне түзетулер енгізуге, мысалы, оның мінезінің ерекшеліктерін сипаттауға қосымшалар енгізуіне болады.

Педагогке ұсыныс: жұмысты музыкалық сүйемелдеу фоннда жүргізген дұрыс.

«Қаһармандар – олар...» жаттығуы

Мақсаты: балаларға кімді және неге қаһарман деп атайтынын түсінуге көмектесу.

Нұсқау: Оқушылар суперқаһармандарды, ежелгі грек батырларын, ертегілердің, фильмдердің, мультфильмдердің кейіпкерлерін еске түсіреді.

Сыныпта адамдардың неліктен біреуді батыр (қаһарман) деп санайтыны талқыланады, балалар батыл әрекет ету және тәуекелге бару таланты мен батылдығы туралы, қиын уақытта басқаларға көмектесуге дайын болу туралы ойлайды.

Талқылау барысында балалардың ойын тақырыбына қызығушылығы артады. Мұғалім балалардың қандай қаһармандар естерінде қалғанына, олардың қай тұстарын ерлік деп атап көрсеткеніне назар аударып, олардың нұсқаларын тақтаға жазады. Оқушылар барлық аталған кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсінеді. Балаларға өздері болғысы келетін кейіпкерлерді таңдап, олардың суретін салу ұсынылады.

«Ертегі терапиясы» жаттығуы

Нұсқау: Мұғалім ертегі туралы айтып, «Толағай» ертегісін айтып береді. Балалар бірінен соң бірі өздері суреттеген кейіпкер туралы бірінші жақта әңгімелеуге тырысады.

Kіріспе: «Баяғыда Толағай деген өмір сүрді. Ол ешкімге ұқсамайтын ерекше бала болды. Халық шөлден, судан қиналған кезде ол тауды бұлтымен көтеріп келіп, еліне көмектеседі...».

Келесі кезекте балалар ертегінің сюжетін жалғастырады.

III. Жобалық қызмет

Мұғалім оқушылармен алған білімдері мен дағдыларын қайда және қалай қолдануға болатынын талқылайды.

Оқушыларға алған білімдерін қолдану және сенімді мінез-құлық дағдыларын жаттықтыру үшін оларға келесі жобалық әрекеттер ұсынылады:

1. Күнде таңертең үйден шықпас бұрын айнаның алдында тұрып, күлімдеп, нақты бір нәрсе үшін өзінді мақта. Бұл әдісті пайдаланған кезде және қолданбаған кезде күні бойы өзінді қалай сезінетінің туралы эксперимент жаса.

2. Сынып картасын дайындау қажет, оған әр оқушы А4 қағазына салынған өзінің ертегі кейіпкері ретінде бейнеленген суретін қыстырады. Оқушылар бұл суретте өз кейіпкерінің ерекше белгілері мен костюмін бейнелеп, презентация мәтінін алдын ала дайындауы керек.

Сынып картасын жасау үшін ватман қағазының бірнеше парағын біріктіріп желімдеуге болады. Мұғалім картаны мозаика түрінде жасауға кеңес береді. Жобаны орындау кезінде сызбаларды жылжыту оңайырақ болатындай етіп, оларды таспамен бекіту ұсынылады.

IV. Қорытынды

Жүргізуші оқушыларға тақтада үш смайлик бейнеленген карточкаларды көрсетеді: қуанышты, бейтарап және қайғылы. Оқушылардың көңіл-күйлеріне сәйкес келетін нұсқаны таңдау ұсынылады.

3-сынып білім алушыларына арналған 2-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Біздің күшіміз – бірегейлікте»

Мақсаты: оқушылар арасындағы айырмашылықтарды қабылдауға жағдай жасау.

Міндеттер:

1. Өзінің бірегейлігін және басқа балалармен ортақтығын дамыту.
2. Өзара айырмашылықтарды сыныптың ортақ байлығы ретінде қабылдау.
3. Әр қатысушының күшті жақтарын ескере отырып, оны ортақ іске қатыстырудағы орнын анықтау.

Ресурстар: үлестірмелі материалдар, А5 парақтары, сурет салу құралдары.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Мұғалім оқушылармен амандасады.

«Сөзсіз сәлемдесу» жаттығуы

Сынып 2-3 адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Әр топ сыныппен ауызша немесе ишарамен сәлемдесуі керек. Бұл қол бұлғау, бас изеу, реверанс жасау және т.б. сияқты сәлемдесу болуы мүмкін. Қатысушылардың қалған бөлігі басқа топтың сәлемін алады (бас изейді және т.б.).

Топтарға ойлану үшін бір минут уақыт беріледі, олар кезекпен сыныптастарымен амандасады.

Мұғалім үшін бұл жаттығудың қосымша диагностикалық мәні болуы мүмкін. Топ мүшелерінің қайсысы байланыс орнатқан? Кім сәлемдескісі келмеді? Ең тапқыр кім болды және т.б.?

Ұсыныс: Мұғалімнің қалауы бойынша басқа да сәлемдесулер қосылуы мүмкін.

«Соншалық әртүрлі және өте ұқсас!» сергіту жаттығуы

Нұсқау: Бұл ойынды ойнау үшін барлық балалар еркін қозғалатын кеңістік қажет. Бұл тақтадағы немесе артқы партаның артындағы кеңістік (екі орынды бір уақытта пайдалануға болады) немесе мектептегі демалыс орны болуы мүмкін. Ойын басталмас бұрын педагог балаларды кез келген ретпен тұруға шақырады, ал өзі ортада тұрады.

Ойынның басында мұғалім ұлдардан оң жағына, қыздардан сол жағына тұруын сұрайды. (Балалар екі топ болып қозғалады.)

Мұғалім балаларды әр топтағы әдет бойынша өз топтарында бір-бірімен амандасуға шақырады: «Ұлдар қалай амандасады? Қыздар қалай амандасады?» Сосын басқа топқа: «Сәлеметсіңдер ме, қыздар!», «Сәлеметсіңдер ме, ұлдар!» деп амандасуды ұсынады.

Мұғалім келесі тапсырманы ұсынады: мысықтарды көбірек жақсы көретіндер оң жағында, ал иттерді жақсы көретіндер мұғалімнің сол жағында тұруы керек. Қайтадан топ ішінде кез келген жолмен амандасады.

Ойын схема бойынша тағы 4-6 айналымға жалғасады.

Сұрақтар үлгісі.

1. Маған әдебиет сабағы көбірек ұнайды / Маған дүниетану сабағы көбірек

ұнайды.

2. Туған күн жұп/тақ күнге сәйкес келеді.
3. Олар велосипед тепкенді ұнатады / олар скутермен жүргенді ұнатады.
4. Алманы жақсы көреді / алмұртты жақсы көреді.
5. Олар жақсы билей алады / олар жақсырақ ән айта алады.
6. Олар мультфильм көргенді көбірек ұнатады / олар фильм көргенді көбірек ұнатады.
7. Олар спортпен айналысқанды ұнатады/шығармашылық қызметпен айналысқанды ұнатады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Сыныптастарың туралы жаңа ақпарат білдіңдер ме?
2. Қалай ойлайсыңдар, сендерде айырмашылықтар көп пе әлде ұқсастықтар көп пе?

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық материал

Біз әртүрлі болғанымызға қарамастан, бізді біріктіретін көптеген нәрселер бар. Бізді не біріктіреді деп ойлайсыңдар? (*Оқу, бәріміз I-сыныпқа оқуға келдік, қазір 3-сыныптамыз*).

Педагогке шағын зерттеу жүргізіп, сынып портретін жасау ұсынылады. Ол үшін барлық оқушылардың жасын зерттеп, қанша қоңыр, сұр, көк, жасыл және басқа көз түстері, балаларда үй жануарлары және т.б. бар екенін санап, жалпы санын шығару ұсынылады.

Педагог: Әлемде бәрі бірдей болғанда, ол қызықсыз болар еді, ал бәрі әртүрлі болғанда, тым күрделі болар еді. Айырмашылықтар бізді байытады, ал ұқсастықтар бір-бірімізді түсінуге көмектеседі.

«Бұл біздің сынып!» ойыны

Нұсқау: Мұғалім фактілерді атайды: егер бұл факті бүкіл сыныптың балаларына сәйкес келсе, онда барлығы бірауыздан: «Бұл біздің сынып!» дейді. Егер фактілер екіұшты болса, балалар: «Біздің кейбіреулеріміз ғана» – дейді.

- 1) Ұлдары футбол ойнағанды ұнататын сынып?
- 2) Мектептегі іс-шараларға белсене қатысатын сынып?
- 3) Мектептегі бұрымды қыздары бар сынып?
- 4) Мультфильмдерді жақсы көретін қай сынып?
- 5) Маған қарап тұрған кім?
- 6) Кімдер үшінші сынып оқушылары?

Нұсқау: әр бала бір А5 парағын алады. Мұғалім оқушыларға қандай ағаштар бар екенін есте сақтауды ұсынады. Қатысушылардың бірі ағаштың ерекше белгісін атайды, ал қалғандары қай ағаш туралы айтып жатқанын болжайды. Дұрыс жауап берген оқушы басқа ағаштың ерекше белгісін атайды. Мысалы, «Менің ойыма жапырағы алақанға ұқсайтын ағаш келді». (*Үйеңкі*.)

Ойынның келесі кезеңі: оқушылар өздерінің ағаш жапырағына айналғанын елестетіп, суретін салады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім балаларды салған суреттерін сынып ішінде орналастыруға шақырады.

Мұғалім: «Қараңдаршы, біз қандай керемет саябақ жасадық. Онда әртүрлі ағаштар бар. Осындай саябақта серуендеуді қалайсындар ма? Мұны дәл қазір жасай аласындар. Сендер ағаштан ағашқа қарай барып, әрқайсысына мұқият қарап, сыныптастарыңды болжауға тырысындар. Сендер тіпті кез келген ағаштың жанында отыра аласындар. Мұнда барлығына орын бар».

«Қызығушылықтар тізбегін бастаймыз» жаттығуы

Нұсқау: Ойынды бастау үшін жүргізуші таңдалады. Оның міндеті – партада бірге отыратын көршісімен ортақ қызығушылықты табу.

Қызығушылық байқала салысымен балалар қол ұстасып, жаттығудың соңына дейін қолдарын ашпайды. Әрі қарай, оның көршісі артындағы көршімен ортақ мүддені іздейді және қызығушылық табылған кезде қол ұстасады. Осылайша, сыныптағы барлық балалар қол ұстасып, тізбек құрайды. Сонда оқушылар бүкіл сыныптың қалай біріккенін, қандай мүдделер арқылы біріккенін еске түсіріп, дауыстап айтады.

III. Жобалық қызмет

«Сиқырлы саябақ» ойынының суреттерін сынып картасына пайдалануға болады, сондықтан балалар өз жұмыстарына аты-жөндерін жазғаны жөн, келесі сабаққа дейін картаға ағаштың суретін жапырақтарымен бірге салады.

Мұғалім қатысушыларды келесі сабаққа дейін «Ең жақсы» жаттығуын орындауға шақырады.

Нұсқау: Үйде балалар жақындарымен бірге отбасының әр мүшесінің мінез-құлық ерекшеліктерін тауып, суретін салып, ерекше қасиеттерін жазуы керек.

IV. Қорытынды

«Мен қуаныштымын... Маған ұнайды...» жаттығуы

Нұсқау: Мұғалім балаларды сөз тіркестерін аяқтауға шақырады: «Мен басқалар сияқты ... екеніме қуанамын. Маған ... басқалардан ерекшеленетінім ұнайды».

3-сынып білім алушыларына арналған 3-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Біз бір шаңырақ астындамыз»

Мақсат: Өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыру, әртүрлілікті қабылдауға ықпал ету.

Міндеттер:

1. Әрбір оқушының өзіндік бірегейлігі мен өзгелердің бірегейлігі туралы түсінігін кеңейту.

2. Оқушылардың сыныптастарымен достық қарым-қатынасты сақтауға деген ұмтылысын дамыту.

3. Қарым-қатынас барысында сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыруға қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Ресурстар: ақ-қара доптар, ватман парақтары, А6 парақтары, сурет салу құралдары, скотч, бояу, маркерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Мұғалім сыныппен амандасады.

«Менің болашағым» сәлемдесуі.

Нұсқау: Жүргізуші қатысушыларды топпен сәлемдесіп, болашақта кім болғысы келетінін айтуға шақырады.

«Қосу алу» сергіту жаттығуы

Нұсқау: Қатысушылар шеңберге тұрады. Екі түрлі доп алынады (қара, ақ). Қатысушылар ақ допты лақтыра отырып, адамның кез келген жағымды қасиетін, қара допты лақтырғанда жағымсыз қасиетін атайды.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық материал

Үш жыл біргеміз, бәрімізді достық біріктіреді.

Достық деген не?

Достық деген сондай мейірімді, сондай жағымды сөз. Ондағы әрбір әріп іштей жарқырап, бізге: татулық пен келісімде өмір сүрейік деп тұрғандай. Ал сендер мұны өздерің көре аласыңдар. Осы сөздің әрбір әрпі үшін «тату» сөздерді ойлап табуға тырысыңдар.

Д – даналық

О – ортақ

С – сүйіспеншілік, сана

Т – талант

Ы – ықылас

Қ – қуаныш, құрметтеу

«... ал сен ...» жаттығуы

Нұсқау: Қатысушылардың әрқайсысы өз парағына қол қояды және оған өзінің бір кемшілігін жазады, содан кейін өз парағын басқа қатысушыларға береді. Олар оның парағына «... бірақ сен...» деп бұл адамның қандай да бір жағымды

қасиетін жазады: кез келген нәрсе (сенің көздерің өте әдемі, сен әңгімені жақсы айтасың).

Тапсырманың соңында әр қатысушыға өз парағы қайтарылады.

Қатысушылардың қалауы бойынша парақтар оқылады.

«Хабарлама жеткізу» жаттығуы

Нұсқау: Топ екіге бөлінеді (топта қатысушылардың саны тақ болса, жаттығуға мұғалім де қатысады), екі қатар құрап, бір-біріне қарама-қарсы отырады.

Оқушылардың барлығы автобуста келе жатқанын елестетеді: бір топ бір автобуста, екіншісі басқа автобуста жүреді. Автобустар кептеліске тоқтады. Бірінші қатардағы әрбір оқушы өзін терезенің жанында отырғанын елестетеді және басқа автобуста қарама-қарсы оның досы да терезенің жанында отырғанын көреді. Оқушылар маңызды ақпаратты «таныстарына» шұғыл түрде жеткізуі керек. Бірақ мұны тек үнсіз, сөзсіз, ым-ишарамен жасайды. Уақыт көп емес. Ақпарат алушы досының не айтып жатқанын түсінуге тырысуы керек.

Мұғалім әрбір қатысушыға жеткізуге қажетті хабарлама мәтінін алдын ала дайындай алады.

Жаттығудың алғашқы кезеңінде мұғалім бірінші топты ақпаратты жіберуші, ал екінші топты хабарламаны қабылдаушы болуға шақырады.

Ақпарат берілгеннен кейін, екінші топ мүшесі түсінгенін айтады. Осыдан кейін хабарлама жеткізуші оны дұрыс түсінді ме, жоқ па айтады. Қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.

«Өзіме ұқсайтын үй» жаттығуы

Нұсқау: Әр бала А6 парағын және сурет салу құралдарын алады.

Мұғалім балаларды өздерін ғимарат ретінде елестетуге шақырады (бұл қандай ғимарат? Ол қандай материалдан салынған? Үлкен немесе кіші ме?), содан кейін оны сызып, оған ат қойып, осы ғимараттың өзіне ұқсастығын жазады: «Бұл... (аты), ол мен сияқты ...».

Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар жұппен немесе төрт адамнан тұратын топ болып бір-біріне салған суреттері туралы айтады.

III. Жобалық қызмет

«Біздің картада барлығына орын бар» жаттығуы

Мұғалім оқушыларды картаның киіз үйдегідей әркімге орын болатын сынып кеңістігі екенін елестетуге және өз ғимаратын салатын орынды тауып, соған бекітуге шақырады.

Мұғалімге ұсыныс: Суреттерді жылжытуға болатындай бояу таспасымен желімдеу ұсынылады.

Белсендірек оқушылар картаның ортасын алып, белсендісі азырақ оқушылар шетте қалуы мүмкін. Мұғалім ұлдарға үйлерін картаның шетіне жақынырақ орналастыруға кеңес береді, олар ерлер ретінде достарын қорғауы керек, ал қыздарды өздерінің карталарын ортаға жақынырақ орналастыруға шақырады.

Сонымен қатар, үйлердің «дұрыс» орналасуын талап етпеу керек.

IV.Қорытынды

Мұғалім қатысушыларға келесі сабаққа дейін «Байланыс жолдары» тапсырмасын орындауды ұсынады.

«Байланыс жолдары»

Нұсқау: Оқушылар картадан өз үйінің орнын тапқан соң, оларға көшелерді, даңғылдарды, аллеяларды «аяқтау» (салу) және оларға ат қою ұсынылады. Ол үшін оқушыларды төрт адамнан тұратын топтарға бөліп, өз үйлері орналасқан көшеге қандай атау беруді қалайтындарын ойластыру қажет. Атаулар достық пен жақсы қарым-қатынасты сақтайтын ұғым болуы керек.

Келесі сабаққа дейін топтар картаға жақындап, өз үйлерін ортақ көше арқылы біріктіруі керек (балалар көше сызығын қағаз скотчпен жүргізеді немесе сурет салу құралдарымен сызады). Балаларға көше атауын жазу және неге дәл осы атауды таңдағанын түсіндіру ұсынылады.

Егер бірнеше топ өз көшелерінің атауларында бір сөзді қолданғысы келсе (мысалы, сенім), бір топ көшеге Сенім даңғылы, екіншісі – Сенім жолы, үшінші топ – Сенім тас жолы деген атауларды қоюға болады.

Біздің достық жолдарымыз. Үйде балаларға ата-аналарымен бірге үй салу, оларды байланыс жолдарымен байланыстыру және олардың үйлері дос болуы үшін не істеу керек екенін ойлану ұсынылады. Осы жолдарға қажетті сөздерді жазу керек.

3-сынып білім алушыларына арналған 4-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Бір-бірімізге қолдау көрсетейік»

Мақсаты: басқаларды қолдауға үйрету, өзіне дұрыс баға беруді қалыптастыру.

Міндеттер:

1. Сыныптастарымен үйлесімді қарым-қатынасты сақтау дағдыларын дамыту.
2. Белсенді тыңдау тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру.
3. Басқа адамдарға қолдау көрсету дағдыларын жетілдіру.

Ресурстар: сәлемдесу хаттары, бейнелерді көруге арналған құрал, интернетке қосылу немесе жүктеп алынған бейнероликтер, қаламдар, қарындаштар, стикерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Педагог оқушылармен амандасып, сабақтың тақырыбымен таныстырады.

«Сәлем, сені көргеніме қуаныштымын...» сәлемдесу жаттығуы

Нұсқау: Топ мүшелері бір-біріне кезек-кезек хабарласып, сөйлемді аяқтайды: «Сәлем, сені көргеніме қуаныштымын...». Шын жүректен жақсы, жағымды бірдеңе айту керек.

«Аяқталмаған сөйлемдер» жаттығуы

Қатысушылар кезекпен сөйлемдерді толықтырады:

... мен ашуланамын.

... мен бақыттымын.

... мен мұнайып қаламын.

... маған ұнамайды.

... маған ұнайды.

II. Негізгі бөлім

Педагог: «Кішкентай ханзаданың» авторы Антуан де Сент-Экзюпери бір кездері: «Ең үлкен сән-салтанат – адамдар арасындағы қарым-қатынас сәні» деген екен. Тыңдау және есту қабілетінсіз толық қарым-қатынас мүмкін емес. Қарым-қатынас кезінде жай тыңдау жеткіліксіз, тіпті жай есту де жеткіліксіз, біз сөйлеушіге оны тыңдап, естіп жатқанымызды көрсетуіміз керек.

«Белсенді тыңдау ережелері» ойыны

Нұсқаулық: оқушылар 4-5 адамнан тұратын топқа бөлінеді және оларды белсенді тыңдаудың 5 ережесін ойлап табуға шақырады. Топтың әрбір мүшесіне ортақ тапсырманың бір бөлігін беруді ұйымдастыру керек. Топтар ережелерді ұсынғаннан кейін сыныптағы белсенді тыңдаудың жалпы ережелерін жасауға болады.

Мұғалімге ұсыныс: оқушылар құрастырған ережелерді төмендегі техникаға сәйкестендіруге болады:

Белсенді тыңдау техникасы

1. Сөйлеушінің ырғағына бас изеу.

2. «Иә», «жақсы», «керемет» сөздерінің қолданылуы.

3. Зейін қою және қызыға тыңдап отырғанын көрсету (әңгімелесушіге қарай аздап еңкею, ашық немесе бейтарап қалып, көзге қарау).

4. Сұрақ қою – «жаңғырық». Сатып алушы: «Мен мына өнімді қолданып көргім келеді». Сатушы: «Мына өнімді ме? Бұл өте жақсы өнім».

5. Сөз тіркесін қайталау. Әңгімелесушінің сөздері мен сөз тіркестерін қайталаудан қорықпа, бірақ тотықұсқа ұқсамау үшін оларды басқа сөзбен айтуды ұмытпа. Сөз тіркесін қайталауды: «Сен (осылай) ойлайсыңба?», «Саған (солай) көріне ме?» деген сөздерден бастаған дұрыс.

«Тыңдаушылар» жаттығуы

Нұсқаулық: Топ мүшелері жұпқа бөлінеді. Бір бала үш минут ішінде өз өмірінен қандай да бір қызықты оқиғаны айтып беруі керек, ал екіншісі мимиканы, ым-ишараны, қимылдарымен және басқа да вербалды емес және вербалды әдістерді пайдаланып, ақпаратқа деген зейінін және қызығушылығын көрсетуі керек.

Топтың қалған барлық мүшелері тыңдаудың тиімділігін жоғарыда аталған критерийлер бойынша он (бес, үш) балдық жүйе арқылы бағалайды.

Барлық топ мүшелері қатысқанша ойынды қайталай беруге болады.

«Мен не білдім?» рефлексиялық жаттығуы

Нұсқаулық: Мұғалім оқушылармен осы оқу жылында не үйренгендерін талқылайды. Әр оқушы: «Жоба барысында мен өзім туралы не білдім?» деген сұраққа жауап береді.

Үлгі: Жоба барысында өзімнің күшті жақтарымды, басқаларға көмек бере алатынымды білдім, басқаларды тыңдай аламын және т.б.

III. Жобалық қызмет

Мұғалім оқушыларды картаға қарап, үйлердің иелерімен жақсырақ «танысуға» шақырады. Ол үшін оқушылар кезек-кезек желім мен жіптерді алып, өз үйінен қонаққа барғысы келетін адамның үйіне жол салуы керек. Содан кейін жолды үйіне «қонақ» келген оқушы жүргізеді. Ойын жол бірінші оқушыға жеткенше жалғасады.

«Картаны атайық» тапсырмасы

Нұсқаулық: мұғалім оқушыларға картаның атын таңдап, ұсынылған нұсқаларға дауыс беруді шақырады.

Талқылауға арналған мәселелер

- 1) Біздің картамызға қарағанда қандай сезімде боласыздар?
- 2) Егер үйлер адамдар сияқты эмоцияны сезінсе, бұл картада қандай эмоциялар болады деп ойлайсыздар?
- 3) Үйлердің арасындағы жолдарды не бұзуы мүмкін?
- 4) Біздің сыныптағы достықты не бұзады?
- 5) Сыныптағы достықты сақтау үшін не істеу керек?

IV. Қорытынды

Мұғалім оқушыларға жобаның аяқталғаны және алынған нәтижелер туралы хабарлайды. Педагог балаларға алғысын білдіреді және жабысқақ қағаздарға сыныпқа алғыс хат жазып, оларды сынып картасына орналастыруды ұсынады.

«СӨЗ ЭНЕРГИЯСЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 4 -СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

*Адам бала кезінен сөз құдыретіне сенеді.
Бұл оның кісілік келбетін қалыптастырады.
Олжас Сүлейменов*

4-сынып білім алушыларына арналған 1-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Сөз – қарым-қатынас негізі»

Мақсаты: жобалық қызмет негізінде білім алушыларда қарым-қатынас мәдениет дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

1. Сөздің сарқылмас мүмкіндіктері туралы түсініктерін кеңейту.
2. Өзін-өзі бақылау, өзара бақылау, сындарлы диалог жүргізу дағдыларын дамыту.
3. Сөйлеу және сөзге жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Ресурстар: картоннан жасалған түрлі-түсті текшелер жиынтығы, «Пайдалы», «Қызық», «Сұрағым бар» эמודзилері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Бірлескен сұрыптау» жаттығуы.

Мақсаты: оқушылардың сөйлеу қарым-қатынасындағы сөздің маңыздылығын түсінуіне ықпал ету.

Мұғалім жұпта отырған балаларға берілген шарттарға сәйкес оларды бөлуге арналған текшелер жиынтығын таратады. Оқушылардың әр жұбы есеп беру үшін 25 картон текшенің жиынтығы (әр түрлі пішіндегі әрқайсысы 5- тен сары, қызыл, жасыл, көк және ақ текшелер және фигуралар: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақ және ромб) мен қағаз парағын алады.

Бірге әрекет ете отырып, жұптардың әрқайсысы текшелерді жеке үйінділерге бөледі: мысалы, біреуі – қызыл және сары текшелер, ал екіншісі – дөңгелек және үшбұрышты.

Жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім оқушыларға бақылау және жағымды қарым-қатынас атмосферасы үшін алғыс айтады.

«Текшелерді дұрыс таратуға не көмектесті?» деген сұрақ талқыланады. Оқушылардың жауаптары тыңдалып, қорытынды жасалады.

Мысалы: ойын барысында екі балаға да тиесілі текшелерді бөлу жағдайында жалпы шешім табу және келіссөздер жүргізу мүмкіндігі көмектесті. Алайда, сыныптағы балалардың барлығы бірдей бір-бірімен достық қарым-қатынасты сақтай алмады. Бір-біріне деген достық пен құрмет атмосферасында өмір сүру, қақтығыстардан аулақ болу, егер олар пайда болса – оларды сындарлы түрде шешуге *«Сөз энергиясы» жобасы* көмектеседі.

Әрі қарай, оқушыларға жобаның мақсатын анықтау ұсынылады. Жауаптарды тыңдағаннан кейін мақсат тақтаға жазылады. Мысалы, жобаның мақсаты: жылы сөздер арқылы достық қарым-қатынас орнатуды үйрену.

II. Негізгі бөлім

«Қимыл тілі» ойыны

Мұғалім тек ым-ишара, қимылдар қолданатын ойын ойнауды ұсынады. Бұл ойынға жеребе бойынша ақ немесе сары карточка түскендер қатысады.

«Ақ түс» тапсырмасы: балалар пантомима (ым-ишара, қимылдар) арқылы жануарларды көрсетеді.

Жануарлар: қоян, аю, ит, коала, кірпі, мысық, жылан және т. б.

«Сары түске» арналған тапсырма: балалар пантомима (ым-ишара, қимылдар) арқылы мамандықтарды көрсетеді.

Мамандықтар: мұғалім, құрылысшы, бағдарламашы, сатушы, ғарышкер және т. б.

Ойын аяқталғаннан кейін мұғалім балаларға қатысқандары үшін алғыс білдіреді. Сұрақтар талқыланады. Оқушылардың жауаптары тыңдалады. Сөздер айтылмай, ым-ишара арқылы түсіндірілгендіктен, түсіну қиын болғаны туралы қорытынды жасалады.

«Комплименттер» ойыны

Мақсаты: Оқушылардың бір-біріне жылы сөз айту дағдысын қалыптастыру, өзара қарым-қатынасты нығайту.

Ойын барысы:

Мұғалім оқушыларға бір-біріне комплимент айту ұсынысын жасайды.

Мұғалім ойынды өзі бастайды: бір оқушының атын атап, оған доп лақтырып, жағымды сөз айтады.

Мысалы: «Айжан, сен өте мейірімдісің!»

Допты ұстаған оқушы «Рақмет!» деп жауап береді, содан кейін допты келесі оқушыға лақтырып, оның атын атап, оған да комплимент айтады.

Ойын барлық оқушылар комплимент алғанға дейін жалғасады.

Әр оқушыда доп тек бір рет болуы керек.

Ойыннан кейінгі талқылау:

Мұғалім оқушыларға келесі сұрақтарды қояды:

Комплимент есту ұнады ма?

Бұл жолы бір-біріңізді түсіну оңай болды ма?

Неліктен оңай немесе қиын болды?

«Сөздің адам өміріндегі маңыздылығы» жаттығуы

Мұғалім оқушыларға 24 сағат ішінде сөйлей алмайтын жағдайда қалғанын ойша елестету керегін айтады. Әрі қарай, тақтада жазылған сөйлемді аяқтау керек: «Егер мен сөйлей алмасам, онда...».

Балалар өз ойларын айтады, ал мұғалім қорытындылайды және оқушылардың айтқандарының жалпыланған жазбасын көрсетеді (слайд).

Білім алушылардың жауаптарын қорытындылай келе, мұғалім адамды іс-әрекетке шақыру үшін сөздер қажет деген қорытынды жасайды.

Адамға сөздер:

- 1) байланыс;
- 2) достық;
- 3) ақпарат алмасу;
- 4) айтылғандардың мағынасын жеткізу;
- 5) өз ойын басқа адамға жеткізу;
- 6) ой білдіру және пайымдау;
- 7) өз сезімдерін, тәжірибелерін, эмоцияларын, ойларын, тілектерін жеткізу;
- 8) көңіл-күйін көрсету үшін керек.

Сұрақтар:

1. Сендер қандай сыпайы сөздерді білесіңдер?
2. Оларды қайда қолданасыңдар?

Бұл сұрақтарға берілетін жауап келесі тапсырманы орындауға мүмкіндік береді.

Ми шабуылы. «Ұялмай сөйлесу»

Мақсаты: білім алушылардың сөйлеу этикетін дамыту.

Оқушыларға сәлемдесу, қоштасу, өтініштер, алғыс айту, танысу сияқты сыпайы сөздерді айту ұсынылады. Барлығы өз ойларын айтады. Талқылау соңында мұғалім оқушылардың айтқанын қорытындылайды және көрсетеді:

Амандасу – Сәлеметсіз бе? Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш!.

Қоштасу – Сау болыңыз! Барлығы жақсы болсын! Кездескенше! Қайырлы түн!

Өтініш – ... бола ма? Маған ... рұқсат па? Өтінемін, егер қиын болмаса.... Мүмкін болса..., Сізден қатты өтінемін. ... жасай аласыз ба?

Алғыс – Рақмет, көп рақмет, мен сізге ризамын.

Танысу – Сенің атың кім? Менің атым ..., ал сенің? Кел, танысайық? Есіміңді айтасың ба?

Мұғалім «Сөз – адамның айнасы», - деп қорытындылайды.

Адамның кім екенін сөзіне қарап аңғаруға болады. Халық: «ақсы сөзге жан семіреді, жаман сөзге жан түршігеді», - деп бекер айтпаған.

Ақпараттық блок

Мақсаты: адам өміріндегі сөз мағынасын ашу.

Сөз – біздің ойымыздың киімі.

Біз әдемі, сәнді киімді жақсы көреміз – әсіресе мереке күндері киетін ерекше киімдерді.

Сол сияқты, біздің ойларымыз да «әдемі киінгісі» келеді.

Сондықтан да көркем, жағымды сөздерді тек мерекеде ғана емес, күн сайын айтуымыз керек.

Сөз, ең алдымен, қарым-қатынас үшін қажет.

Қарым-қатынас – бұл:

- 1) екі немесе одан да көп адамдардың өзара араласуы;
- 2) адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі;
- 3) адамдар арасында ақпарат пен эмоциялар алмасуы;
- 4) басқа адамды қабылдау және түсіну;

5) жеке тұлғаның өзін-өзі тануының негізгі құралы.

Қарым-қатынас *вербалды* (сөздердің көмегімен) және *вербалды емес* (қимылдар, ым-ишара арқылы) түрде жүзеге асырылады.

III. Жобалық қызмет

Топтық жұмыс

Мақсаты: Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті дағдыларын қалыптастыру, топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.

Топтарға арналған тапсырма. Әр топқа төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, шағын жоба дайындау ұсынылады (постер, презентация, көрініс):

1-топ: «Достармен дұрыс қарым-қатынас қалай құрылады?» Достықты нығайтуға көмектесетін сөздер мен тіркестерді талқылаңыз.

2-топ: «Ренжітетін сөздер» Қандай сөздерді қолданбаған дұрыс және не себепті екенін ойластырыңыз.

3-топ: «Сөздер оқу процесіне қалай көмектеседі?» Мұғаліммен және сыныптастармен қарым-қатынас оқу үлгеріміне қалай әсер ететінін талқылаңыз.

4-топ: «Сөздер мен эмоциялар» Сөздер арқылы сезімдер мен эмоцияларды қалай жеткізуге болатынын зерттеңіз.

Жобаларды дайындау. Топтар өз жобаларымен жұмыс істейді, мазмұнын талқылайды және презентацияға дайындалады.

Нәтижелерді таныстыру. Әр топ кезекпен өз жобасын сыныпқа таныстырады. Әр топ мүшесінің қатысуы маңызды.

Талқылау: Оқушылар не үйренгенін, қандай сөздер мен тіркестер ерекше маңызды болғанын талқылайды. Оқушылардан бұл білімді болашақта қалай қолдануға болатынын бөлісу сұралады.

Ресурстар: Постерлер жасауға арналған қағаз және маркерлер. Презентация үшін мультимедиялық жабдық (қажет болған жағдайда)

Оқушылардан алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдануға болатыны сұралады.

Оқушылар ойларын айтады. Қорытынды жасалады. Мысалы: алынған білімді достарыңмен жақсы қарым-қатынас орнату және сақтау үшін қолдануға болады.

Мұғалім жобаның құрылымын көрсетеді (слайд):

Жоба 4 кезеңнен тұрады:

1 - кезең. *Жақсы байқап сөйлейді*

2 - кезең. *Жақсы сөз жан сүйіндірер*

3 - кезең. *Күн жылытпас сұм жүректі сөз жылыта алады.*

4 - кезең. *Дос жылатып айтады*

Зерттеу әдістері: эксперименттер, ұжымдық жұмыс, ынтымақтастық.

1 кезеңде мұғалім мультфильмнің сюжетін талқылауды және мейірімді сөздерді қолдану туралы сценарий жазуды ұсынып, кеңестер береді. Мысалы: қандай сөздер достасуға көмектеседі, жанжалды сөзбен қалай шешуге болады және т.б. Оқушылар ұсыныстарын айтады.

Талқылаудан кейін тақтада мұғалім тапсырмаларды ескере отырып, жазба жасайды.

Мысалы, *жобаның 1- кезеңіне арналған тапсырма*

1. Татуласу, кешірім сөздерінің сөздігін жасаңдар.

2. Тәжірибе жасаңдар. Сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып, сыныптастармен сөйлесуді бастаңдар: әңгімеде сыпайылық танытып, тіпті жанжалдасқандарға да мейірімді болыңдар.

Айналадағы атмосфераның қалай өзгергенін талдаңдар. Жоба бойынша келесі сабақта эксперимент нәтижелері туралы айтыңдар.

Бақылауларға сүйене отырып, мультфильмнің сюжетін ойластырып, шағын сценарий жазыңдар. Оған тақырып қойыңдар.

Мультфильмдердің қандай түрлері барын біліңдер. Сендердің мультфильмдерің қандай болатынын анықтаңдар.

IV. Қорытынды

Мұғалім тақтаға смайликтерді орналастыруды ұсынады: «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтарым бар». Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалауға болады.

Сабақ соңында мұғалім барлығына сыпайы, мейірімді, мәдениетті болуға тілек білдіреді.

4-сынып білім алушыларына арналған 2-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Сөздің ұлы күші»

Мақсаты: сөз әсерінің маңыздылығын, рөлін және күшін көрсету.

Міндеттері:

1. Сөздің сарқылмас мүмкіндіктері туралы түсінігін кеңейту
2. Өзін-өзі бақылау, өзара бақылау, сындарлы диалог дағдыларын дамыту
3. Сөйлеу, сөзіне жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Ресурстар: тапсырмалар жазылған карточкалар, жадынамалар, таныстырылым, проектор, мақал-мәтелдер, Қазақстандық суретші Е. Садырбаевтың «Бурабай» картинасынан репродукция.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Жалғастыр» ойыны.

Мақсаты: «Сыпайы сөздер» қорын толықтыру.

Мұғалім сөйлемнің басын оқиды, оқушылар жалғастырады.

«Не істеуге болмайды?».

- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды)
- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды)
- Құстарды.....(атуға болмайды)
- Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды)
- Сабақтан.....(кешігуге болмайды)
- Сыныпта.....(айғайлауға болмайды)

«Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек)
- Үлкеннің тілін.....(алу керек)
- Үлкендерге.....(сәлем беру керек)
- Кішілерді.....(қамқорлыққа алу керек)
- Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек)

II. Негізгі бөлім

Мұғалім ойын ойнауды ұсынады, онда оқушылардың әр тобы түрлі-түсті қалпақпен сиқыршы ретінде әрекет етеді. Әр қалпаққа тапсырма беріледі. «Көк қалпақ» командасы сарапшы болады.

Көк қалпақ – сарапшылар. Бұл команда басқа топтардың ойын қорытындылайды. Сарапшылардың міндеті – топ таңдаған мақал-мәтелдің берілген сұрақ бойынша рефлексияға сәйкестігін анықтау. Әр жауап негізделеді.

Мақал-мәтелдер:

Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.

Мейірімді сөз ашуды жеңеді.

Жақсы байқап сөйлер,

Жаман шайқап сөйлер.

Көлді жел қозғайды,
Ойды сөз қозғайды.
Сөз — адамның айнасы.
Шешеннің сөзі — мерген
Шебердің көзі — мерген.
Жақсы сөз — жарым ырыс.
Көз жетпеген жерге сөз жетеді.
Ата тұрып сөйлеген ұлдан без,
Ана тұрып сөйлеген қыздан без.

Ақ қалпақ. Команда мәтіндерді талдап, сұраққа жауап беруі керек: Ұлы жауынгерлер, хандар, билер сөздің сиқырлы күшін қалай пайдаланды? Жауап негізделеді. Ұсынылған мақал-мәтелдердің ішінен берілген сұрақ бойынша қорытынды, рефлексия жасауға сәйкес келетінін таңдау керек.

Мұқағали Мақатаев ақындар мен жазушыларға арнаған сөзінде: «Жазушылар, әпкелер және қаламдас бауырлар, халықты ұмытпа! Халықсыз сіздің ойларыңыз үмітсіз. Халыққа деген сүйіспеншілікті айта бермеу керек. Тек сүйіспеншілігіңізді қалай беру керектігін біліңіз!».

Бірде Кеңес Одағының Батыры, Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы жас сарбаздарға: «Отан — ол Сен. Отанымыз — Біз, отбасымыз, аналарымыз, әйелдеріміз және балаларымыз. Отан — ол біздің халқымыз. Мен, Сіздің командиріңіз, әйелдеріміз бен аналарымыздың, халқымыздың тілегін орындағым келеді. Біз өмір үшін күресеміз!».

Әйтеке бидің Отанға деген шынайы сүйіспеншілігін бейнелейтін сөздері көпшіліктің есінде қалды:

«Бай болсаң, халыққа пайдаң тисін;
Батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін.
Бай болып пайдаң тимесе,
Батыр болып найзаң тимесе,
Жұрттан алабөтен үйің күйсін!».

Ұлы Түркістан қабырғасындағы жоңғарлармен шайқас алдында Абылай хан өз жауынгерлеріне: «Біз туған жеріміз үшін, жақындарымыз үшін қан майданға кіреміз! Туған жер үшін жанымыз пидә!» - деді,

Қорытынды: Ұлы билеушілер, жауынгерлер мен ойшылдар ғасырлар бойы адамдарға әсер ету, оларды өз жағына тарту, тіпті оқиғаның бағытын өзгерту үшін сөздің сиқырлы күшін пайдаланды. Өйткені сөздің жұмбақ күші эмоцияға әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар жақсы әрекетке итермелейді.

Мақал: Тау мен тасты су бұзар, Адамзатты сөз бұзар.

Қызыл қалпақ. Топқа аңыз әңгімені оқуға, сұраққа жауап беруге тапсырма беріледі: Сөз адамның эмоционалды жағдайына әсер ете ала ма? Жауап негізделеді. Ұсынылған мақал-мәтелдердің ішінен берілген сұрақ бойынша қорытынды, рефлексия жасауға сәйкес келетінін таңдау керек.

Бірде бір ғұлама сөздің құдіреті туралы айтты. Жүздеген шәкірттер оны мұқият тындады. Олардың әрқайсысы осы ерекше күшке ие болғысы келді. Бірақ ғұламаға бәрі сене қоймады. Артқы қатардағы біреу күтпеген жерден айқайлады:

- Бос сөз! Үнемі: «Мейірім! Мейірім! Мейірім!» дей бергеннен мейірімді бола аласыз ба? «Сөз құдіреті» дегеніңіз бекер, айтқаныңыз өтірік!

- Тыныш отыр, ақымақ! - деп айқайлады ғұлама.

Өзін жүздеген шәкірттердің арасында ақымақ дегені үшін ол адам ашуға булықты! Оны бәрі естіді! Ол ренжіп, ғұламаға одан әрі тіл тигізе бастады. Ашу оның ақылын билеп кетті. Ғұлама оны тыңдап, кейін өкінішпен былай деді:

- Мені кешіріңіз... мен ашуланып кеттім. Шын жүректен кешірім сұраймын. Маған сені қорлаудың қажеті жоқ еді. Кешірім сұраған кезде, ол бірден тынышталды.

- Міне, бәріңізге жауап, - деп қорытындылады ғұлама. - Бір сөзге адам ашуланып, екіншісінен тыныштық табады.

Қорытынды: сөз біздің өмірімізде үлкен рөл атқарады. Олар бізді күлдіреді, жылатады. Олар жарақаттап, емдей алады. Олар үміт сыйлайды сонымен қатар жаныңды құлазытады. Сөз арқылы біз ең шынайы сезімдерімізді, ең асыл ниеттерімізді және ең жақын тілектерімізді білдіре аламыз.

Мақал: Жаман сөз жылатады, Жақсы сөз жұбатады.

«Сары қалпақ. Топ ертегіні оқып, сұраққа жауап беруге тапсырма алады: Сөз қиын жағдайда адамға көмектесе ала ма? Жауап негізделеді. Ұсынылған мақал-мәтелдердің ішінен берілген сұрақ бойынша қорытынды, рефлексия жасауға сәйкес келетінін таңдау керек.

Ертеде, сонау сайын далада Жиренше шешен өмір сүріпті. Оны елі ақыл-парасаты мен ізгі жүрегі үшін қадірлеген екен. Ол көп саяхаттап, елге көмегін көрсеткен, бірақ көмегі қылышпен де, қамшымен де емес, жан жұбатарлық жылы сөзімен болған.

Бір күні Жиренше далада келе жатып, жалғыз тұрған киіз үйді көреді. Сыртта бүкірейіп, көзі жәудіреп бір қария отыр екен. Жылқысы алыста жайылып жүр, ал ошақтағы от баяғыда өшіп қалған. Жиренше жақындап келіп, сәлем береді:

– Ассалаумағалейкум, ақсақал!

– Уағалайкумассалам... – деп қария әлсіз ғана жауап қайырады. – Қуанышым жоқ. Жалғызбын, балаларым кетті, өмірдің мәні қалмады... Жиренше қасына отырып:

– Қуаңшылық келеді, кетеді, ақсақал. Ал жер ешқайда кетпейді, себебі оның бойында күш бар. Сен де солай – тірісің, демек бойыңда әлі де жарық бар. Сол жарықты өшірме, – дейді.

– Сол жарықтың кімге керегі бар?.. – деп күрсінеді қария. Жиренше жымыып:

– Сен керексің. Егер керексіз болсаң, мен саған жолықпас едім. Даналығың терең құдықтай. Су көзге көрінбесе де, бар ғой, – дейді. Қария Жиреншеге қарап, көз жасына ерік береді. Көптен бері алғаш рет өмірінің мәні барын сезінеді.

Келесі күні қария ошаққа от жағып, жылқысын суарып, таза бөркін киеді. Жиреншенің қонаққа келгенін естіген көршілері үйіне келеді. Қария оларға бір ғибратты әңгіме айтып береді, бәрі ықыласпен тыңдайды. Сөйтіп, қария қайтадан ауылының сыйлы, қадірлі адамына айналады.

Мақал: Жақсы сөз – жан азығы.

Жасыл қалпақ. Суретші Е. Садырбаевтың «Бурабай» суретін үш сөйлеммен сипаттап, мынадай сұраққа жауап беруі керек: Сөз әлемнің сұлулығын ашып, сезім мен ойды жеткізіп, шындықты көрсете ала ма? Жауап негізделеді. Ұсынылған мақал-мәтелдердің ішінен берілген сұрақ бойынша қорытынды, рефлексия жасауға сәйкес келетінін таңдау керек.

Қорытынды: сөзге суретшінің қолы тигенде, ол ерекше материалға айналады. Оның күші әлемнің сұлулығын ашуға, сезімдерді, ойларды жеткізуге, шындықты көрсетуге қабілетті.

Мақал:

Көлді жел қозғайды,

Ойды сөз қозғайды.

Қара қалпақ. Ерте, ерте, ертеде бір қария болыпты. Оның үш ұлы бар екен: Әлім, Бақыт және Жәнібек. Қария қайтыс болғанда, әр ұлына аздап ақша қалдырыпты. Сонда ағайындылар ақылдасып: – Осы ақшаға әркім пайдалы бір нәрсе алсын, – деп шешіпті.

Әлім сиқырлы айна сатып алыпты. Сол айнаға қарасаң, дүниенің кез келген түкпірінде не болып жатқанын көруге болады екен. Бақыт кез келген дертті емдейтін дәрі тауыпты. Ал Жәнібек желден де жүйрік түйе сатып алыпты.

Бір күні Әлім айнасына қарап отырып: – Әй, ағайын, қараңдаршы! Ұлы ханның сұлу қызы ауырып қалыпты, оны ешкім емдей алмай жатыр, – дейді.

Сонда үшеуі Жәнібектің жүйрік түйесіне мініп, хан ордасына жетіпті. Ханның қызына Бақыт өз дәрісін бергенде де, бойжеткен сауығып кетеді.

– Егер менің дәрім болмаса, ешкім оны емдей алмас еді, – деді Бақыт.

– Ал мен жеткізбесем, бәрі бекер болар еді, – деп қосты Жәнібек.

Хан ойланып, кімді күйеу қылып таңдарын білмей тұрғанда, ақылгөй қария – Ақсақалды шақыртыпты. Ақсақал жымып: – Үшеуің де жақсылық жасадыңдар. Бірің – қиындықты көрдің, екіншің – құтқардың, үшіншің – уақытылы жеткіздің. Жақсылық үшін таласуға бола ма? Кенже ұл ханның қызына үйленсін, себебі сендер үлгермес едіңдер. Ал сендер, ағалары, оған тірек болыңдар. «Күш бірлікте», – депті.

Сонда ағайындылар бір-біріне қарап, құшақтасып: – Кешір, бауырым, бекер дауласыппыз. Ең бастысы – біз бірге көмек көрсеттік! – дейді.

Сол күннен бастап олар тату-тәтті өмір сүріпті. Ел-жұрт бұл әңгімені ұмытпай: «Жақсы сөз жарым ырыс», «Татулық - баға жетпес байлық» – деп айтып жүріпті.

Қорытынды: біздің өміріміздегі көптеген жағымсыз оқиғалар мен тіпті қайғылы оқиғалардың себебі тек абайсызда айтылған сөзден болуы мүмкін.

Мақал:

Тіл тас жарады,

Тас жармаса, бас жарады.

Топтық жұмыс

1-топ: Жақсы сөздің күші.

Тапсырма: Жағымды сөз жағдайды қалай өзгерте алатынын көрсететін қысқа көріністер дайындау (мысалы, досқа қолдау көрсету, мадақтау).

Нәтиже: Көріністі сынып алдында таныстыру.

2-топ: Жаман сөздердің әсері

Тапсырма: Өрескел немесе ренжітетін сөздер адамның көңіл-күйіне қалай әсер ететінін талқылау (мысалы, буллинг жағдайлары).

Нәтиже: Мысалдар мен салдарлары көрсетілген постер дайындау.

3-топ: Сөз - құрал ретінде

Тапсырма: Сөздің сендіру және мотивация құралы ретінде қалай қолданылатынын зерттеу (мысалы, танымал тұлғалардың сөздері).

Нәтиже: Белгілі тұлғалардың сөздері мен олардың әсері туралы шағын баяндама дайындау.

4-топ: Әдебиет пен өнердегі сөздер

Тапсырма: Кітаптардан, өлеңдерден немесе әндерден сөздердің ерекше мағынаға ие мысалдарын табу.

Нәтиже: Үзінділерді оқу және олардың мағынасын талқылау.

Қорытынды: Сөз — адамдар арасындағы берік қарым-қатынас орнатуда сенімді көмекшілер.

Жаттығу: Әр оқушы көршісіне бір жылы сөз айтуы керек.

Қажетті құралдар: постер жасауға арналған қағаз және фломастерлер, сөйлеуге арналған орын

Қорытынды: Әр топ өз жұмысын таныстыру мүмкіндігіне ие болады, бұл оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын және сөздің маңызын түсінуін нығайтады. Маңыздысы — оқушылар сөздің қолдау көрсетуге де, күйретуге де қабілетті екенін түсініп, оны саналы түрде қолдануға үйренуі.

III. Жобалық қызмет

2-кезеңде оқушылар сыпайы сөздер қолданылатын мультфильмнің сценарийін ұсынады: сәлемдесу, қоштасу, ризашылық білдіру, танысу, татуласу, кешірім сұрау.

Сценарийді тыңдап, талқылап, түзеткеннен кейін оқушылар мұғаліммен бірге рөлдер мен міндеттерді бөледі:

1. қоюшы-режиссерлер (сюжет ойлап табады, сценарий жазады, диалог жазады);
2. мультфильм суретшілері кейіпкерлер мен декорациялар жасайды: мүсіндеу, сурет салу, тігу...
3. қоюшы-операторлар суретке түсіреді;
4. дыбыс инженерлері фондық музыканы таңдайды, актерлердің диалогтарын жазады;
5. актерлер кейіпкерлерді дауыстайды;
6. монтажшылар мультфильмді компьютерде жинайды.

Талқылаудан кейін тақтада мұғалімнің тапсырмалары ескеріле отырып, жазба жасалады. Мысалы:

Жобаның 2- кезеңі бойынша тапсырма

1. Фильмдегі кейіпкерлердің бейнелері мен көріністерін ойластыру.
2. Сценарийге сәйкес фильмді дауыстау әдісін таңдау.
3. Келесі сабаққа фон ретінде қолданылатын ватман немесе мата, мультфильм мен декорацияның анимациялық кейіпкерлерін дайындау.

IV. Қорытынды

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтарым бар» күлегештерін орналастыруды ұсынады. Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалауға болады. Сабақ соңында мұғалім балаларға сыпайы, мейірімді, мәдениетті болуға тілек білдіреді.

4-сынып білім алушыларына арналған 3-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Мейірімді сөз ашуды жеңеді»

Мақсаты: оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

1. Білім алушыларға позитивті қарым-қатынас дағдыларын меңгерту.
2. Позитивті қарым-қатынас құруға ынталандыру.
3. Ынтымақтастық дағдылары, басқа адамды тыңдау және есту қабілеттерін дамыту.

Ресурстар: оқушылардың эмоционалды жағдайын көрсететін карточкалар (күн, жұлдызша, бұлт), бейне аңыз әңгіме, таныстырылым, 90*150 матаның кесіндісі, қолғаптар мен жіптер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Көңіл күй барометрі» жаттығуы.

Мақсаты: білім алушылардың психоэмоционалды жағдайын диагностикалау.

Мұғалім оқушылардың эмоционалды жағдайын көрсететін картаны таңдап, оны көңіл күй экранына бекітуді ұсынады:

- 1) күн – қуанышты көңіл күй,
- 2) жұлдызша – сабырлы көңіл күй, тыныштық,
- 3) бұлт – жаман көңіл күй.

II. Негізгі бөлім

Мұғалім тақтаға «Мейірімді сөз ашуды жеңеді» деген сабақтың тақырыбын шығарып, оның мәнін ашады. Оқушыларға ұсынылған тақырыпты қалай түсінгені туралы сұрақ қойылады. Балалардың жауаптарын қорытындылай келе, мұғалім адам қарым-қатынасыз қалыпты өмір сүре алмайды және дами алмайды деген қорытынды жасайды.

Әрі қарай, мұғалім басқа адамның мінез-құлқына, мейірімді немесе дөрекі айтылған сөздің жүрегінде күні бойы із қалдыратынына назар аударады. Көбінесе адамның жақсы көңіл күйі оның назарын аударғанына, қарым-қатынас кезінде оған мейірімді болғанына және немқұрайлылықтан, дөрекіліктен, зұлым сөзден аулақ болғанына байланысты.

Сұрақтар бойынша әңгіме

1. «Жан жарасы» деген сөзді сіз қалай түсінесіз?
2. Жан жарасын емдеуге бола ма? Қалай?
3. Жан ауырсынуын болдырмауға бола ма?

Балалардың жауаптарын тыңдағаннан кейін мұғалім басқа адамдарға сыпайы, мұқият және мейірімді қарым-қатынас іс-әрекетте де, сөзде де көрінеді деген қорытынды жасайды.

Бұдан әрі мұғалім Орта жүздің биі *Қазыбек би* туралы әңгіме ұсынады. Қазыбек би білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болған. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің

Бас биі еткен. Оның кеңестеріне хандар мен беделді сұлтандар құлақ асады. Ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» деп жұлқынып алға шығады да:

«Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қаишпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз.

Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.

Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз.

Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз.

Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.

Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.

Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз.

Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.

Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – депті.

Қазыбек дүниеге келгенде оның анасы Тоқмейіл:

«Айналып-толғанып өсірсем,

Ақ сүтімді кешірсем,

Адалдан болар нәсібің.

Тіліңнен болар кәсібің», - деп болжағаны тура келген.

Мұғалім, қорытындылай келе, адамдар сабыр сақтай алмай, ұсақ-түйекке ашуланып, бір-бірімен ұрсыса бастайтынына назар аударады. Көбінесе бұл бітіспейтін жанжалға әкеледі. Егер бірі ашуланған сәтте бірі мейірімді сөз айтса, жанжалдаспауға болады. Содан кейін екінші адамның ашуы ізсіз жоғалады.

«Өркен» БЭАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: <https://youtu.be/K9-kxCAZ31w?si=4zpJov95DLe6OXPH>

Бейнероликтегі қай кеңестер сізге әсерлі болды?

Жағдаятты сахналау «Кім кімді ренжітті?»

Мұғалім жанжалды жағдайға қатысуға мәжбүр болғандардың қолдарын көтеруін сұрайды. Әрі қарай, оқушылар қойылым көрсетуге шығады. Ол үшін 3 оқушы таңдалады: автор және екі оқушы.

Автор: - Кім бірінші ренжітті?

Бірінші оқушы: - Ол мені!

Екінші оқушы: - Жоқ, ол мені!

Автор: - Бірінші кім кімді ұрды?

Екінші оқушы: - Ол мені!

Бірінші оқушы: - Жоқ, ол мені!

Автор: - Сендер бұрын дос едіңдер ғой!

Бірінші оқушы: - Мен дос болдым!

Екінші оқушы: - Мен де дос болдым!

Автор: - Сендерге не жетпейді?

Бірінші оқушы: - Мен ұмытып кеттім!

Екінші оқушы: - Мен де ұмытып кеттім!

Сахналанғаннан кейін мұғалім сұраққа жауап беруді ұсынады:

Егер досыңмен ұрсысып қалсаң, не істеу керек?

Әрі қарай, сұрақ туралы ойлану ұсынылады: Қалай жанжалдың алдын алуға болады?

«Бейбітшілік кілемі» ойыны.

Мақсаты: балаларға сыныптағы қақтығыстарды шешуде келіссөздер мен пікірталастар стратегиясын үйрету.

Мұғалім бейбітшілік кілемшесін көрсетеді, содан кейін оны еденге, ал үстіне допты қояды. Әрі қарай, екі оқушы бұл допты алуы керек, ал доп біреу. Оқушыларды бейбітшілік кілемшесіне отырғызады. Мұғалім бұл мәселені талқылап, шешуге көмектесу үшін оларға жақын жерде отырады. Олардың ешқайсысы допты жай ала алмайды.

Сыныпқа сұрақ қойылады: - Мүмкін сендердің біреуінде бұл жағдайды қалай шешуге болатыны туралы болжам бар шығар?

Мұнда татуласу ойындарының мәтіндері бар карталарды ұсынуға болады. Бірнеше минуттық пікірталастан кейін мұғалім бір қолғап алып, оның сыңарын тауып, кілемшеге байлауды ұсынады. Балалар бір-бір қолғапты киіп, қол алысады. Ойынды басқа қатысушылармен қайталауға болады, басқа заттармен де ойнауға болады. Мысалы, кітап, қалам, шоколад және т. б.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Бейбітшілік кілемі біздің сыныпқа қалай көмектеседі?

2. Дауларды бейбіт жолмен шешетін адамда қандай қасиеттер пайда болады?

3. Сен өзің даулы мәселелерді шешудің осы әдісін қолданасың ба?

Топтық жұмыс

Мақсаты: Жасөспірімдердің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, достық қарым-қатынастың маңыздылығын түсіну және сөздің эмоциялық күйге әсерін ұғыну.

1-топ: Жағдайлар мен шешімдер

Тапсырма: Ашуға себеп болатын үш жағдай ойлап табу (мысалы, доспен ренжісу, ата-анамен түсініспеушілік және т.б.) және әр жағдайды жылы сөзбен қалай өзгертуге болатынын ұсыну.

Нәтиже: Жағдайлар мен шешімдердің қысқаша сипаттамасы, сыныпқа таныстырылады.

2-топ: Сөздік ойындар

Тапсырма: Достық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесетін шағын ойындар немесе жаттығулар ойлап табу және дайындау (мысалы, «Комплименттер», «Қолдау сөздері»).

Нәтиже: Сыныпқа бір ойынды өткізу.

3-топ: Метафоралар мен мақал-мәтелдер

Тапсырма: Сөздің күші мен қарым-қатынасқа байланысты метафоралар немесе мақал-мәтелдер табу және дайындау (мысалы, «Сөз — қаршыға емес, ұшса — қайтып келмейді»).

Нәтиже: Табылған метафораларды таныстырып, мағынасын талқылау.

4-топ: Рөлдік ойын

Тапсырма: Бір кейіпкер ашуға бой алдырған, ал екіншісі жылы сөздермен оны сабырға шақыратын шағын көрініс дайындау.

Нәтиже: Сынып алдында көрініс көрсету.

Нәтижелерді таныстыру

Әр топ өз жұмысын кезекпен таныстырады.

Талқылау сұрақтары: Жылы сөз эмоцияға қалай әсер етеді? Оны күнделікті өмірде қалай қолдануға болады?

Рефлексия: Әр оқушы сөздің күші туралы не үйренгенін және бұл білімді болашақта қалай қолданатынын бөліседі.

Қорытынды ой: «Сөз жаралауы мүмкін, бірақ ол емдей де алады. Сөзімізді сүйіспеншілікпен және құрметпен таңдайық!»

Қосымша материалдар: топтық жұмысқа арналған флипчарт пен маркерлер, идеяларды жазуға қағаз бен қалам, шабыт үшін мақал-мәтелдер мен метафоралар үлгілері.

Шығармашылық тапсырма: «Біз буллингке қарсымыз!»

Мақсаты: Ортақ ұстаным қалыптастыру үшін ұжымдық жұмыс.

Топтар буллингке қарсы ұрандармен плакаттар немесе суреттер жасайды (кескіндер, сөздер, суреттер қолдануға болады). Осы тақырыпта шағын көрініс қояды.

Плакаттар таныстырылғаннан кейін — ең әсерлі үндеуге дауыс беріледі.

Комикс: «Сенің таңдауың»

Мақсаты: жақсы шешім қабылдау қабілетін дамыту, шығармашылық ойлауды жетілдіру.

Әр оқушыға мини-комикс шаблондары беріледі (4–6 кадр).

Бастапқыда — буллинг жағдайы, соңында — таңдау:

- 1) Жаман әрекет
- 2) Дұрыс қадам

Балалар өздері сурет салып, жақсы әрекетті қалай жасауға болатынын жазады.

Соңында — комикстер «Кітап: Дос болайық!» жинағына біріктіріледі.

III. Жобалық қызмет

Бұл сабақта оқушылар жобаның 3- кезеңіне өтеді.

Оқушылар сұраққа жауап беруге дайындалады: «Алған білімді іс жүзінде қалай қолдануға болады?»

Оқушылар ойларын айтады. Ұжымдық түрде қорытынды жасалады. Мысалы: алынған білімді жанжалды жылы сөздермен шешу үшін қолдануға болады.

Мұғалім жобаның осы кезеңінде олар анимациялық студияның қызметкерлері екенін, әрқайсысының өз міндеттері бар екенін еске салады. Сабақта жобаның 3 -кезеңін жүзеге асыру үшін мультфильм сценарийі қажет. Фон ретінде қолданылатын ватман немесе мата; мультфильм мен декорацияның анимациялық кейіпкерлері, мультфильмге арналған фондық музыка. Оқушылар дайындаған барлық материалдар көрсетіледі, талқыланады және қажет болған жағдайда өңделеді.

Бұл сабақта сценарий бойынша дайындық өткізу ұсынылады.

Жобаның 4 - кезеңі бойынша тапсырма.

1. Мультфильмді түсіріп, монтаж жасап, дыбыс пен арнайы эффектілерді қосу.

2. Мультфильмге титр (түсіндірме жазуларды) салу: басталуы (ашу, тақырып), аралық мәтін және қорытынды (аяқталуы).

IV. Қорытынды

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтарым бар» күлегештерін орналастыруды ұсынады: Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалауға болады.

Сабақ соңында мұғалім барлығына сыпайы, мейірімді, мәдениетті болуға ұмтылуды тілейді.

Қосымша

«Татулық», «достық» тақырыбына жаттығулар, ойындар, өлеңдер

«Досым, қалың қалай?» жаттығуы .

Мақсаты: оқушылардың көңіл – күйін көтеру, бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту.

Шарты: оқушылар дөңгелене тұрады, жүргізуші қолды шапалақтап нұсқау берген кезде, берілген тапсырмаларды орындайды.

1 рет шапалақтаған кезде – қолдарын қысады;

2 рет шапалақтаған кезде бір – бірін құшақтайды;

3 рет шапалақтаған кезде – бір-біріне жақсы тілек айтады.

«Жалғастырып көр» ойыны

А) Әрбір адамға дос керек. Өйткені.....

Ә) Менің сыныптастарыма немесе досыма тілегім.....

Б) Сыйластық бар жерде.....

Шатшаң ойын. « Иә мен жоқ»

Достық біреуге жымиғаннан бастала ма?

Достық біреуді қорғағаннан басталады ма?

Достық біреудің бағынан алма ұрлағанынан бастала ма?

Достық бір-біріне зат бөлісуден басталады ма?

Достық біреуді итеріп құлатқаннан басталады ма?

Достық төбелескеннен басталады ма?

Достық мазақтағаннан басталады ма?

Достық сыпайы болудан басталады ма?

«Молекула» жаттығуы.

Жаттығу барысы. Қатысушылар атомдар секілді қозғалыста болады. Жүргізуші белгілі бір санды айтқанда, атомдар молекула құрайды. Мысалы, «үш» дегенде, үш адам бір-бірінің қолынан ұстасып, 3 атомнан тұратын молекула құрайды.

«Сені көргеніме қуаныштымын...» жаттығуы.

Мақсаты: Қатысушылардың жағымды жақтарын анықтау.

Жаттығу барысы: Әрбір қатысушы өз көршісіне келесі сөздерді айтады: «Сені көргеніме қуаныштымын, себебі ...». Бұл сөйлемді адамның сыртқы келбетіне байланысты сөзбен емес, мінез ерекшелігіне байланысты сөзбен аяқтау керек.

Бұл жаттығуды орындау саған қиын болды ма? Көршің «Сені көргеніме қуаныштымын» дегенде қандай сезімде болдың?

М. Мақатаев. Дос

Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!

Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.

Достық деген — адамның көрігі екен,

Достық деген адалдың серігі екен.

Достарың көп пе?

Апырау неткен жақсы едің?

Досым аз менің...

Досым-ау менің, тапшы емін?

Достарыңменен достастыр мені, асылым,

Достастыр мені?

Болайын құлың нақ сенің!

Дос болам десен,

Досымды сыйла, қымбаттым!

Досыңа сонда,

Досыммен ғана қымбатпын.

Дос болам десен,

Мендегі доспен достасқын,

Сендегі доспен дос болып сонда тұрмақпын.

4-сынып білім алушыларына арналған 4-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Достық тілі»

Мақсаты: жоба қорытындысын шығару және одан әрі дамыту мақсаттарын анықтау.

Міндеттері:

1. Сыныпта достық атмосферасын құру жеке жауапкершілік туралы түсінік қалыптастыру

2. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту

3. Достық қасиеттерді дамытуға қызықтыру.

Ресурстар: тапсырмасы бар карталар, жіптер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Сабақ парталас көршісіне қарап, күлімсіреп, жақсылық тілеп, тыңдауға және сөйлесуге дайындалудан басталады.

Анықтамалық сөздер: Мейірімді жүрек, жақсы ой, жылы сөз, игі істер. Берілген сөздерді пайдаланып оқушылар мұғалім айтпақ болған ойды толықтырады.

..... – бақ,

..... – тамыр,

..... – гүлдер,

..... – жеміс.

Бақшаларыңа күтім жасаңдар және оны арамшөптерден сақтаңдар, оны жылы сөздер мен игі істердің нұрымен толтырыңдар.

Тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім басқаларға жақсылық жасайтын, оларға жанашырлық таныта алатын адам нағыз дос деп тұжырымдайды.

III. Негізгі бөлім

«Режиссерлік әңгіме» жаттығуы

Мұғалім оқушыларға олардың мультфильм жасағанын еске салады. Әрі қарай, мұғалім өзін режиссер ретінде таныстырады. Ол біздің тақырыпта қандай фильм түсірер еді?

Мысалы: «Бұл болашақ туралы. Адамдар тек өздері үшін өмір сүреді, ал басқалар үшін ештеңе жасамайды. «Мейірімділік» сөзін менсінбейді және олар қорлағысы келгенде «мейірімді» дейді. Тек «келіспеушілік» болуы керек.

Әрі қарай мұғалім оқушылардан сұрақтарға жауап беруді сұрайды:

1. Мейірімділікке деген көзқарасты қалай өзгертуге болады?

2. Жағдайды өзгерту үшін не істей аласың?

3. Сенің алғашқы қадамың қандай болады? Екінші? Үшінші?

Оқушылар ұсынған қадамдар, мысалы:

Бір-біріне күлімсіреу.

Жылы сөздер айту.

Жақсы істер жаса: жол бер, көшеден өтуге көмектес, портфельді жеткізуге көмектес және т. б.

Әңгіме аяқталғаннан кейін мұғалім балалармен бірге достық – бұл үлкен құндылық, бізді жақсы, мейірімді, күшті ететін тағдырдың сыйы деген қорытынды жасайды. Ол бізге оқуға, жұмыс істеуге, өмір сүруге көмектеседі. Достарсыз адам өмір сүре алмайды. Дос болу – үлкен игілік. Жақсы дос болу үшін сізге лайықты адам болу керек: әлсізге араша түсу, үлкендерге көмектесу, қарт адамға жол беру – мұның бәрін достық тілі деп атауға болады.

Оқушылар «Достық тілі неден тұрады?» деген сұраққа жауап береді: Бұл сұрақтың жауабы келесі тапсырманың орындалуын қамтамасыз етеді.

Топтық жұмыс

«Достықтың сиқырлы 5 тілі» жаттығуы

Мұғалім оқушыларды 5 топқа біріктіреді және әр топқа тапсырма картасын ұсынады.

1. Сәлемдесу, қуаныш білдіру, мақтау сөздері

Тапсырма: өмірде қолданатын сәлемдесу сөздерін ата.

Тапсырманы орындағаннан кейін оқушылар мұғаліммен бірге қорытынды жасайды: Сыпайылық – білімді адамның маңызды қасиеттерінің бірі. Сыпайылық (әдептілік, ізеттілік) — адамдарды сыйлау, қарым-қатынас пен өзара қатынастың күнделікті нормасы мен ережесі. Сыпайы адам болып туылмайды, адам сыпайы болып қалыптасады.

2. Қолдау сөздерінің тілі, тыңдау қабілеті, сезімдерді жеткізу.

Тапсырма: анаңды, досыңды, жақындарыңды қолдау үшін қандай сөздерді қолданатыныңды айт.

Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін қорытынды жасайды, мысалы: қолдау тілі өте маңызды, өйткені ол бір нәрсені бірге жасау, ойнау қабілетін дамытады; басқа адамның жан жарасын емдеуге қолдау көрсету қабілеті, ақыл-ойдың тәжірибесімен бөлісу немесе ең қиын сәтте қолдау көрсету мүмкіндігі, сонымен қатар бұл өте маңызды! Досыңыздың, құрбыңыздың жолдасыңыздың, жетістіктеріне қуаныңыз, қуанышыңызбен бөлісіңіз!

3. Кешіру сөздерінің тілі.

Тапсырма: Даналық сөзді қайталау: «Өзіңе тілемегенді өзгеге тілеме». Сұраққа жауап беру:

- 1) Неліктен адам кешірім сұрайды?
- 2) Бұл маңызды ма?
- 3) Сен қандай кешірім сөздерін қолданасың?

Талқылаудан кейін оқушылар кешірім сұрау адамның өз сөздері мен әрекеттеріне жауапты екендігінің белгісі деген қорытындыға келеді. Кешірім сұраған адам өзін кешірім сұраған адамның орнына қояды, оның көзқарасын қабылдайды және қарым-қатынас, достық, сенім, құрмет орнатуға дайын. Шын жүректен кешірім сұрау адамдарды жақындастырады.

4. Интонация (екпін) тілі

Әрбір қатысушы интонация реңктері жазылған картаны алады.

Тапсырма: карточкаларда жазылған белгілі бір интонациямен «Жарайсың» сөзін айтыңыз: тыныш, қатты, жұмсақ, таңданарлық, ирониялық, ынталы, мейірімді, талапшыл, жұмбақ, ашуланшақ және т. б.

Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін қорытындыға келеді, мысалы: біз сөйлескен кезде сұқбаттасушыны бір нәрсеге сендіруге тырысамыз, бір нәрсе туралы хабарлаймыз, бір нәрсе туралы сұраймыз. Айналамыздағы адамдар бізді түсінуі үшін интонацияны дұрыс қою керек. Интонация өмірде, адамдардың қарым-қатынасында үлкен рөл атқарады.

5. Қимыл тілі

Тапсырма: бір-бірімен амандасқанда қандай қимылдар мен ым-ишара қолданылатынын көрсету.

Тапсырманы орындап, оны талқылағаннан кейін оқушылар ым-ишара адамдардың қарым-қатынасында маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келеді. Әсіресе қол алысу, сәлемдесу немесе алғыс айту кезінде қолды кеудеге қою сияқты қимылдар. Сәлемдесу қимылдары мәдениетке, дәстүрге байланысты әртүрлі болуы мүмкін, бірақ адамның күлкісі мен көзінің көрінісі өзгеріссіз қалады. Жақсы жүректен шыққан күлімсіреу оған жүгінгендерді қолдайды, жігерлендіреді, шабыттандырады, тыныштандырады.

III. Жобалық қызмет

Мұғалім оқушыларға жобаны іске асыру барысында өздері жасаған мультфильмді таныстыруды ұсынады.

Мультфильмді көргеннен кейін мұғалім жобалық қызмет туралы әңгіме ұйымдастырады.

Сұрақтар:

- 1) Жоба аяқталған кезде сыныптағы атмосфера өзгерді ме?
- 2) Жобаны орындау кезінде қандай қиындықтарға тап болдың?
- 3) Сен көмек пен қолдаусыз жеңе аласың ба?
- 4) Сыныптағы достықты нығайту үшін тағы не істеуге болады?
- 5) Сыныпта достық атмосферасын құруға бізге не көмектесе алады?

(Оқушылар өз қалауы бойынша жауап береді.)

Мұғалім сабақты қорытындылайды: Қазір сендер тек дос болуды үйреніп жатырсыңдар. Достық берік болуы үшін әртүрлі жағдайларда достықты бағалау керек, қиын уақытта бір-біріңе қолдау көрсетіп, көмектесу керек, не және қалай сөйлесетінің туралы ойлануың керек.

«Өрмекші торы» ойыны

Бір үлкен шеңберде тұрыңдар. Әрқайсыңның сыныптасыңа жақсы нәрсе айтуға мүмкіндіктерің бар.

Доп барлық балалар біртіндеп өсіп келе жатқан тордың бөлігі болғанға дейін беріледі.

- Неге біз осындай тор тоқыдық? *(Оқушылардың жауабы: Олар достық жолын созды. Біз бәріміз біріміз! Біз оларды әдетте көрмейміз, бірақ олар бар. Өмірде бізді әрқашан жылы-жылы сөздер мен сезімдердің жіптері байланыстырсын!)*

- Сен өзінді қалай сезінесің? *(Оқушылардың жауабы)*

Талқылау аяқталғаннан кейін мұғалім оқушыларға «Сөз энергиясы» жобасына қатысқаны үшін алғыс білдіреді және алған білімдері мен дағдыларын сыныпта достық атмосферасын құруда пайдалануға тілек білдіреді.

Сергіту: «Достық жібi»

Мақсаты: балаларды сергіту, қарым-қатынасқа бейімдеу және достықтың негізгі аспектілерін еске түсіру.

Сипаттамасы: — Шеңберге тұрыңыздар. — Жіп оралған домалақты қолыңызға алып, жіптің ұшын ұстап тұрып, оны кез келген оқушыға лақтырасыз, оның есімін атап, ол туралы жақсы бір нәрсе айтасыз (мысалы, «Айдана, сен әрқашан көмектесуге дайынсың!» немесе «Ерасыл, сен тыңдай білесің»). — Оқушы домалақты ұстап алады, жіпті ұстап тұрып, оны келесі оқушыға лақтырады, оның есімін атап, жақсы сөз айтады. Жіп барлық оқушыға жеткенше жалғастырыңыз. Соңында сізде «достық желісі» пайда болады, оны көруге болады.

Бұл ойын қандай сезімдер тудырғанын талқылаңыз.

Жобаға шолу және «Жетістіктер тақтасы»

Мақсаты: Жоба аясында атқарылған жұмыстарды еске түсіру, ең жарқын сәттерді бөліп көрсету.

Сипаттамасы: — Балалар жобаның аясында не істегенін қысқаша айтып беріңіз (мысалы, «Біз жылы сөз айтуды үйрендік», «Біз достық ережелерін жаздық», «Біз бір-бірімізге көмектестік»). — Балалардан жобаның ең қызықты сәттерін еске түсіруді сұраңыз. Осының бәрі достық тақтасына жазылады.

Мына сұрақтарды пайдаланыңыз.

1) «Біз не үйрендік?» (Жоба барысында жасалған негізгі қорытындыларды жазыңыз, мысалы, «Достық — бұл өзара көмек», «Достар кешіре білуі керек»).

2) «Не жақсы болды?» (Ең сәтті сәттерді жазыңыз, мысалы, «Біз бір-бірімізге жылы сөз айтуды үйрендік», «Біз бір-бірімізді жақсырақ түсіне бастадық»).

3) «Не қиын болды?» (Балалар кездескен қиындықтарды жазыңыз, мысалы, «Ренішті кешіру әрдайым оңай емес», «Келісімге келу қиын болды»).

4) «Нені жақсартуға болады?» (Не басқаша жасауға болатынын немесе не қосуға болатынын талқылаңыз, мысалы, «Топтық ойындарды көбірек өткізу», «Бір-бірімізге жиі алғыс айту»).

Рефлексия: «Достық ағашы»

Мақсаты: Балаларға достықтағы өз рөлін ойлауға және жеке мақсаттарын анықтауға көмектесу.

Сипаттамасы: — Тақта немесе үлкен қағазға жапырақсыз ағаш суретін салыңыз. — Әр балаға жапырақ пішініндегі қағаз беріңіз. — Балалардан жапыраққа жазуын сұраңыз:

1) «Біздің қарым-қатынасымызды жақсарту үшін мен не істей аламын?» (мысалы, «Мен жиі күлімсіреймін», «Мен достарымды мұқият тыңдаймын», «Мен басқаларды ренжітпеуге тырысамын»).

2) «Мен жақсы дос болу үшін не істеп жүрмін?» — Жапырақтарды ағашқа кезекпен жапсырыңыз.

Пайда болған «Достық ағашын» талқылаңыз. Балалардың ортақ мақсаттарын және сол мақсаттарға жетуде бір-біріне қалай көмектесе алатынын сұраңыз.

IV. Қорытынды

Қорытынды және марапаттау:

Сынып сағатын қорытындылаңыз. Балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтаңыз. Ойынға белсенді қатысқаны үшін топтарды немесе жеке оқушыларды марапаттаңыз (сыйлықтар, грамоталар табыстаңыз). Достық пен жылы қарым-қатынастың маңыздылығын еске салыңыз, алға қойған мақсаттарға жетуде табыс тілеңіз. Сынып сағатын жағымды нотамен аяқтаңыз (мысалы, достық туралы әнді бірге айту). Балалардан досына хат жазуды сұраңыз. Хатта олар досына алғыс айтып, болашаққа қатысты жоспарларымен бөлісуі керек.

«КҮЙЗЕЛІС СЕЗІМІ - ДОС ПА ӘЛДЕ ЖАУ МА?» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 5 - СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Ақылды бол, күресте рухыңды күшейт, тағдырға тек
талантсыз мойынсұнады.
Абай Құнанбайұлы*

5-сынып оқушыларына арналған 1-сабақ Сабақ тақырыбы: «Мен және күйзеліс»

Мақсаты: Өзінің даралығын және өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуді қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды күйзеліс ұғымымен және оның белгілерімен таныстыру.
2. Мектеп оқушыларын күйзелістің себептерін анықтауға және оны жеңу жолдарын білуге үйрету.
3. Күйзеліс жағдайларында өзін-өзі тану және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту.

Ресурстар: ереже жазылған қағаз, А4 қағазы, қалам, мәтіні бар үлестірімелер

Сабақ барысы

I.Кіріспе

Сабақ ережелерімен танысу.

1. Белсенді болу.
2. Бір-біріңнің сөзін бөлмей тыңдау.
3. Тек, өз бетіңізше сөйлеу.
4. Егер ақпарат нақты біреуге бағытталған болса, онда ол туралы үшінші тұлғада сөйлесудің орнына тікелей сол адамның өзіне хабарласу.
5. Сабақтағы тренингіден тыс ақпаратты таратуға немесе талқылауға болмайды, құпия сақтау қажет.
6. Жаттығу кезінде сын айтудан аулақ болу, егер бір жағдайды сынау қажет болса, басқалардың талқылауды бастағанын күту.
7. Кез келген жаттығуды орындағысы келмеген жағдайда, қатысушы себебін түсіндірмей бас тартуға құқылы, бірақ ол өзінің бас тартатынын көпшілік алдында міндетті түрде мәлімдеуі керек.

«Бір-бірімен сәлемдесу» топты біріктіру жаттығуы

Бірінші-екінші деп санап, екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағылар мұғалімнің артынан бір қатарға сапқа тұрады, ал екінші топ мұғалімге қарама-қарсы сол қатарға тұрады.

Сәлемдесу: Екі топ әрқайсысы өз тобының арасында кезек-кезек бұрылып, өзінің артындағы адамымен қол алысып, амандасып болғаннан кейін, бағандар арасында бір-бірлерімен сәлемдесу қажет болады. Ол үшін бәрі «жыланша» барып, қол алысып амандасады.

Рефлексия. Сұрақ: Жаттығуды бастаған кезде қандай күйде болдыңыз, мазасыздық, ыңғайсыздық сезіндіңіз бе? Ал қазір қандай күйдесіз? Жаттығудың қандай пайдасы болды?

II. Негізгі бөлім

Тапсырма: Мәтінді оқу

Әр қатысушыға әріптер жиынтығы бар мәтіндер жазылған үлестірме қағаздары беріледі. Оны мәтінді 30 секундта оқып шығу керек.

1) КҮНОРМАНДАКӨҢІЛДІАЛҒАШҚЫСӘУЛЕЛЕРМЕНОЙНАДЫ

2)ӘУЕНніңМАңыздылығыМЕНүшіНАйНалаМдағыБаРЛЫҚНәрСЕталғаМПАЗ БолДЫ

3. АдамДАРКӨКасПанМЕНҚҰСтарДЫңӘніНЕСТіпҚуаНАДЫ

«Егер мен күн болсам» С.Қалиев

Талқылау

Сұрақтар

1. Сіз тапсырманы бірден орындадыңыз ба?

2. Оны жылдам орындау үшін сізге қажет болған нәрсе не?

Ақпараттық блок

Стресс дегеніміз не?

Күйзеліс сөзі бұрын техникада қолданылған. Бұл қандай да бір затқа күш түсетінін және ол шиеленісетінін білдірді. Қазір бұл сөз адамның қатты уайымдайтыны туралы айтқан кезде жиі қолданылады.

Кейде күйзеліс сыртта бір нәрсені тудырады, мысалы, бақылау, досыңызбен жанжал немесе мектеп таңдау. Кейде күйзеліс -бұл біздің ішімізде болатын нәрсе: реніш, ашуланшақтық, қайғы және т. б.

Адамның күйзеліске ұшырағаны әртүрлі жолдармен көрінеді.

Баста: зейін қою, есте сақтау, ойлау қиын.

Сезімде: қорқыныш, ашу, қайғы, қуаныш немесе тітіркену пайда болуы мүмкін.

Қарым-қатынаста: біреу көбірек сөйлесе бастайды, ал біреу керісінше ешкіммен сөйлескісі келмейді. Жанжал тууы мүмкін.

Денеде: бұлшықеттер тартылуы мүмкін, адам жиі тыныс алуы, бозаруы немесе қызаруы, іштің ауыруы, қысымның жоғарылауы және т. б.

Күйзеліспен күресу үшін оның не үшін пайда болғанын түсіну маңызды.

«Өркен» БӘАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Балаларға арналған кеңестер: эмоцияларды басқаруды үйрену» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады:
<https://youtu.be/yAiDR7ctQnI?si=ENlR7Q-OjlcYeyz>

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Буллинг пен қақтығыстың айырмашылығы неде?

2. Неліктен Еркін Алмаспен сөйлесуді ұйғарды?

Жаттығу. Күйзелістің себептерін талдау.

Мақсаты: күйзелістің сыртқы және ішкі себептерін түсіну, күйзеліс жағдайын жеңудің жеке тәсілдері.

Қатысушыларға қағазға олар жеңісі келетін бір күйзеліс жағдайын жазу тапсырмасы беріледі.

Қағаздар араластырылып, қайтадан таратылады.

Әрбір оқушы өзі алған парақта көрсетілген жағдайды оқиды, оның өзі үшін қаншалықты күйзелісті екенін, қандай ассоциациялар тудыратынын бағалайды және онымен қалай күресуге болатыны туралы кеңес береді.

Басқа қатысушылар күйзелісті жеңу үшін өз нұсқаларын айтады.

Ескертпе. Күйзелістің пайда болу себептерін (күйзеліс факторлары) талдау көрсеткендей, барлығы үшін күйзеліс жағдайлары бар (тақта алдында жауап беру, емтихандар және т.б.), бірақ кейбірі ғана мектеп оқушыларында күйзелісті тудырады. Бұл ерекшелікке олардың назарын аудару керек. Сондай-ақ, күйзелістің көріністері көбінесе оның себептеріне айналады, ешкімге қажет емес жеке қасиеттердің қалыптасуына әкеледі. Мысалы, жиі кездесетін реніш реніштің дамуына әкеледі. Күйзелісті басқаруды үйрену үшін оның факторларын жіктеген жөн.

III. Жобалық қызмет

Тапсырма

1. Оқушылармен алған білімдерін қолдану мүмкіндігін талқылау.
2. Жаңа жағдайларға қалай бейімделу керегін көрсететін соңғы «өнім» таңдау (таныстырылым, постер, ұсыныстар, қойылым, хаттар және т.б.).
3. Топтар құрылады (бір-бірімен аз қарым-қатынас жасайтын оқушыларды топтарға таңдаған жөн). *Түпкі мақсат:* күйзелісті жағдайлардан ауыртпалықсыз шығу жолдарын табу, алдын-алу; проблемалық жағдайға, жеке қасиеттерге деген көзқарасты өзгерту үшін ұсынымдар (ролик, таныстырылым, постер, схема, инфографика, сценарий және т.б.) әзірлеу.
4. Оқушыларға бірінші сынып оқушыларына ментор болуды ұсыну.
5. Мазасыз жағдайлардың себептерін анықтау үшін бірінші сынып оқушысына қоятын сұрақтарыңызды талқылаңыз және жазыңыз.

Мұғалім оқушыларға жоба бойынша практикалық жұмысқа арналған тапсырмалар ұсынады:

1. Өзіңізді бақылаңыз: сізді қандай жағдайлар алаңдатады, сіз мазасызданған кезде өзіңізді қалай сезінесіз?
2. Мазасыздық белгілерін факторлар бойынша жүйелеңіз: үйде, мектепте, қоғамда.
3. Қорқыныш, үрей мазасыздығы жағдайынан кейін, оны қалай жеңетініңізді сипаттаңыз.
4. Бір сыныпқа қатысыңыз, балалардан сұраңыз: қандай жағдайлар оларды алаңдатады, олармен қалай күреседі?

IV. Қорытынды

Жаттығу. Оқушыларға карточкалар таратылады және күйзеліс жағдайынан шығу жолдарын табу үшін кестенің сол жақ бөлігінен оң жақ бөлігіне қарай көрсеткілер арқылы сәйкестендіру ұсынылады.

Үлестірмелі материал

Күйзеліс факторлары	Жеңу шарттары
Емтихандар. Мен сабақ оқыған жоқпын, бірақ жауап беру керек. Нашар бағалар. Сені түсінбеген кезде. Әділетсіз қатынас. Саған айқайлайды, мазақ етеді, Қорлайды, сыныптастардың көзінше кемсітеді Ата-анам ұрсысады. Ренжітеді, сыныптастарын мазақтайды Мен жалғыз болған кезде. Мен жалғыз болғанды ұнатпаймын. Ата-ана, достар, мұғалімдермен ұрсысу.	Мен досыма айтамын. Мен компьютерге отырамын. Мен досыммен кеңесемін. Ата-анам дәмді немесе жаңа нәрсе сатып алады. Мен серуендеймін. Достарыммен кездесемін. Ренжіткен адамды ойша кешіріп, сабыр сақтаймын.

5-сынып оқушыларына арналған 2-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Өзімізді басқаруды үйренеміз»

Мақсаты: оқушылардың өзін-өзі дамыту тәсілі ретінде өзінің кемшіліктері мен артықшылықтарымен жұмыс істеуге ынталандыру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың жағымсыз ойларды анықтап, оларды жағымды ойлармен алмастыру қабілетін қалыптастыру.

2. Күйзеліс жағдайында өзін-өзі реттеу және өз күйін басқару дағдыларын дамыту.

3. Өз эмоциялары мен мінез-құлқына жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеу.

Ресурстар: А4 қағазы, қарындаш, гүлдер бейнеленген карточкалар, стикерлер, ұсыныстар жазылған флипчарт.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

Ұжымдық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған «Үнсіздік» жаттығуы

Мақсаты: ынтымақтастықты дамыту, сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыру.

Қатысушылар жұптарға бөлініп, орындыққа бір-біріне жақын отыруы қажет.

Тапсырма. Әр жұп – сурет салатын бір команда. Әр топқа бір ақ қағаз және бір қарындаш беріледі. Олар кезекпен-кезек, бір қарындашпен бір суретті салып шығуы керек.

Бұл жаттығудағы басты ереже – сурет салу барысында үндемеу. Сурет салуға үш минут уақыт беріледі.

Жаттығуды талқылау:

1. Қатысушылар өз суреттерін талқылап, әсерлерімен алмасады. Бұл оларға қарым-қатынастың сөзсіз қалай болатынын жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Сұрақтар:

1. Үнсіз сурет салу қиын болды ма?
2. Серіктесіңізбен ортақ пікірге келдіңіз бе?
3. Кескін үнемі өзгеріп отыратындықтан қиын болды ма? Неліктен?

Рефлексия

Сұрақ: Жаттығуды бастаған кезде мазасыздық, ыңғайсыздық сезіндіңіз бе? Ал қазір ше?

II. Негізгі бөлім

Тапсырма. Жанармен болған жағдай. Танысып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Жанардың жасы 12-де, 6-сыныпта оқиды. Оның мектебінде жақын күндері математикадан маңызды бақылау жұмысы өтпек. Жанар әрдайым жақсы оқуға тырысатын, бірақ бұл жолы жаңа тақырып – бөлшектерді түсіну оған қиын болды. Бақылау жұмысына бір күн қалғанда, үйіне келген соң ол қатты мазасызданып кетті. Басына жағымсыз ойлар келе бастады: «Мен істей алмаймын», «Барлығы жақсы баға алады, ал мен алмаймын», «Мұғалім мені жалқау деп ойлайды». Жанар

төсегіне отырып, жылап жібере жаздады. Бірақ ол сынып сағатында психологтың жаман ойлармен қалай күресуге болатыны туралы айтқанын есіне түсірді. Сол кезде мұғалім: «Жағымсыз ойлар – арамшөп секілді. Егер оларды жұлып тастамасаң, бүкіл бақты басып қалады. Бірақ сен оларды жақсы ойлармен алмастыра аласың», - деген еді.

Жанар сынап көргісі келді. Ол дәптерін алып, өзін мазалаған үш жаман ойды жазды. Әрқайсының қасына қарама-қарсы жақсы ойды жазды:

«Мен істей алмаймын» – «Мен тырысамын және білгенімді есіме түсіремін. Мен жалғыз емеспін — бәрі де оқып жатыр.»

«Мұғалім мені жалқау деп ойлайды» – «Мен оқып жүрмін, тырысудамын, ең бастысы – осы.»

«Бәрі менен жақсы істейді» – «Әркімнің мықты және әлсіз жақтары бар.»

Сосын ол әпкесін шақырып, екеуі бірге бірнеше есепті шығарып көрді. Келесі күні бақылау кезінде Жанар өзін сабырлы сезінді. Барлық сұраққа мінсіз жауап бермесе де, көпшілігін дұрыс орындады.

Сабақтан кейін ол күлімсіреді. Бақылаудың оңай болғанына емес, жаман ойлармен күресуді үйренгеніне қуанды.

Мұғалімнің сұрағы: Бұл жағдай қандай қорытынды жасауға көмектеседі?

Қорытынды:

Жағымсыз ойлар кез келген адамға келе алады — тіпті тырысып оқитын, ақылды балаларға да. Бірақ маңыздысы — сен оларды басқаруды үйрене аласың.

Жаман ойлар – бұл сен емессің. Сен – бұл сол ойлармен не істеуді таңдайтын адам.

Талқылау

Сұрақтар:

1. Сізді қандай «қараңғы» ойлар мазалаған?
2. Сіз оларға қалай жауап бердіңіз?
3. Жаман көңіл-күйді қалай түзедіңіз?

Қорытынды. Біздің әрқайсымыздың мұңаятын, жабырқайтын кездеріміз болады. Дегенмен сол «жағымсыз ойлармен» ұзақ жүруге болмайды. Біз жағдайды өзгерте алмаймыз, бірақ сол жағдай туралы ойымызды өзгерте аламыз. Жақсы ойлар – «Тіпті егер... Кез келген уақытта» тіркестерінен басталады. Яғни, біз жақсы ойлар және сөздер арқылы ойларды өзгерте аламыз. Қане, жаттығып көрейік.

«Тіпті егер...», «Қалай болғанда да...» жаттығуы

Жұптық жұмыс. Балаларға «Тіпті егер...», «Кез келген уақытта» сөздері жазылған гүл пішіндері беріледі.

Нұсқаулық: Бірінші оқушы бірінші гүлдің атын «Тіпті егер...» деп айтады және мәселені көрсетеді: «Мен өзімді жаман сезінемін, менің жолым болмайды, әкем жоқ, мен екілік алдым». Екіншісі өзінің гүлін «Қалай болғанда да...» және «Бұл бүгін ғана, Мен әкемді көре аламын, мен ренжімеймін және депрессияға түспеймін, бірақ екілікті түзетемін» деген жағымды сөзбен аяқталады. Қатысушылар гүлдермен алмасады. Енді біріншісі мәселенің шешімін айтады, ал екіншісі мәселенің өзі айтады.

Жаттығуды сабақтың басында тақтада орындауға болады, себебі кейбір оқушыларға мәселенің шешімін табу қиындық тудырады.

Сондай-ақ, жұппен талқылаудан кейін бірнеше жағдайды рөлдік ойын түрінде ойнап көрсетуге болады.

Рефлексия

Сұрақтар:

1. Жаттығуды орындай алдың ба?

2. Нә нәрсе қиындық туғызды?

Қорытынды: Қиын жағдайларда өзін-өзі реттеу дағдылары қажет. Мына ережені қолдануға болады: «Гүл секілді, ойдың да жақсысын таңда».

Ақпараттық блок.

Өмірде әртүрлі оқиғалар болады — жақсы және жаман. Кез келген өзгеріс, тіпті жағымды болса да, күйзеліс тудыруы мүмкін. Әрі ол жағдайлар адамға жағымды не жағымсыз да болуы мүмкін. Мысалы, емтиханда алған екілік баға да, бестік баға да адамға бір деңгейде күйзелістің пайда болуына әсер етеді. Қуаныш пен қайғыға деген реакция әртүрлі болады, адамның қуаныш пен қайғыға көзқарастары әртүрлі болғанымен, одан алатын күйзеліс деңгейі бірдей болады.

Адам күйзеліске ұшыраған кезде ағза басқаша жұмыс істей бастайды: арнайы заттар-гормондар қанға бөлінеді. Жүрек жиі соғады, бұлшықеттер қатайды, дене әрекетке дайындалады - қашу немесе қорғану. Осылайша ағза қауіпке жауап береді.

Бірақ шынайы өмірде әрқашан қашып кете алмайсыз немесе ұрыса алмайсыз. Біз өзімізді ұстаймыз, ештеңе жасамаймыз және дене әлі де ширығып тұрады. Егер бұл шиеленіс кетпесе, ол жиналып, өзімізді жақсы сезінуге кедергі келтіруі мүмкін.

Осы жағдайлардың алдын алу үшін, адам өзінде кернеу пайда болғанын байқай білуі және оны қауіпсіз жолмен, өзіне де, өзгелерге де зиян келтірмей жеңе білуі маңызды. Босаңсуға көмектесетін қарапайым тәсілдер бар, олар өзінді жақсы сезінуге көмектеседі.

Кейде күйзеліс маңызды оқиғалардан пайда болады. Бірақ көбінесе ол күнделікті уайымдардан туындайды: сабақтар, достармен қарым-қатынас, бағалар немесе бақылау жұмысын күту.

Біздің денеміздің реакциясы (қызару, қолдың дірілдеуі немесе ақырын шыққан дауыс) бізді қорқытып, күйзелісті күшейтуі мүмкін. Әсіресе, егер біз онымен қалай күресуге болатынын білмесек.

Күйзеліс әрқашан жаман нәрсе емес екенін түсіну маңызды. Бұл шынымен де кедергі келтіруі мүмкін (зейін қою қиын, мазасыздық, тітіркену, шаршау пайда болады). Бірақ сонымен бірге күйзеліс көмектесе алады. Бұл бізді біріктіреді, тезірек ойлауға және әрекет етуге көмектеседі. Оның арқасында біз қиындықтарды жеңуді үйренеміз және мықтырақ боламыз.

Мысалы, егер сен үйден ренжіп шығып, кейін мектепке келіп, бәрі саған тиіседі деп ойлай бастасаң, бұл дистресс. Бұл жанжалды бастауы мүмкін, бірақ басқалар бұл мәселенің не екенін түсінбейді..

Қорытынды: Күйзеліс әртүрлі болады. Оны жеңе білу, сезімдеріңді түсіну және денсаулығыңды сақтауды үйрену маңызды. Сонда тіпті қиындықтар саған пайда әкеледі және өсуге көмектеседі.

4. «Ширығу - босаңсу» жаттығуы.

Мақсаты: бұлшықеттердегі қысымды сезінуге үйрену.

Нұсқаулық: Жаттығу тұрып орындалады. Барлық қатысушы тік тұрады және оң қолына назар аударып, оны қатты қысады. Бірнеше сәттен соң қысымды доғарып, қолын босаңсытады. Осы жаттығуды сол қолымен, оң және сол аяғмен, мойнымен, белімен қайталайды.

III. Жобалық қызмет

Өткен жаттығу рефлексиясы. Бірінші сынып оқушыларының күйзеліс жағдайының себебін анықтап көрдіңіз бе?

Бұл сізге қиын соқты ма? Неліктен?

Тапсырма:

1. Топ қатысушыларымен бірінші сынып оқушыларында күйзеліс тудыратын факторларды анықтау және талқылау.

2. Осы факторлар және өзін-өзі реттеу әдістері туралы слайд, бейнеролик әзірлеу;

Мұғалім оқушыларға жобалық жұмыс бойынша практикалық тапсырмалар ұсынады:

1. Бірінші сынып оқушыларына барыңыз. Олармен «Тіпті егер...», «Қалай болғанда да...» жаттығуын орындаңыз –

2. «Жаттығуды орындай алдыңыз ба? Оны орындау қиын болды ма?» деген сұрақтар туралы ойланыңыз.

3. Белгілі бір уақыттан кейін бұл жаттығуды тағы бір рет қайталаңыз.

4. «Жаттығуды орындау оңайырақ болды ма? Балаларда өзгерістер бар ма?» деген сұрақтар туралы ойланыңыз.

5. Өзіңізді бақылаңыз.

6. «Күйзеліс денсаулық пен мінез-құлыққа қалай (оң, теріс) әсер етеді?» деген сұрақ туралы ойланыңыз.

IV. Қорытынды

«Менің таңдауым» жаттығуы

Бұл әдісті оқушылар сабақ мазмұнына байланысты рефлексия кезінде қолданады. Оқушылар тақтада жазылған әр қатардың тұсына сабаққа деген қатысуын және жобаға деген көзқарасын білдіретін белгіні жабыстыруы керек.

- Маған қызық болды.
- Мен зеріктім.
- Мен жаңа нәрселерді түйдім.
- Мен ешнәрсе біле алмадым.
- Мен мұғалімді тыңдадым.
- Мен мұғалімді тыңдамадым.
- Мен жиі жауап бердім.
- Мен сирек жауап бердім.
- Мен өзіме разымын.

Үлестіріме материал

«Күйзеліс туралы нені білу керек?» жадынамасы

Күйзеліс дегеніміз не?

Күйзеліс – бұл ағзаның өзгерістерге немесе қиындықтарға реакциясы. Бұл жаман нәрсе болуы мүмкін, бірақ күйзелісті жақсы оқиғалар да тудырады.

Күйзелісте екеніңді қалай түсінуге болады?

- Жылағың немесе айқайлағың келеді.
- Жүрек тез соғады.
- Қол дірілдейді, бет қызарады.
- Ойлану немесе зейін қою қиын
- Ештеңе қуантпайды.

Күйзелісті қалай жеңуге болады?

1. Терең тыныс ал: 5 рет баяу дем алып, дем шығарыңыз.
2. Біреумен сөйлесі: досыңмен, ата-анаңмен, мұғаліммен.
3. Қозғал: жаттығу жаса, жүр, секір.
4. Сурет сал, мүсінде, жаз: шығармашылық демалуға көмектеседі.
5. Музыка тыңда немесе оқы: бұл тыныштандырады.
6. Кідірт: үнсіз отыр, көзіңді жұм.
7. Есіңде болсын: күйзелісті сезіну – қалыпты жағдай. Ең бастысы – онымен дос болу.

Есіңде болсын! Күйзеліс жау емес. Егер сен оған қалай қарау керектігін білсең, ол сенің көмекшің болуы мүмкін.

5-сынып оқушыларына арналған 3-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Сенімділік – сәттіліктің кепілі»

Мақсаты: Күйзеліске төзімділіктің жеке тетіктерін анықтау.

Міндеттері:

1. Оқушылардың күйзеліс жағдайында өз эмоцияларын және мінез-құлқын басқара білу дағдысын қалыптастыру.
2. Құрылымды қарым-қатынас жасау және көмекке жүгіну дағдыларын дамыту.
3. Өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ынталандыру.

Ресурстар: түрлі-түсті маркерлер, флипчарт, жеке тапсырмалары бар үлестірмелі қағаздар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Биік мұнара» топты біріктіру жаттығуы.

Мақсаты: қатысушылар өз әрекеттерін үйлестіруді, топта өзара әрекеттесуді үйренеді. Вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Шарттары: қатысушыларға сөйлесуге және дауысты қандай да бір жолмен қолдануға тыйым салынады. Әрбір парақ бір қатысушы үшін қатаң құпия болып табылады. Вавилон мұнарасын бірлесіп салу керек. Секундомер қолданылады.

Жаттығу барысы: қатысушылар 6-7 адамнан 4 топқа бөлінеді. Топтағы әрбір қатысушыға жеке тапсырма беріледі.

Орындалу уақыты (5 минут).

Талқылау:

1. Тапсырманы орындау қиын болды ма?
2. Қайсысы ең қиын болып көрінді?
3. Топтарда өзара әрекеттесу сәтті болды ма? Неліктен?
4. Күнделікті өмірде немесе жұмыс ортасында алған дағдыларды қайда және қашан пайдалана аласыз?

II. Негізгі бөлім

Күйзелісті қалай жеңуге болады?

Бірдей қиын жағдай адамдарға әр түрлі әсер етуі мүмкін. Бірақ оны әр түрлі жолмен жеңуге болады.

Өздерін ұстай алатын және қиын сәтте абыржымайтын адамдар пайдалы (сындарлы) әдістерді қолданады. Олар:

- 1) эмоциялары бен мінез-құлқын басқара алады;
- 2) асықпай ойлана алады;
- 3) жағдайдың қаншалықты қиын екенін және олар онымен не істей алатынын дұрыс бағалай алады;
- 4) күйзелісті жеңудің жақсы әдісін тандай алады.

1-кезең. Біз жағдайды қалай қабылдаймыз және бұл неге алып келеді?

Толғандыратын нәрсе болған кезде, біз алдымен *жағдайды бағалаймыз*. Біз ойлаймыз:

1. Бұл біз үшін қаншалық қиын немесе қауіпті (мысалы, денсаулық, көңіл - күй немесе бедел үшін)?
2. Біз жеңе аламыз ба, жоқ па?
3. Бізде білім мен күш жеткілікті ме?

Мысалы, мұғалім журналға қарап, тақтаға шығып жауап беретін адамды таңдағанда, оқушы өзін шақыруы мүмкін екенін бағалайды. Ол: «Мені шақыра ма? Мен тақырыпты білемін бе? Мен жауап бере аламын ба?» Егер орындай алмайтынындy сезінсең, қорқыныш пайда болуы мүмкін. Егер бәрін білсең, тақтаға өзің шығуға деген сенімділік пен ниет пайда болуы мүмкін.

Кейде күйзелісті өзіміз жасаймыз. Мысалы, егер оқушы өзіне сенімді болмаса, ол бәрін білсе де, тақтаға шығудан қорқуы мүмкін. Бұл жерде мәселе жағдайда емес, оны қалай қабылдайтынымызда.

2 - кезең. Күйзеліс денеге және нәтижелерге қалай әсер етеді?

Біз қорқатын кезде денемізде әртүрлі өзгерістер болады:

- 1) жүрек соғысы жиілейді;
- 2) тер бөлінісі байқалады;
- 3) тыныс алу ырғақтылығы бұзылады;
- 4) аяқ-қолдың дірілдеуі пайда болады;
- 5) зейінді шоғырландыруда қиындықтар;
- 6) кейде біз не айтқымыз келгенін шатастырамыз немесе ұмытып қаламыз.

Мысалы, оқушы тақтада жауап беруден қорқатын кезде, тізесі дірілдеп, сөз таба алмай қалуы мүмкін.

Бірақ ұқсас өзгерістер біз өте қуанышты немесе толқып тұрған болған кезде де болады, мысалы, жақсы бағаны күткен кезде. Бұл жағдайда ол тынысы тарылуы немесе толқу пайда болуы мүмкін.

3 - кезең. Біз күйзеліс қалай бейімделеміз?

Күйзеліс болған кезде біздің ағзамыз бен миымыз онымен күресуге тырысады. Бұл бейімделу деп аталады – біз жаңа жағдаймен өмір сүруді үйренеміз.

Бейімделу әртүрлі болуы мүмкін.

1. Белсенді – біз саналы түрде мәселені шешуге және қиындықтарды жеңуге тырысқанда белсенді.
2. Пассивті – проблемадан аулақ болуға немесе өзімізді басқаша қорғауға тырысқанда, алаңдап отырып стрессті байқамай қаламыз.

Күйзелісті жеңу үшін саналы түрде әрекет ету және мәселелерді шешудің дұрыс жолдарын таңдау маңызды. Сонда біз өзімізді жақсы сезінеміз және мықтырақ боламыз.

Мұндай іскерлік бізге дамуға, қабілеттерімізді ашуға және мақсаттарымызға жетуге көмектеседі.

Қиындықтарды қалай жеңуге болады?

Мәселені шешу үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

1. *Мақсат қою* – не істегіңіз келетінін шешу.
2. *Мұны қалай жасау керекгін ойлау* – мәселені шешудің әртүрлі тәсілдерін табу.

3. *Не қажет екенін анықтау* – әр әдіс үшін не қажет екенін ойлау (уақыт, көмек, білім).

4. *Салдарын елестету* – бір немесе басқа жолды таңдасаңыз не болуы мүмкін екенін ойлау.

5. *Өз күшіңізді бағалау* – не істей алатыныңызды және не істей алмайтыныңызды түсіну және ең жақсы нұсқаны таңдау.

6. *Кішкентай міндеттер қою* – дұрыс бағытта жүріп жатқаныңызды қалай түсінуге болатынын шешу.

7. *Әрекет ете бастау* – бірінші қадамды жасау және мақсатыңызға жету.

Өзіңіз жеңе алатын жағдайлар бар. Бірақ көбінесе біз өз тәжірибеміз жетіспейтін немесе басқа себептермен көмек сұрауға тура келетін жағдайларға тап боламыз. Бұл оқуға, ата-анамен немесе досымен қарым-қатынасқа және т. б. байланысты жағдайлар болуы мүмкін. Ол үшін не қажет?

«Көмек сұраймын» жаттығуы.

Мақсаты: көмекке жүгіну алгоритмін анықтау, коммуникативті құзыреттіліктің құндылығын түсіну.

Нұсқаулық. Қатысушылар топтарға бөлінеді. Әр топ оқушының өзі шеше алмайтын жағдайды сипаттайтын карточка алады (мысалы, оқулықта жоқ оқу материалын түсінбедім; кітапты тез арада досыңызға қайтару керек, бірақ сіз кетіп бара жатырсыз; досыңызбен ұрсысып қалдыңыз). Оқушыларға өз жағдайларын ойлап табуды ұсынуға болады.

Алынған білім негізінде әр топ тапсырманы шешудің сындарлы нұсқасын жасап, оны талқылауға ұсынуы керек.

Талқылау барысында келесі тармақтарға назар аудару қажет:

1. Біз көмек сұрайтындардың жалпы қасиеттерін бөліп көрсетуге бола ма?
2. Бізге көмек беруден неге бас тартуы мүмкін?
3. Бұған қалай ден қоюға болады?
4. Өтініштен бас тартуды болдырмауға бола ма?

Әдістемелік ұсыным: оқушыларды күйзеліске төзімділік тетіктерінің бірі қарым-қатынастағы құзыреттілік деген ойға әкелу керек.

«Қысымды ауыстыру» жаттығуы

Оң қолыңызды барынша қысыңыз. Оны біртіндеп босаңсытып, қысымды толығымен сол қолыңызға аударыңыз. Содан кейін, қолды біртіндеп босаңсытып, қысымды сол аяққа, белге және т.б. ауыстырыңыз.

III. Жобалық қызмет

Алдыңғы тапсырманы орындау рефлексиясы. Бірінші сынып оқушыларымен «Тіпті егер ...» – «Қалай болғанда да...» жаттығуын жасай алдыңыз ба? Жаттығуды қайталағаннан кейін балаларда өзгерістер бар ма? Өзіңізде күйзелістің қандай салдарын анықтадыңыз? Оң? Теріс?

Топтарда жұмыс істеу:

«Күйзеліске төзімді тұлға моделін қалыптастыру» жаттығуы

Талқылау барысында күйзелісті жеңуге және дистресске айналуына кедергі келтіретін жеке қасиеттер анықталады. Күйзеліске төзімді және стресске бейім тұлғаның портреттері жасалады.

Тұлға типтерінің портреттерін қалыптастырғаннан кейін, күйзеліске төзімді тұлғаның жалпы ерекшеліктерін анықтау және осы қасиеттерді өзіңізде қалай дамытуға болатындығы түсіну үшін *нәтижелерді* талқылау жүргізіледі.

Мұғалім оқушыларға жобалық жұмыс бойынша практикалық тапсырмалар ұсынады:

1. «Соңғы өніммен» жұмысты аяқтаңыз (басқа слайдтар, роликтер, плакаттар және т.б. жасаңыз). Онда күйзелістің адамға әсері (оң және теріс); өзіңіздің күйзеліске төзімділігіңіз жолдары туралы айтыңыз.
2. Сабақта үйренген күйзелісті жеңу жолдарын көрсетіңіз.
3. Бірінші сынып оқушыларына «өніміңізді» көрсетіңіз.
4. Олармен күйзеліске төзімді тұлға моделін талқылаңыз.
5. Бірінші сынып оқушыларына релаксация әдістерін үйретіңіз.
6. Бірінші сынып оқушыларымен осы кездесу туралы бейнеролик түсіріңіз.

IV. Қорытынды

«Тілектер тізбегі» жаттығуы

Партадағы көршіңізбен мазасыз жағдай туындаған кезде күйзеліске төзімділікті қалай сақтау керектігі туралы тілектермен алмасыңыз.

Үлестірмелі материал

Жеке тапсырмалар

«Мұнарада 10 қабат болуы керек».

«Мұнараның сұлбасы қоңыр».

«Мұнараның үстінде көк ту желбіреп тұр».

«Мұнарада тек 6 терезе бар».

«Мұнараның алдында үш баспалдақты кіреберіс бар».

«Мұнараның екінші қабатында шам жанып тұр»

«Мұнара есіктері ашық».

Жағдайды сипаттайтын карточкалар

Оқулықта жоқ оқу материалын түсінбедім.

Кітапты тез арада досыңызға қайтару керек, бірақ кетіп бара жатырсыз. Досыңмен ұрсысып қалдың.

5-сынып оқушыларына арналған 4-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Табысты бола аламын»

Мақсаты: күйзеліс жағдайларынан шығу жолдарын үйрету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың өздерінің мықты жақтарын түсініп, бағалай білу дағдысын қалыптастыру.

2. Өзін-өзі таныта білу және сенімді мінез-құлық дағдыларын дамыту.

3. Сыныптастарына ізгі ниетті қарым-қатынас пен бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу.

Ресурстар: түрлі-түсті маркерлер, флипчарт, жеке тапсырмаларға арналған карточкалар

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Мен сенен... көріп тұрмын» ынтымақтастықты қалыптастыруға бағытталған жаттығу

Бірінші кезең. Қатысушылар екі қатар шеңберге бір-біріне қарап тұрады (яғни шеңбердің ішкі және сыртқы жағы).

Жүргізушінің бұйрығымен «Ішкі шеңбер және сыртқы шеңберге ауысамыз» пәрмені беріледі. Ішкі шеңбердегілер сыртқы шеңбердегі оқушыларға «Мен сенің жобада...көрдім» деп басталатын сөйлемді аяқтауы қажет.

«Тоқта» пәрмені бойынша барлық әңгімелер тоқтайды және келесі пәрменнен кейін «Сыртқы шеңбердегілер ішкі шеңберге ауысамыз» деп сыртқы шеңберде тұрған адам сөйлей бастайды. Екінші «Тоқтат» командасы сөйлесуді тоқтатады.

Жүргізуші жұптағы қатысушыларға бір-бірінің көзіне қарауға 1–2 секунд уақыт береді де, «Ауысу» деген бұйрық береді. Осы кезде сыртқы шеңбердегі ойыншылар бір адамға оңға қарай жылжиды.

Уақытты қатаң есепке алу өте маңызды: бір айналымнан екінші айналымға берілетін уақыт аралықтары бірдей болуы тиіс (20–30 секунд).

Екінші кезең – «Маған сенің жоба барысында ... ұнайды».

Жаттығу аяқталғаннан кейін жалпы тәжірибені талқылауға уақыт беріңіз. Қатысушыларға қандай әсер алғаны, басқа қатысушылар туралы не білгені және бұл олардың болашақта өзара әрекеттесуіне қалай әсер етуі мүмкін екені туралы өз ойларымен бөлісуге мүмкіндік беріңіз.

II. Негізгі бөлім.

Жобаның таныстырылымы

Бірінші сынып оқушыларын барған кезде түсірілген оқушылардың бейнеролигін көрсету.

Көрсетілім аяқталған соң, қалағандар өз әсерлерімен бөлісуге шақырылады.

«Өзін-өзі таныстыру» жаттығуы

Мақсаты: білім алушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру.

Әр қатысушы шеңбер бойынша жобаны жүзеге асыру барысында көрінген қабілетін, жобаның өзіне жағымды әсері туралы айтуы қажет. (Әр оқушының сөйлеу уақыты бірдей болуы керек.)

Мысалы: егер қатысушы өзіндегі қасиетін коммуникативтілік деп атаса, онда әрі қарай «Мен – Берікпін, мен коммуникативті қабілеттерімді дамыттым, бұл маған өзімді ... сенімді сезінуге көмектеседі». Жаттығу барысында сөйлемді өзгелерді сендіретіндей айту шарт.

Жаттығу аяқталғаннан кейін қорытынды жасалады.

III. Жобалық қызмет

Жоба бойынша жұмысты аяқтау

«Табыс баспалдағы» жаттығуы

Мақсаты: балаларға өздерінің мықты жақтарын және жетістікке жету қадамдарын түсінуге көмектесу.

Жаттығудың барысы:

1. Мұғалім флипчартқа немесе тақтаға 5 тармақтан тұратын баспалдақ сызады.

2. Әр оқушыға стикер немесе карточка таратылады.

3. Тапсырма: олар өздерінің қазіргі қолынан жақсы келетін нәрсені (қасиет, қабілет, әдет) жазу (бейнелеу). Мысалы: «Мен достаса аламын», «Мен жақсы оқимын», «Мен жылдам есептеймін», «Мен берілмеймін».

4. Балалар кезекпен өз карточкаларын баспалдаққа жапсырып, дауыстап оқиды.

1. «Менің табысқа қадамым – ...»

2. «Бұл маған ... көмектеседі»

Саты толтырылғаннан кейін, сынып сұрақтарды талқылайды:

1. Қандай қасиеттер жиі кездеседі?

2. Табысқа жету үшін тағы қандай қадамдарды қосуға болады?

Маңызды сәт: «баспалдаққа қадам жасаған» әр балаға қол шапалақтау.

IV. Қорытынды

Мұғалім барлық оқушыларға жобаға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреді және алған білім мен дағдыларын сыныпта достық атмосферасын сақтау үшін қолдануын тілейді.

«Қол шапалақтау» жаттығуы

Мақсаты: Сабәқ соңында эмоционалды серпіліс жасау.

Мұғалім кез келген оқушыға жақындап, оған қол шапалақтайды. Содан кейін бұл оқушы келесі бір сыныптасын таңдайды, екеуі бірігіп оған қол шапалақтайды. Үшінші оқушы төртіншіні таңдайды — осылайша жалғаса береді. Соңғы қатысушыға бүкіл сынып бірге қол шапалақтайды.

6 - СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «ҚАҚТЫҒЫСТЫ БАСҚАРУ ӨНЕРІ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША САБАҚТАР

*Адамды биік ететін — ақыл, ғылым,
ерік-жігер мен ар-ождан.*

*Бұдан өзге жолмен көтерілем деу —
надандық.*

Абай Құнанбайұлы

6-сынып оқушыларына арналған 1-сабақ Сабақ тақырыбы: «Көпшілік арасында»

Мақсаты: қақтығыстар табиғатын, олардың жеке тұлғаға әсерін зерделеуге ықпал ету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың қақтығыс пайда болуына ықпал ететін факторлар туралы түсініктерін кеңейту.

2. Оқушылардың құрдастарының ортасында оңтайлы қарым-қатынас дағдыларын дамыту және қақтығыстан өмірлік сабақ ала білуге үйрету.

3. Қарым-қатынас орнатуда келісімге және бейбітшілікке ұмтылуға ынталандыру.

Ресурстар: Оқушылар саны бойынша «Біздің сыныптағы қатынастар» тест-кестесі; «Пайдалы» «Қызықты», «Сұрақтарым бар» смайликтері; сыныптың алдын ала белгіленген орынға орналастырылған және әрбір оқушыға қолжетімді жоба кейсі (сұрақтар мен ұсыныстарға арналған жәшік, қорап).

Сабаққа жоғары сынып оқушылары - көмекшілер шақырылады.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

«Біздің сыныптағы қатынас» тесті

Мақсаты: оқушыларға сыныптағы ахуалды өз бетінше талдауға мүмкіндік беру.

Өркім мұғалімнен (көмекшілер – жоғары сынып оқушыларынан) сұрақтар жазылған кестені алады және 2 минут ішінде жауаптың «иә» немесе «жоқ» нұсқасын таңдайды. Сауалнама анонимді түрде толтырылады. «Иә» және «жоқ» жауаптарының санын көмекші оқушылар есептейді. Тест сұрақтарының жауаптарын санап болғанша, «Бірақ сен ...» ойынын ойнатамыз.

«Бірақ сен ...» ойыны

Мақсаты: оқушылардың өздерінің жағымды қасиеттері туралы хабардар болуына ықпал ету.

Нұсқаулық. Мұғалім сыныпты топтарға бөледі. Топ мүшелерінің әрқайсысы өзінің бір кемшілігін айтады. Қалғандары кезек-кезек «Бірақ сен...» тіркесін қолдану арқылы бір-бірінің жағымды бір қасиетін атайды. Мысалы: сен әңгімені

бәрінен де қызық айтасың, сен шапшаңсың, сенің есте сақтау қабілетің жақсы деген секілді қасиеттер айтылады.

Ойын аяқталған соң мұғалім оқушыларға жағымды қарым - қатынас ахуалын құрғаны үшін алғыс білдіреді. Оқушылар өздері туралы қосымша нені білгендерін талқылайды. Барлық оқушылардың пікірлері тыңдалады.

«Қақтығысты басқару өнері» жобасы оқушыларға бір-біріне достықпен, құрметпен қарап өмір сүруге, қақтығыстан аулақ болуға, қақтығыс пайда болған жағдайда, оны сауатты шешуге және еңсеруге көмектеседі.

Әрі қарай, оқушыларға жобаның мақсатын анықтау ұсынылады. Жауаптарды тыңдағаннан кейін мақсат тақтаға жазылады. Мысалы, жобаның мақсаты -қақтығыстың алдын алуды және сауатты шешуді үйрену.

II. Негізгі бөлім

«Сөйлемді аяқта» жаттығуы

Мақсаты: қақтығыс себептерін анықтау және түсіну дағдыларын дамыту.

Нұсқаулық. Мұғалім бұрын-соңды қақтығыс жағдайына қатысқан оқушылар болса, қолдарын көтеруді және қақтығыстың себебін еске түсіруді ұсынады. Жауап бергісі келетін оқушыларға мүмкіндік беріледі.

Мұғалім жауаптарды тыңдай отырып, тұжырымдар жасайды. Мысалы: қақтығыстың себептері көп және әртүрлі, бірақ тұтастай алғанда оларды топтарға біріктіруге болады.

«Қақтығыстың себептері» ми шабуылы

Мақсаты: қақтығыстың табиғатын зерделеуге ынталандыру.

Барлық айтам деп тілек білдіруші оқушылардың барлығы өз ойларын білдіреді, мұғалім қорытындылап, ортақ жалпы тұжырымдарды көрсетеді (слайд).

Қақтығыстың себептері:

- 1) өз эмоцияңызды басқара алмау;
- 2) жасырыну;
- 3) түсінбеушілік;
- 4) агрессивтілік;
- 5) мақсаттар мен мүдделер арасындағы айырмашылық;
- 6) қарым-қатынасты дұрыс жасай алмау;
- 7) ынтымақтастыққа қабілетсіздік және т. б.

Мұғалім осы пікірлер бойынша қорытынды жасайды. Мысалы: Көп жағдайда қақтығыстың себебін түсіну оны болдырмауға көмектеседі.

«Неліктен қақтығысты болдырмауға тырысу керек?» сұрағы қойылады. Оқушылар жауабынан соң келесі жаттығуда қосымша талқыланады.

«Сезімді жеткіз» жаттығуы

Мақсаты: қақтығыстарды сипаттау негізінде ішкі сезімдерді талдауға ынталандыру.

Оқушыларға қақтығыс сөзіне ассоциациялар мен сезімдерімен бөлісуге, оның заттар әлемінде қалай көрінетінін зерттеу ұсынылады.

Тақтада жазба (слайд) көрсетіледі.

Ассоциациялар

Егер қақтығыс жиһаз болса, қандай жиһаз болар еді?

Егер қақтығыс ыдыс болса, қандай ыдыс болар еді?

Егер қақтығыс киім болса, қандай киім болар еді?

Егер қақтығыс өсімдік болса, қандай өсімдік болар еді?

Егер қақтығыс техника болса, қандай техника болар еді?

Мұғалім оқушылардың жауаптары негізінде жаттығу бойынша қорытынды жасайды. Мысалы: қақтығыс – қақтығыс қатысушыларының жағымсыз эмоциялары.

Ақпараттық блок

Мақсаты: қақтығыстан шығу құралдарымен таныстыру.

Ауруды асқындырмау үшін ем жасау қажет. Ендеше, дәрі – қақтығысты шешу алгоритмі. Тақтада жазба (слайд) көрсетіледі.

Қақтығысты шешу алгоритмі

1-қадам. Неліктен? (Қақтығысқа қатысушылар өздерінің қалауының себебін білуі)

2-қадам. Не үшін? (Қатысушылардың мақсаттарын ғана емес, қажеттіліктерін де белгілеу)

3-қадам. Қалай? (Шешім нұсқаларын қарастыру.)

4-қадам. Не? (Барлығына сәйкес келетін шешімді табу.)

Топтық жұмыс

Мақсаты: жаңа формация негізінде кіші топтарда шағын зерттеу ұйымдастыру.

Тақтада жазба (слайд) көрсетіледі.

Келесі жағдайларды қарастырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Неліктен қақтығыс пайда болды?

2. Қатысушылар неге қақтығысты?

3. Қақтығысты шешудің қандай нұсқалары бар?

4. Барлығына қандай шешім сәйкес келеді?

Мұғалім оқушыларды 3 топқа бөледі. Әр топқа жоғарыда аталған мәселелерді қарастыру үшін жағдаяттар ұсынылады.

1-жағдаят. Сен жаңа қызықты фильмге билеттер сатып алдың. Сыныптасың сенімен бірге киноға бара алмады. Себебін түсіндірмеді, тек оның маңызды істері бар екенін айтты. Содан бері сендер сөйлеспейсіңдер.

2-жағдаят. Әсел бастауыш мектептен бастап білім алуды өте қатты жақсы көретін. Ол материалды тез игеріп, барлық тапсырманы оңай орындайтын. 6-сыныпта ол осы деңгейде қалу үшін көп жұмыс істеуге мәжбүр болды. Әсел бұрын біреу оның шығарған есептерін көшіргенге қарсы болмайтын, ал қазір ол тек тапсырмаларды дайындауда өз көмегін ұсына бастады, бірақ дәптерін көшіруге беруден бас тартты. Сыныптастары Әселге бойкот жариялады.

3-жағдаят. Үзіліс кезінде ағылшын тілі кабинетінде Ербол мен Бақтияр ұрсысып қалды. Қақтығыс кезінде Бақтиярдың қымбат көзілдірігі еденге ұшып түсті. Кабинетке кірген Назым, едендегі көзілдірікті байқамай, оны басып кетті. Ашуға берілген Бақтияр Назымды ұрып жіберді...

Топтарда жұмыс аяқталғаннан кейін нәтижелер таныстырылып, мұғалім қорытындылайды. Мысалы: кез келген қақтығысты шешуге болады, ол үшін тек белгілі бір ережелерді сақтау керек.

Тақтада жазба (слайд) көрсетіледі.

Қақтығысты шешу ережелері

1. Туындаған қақтығысты шешуді кейінге қалдыруға болмайды.
2. Басқаның көзқарасын шын жүректен және байыппен түсінуге тырысыңыз.
3. Өз қателігіңізді тез мойындаңыз, сыннан қорықпаңыз және өз биігіңізде болыңыз.
4. Эмоцияларды, ең алдымен сабыр арқылы қақтығысты өз назарыңызда ұстаңыз.

Оқушыларға ережелерді талқылау және толықтыру мүмкіндігі ұсынылады.

III. Жобалық қызмет

«Оқушыларға алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдануға болады?» сұрағына жауап беру ұсынылады.

Оқушылар өз ойларын айтады. Ұжымдық түрде қорытынды жасалады. Мысалы: алынған білімді қақтығыстарды шешу және қайталанбауы үшін қолдануға болады.

Мұғалім жоба құрылымын көрсетеді (слайд). Жоба 4 кезеңнен тұрады.

1- кезең. Көпшілік арасында

2 - кезең. Тиімді қарым-қатынас дағдылары

3 - кезең. Диджитал жасөспірімдер ортасында

4 - кезең. Жағымды қарым-қатынас күші

Зерттеу әдістері: эксперимент, ұжымдық жұмыстар, тәлімгерлік көмек, ынтымақтастық.

Мұғалім 1-кезеңде ұжымдық жұмыстарды атауды ұсынады және кеңестер береді. Мысалы: ұжымдық жұмыстар бірінші сынып оқушылары арасындағы достықты нығайтуға, екінші сынып оқушыларына көмек көрсетуге, эксперимент жүргізуге бағытталуы керек. Бұл жаңа дүниені ашуға мүмкіндік береді. Оқушылар өз ұсыныстарымен бөліседі.

Талқылаудан кейін тақтада мұғалімнің тапсырмаларын ескере отырып, жазба жасалады. Мысалы, жобаның 1-кезеңі бойынша тапсырма.

1. Қақтығысқан адаммен татуласыңыз немесе басқаларға татуласуға көмектесіңіз.

2. 2 – сынып оқушылары үшін достық квестін жасаңыз.

3. Тәжірибе жасаңыз. Осы сәттен бастап барлық сыныптасыңызбен жағымды қарым-қатынас жасай бастаңыз: барлығына, тіпті қақтығыстасқандарға да мейірімді болыңыз, сыпайы түрде жауап беріңіз, пайдалы болуды көздеңіз және мүмкін болса көмегіңізді ұсыныңыз. Көңіл-күйіңіз нашар болса да, жағымсыз эмоцияларды көрсетпеңіз. Қақтығыстың алдын алу жолын ұсыныңыз.

Айналаңыздағы ахуалдың қалай өзгергенін талдаңыз. Жоба бойынша келесі сабақта эксперимент нәтижелері туралы айтыңыз.

4. Қақтығыстың оң және теріс жақтары қандай? Қорытынды жасаңыз.

Ұсыныстар мен сұрақтарды жоба кейсінде қалдыруға болады.

IV. Қорытынды

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрағым бар» смайликтерін орналастыруды ұсынады. Оның негізінде сабақ тиімділігін бағалауға болады.

Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім оқушыларға қақтығысты болдырмай, өзара достықта және келісімде өмір сүруге ұмтылуды тілеп, барлық сұрақтар мен тілектердің жоба кейсінде болатындығын еске салады.

Үлестірме материал

«Біздің сыныптағы қатынастар» тесті

№	Пайымдаулар	Иә	Жоқ
1	Біздің сыныпта бір-бірімізге кедергі жасау, тиісу, жалықтыру әдеттегі жағдай емес.		
2	Біз досымызды сынып болып келеке етпейміз.		
3	Біздің сыныпта төбелесу қалыпты жағдай емес.		
4	Біздің сыныпта лақап ат қою әдеттегі жағдай емес.		
5	Біздің сыныпта атаман жоқ.		
6	Біздің сыныпта сынып болып күлкіге айналдыратын сыныптасымыз жоқ.		
7	Біздің сыныпта құнды заттарды әкелуге және партада қалдыруға болады.		
8	Біздің сыныпта балағат сөздер айтылады.		
9	Біздің сыныпта ешкім темекі шекпейді.		
10	Егер біздің сыныпта қақтығыс болса, онда біз оны өзіміз, мұғалімнің көмегінсіз шешеміз.		
11	Біздің сынып мен үшін қолайлы және қызықты.		
12	Мен сыныппен бірге серуендеуге, театрға, экскурсияға барғанды ұнатамын.		

Қорытындылау. «Иә» және «Жоқ» жауаптары бөлек жинақталады.

Алынған нәтижелер сауалнамаға қатысушылардың санына бөлінеді. «Жоқ» жауаптары неғұрлым көп болса, сыныптағы жағдай соғұрлым шиеленісті болады. Бірақ «жоқ» жауаптары аз болса да, барлығына ыңғайлы болуы үшін жағдайды қалай өзгерту керекін ойлауға негіз болады.

6-сынып оқушыларына арналған 2-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Тиімді қарым-қатынас дағдылары»

Мақсаты: ұжымда жәбірлеуге (буллингке) жол бермеу үшін жауапкершілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Тиімді қарым-қатынас дағдылары туралы түсінікті кеңейту;
2. Позитивті тұлғааралық өзара әрекеттесу және жәбірлеуге (буллингке) қарсы тұру дағдыларын дамыту;
3. Жәбірлеуге (буллингке) қарсы сананы қалыптастыру.

Ресурстар: сөз белгілері («Жапсырмалар» жаттығуындағы нұсқаулық), «Пайдалы», «Қызықты», «Сұрақтар бар» смайликтері, сынып бөлмесінің белгілі бір жерінде орналасқан және қолжетімді жоба кейсі (жәшік, сұрақтар мен ұсыныстар қорабы). Сабаққа жоғары сынып оқушылары-көмекшілер шақырылады.

Сабақтың барысы.

I. Кіріспе

«Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Буллинг: бір қақтығыс тарихы» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: <https://youtu.be/NQarmyjQUhI?si=Sx-RcosZ0Vl9SioC>

Мақсаты: сабақ тақырыбына кіріспе

Мұғалім талқылау үшін сұрақтар қояды.

1. Сіздің мектептегі өміріңізде бейнероликте көрсетілген жағдайлар болды ма?

2. Ол жағдай қаншалықты жиі болады?

3. Неліктен кейіпкерлердің көңіл-күйі, өмірді қабылдауы әртүрлі деп ойлайсыз? (Оқушылардың жауаптары)

Мұғалім оқушыларды тыңдап, пікірлерді тұжырымдайды. Мысалы: егер бейнероликтегі жағдай жиі қайталанса, онда буллинг туралы айтуға болады. Яғни, жүйелі зорлық - зомбылық, кемсіту, жәбірлеу, кейбір оқушыларды басқалармен жәбірлеу жайында айтылады. Буллингті қалай болдырмауға болады? Тиімді қарым-қатынас дағдыларын игеру керек!

Сабақтың тақырыбы таныстырылады.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Мақсаты: бақылау мен талдауды ұйымдастыру арқылы буллинг барлық қатысушылар үшін қауіпті деген идеяны өзектендіру және тереңдету.

Оқушылардың буллинг туралы пікірін ортаға саламыз, соның негізінде қорытынды жасап, мұғалім слайд мазмұнын қарастыруды ұсынады.

1. Негізгі кейіпкерлер – бейнероликте өте айқын көрсетілген агрессор және жәбірленуші.

2. Буллинг – әдейі жүзеге асырылады және басқа адамға дене, психикалық зардап шектіруге бағытталады.

3. Буллинг – жәбірленушінің өзіне деген сенімділігін төмендетеді, оның денсаулығын, өзін-өзі құрметтеуін және адами қадір-қасиетін таптайды.

4. Буллинг – агрессор мен зардап шегушіге ғана емес, зорлық-зомбылық куәгерлеріне, орын алған бүкіл сыныпқа әсер ететін топтық процесс.

5. Буллинг – ешқашан өздігінен тоқтамайды. Әрқашан зардап шеккендерге, буллинг бастамашыларына (қорлаушыларға) және куәгерлерге қорғаныс пен көмек қажет.

Мұғалім әрі қарай *сұрақтармен* жалғастырады.

1. Слайд мазмұнында жәбірлеудің қандай екі қатысушысы көрсетілген?
2. Буллингтегі қандай кейіпкерлер туралы айтылмады?
3. Бақылаушылар өзін қалай ұстайды?

Оқушылар мен мұғалім бірлесе отырып тұжырымдайды. Мысалы: әрқашан бақылаушылар болады, олар жәбірлеу туралы біледі, бірақ оны тоқтатпайды. Олар агрессордың жағында болуы мүмкін, өзі жәбірленуші болып қалуы мүмкін деп қорқады немесе жәбірленушіге жанашырлық танытады, бірақ болып жатқанның бәрін пассивті түрде бақылайды. Сондықтан, ұжымда оқушылар бір-біріне неғұрлым жақсы қараса, басқалардың пікірін құрметтесе, буллинктің пайда болу ықтималдығы соғұрлым аз болады.

Талқылауға арналған сұрақтар ұсынылады.

1. Қандай балалар жиі буллинг құрбаны болады деп ойлайсыз?
2. Оларға қандай ерекшеліктер тән?

Мұғалім оқушыларды тыңдап, қорытынды жасайды. Мысалы: белгілі бір жағдайлар туындаған кезде жәбірлеудің құрбаны кез келген оқушы болуы мүмкін. Зорлық-зомбылық жасаушы да, егер күшті агрессор пайда болса, құрбан болуы мүмкін.

«Біздің өзгелерден ерекшеліктеріміз бен ұқсастықтарымыз» ойыны.

Мақсаты: адамдарды біріктіретін ортақ қасиеттерді анықтау.

Жоғары сынып оқушысы – тәлімгер есімдері бірдей оқушылардан қол көтеруді сұрайды. Жүргізуші рөлін аттасы барлардың бірі алады. Ол, мысалы, «Жүзуді кім жақсы көреді?» деген сұрақпен жалғастырады (*Ұнататын оқушылар қолдарын көтереді*). Жүзуді ұнататындардың бірі әрі қарай жалғастырады. Мысалы: «Кім шахмат ойнай алады?» (*Оқушылар қолдарын көтереді*). Шахмат ойнауды білетіндердің бірі жалғастырады. Мысалы: «Кімде ит бар?» (*Оқушылар қолдарын көтереді*).

Ойын әр оқушы өзін жүргізуші рөлінде сынап көргенге дейін жалғасады.

Ойын аяқталғаннан кейін қорытынды жасалады. Мысалы: бізді біріктіретін көп нәрселер бар. Жәбірлеу жағдайы бәрімізге ауыр тиеді. Біздің сыныпта ешкім қорлау мен жәбірлеуден зардап шекпеуі үшін не істеу керек? Бір-бірімізді құрметтеуді үйренуіміз керек!

«Жазба белгі» жаттығуы

Мақсаты: эмпатия сезімін дамыту, өзгенің сезімдерін түсіну.

Жоғары сынып оқушысы – тәлімгер оқушыларға мынадай сөздер жазылған карточкаларды кез келген ретпен таратады: «жалқау», «ашулы», «сәтсіз»,

«немқұрайлы», «бос жүрген», «жауапсыз», «ескерусіз», «төбелескіш», «сабақтан қашқыш».

Талқылауға сұрақ ұсынылады. Сізге мұндай «жапсырма» ұнай ма? Неліктен? (Оқушылардың жауаптары).

Мұғалім теріс жазулары бар белгілерді жыртып, қоқыс жәшігіне тастауды ұсынады, ал өзі басқа жазулары бар белгілерді таратады: «ақылды», «әдемі», «талантты», «қайырымды», «белсенді», «білімді», «тәрбиелі», «білімдар» және т. б.

Талқылауға арналған сұрақтар ұсынылады:

1. Басқа жазулары бар белгілерді алғанда нені сезінесіңдер?
2. Шынайы өмірде «белгілер» бар ма?
3. Сендердің басқа адамдар туралы пікірлерің әрқашан шындыққа сәйкес келе ме? (Оқушылардың жауаптары).

Бұл сұрақтар ойлану үшін де ұсынылуы мүмкін.

Топтық жұмыс

Мақсаты: қалыптан тыс сәттерде сындарлы шешімдерді іздеуге, табуға үйрету.

Мұғалім болып жатқан оқиғаны куәгердің (слайд) әңгімесі арқылы баяндалған жағдайда қарастыруды ұсынады.

Менің көршім Бақтияр - 6 сынып оқушысы. Биыл ол гимназияға түсіп, жаңа сыныпқа келді. Оның сыныбындағы балалар әртүрлі: біреуі белсенді, біреуі ұялиақ. Сыныптың «мықтылары» тез қалыптасып, «әлсіздерге» тиісе бастады. Мысалы, біреу мектепке лево мен пластилин әкелсе «кринж...» деп мазақтап жатты.

Менің көршімнің шашы қалың, олар оны Чупа-Чупс деп атай бастады. Ол ашуланып, не деп жауап берерін білмеді. Ол қақтығыстан қашып, төбелестен де аулақ болды. Алайда, рюкзағыңды футбол добы сияқты тебу, жаман сөздер жазып, арқаңа іліп қою, дене шынықтыру сабағы кезінде аяқ киіміңе сынған әйнек салу, бөтелкедегі суды дәптеріңе шашып жіберу деген секілді жағдайлардан құтыла алмады.

Бақтиярға ешкім болысқан жоқ, дегенмен бәрі сыныптастарының көз алдында болып жатты. Өмірі адам төзгісізге айналды...

Тапсырма

1-топ. Жәбірленушінің не сезінетінін болжаңыз және айтыңыз.

2-топ. Жәбірлеу куәгерлерінің не сезінетінін болжаңыз және айтыңыз.

3-топ. Жәбірлеушілердің не сезінетінін болжаңыз және айтыңыз.

Барлық топ үшін. Жағдайдан шығудың жолын ұсыныңыз. Нәтижені көрсетіңіз.

Мұғалім топтардың сөзін талдайды және қорытынды жасайды. Мысалы: жәбірлеудің барлық қатысушылары өздерін жайсыз сезінеді. Жәбірленушінің жүрегі ауырады, куәгерлердің – араласуға батылы жетпегендіктен ыңғайсыздық сезінеді, жәбірлеушілер – жазалайды деп қорқады.

Жәбірленушінің жағдайына тап болмас үшін (бұл буллингтегі ең қорғалмаған рөл!), психологтердің кеңесіне құлақ асу маңызды (слайд).

Буллингтің құрбаны болмау үшін мына әрекеттерді орындауға тырыс.

1) Сыныптастарыңның арасынан дос тап, бірнеше шынайы дос тапсаң, тіптен жақсы болады.

2) Сыныптастарыңды қонаққа немесе кинотеатрға, серуендеуге шақыр.

3) Сыныптастарыңның пікірін құрметтеуге, олармен ортақ тіл табысуға үйрен.

4) Құрдастарыңмен дауласқанда әрдайым жеңіске жетуге тырыспа, жеңіле біл және қателігіңді мойында.

5) Бұзық болма, даңдайсыма.

6) Егер, бұған себеп болмаса, басқалардан ерекшеленуге тырыспа.

7) Өз жетістіктеріңмен де, электронды ойыншықтарыңмен де, ата-анаңмен де мақтанба.

8) Ерекшелігіңмен мақтанба.

9) Өсекке жақын болма.

10) Мұғалімдерге де, сыныптастарыңа да жағынуға тырыспа.

11) Егер, шешімің моральдық нормаларға қайшы келмесе, сынып шешімдеріне қарсы әрекет етпе.

12) Физикалық күшіңді көрсетпе.

13) Өз әлсіздігіңді көрсетпе.

14) Созылмалы ауруларыңа немесе физикалық ақауларыңа байланысты басқалардың аяушылығын іздеме.

15) Өз талантыңды сынып пен мектептің игілігі үшін, сыныптастарыңда қызғаныш тудырмай, сенімен мақтанатындай етіп пайдалан.

16) Қызықты ұжымдық іс ұсын.

Психологтің кеңестерімен таныстырған соң мұғалім идеялар марафонына қатысуды және сыныптағы қарым-қатынасты нығайтуға көмектесетін ұжымдық жұмыстарды атауды ұсынады. Оқушылардың ұсыныстары тақтаға жазылады.

III. Жобалық қызмет

Жобаның 1- кезеңінің қорытындысын шығару

Мақсаты: эксперимент барысында алынған тәжірибені талдау.

Өз ойын айтама деуші оқушылар қақтығысты тоқтата алды ма, эксперименттің қаншалықты сәтті өткенін айтады. Мұғалім қақтығыстың алдын алу жолдарымен бөлісуді ұсынады және жаңа ақпаратпен (слайд) толықтырылған қорытындыға назар аударады.

Қақтығыстың пайда болуын болдырмау үшін қақтығыссыз қарым-қатынас ережелерін білу қажет.

1) Арандатушы сөздерді қолданбаңыз – бұл қақтығысқа әкелуі мүмкін сөздер, әрекеттер (немесе әрекетсіздік).

2) Арандатушы сөздерді қолданбауға тырысыңыз.

3) Әңгімелесушіге эмпатия танытыңыз (эмоционалды қабылдау).

4) Мүмкіндігінше мейірімді хабарламалар жасаңыз.

Конфликтоген деген жаңа сөзге назар аударылады. Бұл қақтығысқа әкелуі мүмкін сөз, әрекет (немесе әрекетсіздік) деп түсіндіріледі. Қарым-қатынаста олардан аулақ болу маңызды.

«Тиімді қарым-қатынас дағдылары» жобасының 2-кезеңі бойынша тапсырма

Мұғалім идеялар марафоны нәтижелерін оқушылармен қарастырып, барлығы үшін қызықты болатын бір пунктті таңдайды. Әрі қарай мұғалімнің тапсырмасы түсіндіріледі.

Слайд

- 1) «Буллинг: миссия орындалады» акциясын өткізіңіз.
- 2) Булинг мәселесіне назар аударатын парақшаның мәтінін жасаңыз. Мектепте бұл құбылыстың жолын кесу қадамдарын ұсыныңыз.
- 3) 2-сыныптағылармен (ойындар, әңгімелер, квестер) үзілісте игі істер жәрмеңкесін ұйымдастырыңыз.
- 4) Қақтығыссыз орта құру жолдары туралы мұғалімдерден, әртүрлі сынып оқушыларынан сұхбат алыңыз (сұхбат сұрақтарын әзірлеңіз).
- 5) Отбасының ересек мүшелерінен қақтығыстарды қалай шеше алғанын сұраңыз.
- 6) Пікірлерде өз сезімдеріңіз туралы айтыңыз. Пікірлерді жоба кейсіне салыңыз.

IV. Қорытындылау

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтар бар» смайликтерін орналастыруды ұсынады. Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалаймыз.

Сабақ соңында мұғалім барлығына буллингке қарсы тұруды және барлық сұрақтар мен ұсыныстардың жоба кейсіне салынатынын айтады.

6-сынып оқушыларына арналған 3-сабақ
Сабақ тақырыбы: «Жасөспірімдер ортасындағы диджитал»

Мақсаты: интернет кеңістігінде жәбірлеуді қолдау және таратуға қарсы жауапкершілікті және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушылардың интернеттегі қауіп-қатерлер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Интернет кеңістігінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.
3. Интернеттегі жәбірлеуге (кибербуллингке) қарсы тұруға дайындықты қалыптастыру.

Ресурстар: «Пайдалы», «Қызықты», «Сұрақтар бар» смайликтері; сынып бөлмесінің белгілі бір жерінде орналасқан және қолжетімді жоба кейсі (жәшік, сұрақтар мен ұсыныстар қорабы).

Сабаққа жоғары сынып оқушылары-тәлімгерлер шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Әңгіме

Мақсаты: жаңа түсініктермен таныстыру.

Әңгіме келесі сұрақтар бойынша өткізіледі.

1. Сіз әлеуметтік желілерді қаншалықты жиі пайдаланасыз?
2. Интернетте сізге ең қатты ұнайтыны не?
3. Ата-анаңыз сіздің интернеттегі іс-әрекетіңізді, уақыт өткізгеніңізді қалай қабылдайды? Неліктен?

Әңгіме аяқталғаннан кейін *ортақ тұжырымдар* жасалуы тиіс.

Ақпараттық блок

Мақсаты: оқушылардың кибербуллингтің әлеуметтік құбылыс ретінде таралуы туралы түсініктерін кеңейту және оның айналасындағыларға қауіптілігін түсінуге жетелеу.

Оқушыларға ой елегінен өткізу үшін келесі ақпарат ұсынылады.

Компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы және интернеттің кең таралуы адамдарға өзін-өзі дамыту мен қарым-қатынас жасау үшін үлкен мүмкіндіктер ашады.

Бүгінгі таңда желі қолданушыларының саны ондаған миллион адамды құрайды, олардың айтарлықтай бөлігі – балалар мен жасөспірімдер.

Алайда, интернет тек мүмкіндіктер қоймасы ғана емес, сонымен бірге қауіп - қатер көзі де. Көптеген адамдар әртүрлі сайттарда немесе әлеуметтік желілерде құпия ақпаратты қалдырып, өз өміріне қауіп төндіретінін білмейді. Жасыратыны жоқ, көптеген қылмыскерлер өз құрбандарын интернет арқылы іздейді.

Соңғы кезде кибербуллинг сияқты ұғым кең тарала бастады. Бұл нағыз психологиялық соққы. Көбінесе виртуалды кеңістіктен мұндай жәбірлеу нақты өмірге ауысады.

Әлеуметтік желілерде құрдастарын жәбірлеу мектеп оқушылары мен білім алушылар арасында сәнге айналды. Зерттеулер көрсеткендей: біздің еліміздегі әрбір төртінші бала интернетте жәбірлеуге ұшырайды.

Кибербуллинг (cyber-bullying) – жасөспірімдерге виртуалды қауіп төндіруші – өз атауын ағылшын тіліндегі bull – «бұқа» сөзінен алды, жақын мағыналары: «агрессивті түрде шабуыл жасау, ашулану, ренжіту, арандату, тиісу, қорқыту, жәбірлеу». Жастардың сленг тілінде – «бұқалану» етістігі пайда болды.

Буллингтің жойқын салдары туралы құрдастарының салған жарақаттары, өзіне қол жұмсау әрекеттері және қайғылы өлім туралы хабарламалар айтады.

Оқушыларға сұрақ қойылады: «Әр адам үшін кибербуллингтің қауіптілігі неде?» (Оқушылардың жауаптары).

Қорытынды: кибербуллинг көзге көрінбейді, ал оның келтірген зияны – зерттелмей қалып жатады. Бірақ, бұл мәселе оның виртуалдылығына қарамастан, өте өзекті.

II. Негізгі бөлім

Топтық жұмыс

Мақсаты: кибербуллингке қарсы тұру үшін шешімдер әзірлеуге ынталандыру. Тапсырма. Зерттеуші ғалымдар атап көрсеткен кибербуллинг түрлерінің сипаттамасы жайында оқыңыз. Өзіңізді қалай қорғауға болатыны туралы кеңестер беріңіз.

1-топ. Салғыласу немесе флейминг – екі немесе одан да көп адам арасындағы қысқа эмоционалды репликамен бөлісу, әдетте әлеуметтік желіде орын алады. Кейде ол ұзаққа созылған қақтығысқа айналады.

Бір қарағанда, флейминг – жай ғана ойлары әртүрлі адамдар арасындағы күрес, бірақ белгілі бір жағдайларда ол дұрыс емес психологиялық қауіпке айналуы мүмкін. Күтпеген сөз жәбірленушіде күшті эмоционалдық күйзеліс тудырады.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

2-топ. Шабуылдар, тұрақты мазасыздандыратын шабуылдар – жәбірленушіге бағытталған, қайталанып отыратын, қорлайтын хабарламалар (мысалы, ұялы телефонға жіберілген жүздеген sms, тұрақты қоңыраулар), жеке байланыс арналарын шамадан тыс жүктеу. Олар сондай-ақ, чаттар мен форумдарда, онлайн-ойындарда кездеседі.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

3-топ. Жала жабу – жалған ақпарат тарату. Мәтіндік хабарламалар, фотосуреттер, жәбірлеу сипатындағы әндер. Жәбірленушілер тек жасөспірімдер ғана емес, кейде жалпы мектептегі оқушылардың «мектепте кімнің кім екені» туралы тізімдер жібереді, сыныптастары туралы әзілдер жинақталған арнайы «төмендету үшін жасалған кітаптар» жолдайды.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

4-топ. Өзін басқа біреу деп таныту, белгілі бір тұлғаға айналу – жәбірлеуші өзін құрбан етіп көрсетіп, оның әлеуметтік желілердегі, блогіндегі, поштасындағы, жедел хабар алмасу жүйесіндегі аккаунтына кіру паролін қолданады немесе ұқсас лақап атпен өз аккаунтын жасап, жәбірленушінің атынан кері байланыс жасайды.

«Кері байланыс толқындарын» ұйымдастыру жәбірленушінің мекен-жайынан оның келісімінсіз достарына арандатушылық хаттар жіберген кезде пайда болады.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? ____

5-топ. Топтан шығару. Кез келген адамға топтың ішінде болуға деген ұмтылыс тән. Топтан шығару әлеуметтік өлім ретінде қабылданады. Адам топтан қаншалықты көп шығарылса, соғұрлым ол өзінің шеттетілгенін сезінеді және оның өзін-өзі бағалауы төмендейді.

Виртуалды ортада бұл жеке тұлғаның толық эмоционалдық бұзылуына әкелуі мүмкін. Кез-келген топта - топтың админі қаламайтын пошта тізімі немесе достар тізімі болса, ортадан шығарып жіберу қауіпі болады. Киберстракизм жедел хабарламаларға немесе электрондық пошталарға жауап болмаған кезде де көрінеді.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? _____

6-топ. Хеппислепинг – «бақытты шапалақтау, қуанышты ұрып-соғу». Бұл атау жасөспірімдер өтіп бара жатқан адамдарды ұрып-соғып, ал басқалары оны ұялы телефон камерасына түсірген ағылшын метросындағы жағдайлардан туындаған. Қазір, бұл атау зорлық-зомбылықтың нақты көріністерінің жазбалары бар кез келген бейнеге қатысты қолданылады. Бұл бейнелер интернетте орналастырылған, онда оларды жәбірленушінің келісімінсіз мындаған адам көре алады. Өзі ретінде басталатын хеппислепинг қайғылы аяқталуы мүмкін.

Өзіңізді қалай қорғауға болады? ____

Топтарға кибербуллинг пен қорқытудың айырмашылығын атау ұсынылады. Тақтаға (слайд) жазылады.

Кибербуллингтің ерекшеліктері: анонимділік, бұрмалау мүмкіндігі, үлкен аудиторияның болуы, жәбірленушіні кез-келген жерде және кез-келген уақытта ұстап алу мүмкіндігі.

Қорытынды. Кибербуллинг тәулік бойы жалғасуы мүмкін!

«Топтан шығару, шеттету» жаттығуы

Мақсаты: интернеттегі жәбірлеуге қатысушыларды анықтау.

Қатысушылар 2 топқа бөлінеді, олар болжамды қабырғаның екі жағында тұрғандай сыныпта қарама-қарсы тұрады.

1-топқа сұрақ: Егер, сіз құрбан болсаңыз, қабырғаның екінші жағында кім тұр? (Дұрыс жауап– жәбірлеушілер)

2-топқа сұрақ: Егер, сіз жәбірлеуші болсаңыз, қабырғаның қарсы жағында кім тұр? (Дұрыс жауап-жәбірленуші)

Барлығына сұрақ: Жәбірленуші мен жәбірлеуші ортасында неге қабырға тұр? (Дұрыс жауап – шығу жолын іздемеу, жағдайды жақсы жаққа өзгертуге тырыспау)

Бақылаушылар қай жағында? (Дұрыс жауап-жәбірлеушілер жағында)

Қорытынды. Кибербуллингтің қатысушылары: буллингтегідей жәбірленуші, жәбірлеуші және бақылаушылар. Жәбірлеуде бейтарап жақ жоқ, ол бәріне әсер етеді және бұзады.

Топтық жұмыс «Интернеттегі «жанды» қауіпсіздік жадынамасы»

Мақсаты: интернеттегі жәбірлеу жағдайында ойластырылған шешімдер қабылдауға шақыру.

Тапсырма. «Интернеттегі дәрекілік пен жәбірлеуден қалай қорғануға болады» жадынамасын жасаңыз. Оны сахналық көрініс түрінде елестетіп көріңіз.

Тапсырма екі кезеңде орындалады. 1-кезеңдегі тапсырманы орындау үшін сынып 7 топқа бөлінеді. Әр топқа 5 минут ішінде тиісті тармақта берілген ақпараттан қорытынды жасау керек.

1 кезең тапсырмасы. Психологтердің қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту бойынша кеңестерін оқыңыз. Жалпы қорытынды жазыңыз.

1-топ. Агрессивті хабарламаларға жауап бермес бұрын ересектермен кеңесіңіз. Хабарламалар жазып, жібермес бұрын, тынышталып, ашуды басу керек. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: өз жағымсыз қылықтарыңды киберкеңістікке тастауға асықпа).

2-топ. Киберкеңістік анонимділіктің арқасында еркіндікті сезінуге қосымша мүмкіндіктер берсе де, белгілі бір лақап ат артында кім тұрғанын білудің жолдары бар екенін есте ұстаған жөн. Егер, виртуалды кеңістіктегі дұрыс емес әрекеттер нақты зиян келтірсе, құпияның бәрі айқын болады. Интернет қатысушылардың қоғамдық іс-әрекеттерінен тұратын тарихын тіркеп, басқа қатысушылардың пікірі бойынша жинақталған тұлға бейнесі әркімнің онлайн-беделін анықтайды. Беделге нұқсан келтіру оңай, түзету қиын. (Қорытынды келесідей болуы мүмкін: өзіңнің онлайн-беделіңді жаса, анонимділік елесіне алданба).

3-топ. Егер, сені хабарлама, сурет, бейне және т. б. қатты ренжіткен болса, дереу ата-анаңнан парақты сақтап немесе басып шығару керек пе деп сұра (Қорытынды: шабуыл деректерін сақта).

4-топ. Бір реттік жәбірлейтін хабарламаларды елемеген дұрыс: осы мінез - құлыққа байланысты кибербуллинг бастапқы кезеңде жиі тоқтайды. Интернет-пікірталастардың тәжірибелі қатысушылары «Дұрыс еместермен күресудің ең жақсы жолы – елемеу деген ережені ұстанады. (Қорытынды: бір реттік жағымсыз қылықты елеме!)

5-топ. а) агрессорға қарсы тұру, оның әрекеттері теріс бағаланатынын түсіндіру. б) жәбірленушіні жеке немесе қоғамдық виртуалды кеңістікте қолдау, оған эмоционалдық қолдау көрсету. в) киберкеңістіктегі дұрыс емес мінез - құлық дерегі туралы ересектерге хабарлау (Қорытынды: егер, сен кибербуллингтің куәгері болсаңыз, дұрысы ...).

6-топ. Жедел хабар алмасу бағдарламаларында белгілі бір мекен-жайлардан хабарламаларды бұғаттау мүмкіндігі бар. Қарым-қатынастағы үзіліс көбінесе агрессордың жәбірлеуді жалғастыруға деген ұмтылысын жояды (Қорытынды: агрессорларды бұғатта!).

7-топ. Егер, сізге белгісіз жіберушінің хаттары жүйелі түрде қауіп төндірсе, хабарламаларды көшіріп, құқық қорғау органдарына хабарласуыңыз керек. Егер, жәбірлейтін ақпарат сайтта орналастырылса, оны жою үшін әкімшіге сұраныс жазу керек (Қорытынды: агрессивті хабарламаларды елемеуге болмайды. Шаралар қабылдау керек!).

2 - кезең тапсырмасы. «Интернеттегі дәрекілік пен жәбірлеуден қалай қорғануға болады» атты «Жанды» жадынама жасаңыз.

Тапсырманы орындау үшін топ өкілдері кезек-кезек әр тармақта берілген ақпаратты тұжырыммен бірге оқиды. Мәселені шығармашылықпен шешу үшін түрлі әдістерді қолдануға болады. Мысалы, әр топтың өз қорытындысын хормен айтуын қамтамасыз ету, дауыстың әр түрлі биіктігін қолдану және т.б. «Жанды» жадынама шығады.

Ақпараттық блок

Мақсаты: буллинг пен кибербуллингтен қорғану мүмкіндіктерін көрсету.

Оқушыларды олар үшін маңызды келесі ақпаратпен таныстыру қажет.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдар қорғайды! Ол үшін «Баланы жәбірлеудің (буллинктің) профилактикасы қағидалары әзірленді (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы). Оларды оқу керек! Осы қағидаларда тек жәбірлеушілердің ғана емес, барлық мүдделі тұлғалардың да өз әрекеттері үшін жауапкершілік көзделген.

Егер, саған шұғыл көмек қажет болса:

- 1) ересектерге (ата-аналарға, мектеп психологіне, мұғалімге) хабарласу;
- 2) сенім телефонын пайдалану (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің сайтында орналасқан) керек;
- 3) ешбір жағдайда көмек сұраудан тартынба!

III. Жобалық қызмет

Жобаның 2-кезеңінің қорытындысын шығару. Егер, оқушылар жоба кейсімен бөліссе, мұғалім пікірлерді оқи алады немесе тілек білдірушілерге өз ойларымен ауызша бөлісуді ұсына алады.

«Буллинг:миссия орындалады!» акциясының қорытындыларына ерекше назар аударылады. Талқылау барысында акция ұйымдастырушыларының алдында тұрған қиындықтарға және жоспарды табысты іске асыру жолдарын таңдауға назар аударған жөн. Акция барысында түсірілген суреттерді көрсету, оқушылардың қандай сезімде болғанын тыңдаған дұрыс.

Жобаның 3-кезеңі бойынша тапсырма

1. 2-сынып оқушыларымен «Бәрімізге достық керек!» сурет байқауын өткізіңіз.

2. Үзілісте мектеп оқушыларының алдында «Интернеттегі «жанды» қауіпсіздік жадынамасы» қойылымын ұйымдастырыңыз немесе мектеп теледидарында сөз сөйлеңіз.

3. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» челленджін өткізіңіз.

4. Жоба бойынша қорытынды сабақ үшін жағымды қарым-қатынас туралы бейнероликтер-кеңестер әзірлеу.

IV. Қорытындылау

Мұғалім тақтаға «Қызықты», «Пайдалы», «Сұрақтар бар» смайликтерін орналастыруды ұсынады. Осының негізінде сабақтың тиімділігін бағалаңыз.

Сабақ аяқталғаннан кейін мұғалім барлығына буллингке қарсы тұруды және жобаның кейсіне барлық сұрақтар мен тілектердің салынатынын хабарлайды.

6-сынып оқушыларына арналған 4-сабақ
Тақырыбы: «Жағымды қарым-қатынас күші»

Мақсаты: Жобаны орындау қорытындыларын шығару және одан әрі даму мақсаттарын айқындау.

Міндеттері:

1. Қарым-қатынаста жанжалсыз орта қалыптастырудағы жеке жауапкершілікті тереңірек түсінуге ықпал ету;
2. Позитивті тұлғааралық өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту, басқа адамды жәбірлеуге қарсы тұру қабілетін қалыптастыру;
3. Өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ынталандыру.

Ресурстар: жобаның 3-кезеңінде құрылған жағымды қарым-қатынас бойынша бейнеролик-кеңестер, сапалар тізімі және толтыруға арналған қосымша жолдары бар парақтар, балалар калейдоскоптары (5-7 дана), ақ ватман парағы, оқушылар саны бойынша шаршы стикерлер, ватманның сызылған парағы, қайшылар, тілектер үшін оқушылардың есімдері бар А5 форматындағы шағын парақтар оқушылардың жоба кейсі (жәшік, сұрақтар мен ұсыныстарға арналған қорап), сынып бөлмесіне даярланып қойылған және барлығына қолжетімді.

Сабаққа жоғары сынып оқушылары-көмекшілер шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Калейдоскоп» жаттығуы

Мақсаты: ұжымда оң қарым-қатынас орнатуға деген ынтаны нығайту.

Оқушыларға кезек-кезек калейдоскопты қарау ұсынылады (жоғары сынып оқушылары-көмекшілер бірнеше калейдоскоп таратады) және әр өрнектің таңқаларлық комбинациялармен ерекшеленетініне көз жеткізіледі. Кез келген адамның да ерекше үлгі сияқты, өзінің құндылығы, сұлулығы мен бірегейлігі бар жеке тұлға екенін атап өту маңызды.

Тапсырма. Қағаз жапсырмасында мінезді, көңіл-күйді, ішкі «Менін» көрсететін үлгіні салыңыз. Бұл сюжеттік сурет болуы міндетті емес: түрлі бояулар, пішіндер және т. б. Суреттің ортасына өз атыңызды жазыңыз және сыныптың қағаз калейдоскобының бір үлгісін толықтыру үшін суретті ватман парағына жабыстырыңыз.

Жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім ұжымның әрбір мүшесі өрнектің бірегейлігін жасайды деп қорытындылайды. Тіпті бір адамның суреті болмаса, өрнек басқаша болатынын көрсетеді.

II. Негізгі бөлім «Жоба және мен» жаттығуы

Мақсаты: өзіндік талдау мен рефлексияны ынталандыру.

Тапсырма. Сізде не жақсы болғанын, өзіңізде қандай қасиеттерді тәрбиелегеніңізді, жобаны орындау барысында қандай дағдыларды дамыта алғаныңызды ойлаңыз. Осы қасиеттерді белгілеп, қажет болған жағдайда тізімді жетіспейтін қасиеттермен және дағдылармен толықтырыңыз.

Әр оқушы қасиеттер мен дағдылар тізімі бар парақ алады:

- 1) ерік-жігер;
- 2) ақылдылық;
- 3) төзімділік, шыдамдылық, табандылық;
- 4) ерекше назар және байқампаздық;
- 5) физикалық күш пен төзімділік;
- 6) мақсатқа талпынушылық;
- 7) басқаларды тыңдай білу;
- 8) жақсы дос бола білу;
- 9) өз іс-әрекеттерін бақылау және талдау қабілеті;
- 10) адамдарға деген сезімталдық пен жауаптылық;
- 11) сыныптастарымен бірге жұмыс істей білу;
- 12) кімге көмек керек екенін көру, басқаларға көмектесу және көмекті қабылдау;
- 13) өз тілектерін іс пен ұжымның мүдделеріне бағындыру мүмкіндігі;
- сыныптастарымен достық қарым-қатынас орнату мүмкіндігі;
- 14) достаса білу және жақсы дос болу мүмкіндігі;
- 15) ести алу қабілеті.

Топтық жұмыс «Біз қол жеткіздік. Біз әлі де жасай аламыз!»

Мұғалім сызылған ватман парағын көрсетеді.

Үлгі

Барлығына жақсы болатын сынып қандай?	Не жасалды?	Не жасалмады?	Тағы не істеуге болады?	Не кедергі жасауы мүмкін?	Кім, қалай көмектесе алады?
---------------------------------------	-------------	---------------	-------------------------	---------------------------	-----------------------------

Сынып графиктер саны бойынша 6 топқа бөлінеді. Атауды айтқаннан кейін, ватман парағының графигі тігінен кесіліп, әр топ толтыру үшін өзінің графигін алады. Топтарда осы бағыт бойынша ұсыныстар талқыланады және жазылады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін әр топ сөйлемдерді оқиды және толтырылған графиктерді магниттік тақтаға бекітеді. Нәтижесінде ватман парағы жолақтар түрінде, бірақ толтырылған болады.

Әрі қарай: - егер сіз сыныптағы қарым-қатынасты нығайту үшін кестеде көрсетілген күш-жігерді жұмсамасаңыз не болуы мүмкін? -деген сұрақ қойылады (*Оқушылар өз еркімен жауап береді*).

Қорытынды. Ұжымның барлық мүшелерінің сыныптастар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесінсіз қақтығыстар, жәбірлеу, кибербуллинг, басқа адамның қадір-қасиетін қорлау пайда болады. Сыныптағы жақсы қарым - қатынас бір-бірімен сындарлы және қызықты қарым-қатынас жасау үшін қажет.

«Сторителлинг» - әңгімелеу өнері

Мақсаты: шынайы достықтың жасампаз күшін түсінуге ынталандыру.

Мұғалім Қазақстан мектептерінің бірінің тұлғаларының өмірінен алынған оқиға желісін баяндап береді, соның негізінде қорытынды тапсырма орындалады.

Бірде математика пәнінің мұғалімі оқушыларға: сынып тізімін жасап, өзіне сыныптастарының қандай қасиеттері ұнайтыны туралы ойлап, оның тегінің қасына оны жазу деген ұй тапсырмасын берді. Сабақтың соңында ол тізімдерді жинап алды.

Бұл жұма күні болатын. Демалыс күндері ол нәтижелерді өңдеп, дүйсенбіде әр оқушыға сыныптастары байқаған барлық жақсы қасиеттерінің тізімі бар парақты берді.

Балалар жазылғандарды оқи бастады... «Мұның бәрі мен туралы ма? Мені соншалықты жақсы көретіндерін білмедім» деген сыбыстар естіліп жатты. Олар нәтижелерді сыныпта талқыламады, бірақ мұғалім мақсатқа жеткенін білді: оның оқушылары өздеріне сенді...

Бірнеше жылдан кейін сол балалардың бірі қайтыс болды. Ол туған жерінде жерленді. Достары, бұрынғы сыныптастары, мұғалімдері онымен қоштасуға келді.

Қоштасар кезде ол баланың әкесі математика пәнінің мұғаліміне келіп:

- Мен сізге бір нәрсе көрсеткім келеді деп – әмиянынан төрт бүктелген парақты алды. Оның қайта-қайта оқылғаны байқалды. Бұл ұлымның заттарының ішінен табылды. Ол оны үнемі өзінде сақтап жүретін. Танып тұрсыз ба? – деді.

Ол парақты мұғалімге берді. Бұл ұлының сыныптастары ол туралы жазған жағымды қасиеттердің тізімі еді.

– Сізге көп рахмет, – деді анасы. – Біздің ұлымыз ол парақты қатты бағалады. Содан кейін таңқаларлық жағдай болды: сыныптастары бірінен соң бірі сол парақтарды шығара бастады. Көбісі оны әмияндарында сақтаған. Біреуі тіпті отбасылық альбомға салып қойған. Олардың бірі:

– Біз бәріміз бұл парақтарды сақтап жүрміз. Мұндайды тастауға бола ма? – десті.

III. Жобалық қызмет

Тапсырма. Сыныптасыңызға жақсы тілектер жазыңыз. Оның қандай қасиеті ұнайтынын, одан не үйренуге болатынын ойлаңыз. Тілектерді «Сынып калейдоскопы» парағына орналастырыңыз.

Әр оқушыға сыныптасының аты-жөні жазылған парақ беріңіз, оған оның жақсы қасиеттерін атап, жақсы тілектер жазсын.

Мұғалім барлық оқушылардың ескерілуін алдын-ала ойластыруы керек: кім жазды, тілектер кімге жолданды.

Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар парақшаларды алдын-ала жасалған «Сынып калейдоскопы» ватман парағына бекітеді.

IV. Қорытынды

Оқушылар жасаған жағымды қарым-қатынас бойынша кеңес-бейнероликтер көрсету.

Көрсетілімнен кейін мұғалім оқушыларға «Қақтығысты басқару өнері» жобасына қатысқаны үшін алғыс білдіреді және алған білімдері мен дағдыларын достық қарым-қатынас ортасын құруда пайдалану туралы ұсыныс айтады.

«ӨЗІМНІҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕНІҢ ЖЕКЕ ШЕКАРАЛАРЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Мейірім, махаббат, ізгілік пен
шынышылдық — бәрі де таза, риясыз
жүректен туады.*

*Адал, әрі ақылмен іс қылатын адам
өзгеге жамандық жасамайды, бос мақтан
мен ұятты өзімшілдік оған жат.
Шәкәрім Құдайбердіұлы*

7-сынып білім алушыларына арналған 1-сабақ

Тақырыбы: «Жеке шекаралар дегеніміз не, олар не үшін керек?»

Мақсаты: оқушыларды «жеке шекара» ұғымымен таныстыру.

Міндеттері:

1. «Жеке шекара» туралы түсінігін кеңейту;
2. Өз шекараларын қорғау және басқаларды құрметтеу қабілетін дамыту;
3. Қауіпсіз және сенімді атмосфераның маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру.

Жабдықтау: жағдаят, мысалдар бар карталар, тақта немесе флипчарт, маркерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Талқылау/әңгімелесу (Мұғалім оқушыларға келесідей сұрақтар қояды):

Сендер жеке шекаралар деген сөзді естідіңдер ме?

Бұл нені білдіруі мүмкін деп ойлайсыңдар?

Әңгіме аяқталғаннан кейін слайд көрсетіледі немесе тақтада анықтама жазылады.

Жеке шекаралар – бұл көрінбейтін «сызық», ол адамды басқалардан бөледі, олар үшін: қарым-қатынаста, жанасуда, сөзде және тіпті эмоцияда не қолайлы, не қолайсыз екенін көрсетеді.

Қорытынды. Әр адамның жеке шекаралары бар және бұл жақсы. Оларды білу, сезіну және қорғау маңызды.

II. Негізгі бөлім

Жұпта жұмыс істеу. «Біздің айналамыздағы шекаралар»

Оқушыларға жағдаяттардың мысалдары бар карталар таратылады (басып шығаруға немесе оқуға болады).

Біреу сенің заттарыңды рұқсатсыз алады.

Сыныптасың сенің иығыңнан ұстайды, бірақ сен одан оны сұрамадың.

Құрбың оған барлық құпияларыңды айтуды талап етеді.

Біреу әзілдегені саған ұнамайды

Туысың сенің хабарламаларыңды рұқсатсыз оқиды.

Сен қаламасаң да, өзгелер кездесуде сені құшақтайды немесе сүйеді.

Мұғалім бүкіл сынып алдында сенің сыртқы келбетің туралы жеке пікірін білдіреді.

Досың сенің фотосуреттеріңді немесе бейнелеріңді әлеуметтік желілерде рұқсатсыз жариялайды.

Саған ата-анаң өз пікіріңді білдіруге рұқсат етпейді: сөзіңді бөледі немесе шектейді.

Сенің ескертуіңе қарамастан, сыныптасың саған тым жақын отырады.

Сен қаламасаң да, біреу сенің бағаларың, жеке өмірің немесе отбасың туралы сұрайды.

Сені белсенді іс-шараларға (билер, ойындар, конкурстар) қатысуға мәжбүрлейді.

Бір партада отыратын көршің сенің не жейтініңді, сыртқы келбетіңді немесе қалай сөйлейтінің туралы дауыстап пікір білдіреді.

Сен бөлмеңде жалғыз болғың келген кезде, туысың бөлмеңе рұқсатсыз кіреді.

Сабақта жеке пікіріңмен бөліскің келмегенің үшін, сені ренжітеді немесе мазақ етеді.

Тапсырма. Мәселелер бойынша жағдайды жұппен талқылаңыз.

Бұл жағдайларда жеке шекара бұзылды ма?

Жағдаяттарда жеке шекараның қай түрі бұзылған (физикалық, эмоционалдық әлде психологиялық)?

Сен осындай жағдайда не істейсің?

Нәтижені таныстыру.

Қорытынды. Жеке шекаралардың бірнеше түрі бар: физикалық (дене, заттар, кеңістік), эмоционалдық (сезімдер), психологиялық (пікірлер, жеке тақырыптар) және цифрлық. Олардың бұзылуы ыңғайсыздық пен мазасыздықты тудырады.

3. Шағын дәріс + визуализация

Мұғалім қысқаша түсіндіреді.

Әркімнің шекарасы әртүрлі: біреу құшақтағанды жақсы көреді, ал біреу жақтырмайды.

Адам кейде біреуді ренжітіп алудан қорқып «жоқ» деп айта алмайтын жағдайлар болады. Шекараны бұзу: физикалық зорлық-зомбылық қана емес, сонымен қатар қысым, манипуляциялар, сезімдерді елемей.

Басқа адамның шекарасын құрметтеу – оны жеке тұлға ретінде құрметтеу.

4. Рөлдік ойын «Мен өз шекараларым туралы айтамын» топтық жұмыс.

Оқушылар 3-5 топқа бөлінеді және қысқа жағдаяттарды сахналайды, онда біреуі шекараны бұзады, ал екіншісі оларды дұрыс белгілеуді үйренеді.

Жағдаят мысалдары:

Бір сыныптас екіншісінің телефонын алады.

Біреу жалғыз қалғысы келгенде, екіншісі онымен сөйлесуді талап етеді.

Оқушы мұны әзіл деп санап, басқасын сөзбен ренжітеді.

5. *Рефлексия* келесі сұрақтар бойынша өткізіледі.

Өздеріңді қалай сезіндіңдер?

Өз шекараларың туралы айту қиын болды ма?

Сындарлы қарым-қатынас дағдылары шекараны қақтығыссыз қорғауға көмектеседі. Ең бастысы – нық, сабырлылық пен сыйластық таныту. Жеке шекараларды түсіну және қорғау – ішкі сенімділіктің, өзін және басқаларды құрметтеудің бір бөлігі. Бұл – достық, отбасы және жайлы қарым-қатынас үшін маңызды.

III. Жобалық қызмет

«Алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдануға болады?» деген сұрақ оқушыларға қойылады.

Оқушылар өз ойларымен бөліседі. Ұжым боп қорытынды жасалады. Мысалы: алған білімді сыныптастарымен жағымды қарым-қатынас орнату үшін қолдануға болады.

Мұғалім жобаның құрылымын көрсетеді (слайд).

Жоба 4 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Жеке шекаралар дегеніміз не және олар не үшін қажет?

2-кезең. Жоқ деп қалай дұрыс айтуға болады?

3 -кезең. Цифрлық әлемдегі шекаралар.

4 -кезең. Басқа адамдардың шекараларын құрметтеу.

Зерттеу әдістері: эксперимент, ұжымдық істер, ынтымақтастық.

Мұғалім 1-кезеңдегі ұжымдық істерді атауды ұсынады және кеңестер береді. Мысалы: істер бір сынып оқушылары арасындағы достықты нығайтуға, үшінші сынып оқушыларына көмек көрсетуге, эксперименттер жүргізуге бағытталуы керек, бұл жаңалық ашуға мүмкіндік береді.

Оқушылар ұсыныстарымен бөліседі.

Талқылаудан кейін тақтада мұғалімнің тапсырмаларын ескере отырып жазба жасалады. Мысалы: жобаның 1-кезеңіне арналған тапсырма.

1. Өзіңе «Мен өз шекарамды қалай қорғаймын» деген хат жаз.

2. Өз шекараңның картасын сызып, онда не істеуге болатынын, не болмайтынын белгіле.

3. «Жеке шекаралар» ойынын ойлап тауып, оны үзіліс уақытында үшінші сынып оқушыларымен бірге өткіз.

IV. Қорытынды

Мұғалім талқылау үшін жобаның түпкілікті өнімін – «Шекараны құрметтеу – адамды құрметтеу» әлеуметтік бейнеролигін ұсынады және оқушылардың мақұлдауымен рөлдерді бөледі:

Сценарий жазушылар (шекаралар бұзылуына мысалдар келтіре отырып, оған қалай дұрыс жауап беруге болатыны туралы қысқаша сценарий жасайды).

Актерлер, режиссерлер, монтаждаушылар.

Роликті қай жерде: жалпы мектеп жиынында, ата-аналар жиналысында немесе мектептің әлеуметтік желілерінде көрсетуге болатындығы туралы мәселе шешіледі.

7-сынып білім алушыларына арналған 2-сабақ
Тақырыбы: «Жоқ деп қалай дұрыс айтуға болады?»

Мақсаты: білім алушыларда қысым мен манипуляция жағдайларында сенімді, сыпайы бас тарту дағдысын дамыту; өз шекаралары мен басқалардың шекараларын құрметтеуге үйрету.

Міндеттері:

1. Өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.
2. Коммуникативті құзыреттілікті үйрету.
3. Өзінің және басқа адамдардың шекараларын құрметтеуге тәрбиелеу.

Жабдықтау: күнделікті жағдаяттары бар карточкалар, рөлдік жұптарға арналған орындықтар, флипчарт немесе тақта, маркерлер (сыпайы бас тарту сөз тіркестерін жазу үшін), парақшалар мен қаламдар (жобалау қызметі бойынша тапсырмалар үшін).

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сізге «жоқ» деп айту оңай ма?
2. Әсіресе кімге «жоқ» деп айтуға қиналасың (досыңа, ата-анаңа не ересектерге)?
3. Неге біз «жоқ» деп айтқымыз келсе де, кейде «иә» дейміз?

Мұғалім тақтаға оқушылардың негізгі сөз тіркестерін жазады: «бас тарту ыңғайсыз», «ренжітіп алудан қорқамын», «ұнағым келеді», «достарымның арасында «ерекше» болғым келмейді» және т. б.

II. Негізгі бөлім

Мұғалім: Бүгін біз шекараны қорғау әрі қарым-қатынасты бұзбау үшін «жоқ» деп айту туралы сөйлесеміз.

Шағын әңгіме мен талқылауға арналған тақырыптық мысалдармен жұмыс.

1. Сыпайы бас тарту мен дөрекіліктің айырмашылығы неде?

2. Неліктен бас тарту қабілеті маңызды әлеуметтік дағды?

Тақтаға / флипчартқа сыпайы бас тарту тіркестерін жазу.

«Кешір, бұл мен үшін ыңғайсыз».

«Мен сені түсінемін, бірақ көмектесе алмаймын».

«Бұл маған сәйкес келмейді. Сен түсінесің деп үміттенемін».

«Мен үшін мұны жасамау маңызды».

«Мен бұнымен өзімді жайлы сезінбеймін».

Мұғалім оқушылармен осы сөз тіркестерін қандай жағдайларда қолдануға болатындығын талқылайды. Сенімді бас тарту қақтығысқа тең емес екенін атап көрсетеді.

«Жоқ» деп айтамын» рөлдік ойыны

Нұсқаулық. Сыныпты жұптарға бөліңіз. Әр жұпқа жағдаяты бар карточка беріңіз. Бір қатысушы сұрайды, екіншісі бас тартады.

Карточкалардағы жағдаяттардың мысалдары

1. «Үй жұмысын көшіріп алайыншы».
2. «Сабаққа бармайық».
3. «Қарызға ақша бер».
4. «Әлеуметтік желідегі құпия сөзіңді бер».
5. «Мен үшін жоба жаса».
6. «Қалай төбелесетінің туралы бейне түсір. Бұл қызық!»
7. «Мұғалімге мен болмасам да, болды деп айтшы».
8. «Анама кеше кешке сенімен сабақ оқыды деп айтшы, әйтпесе ол мені кеш батқанға дейін далада жүргенім үшін ұрысады».

Бірінші әрекеттен кейін мұғалім рөлдерді ауыстыруды ұсынады. Мәселелер бойынша талқылау:

1. Қалай болды?
2. Не қиын болды?
3. Қандай жағдайлардан бас тарту оңай, ал қайсысында қиын?
4. Қандай сөз тіркестері жақсы жұмыс істеді?

III. Жобалық қызмет

Педагог тілек білдірушілерге жоба бойынша тапсырмаларды орындаудан алған әсерлерімен бөлісуді, «Мен өз шекарамды қалай қорғаймын» хатын оқуды немесе үшінші сынып оқушыларымен ойын өткізу туралы хабарлауды ұсынады.

Әрі қарай жауапты адамға «Шекараны құрметтеу – адамды құрметтеу» бейнеролигінің сценарий жоспарын оқып, нені өзгертуге немесе қосуға болатынын талқылауды ұсынуға болады. Жоба бойынша келесі тапсырмаларды дайын бейнероликпен байланыстырған жөн. Мысалы:

«Жоқ» деп айту қиын болған жағдайды есіңе түсір.

Енді қалай әрекет ете алатыныңды жаз: сен қандай сыпайы бас тарту фразасын таңдар едің?

Өзіңнің «әмбебап» сыпайы бас тарту сөз тіркесінді ойлап тауып, жазып ал. Үшінші сынып оқушыларымен жеке шекаралар туралы сөйлес.

Жеке шекаралар туралы бейнеде не айтатының туралы ойлан. Бейнеге арналған ең жақсы кеңестер үшін байқау өткіз.

Сабақ соңында мұғалім кеңес береді.

Мұғалім: кез келген сыпайы бас тарту әрекеттерін, тіпті егер олар сенімсіз болып көрінсе де, қолдауды ұмытпа: мақсат тамаша жауап емес, жаттығу.

Егер, оқушылардың біреуі жеке жағдайымен бөліссе, оны сыпайы қабылдап, кемсітуге жол берме.

Әрқашан сыныптастарың мен өзіңнен кішілер үшін сыпайылықтың үлгісі бол.

IV. Қорытынды

«Жоқ» деп айта білу дөрекілік емес, өзін-өзі құрметтеу.

Бас тарту сыпайы, нық және шынайы болуы керек. Егер, бізге бірдеңе ұнамаса немесе ыңғайсыз болса, біз келісуге міндетті емеспіз.

Бекіту үшін сөйлем (тақтаға жазу).

«Басқаларға деген шынайы құрмет өзін-өзі құрметтеуден басталады».

7-сынып білім алушыларына арналған 3-сабақ
Тақырыбы: «Цифрлық кеңістіктегі жеке шекаралар»

Мақсаты: оқушылардың цифрлық шекаралар туралы түсінігін қалыптастыру.
Міндеттері:

1. Оқушыларға цифрлық шекара ұғымын түсіндіру және интернеттегі жеке қауіпсіздіктің маңызын ұғындыру.

2. Цифрлық жағдаяттарды талдауға, қорытынды жасауға және негізделген шешім қабылдауға дағдыландыру.

3. Онлайн ортада өзгелердің жеке шекараларына құрметпен қарауды қалыптастыру.

Ресурстар: Цифрлық жағдаяттардың суреттері/мысалдары (баспа түрінде немесе слайд-презентация), қағаз, фломастер, жапсырма — безендіруге арналған құралдар;

«Цифрлық қауіпсіздік — менің таңдауым» атты шағын жобаға арналған нұсқаулықтар;

Интерактивті тақта немесе экран (мүмкіндікке қарай).

Сабақ барысы

I. Кіріспе

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Сәлеметсіздер ме, балалар!

Бүгін біз көзге көрінбейтін, бірақ барлығымызға таныс нәрсе — шекаралар туралы сөйлесеміз.

Бұл — қоршау немесе құпиясөз емес, өзімізді қауіпсіз әрі сенімді сезінуімізге көмектесетін ішкі ережелеріміз.

Бүгін біз шекаралар туралы цифрлық әлем тұрғысынан әңгімелесеміз: чаттар, ойындар, әлеуметтік желілер... Қай кезде қалжың шектен шығып кетеді? Интернеттегі достық зеріктіргенде не істеу керек? «Жоқ» деп айту не үшін маңызды, және оны қалай дұрыс айтуға болады?

Біз:

1) жеке шекара бұзылғанын қалай тануға болатынын;

2) өзіңді қалай қорғау керектігін;

3) басқалардың шекараларын бұзбауды үйренеміз.

«Кейс: Аяжан өзінің сандық шекарасын қалай қорғады?»

Аяжан туралы оқиға: 7-сыныпта оқитын Аяжан мектеп чатына тіркелген және әлеуметтік желілерде бірнеше парақшасы болған. Бір күні кешке сыныптасы Бекзат оған Instagram-дағы оқиғасынан (сторисінен) бәрі күлетін бір күлкілі видеосын жіберуін сұрайды. Аяжан ойланбастан скрин жасап, Бекзатқа жібереді. Бірақ бірнеше сағат өткен соң ол бұл видеоны бүкіл сыныптың чатына таратып, талқылап жатқанын байқайды.

Аяжан өзін жайсыз сезінді: ол видеоны көпшілік көреді деп ойламаған. Информатика сабағында қолын көтеріп, бұл туралы ашық айтты. Бірақ күткендей қолдаудың орнына: «Өзің кінәлісің, өзің жарияладың» деген жауап естіді.

Аяжан өзінің цифрлық шекарасы әрі моральдық, әрі әлеуметтік жағынан бұзылғанын сезді.

2. Шығармашылық тапсырма: Аяжанның оқиғасын жалғастыр.

Аяжан былай істеуі мүмкін еді...

Өз шекарасын қалай қайта қалпына келтіреді?

Достар мен ересектерден қалай қолдау табады?

Мұндай жағдай қайталанбауы үшін не істеу керек?

Талқылау сұрақтары:

Қандай әрекеттер ең тиімді деп ойлайсыздар?

Аяжанға қалай көмектесер едіңіздер?

Цифрлық шекараңызды сақтау үшін қандай ережелер маңызды?

«Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Әлеуметтік желілердегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады:
https://youtu.be/vMmVSwGYo5U?si=1ep_mQFTNchQYuhU

Аяжан оқиғасының ықтимал жалғасы:

Сабақтан кейін Аяжан мектептегі психолог пен информатика пәні мұғаліміне жүгінді. Олар бірге отырып, цифрлық әлемде шекараға деген құрмет тек біреудің рұқсатынсыз ақпаратты таратпау ғана емес, достарыңның өтініштеріне қалай жауап беретінінде де көрініс табатынын талқылады. Мұғалім Аяжанға әлеуметтік желідегі жарияланымдарын тек жақын достары ғана көре алатындай етіп құпиялық баптауларын өзгертуге көмектесті. Ал, психолог оған сабырлы түрде өз құқығын қорғауды, «жоқ» деп айтуға және өзінің контентін кім көретінін бақылаудың маңызын түсіндіруді үйретті.

Бір аптадан соң Аяжан сынып сағатында «Мен өз цифрлық шекарамды қалай қорғадым» атты шағын презентация жасап шықты. Ол құпиялылықты сақтау жолдарын, сыйластықпен қарым-қатынас ережелерін және «бөліскім келмейді» дегенді айтуға қорықпау керектігін айтып берді. Сыныптастары оның шынайылығына алғыс білдіріп, бірге отырып интернеттегі қауіпсіздік пен жайлылықты сақтау үшін жадынама құрастыруға шешім қабылдады.

II. Негізгі бөлім

1. Ақпараттық бөлім. «Сөйлемді аяқта» жаттығуы

Оқушыларға сөйлемдерді өз ойымен аяқтауды ұсыныңыз, кейін бірге талқылаңыз. Талқылаудан кейін дайын жауаптармен бөлісіңіз.

Аяқталмаған сөйлемдер:

1. Жеке ақпаратты (мысалы, сурет, мекенжай, құпиясөздер) тек...
2. Біреудің суретін немесе хат-хабарын интернетке салмас бұрын...
3. Егер, біреу менің желідегі шекарамды бұзса, мен...
4. Интернетте өзімді қауіпсіз сезіну үшін...
5. Құрылғылар мен әлеуметтік желілерден шаршағанда, мен...

Талқылаудан кейінгі дайын жауаптар:

1. ...сенетін адамдарға ғана беруге болады және ашық жарияламау керек.
2. ...міндетті түрде сол адамнан рұқсат сұрау керек.

3. ...шағым түсіре аламын, бұғаттап, ересек адамға айтуым керек.
 4. ...жеке парақша өлшемдерін сақтау, күмәнді адамдармен сөйлеспеу, шекараларды есте сақтау маңызды.
 5. ...үзіліс жасап, достармен бетпе-бет араласуға, басқа пайдалы істермен айналысуға тырысамын.
2. Топтық жұмыс

Форматы Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топқа жеке бір кейс беріледі. Барлық топ бірдей 4 сұрақ бойынша жұмыс істейді. Соңында әр топ өз шешімін қысқа таныстырады (ауызша, көрініс түрінде, постер немесе жадынама түрінде).	Сұрақтар: 1. Бұл жағдайда бала қандай қате жасады? 2. Мұндай жағдайға тап болсаң, кімнен көмек сұрауға болады? 3. Бұл оқиғадан кейін достарыңа қандай кеңес берер едің? 4. Бұл жағдайдың қауіпті екенін қалай түсінуге болады?
---	--

Тапсырма: Әр топ: - Өз кейсін оқиды. - 4 ортақ сұраққа жауап береді. - Қорытындысын шағын презентация ретінде дайындайды (мысалы: диалог, қойылым, постер, жадынама). Таныстыру уақыты: Әр топқа 3 минут беріледі. Кейстер (әр топқа біреу):	
1-кейс: Ересек адамнан келген күмәнді хабарламалар	Қыз балаға онлайн ойында бір ересек адам хабарлама жаза бастайды: алдымен оның ойнау шеберлігін мақтайды, кейін оны әдемі деп атайды, суретін сұрайды және «тек екеуміз ғана сөйлесейік» дейді.
2-кейс: Онлайн ойында ақша аудару	Айбар жаңа онлайн-ойында бір бейтаныс адаммен танысады. Ол Айбарға сирек кездесетін «скин» (ойын ішіндегі киім немесе қабілет) сатып алуды ұсынады және оны жеңіл жолмен алуға көмектесемін дейді. Ол үшін Айбардан ақша аударуды сұрайды. Айбар ойланбастан ата-анасының картасынан ақша аударып жібереді. Алайда ақша аударылғаннан кейін әлгі адам із-түссіз жоғалады, ал уәде етілген «скин» келмейді.
3-кейс: Келісімсіз сурет жариялау	Айжан Жаннұрдың рұқсатынсыз оның сәл ыңғайсыз фотосын әлеуметтік желіге жүктейді. Сурет астына: «Міне, мен таңертең айнадан кімді көрем» деп жазып қояды. Бұл жазбаға басқа

достары күліп, пікір қалдырады. Жаннұрға бұл өте жағымсыз әсер етті, ол өзін мазақ қылғандай сезінді, бірақ Айжанға ашық айта алмады.

1. Шағын-ойын: Қызыл ту / Жасыл ту (5 минут)

Өткізу тәртібі:

1. Мұғалім жағдаятты оқиды.
2. Оқушылар жауап ретінде қолдарын көтереді немесе қызыл/жасыл белгі көрсетеді:
 1. Қызыл ту — егер жағдай қауіпті, шекара немесе заң бұзылған деп санаса;
 2. Жасыл ту — егер жағдай қауіпсіз және рұқсат етілген деп есептейді.
 3. Әр жауаптан кейін қысқаша түсіндірме беріледі: не бұзылды және ҚР заңдарына сәйкес қандай жауапкершілік бар.

Талқылауға арналған жағдаяттар:

1. Сен сыныптасыңның фотосын оның рұқсатынсыз жарияладың.
Жауап: Қызыл ту
Түсіндірме: Жеке өмірді бұзу. ҚР ҚК 147-бабы. Айыппұл немесе қамауға алу.
2. Біреу ойында сенен ақша сұрап, қайтарып берем деп уәде етеді.
Жауап: Қызыл ту
Түсіндірме: Интернет-алаяқтық. ҚР ҚК 190-бабы. 2000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе бас бостандығынан айыру.
3. Сен сыныптасыңның фотосына: «Керемет фото» деп пікір қалдырдың.
Жауап: Жасыл ту
Түсіндірме: Егер пікір құрметпен жазылса және жеке шекараны бұзбаса — рұқсат етіледі.
4. Топтық чатта бір оқушы басқаға: «Сен ақымақсың, не үшін өмір сүріп жүрсің?» деп жазады.
Жауап: Қызыл ту
Түсіндірме: Қорлау және кибербуллинг. ҚР ӘҚБтК 73-3-бабы. Айыппұл немесе әкімшілік қамауға алу.

5. Ересек адам саған әлеуметтік желіде жазып, фотосурет сұрайды және «Тек ешкімге айтпа» дейді.

Жауап: Қызыл ту
Түсіндірме: Қауіпті жағдай. Міндетті түрде үлкендерге айту керек. Бұл әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

3. Цифрлық шекаралар туралы ұсынымдар

Балалар, бүгінгі сабағымыздан кейін мен сіздерге өз тарапымынан мынадай кеңестер бергім келеді. Сіздер бұл тізімді толықтырып, оны өзіңіздің кіші бауырларыңызға, қарындастарыңызға немесе достарыңызға айтып бере аласыздар. Өйткені, интернеттегі қарым-қатынас та – шынайы өмірдің бір бөлігі. Мұнда да өзін және өзгені құрметтей білу маңызды.

1. Бөгде адамның фотосын, видеосын немесе хат алмасуын рұқсатсыз жариялама. Бұл адамның жеке шекарасын және заңды бұзу.

2. Бейтаныс адамдармен сөйлеспе, әсіресе олар жеке ақпарат не фото сұраса. Мұндай жағдайды бірден үлкендерге айту керек.

3. Егер, интернетте біреу ренжітсе немесе қорқытса – үндемей қалма. Скриншот жасап, ата-анаңа, мұғалімге немесе сенімді ересек адамға көрсет.

4. Ойындар не мессенджер арқылы ешқашан ақша немесе банк картасының деректерін жіберме. Бұл – алаяқтық болуы мүмкін.

5. Барлығына жауап беру міндетті емес. Егер, саған жайсыз болса — «жоқ» де немесе сөйлесуді тоқтат. Өзінді қорғау – қалыпты нәрсе.

6. Бір нәрсені жариялар алдында ойлан: бұл біреуге зиянын тигізуі мүмкін бе? Интернетте де сыйластық ережесі бар.

7. Егер ішкі түйсігің «алаңда», «ұят», «қорқыныш» деп белгі берсе – бұл жағдай қауіпті болуы мүмкін деген сөз. Әрдайым мұндай сәтте көмек сұрауға болады және қажет.

III. Жобалық қызмет

Балалар, жобамыздың бірінші сабағынан бастап сіздер белсенді жұмыс істеп келесіздер.

Біз бұған дейін: «Жеке шекара деген не және ол не үшін қажет? (1-кезең) — «Қиын жағдайда «жоқ» деп айтуды қалай үйренуге болады? (2-кезең) деген сұрақтарды талқыладық. Енді жобамыздың үшінші кезеңінде — «Цифрлық әлемдегі шекаралар» тақырыбына көшеміз.

Жобаның соңында біз бірлесіп әлеуметтік ролик дайындаймыз. Бұл роликте біз өмірде және интернетте шекарамызды қалай қорғауға және басқалардың шекарасына құрметпен қарауға болатыны туралы айтамыз.

Сұрақтар:

Қалай ойлайсыздар, осы үшінші кезеңде бізді қандай әрекеттер күтіп тұр?

Цифрлық кеңістіктегі шекараларды түсіну үшін біз не істей аламыз?

(Оқушылардың жауаптарын тыңдау үшін кідіріс.)

Мүмкін жауаптар:

Интернеттегі шекара бұзылған шынайы жағдайларды талдау;

Роликке арналған көріністер ойлап табу: қысым, ренжіту, жеке ақпарат сұрау кезіндегі әрекеттер;

Интернеттегі қауіпсіздікке арналған кеңестер немесе жадынамалар жасау;

Басқа сынып оқушыларынан шағын сауалнама жүргізу: олар онлайнда өздерін қалай қорғайды?

Осы идеялар арқылы біз ролигіміздің маңызды бөлігін жасай аламыз.

Жұмысымызды бірге әрі пайдалы түрде жалғастырамыз!

Мұғалімнің ұсынымдары:

3-кезең . Цифрлық әлемдегі шекаралар

1. Шынайы жағдайларды зерттеңіздер. Ойланыңыздар: интернетте адамның жеке шекарасы қашан бұзылады? Мысалы: кибербуллинг, бейтаныс адамнан келген мазасыз хабарламалар, ойындарда немесе әлеуметтік желілерде қысым көрсету, өзге адамның суретін рұқсатсыз жариялау

2. Өз ролигіңіз үшін 1–2 жағдай таңдаңыз. Олар жасөспірімдерге түсінікті және өмірге жақын болуы керек.

3. Дұрыс әрекетті көрсетіңіз. Тек айту емес, нақты көрсетіңіз: чатта «жоқ» деу, біреуден фотоны өшіруді сыпайы сұрау, көмекке кімге және қалай жүгіну.

4 Форматы — өз еркіңізде.

Қойылым, сұхбат, кадр сыртындағы мәтін, инфографика. Бастысы — ойыңызды анық жеткізу.

5. Команда болып жұмыс істеңіздер.

Рөлдерді бөлісіңіздер: сценарий жазатындар, актерлер, монтаж жасаушылар, жүргізушілер деп.

Есіңізде болсын: сіздердің мақсатыңыз — жай ролик жасау емес, басқаларға цифрлық шекараны түсінуге көмектесу.

IV. Қорытынды

«3 сөз» әдісі

Мұғалім оқушылардан сұрайды:

— Бүгінгі сабақты үш сөзбен сипатта.

Мысалы: «қауіпсіздік, интернет, шекара».

2. Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Бүгін қандай маңызды нәрсе білдің?
2. Ойындағы қайсы оқиға есіңде қалды және неге?
3. Енді интернетте нені басқаша жасайтын боласың?

7-сынып білім алушыларына арналған 4-сабақ
Тақырыбы: «Өзгелердің жеке шекараларын құрметтеу»

Мақсаты: жобалық жұмысты қорытындылау, оқушылардың өзге адамдардың жеке шекараларын түсініп, күнделікті өмірде оларды құрметтеу дағдыларын бекіту.

Міндеттері:

1. Оқушылардың шекараның бұзылу жағдайларын тану және дұрыс әрекет ету қабілетін дамыту.
2. Жеке шекараларды қалыптастыру дағдысын қалыптастыру;
3. Құрдастарымен және жақындарымен қарым-қатынаста сыпайы әрі құрметпен әрекет етуге баулу.

Ресурстар:

Тақырыпқа арналған презентация, топтық жұмысқа арналған жағдаяттық карточкалар, рефлексия парақтары, бейнеролик сценарийіне арналған шаблон, флипчарт немесе тақта, стикерлер мен маркерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Мұғалімнің кіріспе сөзі

Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше – біз «Өз шекарам және өзгенің шекарасы» атты жобамызды қорытындылаймыз.

Осы сабақтар барысында біз: жеке шекара деген не екенін түсіндік, «жоқ» деп сыпайы әрі нық айтуға үйрендік, цифрлық кеңістікте өзімізді ережелер туралы білдік.

Бүгін жобамызды «Өзгенің шекарасына құрметпен қарау» тақырыбымен аяқтаймыз.

Ойланайық: өз шекарамызды қорғап қана қоймай, айналамыздағы адамдардың шекарасын байқай білу, оны құрметтеу қаншалықты маңызды?

Бұл – біздің жобамыздағы соңғы әрі маңызды қадам. Бұл бізді бір-бірімізге мейірімді, ұқыпты және сенімді болуға жетелейді.

Бүгінгі сабақта біз: үйренгенімізді еске түсіреміз, өз ойымызбен бөлісеміз және жобамыздың соңғы нәтижесіне — әлеуметтік бейнероликке дайындықты бастаймыз.

Жаттығу: «Бір қадам алға — бір қадам артқа»

Нұсқаулық: Барлығыңыз сыныптың бір жағына қатарға тұрыңыздар. Мен әртүрлі жағдайларды оқимын. Егер, бұл әрекет өзгелердің шекараларын құрметтеу деп ойласаңыз, бір қадам алға шығыңыз. Егер, шекара бұзылған деп есептесеңіз, бір қадам артқа жылжыңыз. 5–6 жағдаяттан кейін шеңберге жиналып, қайда және неге сол жерде тұрғандарыңызды талқылаймыз.

Жағдаяттардың мысалдары:

- 1) Сен басқа біреудің затын рұқсатсыз қозғамайсың;
- 2) Досыңның хабарламаларын оның рұқсатынсыз оқисың;
- 3) Досың «жоқ» деген кезде оны қолдайсың;

4) Сен біреуге жеке сұрақ қойдың, бірақ ол сенің сұрағыңа жауап бергісі келеді ме, жоқ па, білмейсің;

5) Біреуге ыңғайсыздық тудырғаныңды біліп, кешірім сұрадың;

6) Біреу қарсы болғанына қарамастан, өз айтқаныңда тұрасың.

Талқылау (шеңберде):

– Қандай әрекеттер адамдарды жақындастырады?

– Ал қандай әрекеттер сенімге зиян келтіреді?

– Сен үшін өзгеге құрмет көрсету деген не?

II. Негізгі бөлім

1. «Егер, мен ол адамның орнында болсам...» жаттығуы

Өту барысы: Оқушыларға жеке-жеке шекара бұзылған түрлі жағдайлар жазылған карточкалар таратылады. Әр оқушы жағдаймен жеке танысып, жазбаша түрде мына сұрақтарға жауап береді:

Сұрақтар:

1. Егер, сен осы адамның орнында болсаң, өзінді қалай сезінер едің?

2. Сен басқа адамдардан қандай әрекет күтетін едің?

3. Өзің бұл жағдайды басқаша қалай шешер едің?

Ойлануға арналған жағдаяттар:

1. Сенің сыныптасың рұқсатыңсыз телефоныңнан жеке хабарламаларыңды дауыстап оқып берді.

2. Сен үзілісте құшақтасуды ұнатпайтыныңды айттың, бірақ сені бәрібір құшақтай береді.

3. Сен бірлескен суретті әлеуметтік желіге салмауды өтіндің, бірақ оны бәрібір жариялады.

4. Сен маңызды нәрсе айтып жатқанда, сыныптастарың күле бастады.

5. Оқушылар сенің рұқсатыңсыз үстеліндегі заттарыңды алып жатыр.

6. Сен жеке тақырыпта сөйлескің келмейтінін айтсаң да, бірақ олар сұрақ қоюшды тоқтатпады.

7. Сабақта қолыңды көтерсең де, сөзіңді бөліп, тыңдамай қояды.

8. Біреу сенің сырт келбетіңді бүкіл сыныпта дауыстап талқылап жатыр.

«Тыңда және сөзін бөлме» жаттығуы (бірінші жаттығудың жалғасы)

Мұғалім: Енді сіздер өз ойларыңызды жазып, өзіңізді басқа адамның орнына қойып көргеннен кейін, екінші бөлімге — жұптық жұмысқа көшеміз.

Міндеті: ойлармен бөлісу және басқа адамды үнсіз, бөлмей, бағаламай тыңдауды үйрену.

Жұмыстың барысы: Жұптарға бөлініңіздер. Бірінші қатысушы өз карточкасы бойынша ойымен бөліседі: Бұл жағдайда өзін қалай сезінер еді? Нені өзгерткенді қалар еді? Басқаша не істер едің? Екінші оқушы үнсіз, сөзін бөлмей, пікір айтпай тыңдайды. Кейін рөлдерімен ауысады. Соңында жұп ішінде қысқа талқылау: серіктесіңнің сөзінен нені маңызды деп қабылдадың? Соңына дейін тыңдалу қандай әсер қалдырды?

Шеңбер ішіндегі талқылау

Мұғалім оқушылармен шеңберге жиналып, келесі сұрақтарды талқылайды:

Басқа адамдардың шекаралары туралы қандай жаңа нәрсе түсіндің?
 Келесі жолы қандай әрекетінді өзгертесің деп ойлайсың?
 Неліктен тек өз шекараларың туралы айту ғана емес, өзгелерді де тыңдау маңызды?

Топтық жұмыс

I -топ	II -топ	III- топ
Сенің біреудің шекарасын бұзып жатқаныңды білдіретін белгілер...	Шекараны бұзғаныңды түсінген кезде не істеу керек...	Басқалардың шекарасын дер кезінде байқай білуді қалай үйренуге болады...
Мүмкін жауаптар		
Адам алыстайды, көзге тура қарамайды; «Қаламадым», «ыңғайсыз», «тоқтатшы» дейді; Қимылсыз қалады, қобалжиды немесе кетіп қалады; Қысқа-қысқа жауап береді немесе мүлде үндемейді; Наразылық немесе ашулану белгілерін көрсетеді.	Шын жүректен кешірім сұрау; «Сені ренжіткім келмеген еді» деп айту; Өтінішті құрметтеу — шегіну, қайталамау; «Мұны қалай түзете аламын?» деп сұрау; Қорытынды шығару және қателікті қайталамау.	Реакцияға назар аудару: қимыл-қозғалыс, бет-әлпет, дауыс ырғағы; «Қаламаймын», «керегі жоқ», «тоқта» деген сөздерді тыңдау; Бірдеңе жасамастан бұрын рұқсат сұрау; «Маған ұнар ма еді?» деп өзіңді басқа адамның орнына қою; Отбасында, мектепте, онлайн ортада құрмет көрсетуді бала кезден үйрену.

Рефлексия

Форматы: ауызша немесе жазбаша (оқушының қалауына қарай), шеңбер құрып немесе жеке карточкалар арқылы жүргізуге болады.

Сұрақтар:

1. Басқа адамдардың шекаралары туралы қандай жаңа түсінік алдың?
2. Қандай жағдайларда басқалардың шекарасына мұқият қарауың керек екенін өзің байқадың?
3. Осы сабақтан кейін өзіңе қандай қорытынды жасайсың?

Қосымша:

- Осы сабақтан есінде қалған бір қимыл немесе сөз?
- Үйде немесе бауырларыңа, достарыңа басқаға құрмет көрсету туралы не айтып берер едің?

III. Жобалық қызмет

Ортақ талқылау

Талқылауға арналған сұрақтар:

Жеке және цифрлық шекаралар туралы қандай жаңа ақпарат білдіңдер?
Бұл білімді өмірде: мектепте, үйде, интернетте қалай қолдандыңдар?
Не қиын болды? Ал, не пайдалы және маңызды болды?
Басқа адамның шекарасын сыйлау неге маңызды?

2. Нәтижелерді көрсету

Егер, жоба әлеуметтік ролик немесе басқа өнім түрінде жасалса:

- Видеоны көру / мини-презентация;
- Сынып тарапынан пікірлер мен сұрақтар;
- Мұғалім әр оқушының үлесін ерекше атап өтеді.

«Өз шекарам мен өзгенің шекарасы» жобасы бойынша кері байланыс

Атыңыз (қалауыңыз бойынша): _____

1. Осы жобада мен үшін не пайдалы болды?

.....
.....

2. Не қиын немесе түсініксіз болды?

.....
.....

3. Маған ең ұнағаны не болды?

.....
.....

4. Егер осындай жобаны қайта жасасақ, нені жақсартуға болады деп ойлайсың?

.....
.....

IV. Қорытынды

Мұғалім: – Сендер төрт маңызды кезеңнен өттіңдер: шекараны түсіну, «жоқ» деп айту дағдысы, цифрлық қауіпсіздік, өзгенің шекарасына құрметпен қарау. Бұл – жай ғана жоба емес, бұл өмірде өзінді сенімді, қауіпсіз әрі өзге адамдарға құрметпен қарауға көмектесетін маңызды дағдылар. Бұл тәжірибені өз орталарыңда жалғастыруға болады: достарыңа, бауырларыңа, отбасыңа айтып беріңдер: шекараны сақтау бәріміз үшін маңызды.

«ҰЖЫМНЫҢ КҮШІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 8 -СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Байлық байлық емес, бірлік — байлық.
Халық даналығы*

8-сынып білім алушыларына арналған 1-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Көру, сезіну, есту»

Мақсаты: коммуникация дағдыларын дамыту, тыңдай білу қабілетін жетілдіру, басқа адамдардың көзқарасын құрметтеу және ортақ келісімге келу.

Міндеттері:

1. Сыныпта және қоғамда ұжымдық пікірдің маңызы мен рөлін түсіну қабілетін қалыптастыру.
2. Құрметпен тыңдау, өз пікірін дәлелді түрде жеткізу және пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту.
3. Ынтымақтастыққа, ортақ шешім қабылдауға және сындарлы сын айтуға қабілеттілікті дамыту, сонымен қатар өз пікірін білдіруде өзін-өзі бағалауды және сенімділікті арттыру.

Ресурстар: қағаз парақтары, фломастерлер, қаламдар

Сабақ барысы:

I. Кіріспе

«Шындық пен жалған» сергіту жаттығуы

Мақсаты: жағымды көңіл-күй қалыптастыру және жұмыс процесіне бейімдеу.

Нұсқаулық:

1. 3–4 ерікті оқушы кезекпен өздері туралы 2 факт немесе бастан өткерген оқиғаны айтып береді. Бұл әрекеттері, қызығушылықтары, таланты, жетістіктері немесе ертеректе орын алған оқиғалар болуы мүмкін.
2. Екі фактінің бірі — шындық, екіншісі — жалған.
3. Қалған оқушылар ойдан шығарылғанын табуы керек.

Мұғалімнің кеңесі:

— Қызықты, ерекше немесе күлкілі оқиғалар ойынды тартымды етіп, болжауды қиындатады.

Ойын аяқталғаннан кейін мұғалім жобаның тақырыбын айтып, талқылау сұрақтарын қояды:

Ұжымның күші неде?

Қорытынды: Адам өмірінде ұжымның маңызы өте зор. Бұл маңыздылықтың неден көрінетінін жоба әзірлеу барысында анықтау көзделіп отыр.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Мұғалім:

Ұжымда ортақ пікір қалыптасады. Бұл топтың немесе ұжымның барлық мүшелерінің пікірлері мен сенімдерінің жиынтығы. Ұжымдық пікір қатысушылар арасындағы идеяларды, пікірлер мен ақпаратты бөлісу және талқылау арқылы қалыптасады. Басқа адамдардың пікірін тыңдай білу, тіпті өзіміздің пікірімізден өзгеше болса да, оларды құрметтей білу маңызды. Ұжымдық пікір неғұрлым объективті және толық болуы мүмкін. Өйткені, ол әртүрлі адамдардың көзқарастары мен тәжірибелерін ескереді.

Белсенді тыңдау дағдыларына басқа адамдарды мұқият және мақсатты түрде тыңдау және түсіну қабілеті жатады. Бұған әңгімелесушінің сөзіне назар аударуы, негізгі ақпаратты анықтауы, нақтылау сұрақтарын қоюы, эмпатия көрсетуі және әңгімеге қызығушылық танытуы кіреді. Белсенді тыңдау дағдылары қарым-қатынасты жақсартуға, нығайтуға және басқа адамдармен де қарым-қатынас тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Кең мағынада бұл — айналадағы адамдардың пікіріне қарамастан, өзіңді сенімді сезіне білу және сонымен қатар басқалармен үйлесімді қарым-қатынаста болу қабілеті. Мұндай қасиетке қол жеткізу үшін өз бойыңда жұмсақ дағдыларды дамыту маңызды. Олар диалог жүргізуге, өз көзқарасыңды қорғауға, сонымен бірге өзгелердің пікіріне құрметпен қарауға көмектеседі.

«Дос іздеймін» жаттығуы

Мақсаты: адамның қадір-қасиеті, достықтың маңызы және ұжымда сұранысқа ие болу, жайлы әрі нәтижелі сезіну үшін дамыту қажет қасиеттер туралы пікірталасты өрбіту.

Мұғалім: Әр адам шынайы досы болғанын армандайды. Біреудің шынайы досы бар, біреудің таныстары көп, бірақ нағыз досты бөліп айту қиын. Кейбіреулер өзін жалғыз сезінуі мүмкін. Бірақ шынайы дос бәріне қажет. Бүгін біз «Дос іздеймін» атты тегін хабарландырулар газетін шығаратын редакторлар боламыз. Өрбіріңіз хабарландыру іле аласыздар. Хабарландыру бойынша ережелер:

1. Сөз санына немесе әріп өлшеміне шектеу жоқ.
2. Кез келген формада болуы мүмкін: мәтін, сурет, қасиеттер сипаттамасы, достың портреті, өзіңіз туралы әңгіме.
3. Ең бастысы — хабарландыру көптеген басқа хабарландырулар арасынан көзге түсетіндей болуы керек.

Дайындық уақыты: 5 минут. Дайын болғаннан кейін хабарландырулар қабырғаға (автордың аты-жөнінсіз) ілінеді. Оқушылар үнсіз оқып шығып, өздерін қызықтырған және авторымен танысқысы келетін хабарландыруларға қызыл дөңгелекпен белгі қояды. Тандалған хабарландырулар санын шектеуге болады (мысалы, үшеуден аспау керек). Одан кейін парақтар қабырғадан алынады. Әр қатысушы өз хабарландыруындағы қызыл белгілерді санап, қанша адам қызығушылық танытқанын айтады.

Талқылау сұрақтары:

1. Ең көп жауап алған хабарландыру қандай ерекшеліктерімен сипатталады?
2. Неліктен сіз басқа хабарландыруларға жауап бермедіңіз?
3. Достарыңыздың және өзіңіздің қандай қасиеттерін маңызды деп есептедіңіз?

Қорытынды: Ұжымның жақсы мүшесі достықты басқаларға пайдалы болу, көмектесу және қолдау көрсету мүмкіндігі ретінде бағалайды. Бұл қасиеттерді түсіну біртіндеп қалыптасады және қатысушылардың хабарландырулары сияқты нақты мысалдар арқылы көрініс табады.

«Сөйлеушілер және тыңдаушылар» жаттығуы

Нұсқаулық:

1. Сынып бір «сөйлеушіні» таңдайды, қалғандары — «тыңдаушылар».
2. «Сөйлеуші» белгілі бір тақырып бойынша өз пікірін немесе өтінішін білдіреді (мысалы: «Мен сабақ кестесін өзгерткім келеді») және дәлелдер келтіреді.
3. «Тыңдаушылар» нақтылаушы сұрақтар қояды, содан кейін «қолдаймын» немесе «қарсымын» деген пікірлерін білдіреді, өз дәлелдерімен негіздейді.
4. Талқылаудан кейін топ бірлесіп ымыраға келу немесе келісім табу жолдарын іздейді.

Қорытынды: Ойды сенімді жеткізу, пікірді дәлелдеу, тыңдай білу және өзгелердің пікірін ескеру дағдыларын дамыту маңызды болып табылады.

III. Жобалық қызмет

Мұғалім: Ынтымақтаса жұмыс істеуді, өз пікіріңді білдіруді және беделді адам болуды қалай үйренуге болады? Бұл жолда бізге *менторлық* көмектеседі. Сіздер оқу жылы бойы төртінші сынып оқушыларын қолдап, олармен бірлесіп жобалар жүзеге асырып, оларға үлгі болдыңыздар. Оқушыларға төртінші сынып оқушыларымен бірлесіп жобаларды жүзеге асыратын топтарға бөліну ұсынылады.

Әр топ әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған жоба тақырыбын таңдауы керек.

Жоба тақырыптарының нұсқалары: спортты насихаттау, қоғамдық бастамаларды қолдау тобының құрылуы, қарт адамдарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету, экологиялық жобалар, жануарлар панасына қолдау көрсету және т.б.

Мұғалім: Топтарға таңдалған тақырып бойынша жоба жоспарын әзірлеуді және төртінші сынып оқушыларымен бірлесіп жобалармен қалай жұмыс істейтіндерін талқылауды ұсынады.

IV. Қорытынды

Рефлексия

Білім алушылар сабақтан алған әсерлерімен және ойларымен бөліседі. *Рефлексия үшін* келесі сұрақтарды қолдануға болады:

1. Сабақта қандай идеялар немесе көзқарастар сіздің есіңізде қалды?
2. Өз пікіріңізді білдіргенде және оны тыңдағанда өзіңізді қалай сезіндіңіз?
3. Ұжымдық пікірді қолданудың қандай артықшылықтары мен кемшіліктерін байқадыңыз?
4. Жобаларды жүзеге асыру барысында қандай коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын қолдана аласыз?

8-сынып білім алушыларына арналған 2-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Басқаларды түсіну қабілеті»

Мақсаты: оқушыларды *эмпатия* ұғымымен таныстыру, оның *маңыздылығын түсіндіру*, басқа адамның сезімдерін түсіну және бөлісу қабілетін дамытудың практикалық стратегияларын ұсыну.

Міндеттері:

1. Эмпатия және оның адамдар арасындағы қарым-қатынастағы рөлі туралы түсінікті кеңейту.
 2. Күнделікті өмірде жанашырлық пен сезімталдық дағдыларын дамыту.
 3. Алынған білімді күнделікті өмірде қолдануға дайын болуға ынталандыру.
- Ресурстар: қағаз парақтары, фломастерлер, қаламдар.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Жаңа есімдер» жаттығуы

Оқушыларға жаңа есімдер ойлап табу тапсырмасы беріледі.

1. Мұғалімнің кіріспесі:

— Енді бір-бірімізбен танысайық. Мұны ойын есімдерін бірден және жақсы есте сақтайтындай етіп жасаймыз.

2. Таныстыру ережелері

- 1) бірінші қатысушы өз есімін атайды.
- 2) екінші қатысушы алдыңғы қатысушының есімін және өз есімін атайды.
- 3) үшінші қатысушы екі алдыңғы қатысушының есімін және өз есімін атайды.
- 4) осылайша әр келесі қатысушы өзінен бұрынғылардың есімдерін қайталап, өз есімін қосады.
- 5) шеңбердегі соңғы қатысушы алдында отырған барлық топ мүшелерінің есімдерін атайды.

6) есімдер жазылмайды — тек есте сақталады.

Жүргізушіні таңдау: жүргізуші процесті басқарып, ережелердің сақталуын қадағалайды. Таныстыру сағат тілі бағытымен, жетекшінің сол жағындағы қатысушыдан басталады. Жетекші соңғы болып танысып, шеңберді жабады және қатысушылардың есімдерді қаншалықты жақсы есте сақтағанын тексереді.

Қорытынды. Жетекші процесті басқарып, ережелердің сақталуын қадағалайды. Таныстыру сағат тілі бағытымен, жетекшінің сол жағындағы қатысушыдан басталады. Жетекші соңғы болып танысып, шеңберді жабады және қатысушылардың есімдерді қаншалықты жақсы есте сақтағанын тексереді.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Эмпатияны түсіну

Эмпатияға анықтама беріледі (анықтама тақтада оқушылардың көз алдында сабақ соңына дейін болуы керек).

Эмпатия – бұл басқа адамның сезімдерін түсіну және бөлісу қабілеті. Ол өзін басқа адамның орнына қояды, оның эмоцияларын тануды және жауап беру

мен түсінуді қамтиды. Эмпатия жанашырлықтан асып түседі, өйткені ол басқа адамның эмоцияларын мойындауды ғана емес, оларды белгілі бір дәрежеде сезінуді де талап етеді. Бұл мағыналы байланыстар, тиімді және қолайлы қарым-қатынастар құру үшін негіз болып табылады.

Оқушыларға өмірден эмпатияға ие адамдар туралы мысалдар келтіру ұсынылады. Оқушылар өз еркімен жауап береді.

Жұппен жұмыс: «Өзара таныстыру»

Мұғалім:

— Қазір біз жұптарға бөлінеміз. Әр қатысушы өз сыныптасын бүкіл сыныпқа таныстыруы керек болады.

Нұсқаулық: Бір қатысушы орындыққа отырады. Екіншісі оның артында тұрып, иығына қолын қояды. Тұрып тұрған қатысушы отырған адамның атынан сөйлейді, өзін оның есімімен таныстырады. Бір минут ішінде ол сыныптасы туралы, оның рөлін ойнай отырып, айтып береді.

Талқылау сұрақтары:

1. Сыныптастың рөліне «еніп» ойнау қиын болды ма?
2. Негізгі ақпаратты жеткізе алдыңыз ба?
3. Ақпаратты жеткізу барысында қандай қиындықтар болды?
4. Адамдарда қандай қасиеттерді бағалайсыз?
5. Ең жағымсыз немесе ұнамайтын нәрсе не?
6. Сыныптастарыңызды қандай қырынан жақсырақ түсіне алдыңыз?

Қорытынды: Басқа адамның рөліне «ену» — оны түсіне білу және өз бойында эмпатияны дамыту қабілеті.

«Басқа біреудің кроссовкасымен бір қадам» жаттығуы

Мұғалім: қағаз парақтарын дайындаңыздар. Әр параққа сегізінші сынып оқушысы тап болуы мүмкін гипотетикалық жағдайды немесе эмоцияны қысқаша сипаттаңыз. Мысалдар: «Тесттен өте алмадым», «Іс-шарада өзімді жалғыз сезініп тұрмын», «Досыммен болған келіспеушілікті шешіп жатырмын». Суреттерді, эмодзилерді немесе басқа көрнекі элементтерді қолдануға болады.

Жұмыс аяқталғаннан кейін мұғалім парақтарды жинайды, содан кейін әр оқушыға өзіне ұнаған бір парақты таңдап алуды ұсынады. Әр оқушы кездейсоқ бір парақты таңдайды — онда жағдай немесе эмоция сипатталған. Бірнеше минут ішінде оқушы сол жағдайды өзі бастан өткеріп жатқандай елестетіп, қандай сезімдер туындауы мүмкін екенін ойлауы керек.

Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушыларға келесі сұрақ ұсынылады: «Сіз бастан кешкен сезімдер мен басқа адамдардың сезімдері арасында қандай ұқсастықтар бар?»

Қорытынды: Өзара түсіністікке апаратын алғашқы қадам — басқа адамның сезімін түсіне білу. Ол үшін өзінді оның орнына қоя білу маңызды.

III. Жобалық қызмет

Топтарға төртінші сынып оқушыларымен бірлесіп жүзеге асырылатын жобалардың орындалу жоспарымен таныстыру ұсынылады.

Мұғалім бір жобаның мысалында нақты жоспарды толықтыруға көмектеседі. Мысалы, оқушылар жоба тақырыбы ретінде қарт адамдарға көмектесу бағытын таңдады және өз әрекет жоспарын келесідей көрсете алады:

1. Қарт адамдарды төртінші сынып оқушыларымен бірге әлеуметтік іс-шараларға тарту мақсатында бару кестесін құру.

2. Қарт адамдардың қажеттіліктерін талдау. (инвентарь, қолжетімді орта, тұрақты жаттығулар, оқушылармен бірлескен сабақтар және/немесе жаттықтырушы ретінде қатысу)

3. Қарт адамдарға нақты көмек көрсетуге бағытталған әрекет жоспарын жасау.

4. Әрекет жоспарын жүзеге асыру.

5. Эксперимент жүргізу: төртінші сынып оқушыларын бақылау, әр баланың пікірін ескеру, шешім қабылдауда қиындық көрсе — көмек ұсыну, сынып ұжымын біріктіру және ынтымақтастықты арттыру мақсатында мини-ойындар мен әңгімелер ұйымдастыру.

6. Жобаның қорытындысын шығару.

Ұсынылған жоспар талқыланып, толықтырылады.

Жоба бойынша тапсырма

Әр топ өз бағыты бойынша төртінші сынып оқушыларының қатысуымен бейнесюжеттер дайындауы қажет.

IV. Қорытынды

Сабақты негізгі талқыланған мәселелерді қысқаша қорытындылай отырып аяқтаңыз және эмпатияның маңыздылығын тағы бір рет атап өтіңіз. Білім алушыларға сабақта алған білімдерін басқа адамдармен, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларымен қарым-қатынаста қолдануды ұсыныңыз.

8-сынып білім алушыларына арналған 3-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Ұжымда барлығына орын бар»

Мақсаты: Білім алушылардың әрбір адамның бірегейлігі туралы түсінігін кеңейту.

Міндеттері:

1. Әр адамның құнды екенін және ұжымды нығайтуға өз үлесін қоса алатынын тереңірек түсінуді қалыптастыру.

2. Өзінің күшті жақтарын ұғыну арқылы өзін-өзі бағалауды дамыту.

3. Ұжымның ортақ ісіне өз үлесін қосуға ұмтылуға ынталандыру.

Ресурстар: топтар дайындаған бейнероликтерді көрсетуге арналған бейнепроектор.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Сәлемдесу және сабақтың тақырыбын айту.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Ұжымның маңыздылығы және оның ортақ мақсаттарға жетудегі рөлі туралы әңгіме. Тарихтан немесе қазіргі заманнан ұжымдық нәтижелер туралы мысалдарды келтіру. Ұжымдағы әрбір мүшенің ерекшеліктері мен дара қасиеттеріне құрметпен қараудың маңыздылығын талқылау. Мүмкіндіктер мен дағдылардың әртүрлілігі — мақсатқа жетудегі табыстың басты күші ретінде қарастырылады.

«Үнсіз және сөйлейтін айна» жаттығуы

Дайындық және нұсқаулық: Мұғалім ерікті оқушыны шеңберге шығуға шақырады. Бұл қатысушы «айнаға қарап тұрған» негізгі ойыншы болады. Ол артынан жақындаған адамды екі «айна» арқылы сипаттауы керек. Айнаға қарап тұрған баланың артынан тағы 2 оқушы келеді де, бірі «Үнсіз айна» – яғни адамды тек ым-ишара және мимика арқылы көрсетеді, екіншісі «Сөйлейтін айна» – адамды сөзбен сипаттайды, бірақ есімін атамайды.

Жаттығудың барысы:

1. «Айна» рөліндегі қатысушылар қабырға жанына қатар тұрады, ал негізгі ойыншы олардың алдында орналасады.

2. Қалған қатысушылар бір-бірлеп үндемей артынан жақындайды.

3. Алдымен «Үнсіз айна» жұмыс істейді. Егер негізгі ойыншы адамды таппаса, «сөйлейтін айна» қосылып, бір сөйлем айтады.

4. Егер ойыншы әлі де дұрыс жауап бермесе, қайтадан «Үнсіз айна» іске қосылады. Бұл процесс ойыншы дұрыс тапқанша қайталанады.

5. Ойыншының мақсаты – артында тұрған адамды мүмкіндігінше тез анықтау.

Айнаға арналған ережелер:

1.«Үнсіз айна» кез келген мимика мен ым-ишараны қолдана алады, бірақ физикалық кемшіліктерге немесе сыртқы ерекшеліктерге назар аударуға

болмайды. Бұл жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен жанжалдың алдын алу үшін маңызды.

2.«Сөйлейтін айнаға» қойылатын шектеулер:

Адамның есімін айтуға болмайды.

Топтан тыс оқиғаларға сілтеме жасауға болмайды.

Сыртқы келбетке қатысты қарапайым сипаттамалар тек үшінші әрекеттен кейін ғана рұқсат етіледі.

4.Рөлдерді ауыстыру: Бірнеше минуттан кейін жүргізуші негізгі ойыншы мен айналарды ауыстыруды ұсынады. Жаттығу 3–4 циклде өткізіледі, бұл қарқын мен динамиканы сақтауға мүмкіндік береді.

Жаттығудан кейінгі талқылау сұрақтары:

1. Кімге сыныптасын анықтау үшін ең аз «көрініс» қажет болды?

2. Мұндай дәлдіктің сыры неде?

3. Ең талантты «айна» кім болды және неге?

4. Өз «бейнеңізді» бақылау кезінде таңғалыс болды ма?

5.Басқа адамның көзімен өзіңізді көргенде қандай сезімдер пайда болды?

Қорытынды: Бүгін біз әр қатысушының «субъективті портретін» көре алдық — оны ешқандай объективті құралмен анықтау мүмкін емес. Ең маңыздысы — әрқайсыңыз өзіңіз және сыныптастарыңыз туралы көптеген жаңа әрі қызықты нәрселерді білдіңіздер. Қараңыздаршы, біздің сынып қандай әртүрлі қасиеттер мен қабілеттерге ие. Міне, осы — ұжымымыздың күші!

III.Жобалық қызмет.

Әр топ өз жобасының барысы, жетістіктері, туындаған қиындықтар және оларды еңсеру жолдары туралы баяндайды. Оқушылар алдын ала алынған нәтижелерді талдайды, пікір алмасады. Сыныптағы атмосфераның қалай өзгергені және «Ұжымда әркімге орын бар» қағидасының қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы ой бөліседі.

Топтар жобалық жұмыс барысында қалай жұмыс істегендерін, қандай мақсаттарға жеткендерін және қандай дағдыларды меңгергендерін көрсететін бейнероликтер ұсынады. Бұл оқушыларға барлық топтардың жұмысын біріктіріп, ортақ бейнеролик жасау үшін монтаж жоспарын ойластыруға мүмкіндік береді.

Жоба бойынша тапсырма:

«Ұжымның күші» жобасының жүзеге асырылу нәтижелері туралы бейнероликті монтаждау, дыбыстау және өндеу жұмыстарын жүргізу.

IV. Қорытынды

Сабақтың қорытындысы кезінде ұжымдағы әрбір мүшенің маңыздылығы және ортақ іске үлес қосу мүмкіндігінің шексіз екендігі ерекше атап өтіледі.

«Өркен» БЭАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Халықаралық көмек сұрау белгілері» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://youtu.be/2_3tQY2qQFg?si=ku9jlCS3gBFFHiTf

8-сынып білім алушыларына арналған 4-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Біріккенде біз күштіміз!»

Мақсаты: білім алушылардың жағымды қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың маңыздылығы туралы түсінігін тереңдету.

Міндеттері:

1. Достықты ұжымның күшінің негізі ретінде түсінуді қалыптастыру.
2. Топта шығармашылықпен өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту.
3. Достық көмекті көрсетуге және қолдау білдіруге ұмтылуға тәрбиелеу.

Ресурстар: проектор, таразы бейнеленген ватман қағазы; сыныпты бейнелейтін планета суреті бар ватман қағазы; оқушылар санына сәйкес қағаздан қиылған адам бейнелері.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Таразы» сергіту жаттығуы

Мұғалім оқушыларға адам бойындағы түрлі қасиеттер жазылған карточкаларды кезекпен таңдап алып, таразы бейнеленген ватман парағына орналастыруды ұсынады. Тараздың оң жақ табағы — жағымды қасиеттер, сол жақ табағы — жағымсыз қасиеттер. Оқушылар карточкадағы жазуды дауыстап оқып, оны өздерінің жобадағы қатысуын шынайы бағалай отырып, сәйкес табаққа қояды. Қалған оқушылар келісімін (бас бармақ жоғары) немесе келіспейтінін (бас бармақ төмен) көрсетеді.

Қорытынды: Бұл жаттығу өзімізге сыни көзқараспен қарауға көмектесті. Сіздер адалдық танытып, жобалық жұмыс барысында өзіңіздің күшті және әлсіз жақтарыңызды шынайы бағалай алдыңыздар.

II. Негізгі бөлім. Жобалық қызмет

Жобаны қорғау

Білім алушылар «Ұжымның күші» жобасының қорытындысы бойынша бейнероликті таныстырады. Презентация аяқталғаннан кейін олар жобадағы қатысуы туралы әсерлерімен бөліседі.

Мұғалім келесі сұрақтарды қояды:

1. Сіздің ойыңызша, ең сәтті шыққан нәрсе не болды?.
2. Қандай қиындықтар туындады?
3. Бұл қиындықтарды еңсерудің қандай жолдарын көріп тұрсыз?

Панно: «Достық планетасы»

Үстелдердің үстінде адам бейнесіндегі силуэттер жатыр. Силуэтке *ұжым әрбір білім алушы үшін не екенін* жазу керек. Содан кейін бұл фигуралар сыныпты бейнелейтін планета суретінің айналасына орналастырылады.

III. Қорытынды

Сабақ позитивті және жігерлендіретін сөздермен аяқталады, мейірімділік, жанашырлық және достық пен өзара түсіністік көпірлерін орнатудағы бірлескен жұмыстың маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Сондай-ақ, ортақ іске қосқан үлесі үшін қатысушыларға алғыс айту өте маңызды.

«ӨМІРШЕҢДІК РЕСУРСТАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Нағыз мінездің негізі – рухтың мықтылығы мен ерік.
Осылар адамның ақылы мен ар-ожданына қызмет етсін.
Абай Құнанбайұлы*

9-сынып білім алушыларына арналған 1-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Позитивті ойлау – өміршеңдіктің көзі»

Мақсаты: Білім алушылардың өміршеңдік туралы түсінігін тереңдету және оның қиын өмірлік жағдайларды еңсерудегі рөлін ұғындыру.

Міндеттері:

1. «Өміршеңдік» ұғымын ашу және оны тұлғаның ішкі ресурсы ретінде қарастыра отырып, күйзелісті жағдайларды еңсеру стратегияларын қалыптастыру.
2. Позитивті ойлау дағдыларын дамыту.
3. Қиындықтарды жеңуге ұмтылуды, қолдау көрсетуге, ізгі ниеттілік пен эмпатия танытуға тәрбиелеу.

Ресурстар: жүрек бейнеленген екі парақ, қол алысу, қос алақан бейнеленген екі парақ, жапсырмалар, адам силуэтi. Чек-парақтарға сілтеме

<https://cloud.mail.ru/public/PZWht1btZyGaW/%D0%96%D0%B8%D0%B7%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%B9%D0%BA%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Өміршеңдік туралы түсінік. Оның адам өміріндегі рөлі мен маңызы. Өміршеңдіктің маңыздылығы неде?

Мұғалім сұрақ қояды: «Сіздерде күйзелісті жағдайларды еңсеру тәжірибесі болды ма? Сол жағдайдан қалай шыққаныңызбен бөлісіңіз».

Сұрақ:

– Қиындықтарды еңсеруге сіздерге не көмектесті?

Өміршеңдік – бұл адамның қиындықтармен күресе білу қабілеті, күйзеліс жағдайында ішкі тепе-теңдікті сақтап, сыртқы және ішкі кедергілерге қарамастан мақсатқа қарай жылжи беруі. Бұл туа біткен қасиет емес, дамытылатын дағды.

Ойланып көріңіздер: өміршеңдікті дамытуға қандай дағдылар мен қабілеттер ықпал етеді? (*Өзгерістерге бейімделе білу және сәтсіздіктен кейін қалпына келу; позитивті ойлау; өзіне деген сенім; өзін-өзі реттеу және қиын сәттерде өзіне қолдау көрсету дағдылары; ішкі ресурстарды (білім, мінез) және сыртқы ресурстарды (басқа адамдардың қолдауы, ақпарат және т.б.) пайдалану*).

Одан кейін мұғалім өміршеңдіктің адам өміріндегі маңызы туралы сұрақ қояды:

– Өміршендік неге маңызды? (Қиын кезде берілмеуге көмектеседі. Мәселені апат емес, шешілетін тапсырма ретінде көруге үйретеді. Күйзеліс, мазасыздық, сенімсіздікке төзімділікті қалыптастырады. Тәуелсіздік пен өзіне деген сенімділікті дамытады. Тұлғалық өсу мен кемелденудің негізі болып табылады).

II. Негізгі бөлім

Өз ресурстары мен қиындықтарды еңсеру стратегияларын ұғынуы мақсатында мұғалім ойын өткізеді.

«Қиындықтар арқылы өтетін көпір» ойыны

Білім алушыларға параққа сурет салу ұсынылады:

Парақтың сол жағында – өз өмірінде кездескен қиындықты бейнелейтін өзен немесе жыра (мысалы: жанжал, төмен баға, қорқыныш, көшу, досынан айырылу және т.б.).

Оң жағында – ұмтылған мақсат немесе нәтиже (татулық, табыс, қабылдану, сенімділік және т.б.).

Екеуінің арасында – қиындықты еңсеруге көмектескен «көпір»:

- 1) ішкі қасиеттер (батылдық, табандылық, әзіл);
- 2) қолдау (достар, ата-аналар, мұғалім);
- 3) әрекеттер (ойлану, көмек сұрау, демалып, іске қайта оралу)

Тапсырма орындалғаннан кейін келесі сұрақтар бойынша талқылау жүргізіледі:

1. Көпірдің «тірегі» не болды?
2. Қиын жағдайдан өтуге не көмектесті?
3. Бұл ресурстарды болашақта қалай қолдана аласыз?
4. Қандай ресурстарды дамытқыңыз келеді?

Мұғалім:

Күйзеліс жағдайларын жеңудің әртүрлі стратегиялары бар. Күйзеліс жағдайларын тиімді жеңу *копинг* деп аталады (ағылш.соре- «жеңу, еңсеру»). Орыс тілінде копинг терминінің барабар аудармасы– жеңу.

Копинг ұғымы адамның күйзелісті жеңу үшін не істейтінін білдіреді. Бұл тұжырымдама эмоционалды, мінез - құлық және танымдық стратегияларды қамтиды.

Бірлескен мінез-құлық күйзеліс жағдайларын жоюға бағытталған.

Жеңудің негізгі функциялары – ішкі және сыртқы әл-ауқатты қамтамасыз ету. Ол үшін жағдайды түсініп, онымен тиімді күресудің әртүрлі тәсілдерін, сондай-ақ оларды уақытында мінез-құлыққа қолдана білу керек.

Копингтің психологиялық маңыздылығы – жағдайдың күйзеліс әрекетін басу, адамды оның талаптарына бейімдеу, осы талаптарды әлсірету немесе жеңілдету және олардан аулақ болуға немесе үйренуге тырысу.

Адам копинг стратегиясын саналы түрде қолданады, яғни олар жағдайға сәйкес таңдалады.

Копинг стратегиялары неғұрлым белсенді нұсқаны ажыратады – жеңу және пассивті-бейімделу.

Жеңу— нақты әрекеттер арқылы қиын өмірлік жағдайларды белсенді түрде өзгерту стратегиясы. Адамның іс-әрекеті сәттілікке және қиын жағдайды практикалық өзгертуге бағытталған.

Жеңу стратегиясының шектеулері бар.

Сыртқы шектеулер. Бұл стратегия шешуге болатын қиын жағдайлар үшін ғана тиімді.

Ішкі шектеулер. Бұл стратегияны қолдану үшін белгілі бір жеке ерекшеліктермен (жеке жетілу, өзіне деген сенімділік, өмірлік қиындықтарды қиындық ретінде қабылдау қабілеті және т.б.) бөлісу қажет.

Бейімделу — бұл стратегия адамның жағдайға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Жеңуден айырмашылығы, ол пассивті.

Копинг стратегиялары тиімді де, тиімсіз де болады. Тиімді басқарушы мінез-құлық адамның бейімделу қабілетін арттырады, ол жеткілікті шынайы, икемді, белсенді.

Тиімді күресу стратегиясы адам үшін күйзеліс жағдайы елеусіз болып, жаңа міндеттерді шешуге энергия пайда болған кезде, мазасыздық пен ашуланшақтық деңгейі төмендеген кезде қарастырылады.

Тиімсіз копинг стратегиясы - импульсивті мінез-құлық, эмоционалды бұзылулар, экстравагантты әрекеттер, агрессивті реакциялар және т. б. сияқты психологиялық қорғаудың әртүрлі тәсілдері.

Мінез-құлықты жеңудің немесе күресудің тиімді стратегияларының бірі — *позитивті ойлау*. Біз осы туралы сөйлесетін боламыз.

II. Негізгі бөлім

Бұл тапсырманы орындау үшін сынып 3-4 топқа бөлінеді.

Мұғалім топтарға үлестірме материалдарды таратады.

Тапсырма. Жұптарыңызбен және шағын топтарда ақпарат мазмұнын талқылаңыз және «Ойдың күші неде?» деген сұрақ бойынша пікір білдіріңіз. Ойлар өміршендікті дамытуға қалай көмектеседі, сол жайында өмірден алынған мысалдар келтіріңіз.

Топтық жұмысқа арналған үлестірмелі материал:

Ақпарат 3-4 бөлікке бөлінеді.

Алия олимпиадаға дайындалды, бірақ өзіне сенімсіз болды. Ол күн сайын: «Мен жеңемін. Мен ойлай аламын. Мен дайынмын» деп қайталап отырды. Бұл ойлар оған қиын сәттерде берілмеуге көмектесті. Олимпиадада ол жүлделі орын алды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Алияға қандай ойлар көмектесті?
2. Бұл ойлар оның әрекеттеріне қалай әсер етті?
3. Бұл ойдың күші туралы не айтады?

Ержан сынып алдында сөйлеуден қорықты. Ол бәрі күлетіндей елестетті. Бірақ кейін: «Мен қорықпауым керек. Мен тек өзім білетіндей айтып беремін» деп шешті. Ол шығып, айтып берді. Барлығы мұқият тыңдады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Ержанға қандай ойлар кедергі болды?
2. Қандай ойлар көмектесті?
3. Оның реакциясы қалай өзгерді?

Жанна құрбысымен ренжісіп қалды және өзін жалғыз сезінді. Ол: «Мен бәрібір жақсы адаммын. Мен жеңемін. Менің басқа достарым бар» деп ойлады. Бұл ойлар оған тұйықталып қалмауға және қарым-қатынасты қалпына келтіруге көмектесті.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Ойлар Жаннаға қалай көмектесті?
 2. Егер ол басқаша ойлаған болса, не болар еді?
- Ойлар және мақсатқа қадам басу

Руслан гитарада ойнауды армандады. Басында қолынан келмеді, тастап кеткісі келді. Бірақ ол өзіне: «Мен үйреніп жатырмын. Бірден мінсіз болу міндетті емес» деді. Бір айдан кейін ол алғашқы әнін ойнады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Русланға берілмеуге қандай ойлар көмектесті?
2. Бұл ойлар өміршеңдікпен қалай байланысты?

III. Жобалық қызмет

Жобамен танысу

Жобаның негізгі құндылығы – өміршеңдікті қалыптастыруға, қиын өмірлік жағдайларда өміршеңдік ресурстарын пайдалану қабілетіне көмектесу.

Жоба өзінің түрі бойынша гуманитарлық салаға жатады.

Жобаның мақсаты – өзін-өзі дамыту, кейбір әлсіздіктерді, шектеулерді жою.

Жобаның мәні тәлімгерлік жұмыс және қамқоршылық көмек болып табылады.

Кез келген жағдайда оның қисындылық реттілігін нақты білу маңызды.

Жоба төрт кезеңнен тұрады. Әр кезеңде өміршеңдіктің белгілі бір ресурсы зерттеледі.

1- кезең – жағымды ойлау – өміршеңдік көзі.

2- кезең – қоршаған орта және өміршеңдіктің дамуы.

3- кезең – өміршеңдік шығармашылықта туады.

4- кезең – өзіне деген сенім.

Ми шабуылы

Талқылауға арналған сұрақтар ұсынылады.

1. Өміршеңдікті дамыту үшін не істеуіміз керек?
2. Өміршеңдікті дамыту үшін қандай ұжымдық істер жасауға болады?
3. 5-сынып оқушыларының өміршеңдігін қалай дамыта аламыз?

Оқушылар ойларын ортаға салады. Ұжымдық қорытынды жасалады. Мысалы: жағымды ойлау қиын өмірлік жағдайларды, күйзелісті жеңуге көмектеседі.

Тәжірибе жасаңыз. Осы сәттен бастап барлық сыныптастарыңызбен жағымды қарым-қатынас жасай бастаңыз. Қиын жағдайларда жағымды сәттерді табыңыз.

Өзіңізді бақылаңыз. Қандай жағдайларда өзіңізді қалай ұстайсыз.

Оқушыларға жобаның 1-кезеңі бойынша тапсырманы орындау ұсынылады.

Тапсырма.

1. 5-сынып білім алушыларын бақылап, позитивті ойлау қиын жағдайдан шығуға қалай көмектесетінін талқылау үшін әңгіме жүргізіңіз.

2. Әңгіме тақырыбына сәйкес 5-сынып оқушыларымен қарым-қатынастан алынған мысалдарды талдау үшін іріктеңіз.

IV. Қорытынды

Оқушыларға сабақтан алған әсерлерімен бөлісу ұсынылады.

1. Сабақта не ұнады?

2. Не ұнамады?

3. Не пайдалы болды?

9-сынып білім алушыларына арналған 2-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Қоршаған орта және өміршеңдікті дамыту»

Мақсаты: білім алушылардың өміршеңдікті дамытуда әлеуметтік ортаның ықпалы туралы түсінігін кеңейту.

Міндеттері:

1. Адамның мінез-құлқына, ойлауына және ішкі ресурстарына позитивті орта әсер ететін мысалдармен таныстыру.

2. Рефлексия, жеке тәжірибені талдау және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

3. Тұлғааралық қатынастарда қолдаудың, сенімнің және қабылдаудың құндылығын тәрбиелеу.

Ресурстар: қағаз (ақ және түрлі - түсті), картон, қайшы, бояу, қарындаштар, қылқалам, желім, стразалар, ленталар, түймелер, аудио ойнатқыш, баяу музыка, презентация немесе маска суреттері. Чек-парақтарға сілтеме

<https://cloud.mail.ru/public/PZWh/t1btZyGaW/%D0%96%D0%B8%D0%B7%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%B9%D0%BA%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Сәлемдесу

Оқушылар жағымды ойлауды дамытуға арналған жаттығулардан кейін мінез - құлық пен ойлаудағы өзгерістерімен бөліседі.

II. Негізгі бөлім

Әңгіме

Адам өмірінде қоршаған орта шешуші рөл атқарады — ол дамуға қолдау көрсете алады немесе керісінше, тежей алады. Егер жанында табысқа сенбейтін адамдар болса, бұл мотивация мен сенімділіктен айырылуға себеп болуы мүмкін.

Өміршең адамдармен қарым-қатынас жасау қиындықтарды апат емес, шешілуі тиіс тапсырма ретінде қабылдауға көмектеседі және берілудің орнына шешім жолдарын іздеуге ынталандырады.

Сұрақтар

1. Сіз өміршең адамдармен кездестіңіз бе?
2. Қандай жағдайда?
3. Сіз күшті тұлғалардан не үйрендіңіз?

III. Жобалық қызмет

Жобаның 1- кезеңінің қорытындысын шығару

1. 5-сынып білім алушыларымен жүргізілген жұмыс туралы әсерлерімен бөлісу.

2. Сұрақты талқылаңыз: «Сіз 5-сынып білім алушыларымен қарым-қатынаста өзіңіз үшін не аштыңыз?»

Жобаның 2- кезеңін іске асыру

Өміршендіктің маңызды ресурстарының бірі – *қоршаған орта*.

Топтар құру кезінде оларда өзара көп араласпайтын оқушыларды таңдаған жөн.

Тапсырма

1. Бесінші сынып білім алушыларымен бірге мұғалімдерден, жоғары сынып оқушыларынан қоршаған орта оларға қиын жағдайдан шығуға қалай көмектескені туралы сұхбат алыңыз. Сұхбат: бейнеролик, презентация, постер, схема, инфографика, қойылым сценарийі ме қандай формада болатынын анықтаңыз.

2. Әлеуметтік ортаның адамдардың мінез-құлқына әсерін анықтау үшін қоятын сұрақтарыңызды талқылаңыз және жазыңыз.

Жобаны орындау үшін келесі жаттығулар ұсынылады.

«Қолдау тарихы» жаттығуы

Ескерту: Қиын жағдайда біреу сізге көмектескен кезді еске түсіріңіз. Бұл оқиғаны жұптасқан серіктесіңізге айтып беріңіз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Адам нақты не істеді?
2. Бұл сізге қалай әсер етті?
3. Не сезіндіңіз?

IV. Қорытынды

Мұғалім сабақтың қорытындысын шығаруды ұсынады.

«Менің ресурсым» жаттығуы

Нұсқаулық: Әр қатысушыға тас, жүрек немесе қалқан пішініндегі қағаз парағын таратыңыз (қағаздан қиып алуға болады). Сол параққа келесі үш нәрсені жазуды сұраңыз:

1. Өзінің бір мықты қасиетін;
2. Қолдау көрсететін адамды;
3. Жігер беретін, берілмеуге көмектесетін бір ойды.

Барлық парақтарды жинап, қабырғаға немесе ватманға «Төзімділік коллажын» жасаңыз.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Біздің ресурстарымызда не ортақ?
2. Өзіңіз және бір-біріңіз туралы қандай жаңа нәрсе білдіңіздер?
3. Қиын болғанда болашақта нені қолданасыз?

9-сынып білім алушыларына арналған 3-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Өміршендік шығармашылықта туады»

Мақсаты: Өміршендіктің ресурсы ретінде шығармашылық туралы оқушылардың түсінігін кеңейту

Міндеттері:

1. Қиын жағдайлардан шығу жолдарымен таныстыру.
2. Топпен жұмыс істеу, жобалық, сюжеттік және бейнелі ойлау дағдыларын дамыту.
3. Өміршендіктің ресурсы ретінде шығармашылық туралы оқушылардың түсінігін кеңейту

Ресурстар: қағаз, қайшы, қарындаштар, заттардың модельдері, доп, газеттер.

Чек-парақтарға сілтеме

<https://cloud.mail.ru/public/PZWWh/t1btZyGaW/%D0%96%D0%B8%D0%B7%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%B9%D0%BA%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Білім алушыларға «Өміршендіктің қандай ресурстарын білесіздер?» деген сұрақ қойылады.

Талқылау аяқталғаннан кейін адамның шығармашылығын өміршендіктің ең маңызды ресурстарының бірі ретінде қарастыру ұсынылады.

II. Негізгі бөлім

«Мен – сиқыршымын!» жаттығуы

Нұсқаулық. Жаттығу дәйекті сегіз кезеңнен тұрады.

1. Сиқыршыны елестетіп көріңіз. Бұл қандай сурет және қандай ертегіден?
2. Сіздің сиқыршыңызға берілген сиқырлы қасиеттерді тізімдеңіз. Неғұрлым көп жазсаңыз, соғұрлым жақсы.
3. Тізімдегі сипаттамаларды жалпы белгілер бойынша топтаңыз. 5-6 сиқырлы топ болуы керек.
4. Сіз алған сиқырлы топтарға метафораларды қолдана отырып, жалпыланған атаулар беріңіз.
5. Жоғарыда көрсетілген әр топқа сиқырлы таңба салыңыз.
6. Қағаз парағының ортасында сиқыршыны салыңыз және оның айналасында кез келген ретпен сиқырлы қасиеттердің барлық топтарын жоғарыда белгілеген таңбалар түрінде салыңыз.
7. Енді бұл сиқыршы өзіңіз екеніңізді елестетіп көріңіз. Осы бейнеге бүкіл болмысыңызбен психикалық және эмоционалды түрде кіріңіз. Бұл жағдайда трансформациялар болуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай.
8. Сіздің сиқыршыңыз не сезінеді? Ол не туралы ойлайды? Ол не туралы армандайды? Өз ойларыңызбен бөлісіңіз.

III. Жобалық қызмет

Жобаның 2- кезеңін орындау қорытындылары

«Проблемалық ортадан шығу жолдары» тақырыбы бойынша 5 сынып оқушыларымен бірге ұсынған роликтерді, плакаттарды, презентацияларды қараңыз.

Сұрақты талқылау:

5-сынып білім алушыларымен бірге «Қиын жағдайда өзіңе немесе басқа біреуге көмектесу үшін өзіңнің мықты жақтарыңды қалай пайдалануға болады?»

Жобаның 3-кезеңі бойынша тапсырма.

Өміршеңдік туралы әңгіме құрыңыз және оған көрініс қойыңыз.

Формат: Тоғызыншы және бесінші сынып білім алушыларының бірлескен мини-театры/подкасты.

Жұмыс кезеңдері:

Оқиға құру

Тоғызыншы сынып білім алушылары бесінші сынып білім алушыларына келесі алгоритм бойынша сюжет ойлап табуға көмектеседі: Батыр → Қиындық → Жеңу → Қорытынды

Оқиға кіші сынып оқушыларына түсінікті әрі шабыттандыратын болуы керек.

Рөлдерді бөлу

Барлық қатысушылар өздеріне рөл таңдайды:

Авторлар — сюжетті ойлап табады;

Сценаристер — мәтінді рәсімдейді;

Режиссёрлер — қойылымды ұйымдастырады;

Актёрлер — рөлдерді орындайды;

Суретшілер мен костюмерлер — сахнаны және кейіпкерлердің бейнесін безендіреді;

Журналистер — қатысушылардан сұхбат алады;

Операторлар мен монтаж жасаушылар — бейне түсіреді және өңдейді;

Контент-менеджерлер — жарияланым дайындайды (мысалы, мектеп сайтына немесе стендке);

Сахналық көрініс немесе подкастты көрсету;

Қойылымға дайындық және оны сынып алдында немесе мектеп іс-шарасында көрсету.

IV. Қорытынды

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Жобаны әзірлеу/орындау барысында ең қиын болған не нәрсе?
2. Батырлар мен қатысушылардың төзімділігі қалай көрінді?
3. Қандай қорытынды жасауға болады?

9-сынып білім алушыларына арналған 4-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Өз-өзіне деген сенім»

Мақсаты: өміршеңдікті дамыту шарты ретінде өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға деген қажеттілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

1. «Өзіне деген сенім» ұғымымен және оның тұлғалық өсу үшін маңызымен таныстыру.
2. Өзін-өзі талдау және рефлексия дағдыларын дамыту.
3. Өз мүмкіндіктеріне деген сенімділік пен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуды тәрбиелеу.

Ресурстар: қағаз, дәптерлер, түрлі - түсті қаламдар, бейнеролик, жүк (себет, қорап, кейс). Чек-парақтарға сілтеме

<https://cloud.mail.ru/public/PZWb/t1btZyGaW/%D0%96%D0%B8%D0%B7%D0%BD%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%B9%D0%BA%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C>

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Мұғалім өзіне деген сенім – бұл адамның өз қабілеттеріне деген сенімділігі, табандылығы және мақсатқа жетуге көмектесетін ішкі ресурсы екенін түсіндіреді. Ол тәжірибе, қолдау және өзін-өзі тану арқылы дамиды және нығаяды.

Содан соң мұғалім «Менің мықты жақтарым» атты жаттығуын өткізеді. Оқушыларға өмірде көмектесетін 5 күшті қасиеті немесе қабілетін жазу ұсынылады және бұл қасиеттердің бесінші сынып оқушыларымен бірлескен жобалық жұмысты жүзеге асыруда қалай көмектескенін ой елегінен өткізу сұралады. Әр қатысушыға театрландырылған оқиға түрінде кері байланыс беру ұсынылады, онда балалар жоба барысында алған әсерлерімен, кездескен қиындықтарымен және жетістіктерімен бөліседі.

Сұрақ:

Мақсатқа жетуге не кедергі болды?

II. Негізгі бөлім

Одан кейін мұғалім өзіне деген сенімді қалай қолдап, нығайтуға болатынын топтарда талқылауды ұсынады. Осы мақсатта сынып 3–4 топқа бөлінеді, онда білім алушылар өздеріне немесе айналасындағы адамдарға өзіне деген сенімнің қалай көмектескені туралы мысалдармен бөліседі.

III. Жобалық қызмет «Өміршеңдік шабаданы(чемоданы)»

Сынып үш топқа бөлінеді, әр топта бесінші сынып оқушылары қатысады.

Әр топ келесі сұрақтар бойынша карточка толтырады:

1. Қандай қасиеттер айқын көрінді?
2. Қандай жаңа әсерлер пайда болды?
3. Эмоционалды тұрақтылықты дамыту үшін қандай қасиеттер қажет?

Мұғалім карточкаларды дауыстап оқиды.

IV. Қорытынды

Сабақты аяқтай отырып, мұғалім білім алушыларға өздерін жазушы ретінде елестетіп, ұсынылған атаулардың бірін таңдап, кітап идеясының презентациясын әзірлеуді ұсынады: «Жетістіктер кітабы», «Даналық кітабы», «Жеңістер кітабы», «Идеялар кітабы».

Презентацияға дайындық барысында келесі тұжырымдарды пайдалану ұсынылады:

«Жетістіктер кітабы» – жетістіктер сыйлайтын қуаныш сезімі.

«Даналық кітабы» – нақыл сөздер, кеңестер, ойлар.

«Жеңістер кітабы» – еңсерілген қиындықтар.

«Идеялар кітабы» – жүзеге асыруға лайық идеялар.

Жұмыс аяқталғаннан кейін білім алушылар өз авторлық ойлары ортаға салады. Мұғалім әрқайсысына өміріндегі ең басты кітапты – Өмір кітабын жазуда сәттілік тілейді.

«ШАБЫТТАНДЫРАТЫН КӨШБАСШЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 10-СЫНЫП/ КОЛЛЕДЖДІҢ 1-КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР

*Қазақстанның болашағы – жастардың қолында.
Өз мүмкіндігіңді, арманыңды жіберіп алма.
Армандар тек білім алғандарда ғана орындалады.
Сенің таңдауың – сенің тағдырың, бүкіл халықтың
тағдыры.
Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан
Республикасының Президенті*

10-сынып/колледждің 1-курс білім алушыларына арналған 1-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Көшбасшы – деген кім?»

Мақсаты: Білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін ұғынуына ықпал ету.

Міндеттері:

1. Өзінің көшбасшылық және ұйымдастырушылық әлеуетін дамытуға қажетті білімдермен, әдістермен және формалармен меңгеруге ықпал ету;
2. Көшбасшылықтың мәні мен негізгі көшбасшылық қасиеттері туралы түсінікті кеңейту;
3. Көшбасшылық әлеуетін одан әрі жүзеге асыру үшін өзін-өзі дамытуға ынталандыру.

Ресурстар: қағаз, ватман, қарындаштар, фломастерлер, скотч.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Ұйымдастырушылық сәті және психологиялық көңіл-күйді қалыптастыру.
«Алфавит» ойыны.

Бұл жаттығу шеңберде орындалады. Педагог білім алушылардан шеңбердегі «орындарын» сабаққа қатысушылардың есімдері алфавиттік тәртіпке сәйкес келетіндей етіп орналасуын сұрайды. Жұмыс уақыты 30-45 секунд. Педагог қатысушылардың әрқайсысынан (белгіленген бастапқы орыннан бастап) өз атын қатты және анық айтуды сұрайды. Топ / сынып қатысушылардың орын тәртібінің алфавитке сәйкестігін тексереді.

«Бүгінгі күннің түсін таңда» тақырыбы бойынша топтарға біріктіру

Бөлмеде қабырғаларға 3 фигура ілінеді: үшбұрыш, шеңбер және қызыл, жасыл және көк түсті шаршы.

1. Қатысушылар 3 топқа бөлінеді.
2. Барлық қатысушы қазіргі уақытта оған эмоционалды түрде қолайлы фигура мен түске жақындауы керек.

3. Педагог қатысушыларға өздерінің ішкі сезімдеріне назар аударуды сұрап, келесі ақпаратты айтады: ғалымдар әр түстің адамға белгілі бір психофизикалық әсер ететіндігін дәлелдеді.

Қызыл – біраз қыздырынуға, белсенділікті арттыруға көмектеседі.

Жасыл – тыныштануға, демалуға мүмкіндік береді.

Көк – салқындық сезімін тудырады, алып-ұшқан сезімді жеңуге көмектеседі.

Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін айту және түсіндіру.

«Шоқжұлдыз» ми шабуылы

Жауаптарды емес, сұрақтарды табуға бағытталған өте қызықты тәсіл. 3 минут ішінде әр команда «Көшбасшы» тақырыбына қатысты мүмкіндігінше көп сұрақ қоюы керек. Сұрақтар әртүрлі болуы мүмкін: не, қайда, қашан және неге деген. Ми шабуылының бұл стилі жобаны барлық мүмкін болатын аспектілерде қарастыруға көмектеседі.

Келесі кезекте командалар өз сұрақтарын оқиды. Егер, сұрақ айтылған болса, онда ол оқылмайды. Әрі қарай, жобаны іске асыру барысында басты назарда болатын ең қызықты сұрақтар таңдалады. Бұл сұрақтар жазылып, сақталуы керек, өйткені олар 4 сабақта қажет болады.

II. Негізгі бөлім

Ақпараттық блок

Көшбасшы (ағылш. «жетекші, басшы») – саяси партияның, қоғамдық ұйымның басшысы; қандай да бір топта аса беделді, ықпалды адам.

Көшбасшы – жетекші, жетекшілік ете алатын, іске деген қызығушылықты оята алатын адам. Ол мақсатқа жету үшін өзін көрсетуге тырысады, қоршаған ортаға белсенді әсер етеді, көпшіліктің мүдделерін толық түсінеді. Одан қиын сәттерде кеңес алғым келеді, қуанышпен бөліскім келеді, ол түсінеді, сезінеді, әрдайым көмекке келуге дайын, көңіл - күй оған байланысты, ол басқаларды «жетелей» алады.

«Соқыр суретші» ойыны

Бұл ойын қатысушылардың күрделі жұмыс үрдісі кезінде мақсаттарды нақты айтуға, эмоцияларын басқаруға және тыныш ортаны сақтауға қаншалық шебер екенін көрсетеді.

Барлық қатысушылар жұп құрайды. Бастапқы тақырыпты суретке арналған затты іздеуге емес, ойынға назар аудару үшін берген дұрыс. Бір қатысушы – суретші, екіншісі – көшбасшы. Суретшінің көзін байлап, қолына құрал беріп, ватманға, флипчартта, тақтада жұмыс істеу ұсынылады. Көшбасшы суретшіге соңында не алғысы келетінін айтпай-ақ, нақты нұсқаулар береді. Суретші командаларды нақты орындауы керек. 5 минут ішінде суретші сурет салуы керек. Соңында суретшінің көзін ашып, салған суретін көрсетеді. Жаттығудың соңында талқылау қажет.

Басшыға арналған сұрақтар:

1. Тапсырманы дұрыс беру және бағыттау қаншалық қиын болды?

2. Қандай қиындықтар туындады?

Суретшіге арналған сұрақтар:

1. Басшыға сену қаншалық оңай болды?

2. Қандай қиындықтар туындады?

Жалпы сұрақ:

1. Көшбасшы қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Қорытынды: кез келген көшбасшының күшті жақтары – сенімділік, батылдық пен табандылық, айналасындағыларды соңынан ерте алатын тартымдылық, жағдайды байсалды бағалауға мүмкіндік беретін салқынқандылық, өзін-өзі ұстай білу, әрқашан өзін ұстауға мүмкіндік беретін табандылық, тәуекелге дайындықты қамтамасыз ететін жауапкершілік.

«Өз қолыңызбен көшбасшы жасаңыз» ойыны

Командаларға бар заттар мен қатысушылардың жеке заттары арқылы көшбасшының метафоралық моделін құру ұсынылады. Жаттығу екі бөліктен тұрады:

1) Көшбасшының қандай қасиеттерін алдынала 5 минут ішінде бейнелеуге болатындығын талқылау.

2) Модель жасау-5 минут. Жаттығу кезінде сөйлесуге болмайды. Әрбір үнсіздікті бұзғаны үшін айыппұл – 1 минут.

3) Талқылау: топ өкілі жасалған моделді ұсынады.

III. Жобалық жұмыс

Идеяларды жинау

Жыл бойына назар аударатын жоба *«Шабьттандыратын көшбасшы»* деп аталады. Жобалық жұмыс аясында келесі жағдайларды жасау қажет: 6 және 10-сынып білім алушыларының белсенді ынтымақтастығына, сондай-ақ 1-курс білім алушыларының топ ішіндегі белсенді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беру. Бұл балалар мен жастардың тату, бірлікке негізделген қауымдастығын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Жоба бойынша жұмыс төрт кезеңнен құрылады: алтыншы сынып білім алушыларымен булингтің алдын алу бойынша бірлескен іс - шараны жоспарлау, оны ұйымдастыру, іске асыру және қорытындыларды талқылау, рефлексия.

«Баспалдақ техникасы» идеялар жинау

Жобада жұмыс істеудің алғашқы қадамы-идеяларды жинау, алтыншы сынып оқушылары үшін булингтің профилактикасы бойынша бірлескен іс-шаралардың ең қолайлы нұсқасын таңдау.

Бұл техниканың мәні – қатысушы барлық басқа идеяларды естігенге дейін өз ойларын айтуға мүмкіндік ала алады. Жиналыс жүргізушісі тақырыпты баяндайды және екі қатысушысынан басқалары бөлмеден кетеді. Қалған екеуі бір-біріне өз ойларын айтады. Өңгімелесу аяқталғаннан кейін бөлмеге тағы бір қатысушы кіреді. Ол бөлмедегі қатысушылардың идеяларын естігенге дейін өз ойын айтады. Цикл бүкіл команда бөлмеде жиналғанша қайталанады.

Бұл әдіс бірнеше адамның ықпалына түсуге бейім командалар үшін жақсы жұмыс істейді. Бұл сонымен қатар команданың толық құрамынан гөрі екі-үш сыныптастарымен ой бөлісуді қалайтын ұялшақ адамдарға ашылуға көмектеседі. Әрі қарай, ең қызықтысын тандап, дауыс беріледі.

Әр командаға келесі кездесуге дейінгі тапсырма: төмендегі схема бойынша жоба идеясын ұсыну.

1. Мақсат
2. Міндеттер
3. Тақырып
4. Іс-шара форматы

IV. Қорытынды

Идеяны іздеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жүргізуші сабақты қатысушыларға арналған чек-парақтарын ұсынумен аяқтайды. Көшбасшылық қасиеттерді қалай дамытуға болады? (Неден бастау керек?) Қатысушылар көшбасшылыққа әр қадамның мазмұнын қалай түсінетіндерін сипаттауы керек.

Көшбасшылық қасиеттерін қалай дамытуға болады? (Неден бастау керек?)

Көшбасшылықты қалай дамыту керек?			
№	Қадамның атауы	Не үшін	Қалай орындауға болады
1	Мақсат қоямыз		
2	Энтузиаст боламыз		
3	Батыр боламыз		
4	Бейімделеміз		
5	Сыртқы келбетімізді қадағалаймыз		

Чек-парағын толтыру үшін жүргізушіге арналған қосымша ақпарат

Чек-парақ

1-қадам – мақсат қоямыз. Сіз алдыңыздағы мақсаттарды анық және нақты көруді үйреніп, оларға үнемі ұмтылуыңыз керек. Көп күшіңіз кетпейтін мақсаттан бастаңыз. Қиын емес тапсырманы орындаңыз. Алдымен бұл жаһандық мақсаттар болмасын - өйткені біз үйрену үстіндеміз. Мұнда өз бетімен жұмыс істеу фактісі маңызды. Мақсат қою және оларға жету әдетке айналуы керек. Нәтижеге қол жеткізгеннен кейін оны дәптерге жазып, бекітіңіз. Күн сайын жеңістеріңізді оқып шығыңыз, бұл сізді әрі қарай жүруге ынталандырады. Осы тәсіл жұмыс істей бастағанда, сіз жұмысты жалғастыру қажеттілігін сезінесіз, тәбет тамақтану кезінде келеді.

Сонымен мысал, кешке ертең ерте тұрып, жүгіруді мақсат етесіз. Сабаққа барғанда қолыңызды көтеріп, тақтаға шығып, үйге берілген тапсырмаға жауап беруді мақсат етесіз және бәрін сөзсіз орындау қажет.

2-қадам-энтузиаст болу. Бұл нәрсені үйрену мүмкін емес сияқты, бірақ ұмтылып көруге болады. Бүгіннен бастап айналаңыздағы адамдарға ешнәрсеге шағымданбайсыз. Осы жаман әдеттен арылыңыз. Адамдар жеңілгендерден аулақ болады, сондықтан олармен сөйлескенде, сіз жақсы екеніңізді білдіріңіз. Егер, қандай да бір қиындық болса, ол туралы әзілмен айтыңыз. Осындай қағиданы ұстанатын адамдардан үйренетін нәрсе көп, осыған назар аударыңыз. Өз

проблемаларыңыз немесе кемшіліктеріңіз туралы күлкілі түрде айтыңыз. Жағымды жаңалықтармен бөлісе отырып, мұны мүмкіндігінше жиі жасауға тырысыңыз, өйткені осылайша сіз әңгімелесушілеріңізге ынта-жігер ұялатасыз. Сіз оны ереже ретінде қабылдағаннан кейін көп ұзамай, басқаларға сізбен дос болу ауыртпалық емес, рахат екеніне сенімді болады.

3-қадам – батыр болу. Төтенше жағдайларда лайықты мінез-құлық. Мұндай жағдайларда өзін-өзі ұстау үшін оларға үйрену керек. Спортпен айналысқан дұрыс. Төтенше жағдайлар әртүрлі болады, сондықтан әрқашан күтпеген жағдайларға дайын болуыңыз керек, бұл өздігінен қиын дүние. Дегенмен, берілген позицияны қабылдай отырып, сіз көшбасшылық жолында маңызды қадам жасайсыз.

4-қадам – бейімделу. Көшбасшының тағы бір ерекшелігі – ол өзгертін жағдайларға тез бейімделе алады және қандай жағдай болмасын әрі қарай жүре алады. Мұны үйрену ең қиын нәрсе болуы мүмкін. Өзіңізді осындай өмірлік ұстанымға психологиялық тұрғыдан дайындау үшін алдымен осы өзгертін жағдайларды қадағалап отырудың мағынасы бар. Мысалы, әлемдегі соңғы оқиғаларды, әдеби жаңалықтарды, сән трендтерін, заманауи техникалық құрылғыларды, жаңа компьютерлік бағдарламаларды білуге үйреніңіз. Сіз соңғы жаңалықтардан хабардар болуға және уақытпен бірге өмір сүруге дағдыланған кезде, бұл көшбасшылық қасиет сіздікі болады.

5-қадам – сыртқы келбетіңізді қадағалаңыз. Киім стиліне қойылатын талаптарды орындаңыз: сыныпта/аудиторияда – іскерлік, демалыста – еркін, күнделікті немесе спорттық, мерекелік іс-шарада – жарқын, бұл сіздің артықшылықтарыңызды көрсетуге мүмкіндік береді. Дене сымбатыңызды қадағалаңыз. Басқаша айтқанда, жақсы көріну үшін қолдан келгеннің бәрін жасаңыз.

Әрине, модель болу міндетті емес, бұл ұқыптылықты, стильдің тұрақтылығын, жақсы физикалық форманы білдіреді. Әлсіз, күлкілі киінген және үнемі денсаулығына шағымданатындарға көшбасшылық – қиял.

Қорытынды: көшбасшылық қасиеттерді дамыту керек пе деген сұраққа кез келген адам «иә» деп жауап беруі мүмкін. Бұл табиғи нәрсе, өйткені мұндай қасиеттерге ие адам өмірде көп нәрсеге қол жеткізеді, өзіне көңіл бөледі, ал оның өмірі әлдеқайда қызықты және белсенді болады.

Зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдер үшін жәбірлеуге/буллингке қарсы науқан жүргізудің арзан және тиімді әдісі бар. Олардың нәтижелеріне сәйкес, әлеуметтік ықпалы мен көшбасшылық қабілеті бар білім алушылар шешімдерді бірлесе іздеп, тарату арқылы қақтығыстар мен буллинг жағдайларының санын едәуір азайта алады.

Рефлексия

«Маған сен ... ұнайды» тәсілі

Сабақ барысында шағын команда құрылды, енді келесі кестені толтыру қажет:

№	Қатысушының аты-жөні	1- кездесу	2- кездесу	3- кездесу	4 - кездесу
1					

2					
3					
4					

Қатысушылар кестені толтырады, топ мүшесінің есімі мен қандай қасиеттері ұнайтынын белгілеп, жүргізушіге сақтап қоюға береді.

«Бүгін мен жақсы жұмыс істедім, өйткені мен....» тәсілі

Қол алысқанда балалар: «Рақмет!» немесе «Рақмет, бүгін жұмыс істеу өте жақсы болды, өйткені ...» деп айтады.

10-сынып / колледждің 1-курс білім алушыларына арналған 2-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Көшбасшылықтың түрлері және қасиеттері»

Мақсаты: адамның белсенді өмірлік ұстанымы ретінде көшбасшылыққа құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері:

1. Көшбасшылық қасиеттер, көшбасшылықтың әртүрлі түрлері және команда қалыптастыру кезеңдері туралы түсінік қалыптастыру.
2. Өзінің көшбасшылық әлеуетін көрсетуге ұмтылуға ынталандыру, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамыту.
3. Мақсаттарға жету дағдыларын және бір-бірімен жанжалсыз қарым-қатынас жасау тәжірибесін дамыту.

Ресурстар: А4 қағазы, орындықтар, қарындаштар

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

Ұйымдастыру кезеңі, психологиялық ахуал қалыптастыру.

«Дене шынықтыру» жаттығуы.

Педагог әрқайсымыз таңертеңгі гимнастикадан кез келген жаттығуды есімізге түсіріп, көрсетеміз, біз бірге жаттығулар жасаймыз деген нұсқаулық береді. Бірінші жаттығуды жүргізуші өзі көрсетеді, оны топпен 3 рет орындайды және келесі жаттығуды ұсынуға қатысушыларға шеңбер бойымен жібереді. Жаңа нұсқаушы өз жаттығуын көрсетеді, сонымен қатар топпен үш рет қайталайды, осылай барлық қатысушылар жаттығу өткізгенше ойын жалғасады.

Жылдам, күшті жаттығулар күлкі тудырады, босаңсытатыны – қанағаттану сезіміне әкеледі. Мұны біле отырып, жүргізуші бұйрық бере алады: «Ал қазір – қуаттандыратын жаттығу! Ал енді – босаңсытатын жаттығу!» және топтың эмоционалдық және энергетикалық күйін басқара алады. Сондай-ақ, бұл жаттығуды көңілді музыкамен толықтыру пайдалы.

Сабақтың мақсаты мен міндеттерімен таныстырып, оларды талқылау.

II. Негізгі бөлім

1. Өткен сабақта жоспарланған және орындалған жұмысты талқылау (6-сыныппен танысу, олармен қоғамдық іс-шараның идеялары мен жоспарын талқылау).

«Мұз үстінде» жаттығуы

1. Қатысушылар 5-7 адамнан тұратын командаларға бөлінеді (барлық командада қатысушылар саны бірдей болғаны жөн). Командалардың әрқайсысына еденге жайылған үлкен газет парағы беріледі.

2. Педагог нұсқаулықты оқиды: «Елестетіп көріңізші, сіз толқыған теңіздің ортасында үлкен мұз үстінде қалдыңыз». Мұз – ол сіздің газетіңіз. Құтқарушылар келгенше бәріңіз мұз үстіне бірнеше минут ыңғайланып отыруыңыз/тұруыңыз керек. Сіз газеттің сыртындағы еденге қолыңыз/аяғыңыз тисе - ол «суға батқан» болып саналады.

3. Қатысушылар «Мұз үстіне» жайғасып, 15-20 секундтан кейін, педагог дауыл мұздың әрқайсысының бір бөлігін сындырғанын және газеттердің әрқайсысының шамамен 1/4 бөлігін жыртып алып, қатысушыларға қалған мұзға орналасу керектігін хабарлайды. Осылай ол 2-3 рет қайталанады.

4. Егер, командада бір адам «батып кетсе», ол команда ескерту алады, егер екі немесе одан да көп ойыншы болса – команданың «мұзы аударылып кетті» деген есеппен ойыннан шығарылады.

5. Басқаларға қарағанда «мұз үстінде» ең ұзақ тұрған команда жеңімпаз болып саналады. Бұл жерде қатысушылардың бірлескен тәуекел элементі керек, сондықтан оны қатысушылар бір-бірінен қысылмайтын, ұялмайтын топтарда өткізген абзал, тым белсенді, басқару қиын топтарда да жүргізу ұсынылмайды.

Жаттығудың мағынасы

Техника бірігуге, өзара сенімді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ол топтық жұмыстың негізгі принципін айқын көрсетеді: жалғыз адамға жеңіске жету мүмкін емес, мұны барлығы бірге жасай алады. Бірақ жеке адамның әрекеті бүкіл командаға қауіп төндіреді.

Талқылау

Алдымен қатысушылар жаттығуды орындау барысында пайда болған эмоциялары мен сезімдерімен бөліседі, содан кейін – жеңіске жеткен командаға тапсырманы жақсы орындауға не мүмкіндік бергені және қалғандарына не кедергі тудырды деген ойларымен бөліседі.

Топтық жұмыс «Жасампаз және бұзушы(деструктивті) көшбасшылық»:

1. Әр топқа ватман/флипчарт ұсынылады.
2. Әр топ мәселені талқылап, кестені толтырады.

Салыстыру өлшемдері	Жасампаз көшбасшылық	Бұзушы(деструктивті) көшбасшылық
Қандай идеяларды ұсынады?	Трансформациялық күші бар әлеуметтік сындарлы идеяны алға тартады	
Қандай адамдарды біріктіреді?	Бұл идеяның айналасына дарынды және дамуға дайын адамдарды біріктіреді	
Қандай іс-шарамен айналысады?	Бірлескен жасампаздық қызметті жүзеге асырады	
Қалай дамиды?	Тұлға ретінде өзі дамып, басқаларды да шабыттандырады	
Топтағы адамдарға қарым-қатынасы қандай?	Олар басқа адамдардың өмірін мағынамен толтырады, адамдарға өз мақсаттарына жету құралы ретінде емес, құндылықтар ретінде қарайды	

Дүниетанымдық ұстанымы	Парыз: адамдарға қызмет ету өз мүдделерінен жоғары	
------------------------	--	--

3. Топтық жұмыс аяқталған соң таныстырылым жасалады.

Ақпараттық бөлім

Не себептен көшбасшылық қасиеттері бар балалар өздерін осылай ұстай бастайды? Деструктивті мінез-құлықтың ең кең таралған себебі – баланың отбасындағы қиындықтары мен мәселелері. Зеріккеннен, баланың өз ерекше қасиеттерін қолданатын жері жоқ, қарапайым тілмен айтқанда, осылайша ол өзін қызықтырып, көңіл көтереді. Өзін-өзі бағалаудың төмендігі және өзіне деген сенімсіздік, оны бала басқаларды жәбірлеумен жасыруға тырысады.

Деструктивті көшбасшылардың түрлері:

1) *Бейресми*. Мұғалімдерге ашық қарама-қайшылық көрсетіп, тәртіпті бұзып және басқаларды соған бағыттайды. Сыныптың белсенді оқушысы, топбасшы мен мұғалімнің «сүйікті» оқушыларымен шатастырмаңыз.

2) *Жасырын*. Басқаларды жағымсыз әрекетке итермелеп, өзі шетте қалады. Әдетте, жасырын көшбасшылар басқа балаларды белгілі бір балаға қарсы қоюы мүмкін.

3) *Еріксіз*. Бала неврологиялық ерекшеліктеріне немесе мінезге байланысты тәртіп бұзады. Бала әрекеттерінің салдарын білмей өзін осылай ұстайды.

Деструктивті көшбасшыларды іс-әрекетіне сай ажыратуға болады:

4) *«Көп сөйлеуші»*. Бала өте коммуникативті, ол сыныптастарының назарын аударып, зейіндерін бөледі, әңгімеге айналдырады, бұл білім алу үрдісіне кері әсер етеді.

5) *«Жалған ақпарат беруші»*. Сөздерді бұрамалап, ақпаратты өзгертіп таратуы мүмкін, осылайша зиянды салдарды тудырады.

6) *«Арандатушы»*. Сыныптастары мен мұғалімдері арасында қақтығыстар, қақтығыстар тудырады. Егер, кикілжің жағдайлары туындаса, ол «отқа май» құйып, жағдайды одан әрі ушықтырады.

7) *«Бұзақы»*. Сыныптастарын қоғамға қарсы бұйрыққа тартады, әдетте ол басқа балаларға «мықты», «еліктеуге тұрарлық» болып көрінеді.

Көбінесе айналасындағылар мұндай балалармен ашық қақтығыса бастайды немесе оларды сыныптан «шығарудың» жолын іздейді. Бірақ, бұл мәселенің шешімі емес. «Деструктивті көшбасшыларды» қоғамдық пайдалы қызметке тарту, тапсырмаларды орындау, жобалық қызмет, пайдалы жұмыс үшін топты басқару тиімді команда құруға және команда құрудың барлық кезеңдерін жеңуге көмектеседі.

III . Жобалық жұмыс

Жоспарлау

«Дұрыс ретпен орналастырыңыз» ойыны

1. Педагог әр топқа дайындалған және кесілген сөздері бар конверт береді *Қалыптасу, Дауыл, Реттеу, Тиімділік, Аяқтау*.

2. Әр команда 1-2 минут ішінде бұл сөздерді командалардың даму кезеңдеріне сәйкес ретімен орналастыруы керек.

3. Командалар нәтижелерін ұсынғаннан кейін даму кезеңдері орналасуының дұрыс нұсқасы жарияланады.

Командалардың даму кезеңдері

1) *Қалыптасу*. Бұл кезеңде команда жиналып, жоба туралы және оның ресми рөлдері мен ондағы жауапкершілік туралы біледі. Берілген кезеңдегі топ мүшелері әдетте бір-біріне тәуелсіз және онша ашық емес.

2) *Дауыл*. Осы кезеңде команда жоба жұмыстарын, техникалық шешімдерді және жобаны басқару тәсілін зерттей бастайды. Егер, топ мүшелері ынтымақтастыққа дайын болмаса және әртүрлі идеялар мен перспективаларға ашық болмаса, жағдай деструктивті болуы мүмкін.

3) *Реттеу*. Осы кезеңде топ мүшелері бірлесіп жұмыс істей бастайды және топтық жұмысты жеңілдету үшін жұмыс әдеттері мен мінез-құлқын реттейді. Топ мүшелері бір-біріне сене бастайды.

4) *Тиімділік*. Тиімділік кезеңіне жеткен командалар жақсы ұйымдастырылған бөлім ретінде жұмыс істейді. Олар тәуелсіз және мәселелерді тыныш және тиімді шешеді.

5) *Аяқтау*. Бұл кезеңде команда жұмысты аяқтап, келесі жобаға көшеді.

Жоспарлау

Топтар алтыншы сынып оқушыларымен талқылаған идеяларын ұсынады және шешім қабылдау матрицасын толтырады. Ұсынылған нұсқаларды бағалайды және іс-шараның формасын таңдайды.

Іс-шара/ Критерийлері	Қатысу шылар саны	Қажетті құралдар	Локация	Мерзімі	Уақыты
Концерт					
Квест					
Спорттық сайыс					
Шеберлік сыныбы					

4. Әрбір шағын топ ватманға алдын ала жоспар жазып, іс-шараны ұйымдастыру және өткізу туралы өз идеяларын ұсынады.

Келесі кездесуге дейін топтарға арналған тапсырма

1. Идеяны жүзеге асырудың жалпы жоспарын жасаңыз. Жобаның барысын жоспарлау және бақылау канбан-тақта форматында ыңғайлы. Оларды постерге салуға болады немесе цифрлық тақталарды қолдануға болады.

2. Келесі кездесуге алдағы іс-шараның сценарийін жасау, барлық қатысушылардан келісім алу және рөлдер мен жауапкершіліктерді бекіту қажет.

IV. Қорытынды

«Маған сен ...ұнайды» жаттығуы

№	Қатысушының аты-жөні	1- кездесу	2- кездесу	3- кездесу	4-кездесу
1					
2					
3					
4					

Қатысушылар кестеге топқа қатысушылардың қандай қасиеттерін ұнататынын жеке - жеке жазады, бір папкаға жинап, педагогке сақтап қоюға береді.

«Шеңбер бойымен шапалақ» жаттығуы

1. Педагог ойнауды ұсынады және осылайша сабаққа деген көзқарасын білдіреді.

2. Ойын барысында шапалақтар алдымен жай естіледі, кейін біртіндеп күшейе түседі.

3. Педагог алақанын жайлап соға бастайды, бір қатысушыға жақындайды. Сол қатысушы келесі адамды таңдайды, екеуі бірге шапалақтайды. Үшінші адам төртіншіні таңдайды, осылайша жалғасады. Соңғы қатысушыға бүкіл топ шапалақтайды.

10-сынып/колледждің 1-курс білім алушыларына арналған 3-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Команда әр қатысушыдан бастау алады»

Мақсаты: білім алушылар ұжымының бірлігін нығайтуға ықпал ету.

Міндеттері:

1. Ұжымда сенім атмосферасын нығайту.
2. Қақтығыссыз қарым-қатынас жасау шарттарын түсінуді қалыптастыру.
3. Ортақ мақсатқа жету үшін тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту.

Ресурстар: маркерлер, ватман, А4 қағазы.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

«Бір сөз» жаттығуы

Ойын ережесі. Сабақтың тақырыбына байланысты сөз тіркесін таңдап, барлығынан ойға келген бір сөзді жазуды немесе айтуды сұраңыз.

Бұл – қатысушылардың пікірлерін, ойларын жинаудың жақсы тәсілі. Сіз кездесудің негізгі тақырыбына кірмес бұрын атмосфераны бағалай аласыз, сонымен қатар жиналысты барлық жиналғандар үшін пайдалы ететін сұрақтар мен мәселелерді таба аласыз.

Сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.

II. Негізгі бөлім

«Мұнара салу» командалық ойыны

Мақсаты: командалық жұмыс дағдыларын және командалық өзара әрекеттесу схемаларын пысықтау. Топ мүшелерінің рөлдерін анықтау. Команданың бірігуіне ықпал ету. Шиеленісті жеңілдетуге көмектесу. Қатысушыларды бірлескен қызметке ынталандыру.

1. Қатысушылар бірнеше командада жұмыс істейді (бұрын түстер бойынша бөлінген).

2. Әр командаға нұсқаулықтары бар үлестірме материал және А4 форматындағы 50 қағаз беріледі.

3. Педагог қатысушыларға нұсқаулық береді: «Сіздерге берілген нұсқауларды сақтай отырып, қағаздан барынша тиімді түрде мұнара құру қажет. Талқылауға үш минут, ал мұнара құруға он минут беріледі. Талқылау барысында және тәжірибе жасау кезінде әрбір қағаз парағын тек бір рет қана пайдалануға болады, яғни егер парақ қандай да бір түрде бүктелсе немесе қолданылса, келесі тәжірибелер мен мұнараны нақты құру үшін жаңа парақтарды пайдалануыңыз қажет. Сіздердің командаға берілген бар болғаны 50 парақ».

4. Талқылаудың басталу уақыты бөлінеді. 3 минуттан кейін талқылау тоқтатылады.

5. Командалар бір уақытта қағаз мұнарасын сала бастайды. Мұнараны салу үшін командаларға ең көбі 10 минут беріледі.

6. Тапсырманы бастамас бұрын, команда қандай да бір жазбалар мен нұсқауларды бір жаққа қояды, қағаз бөлменің ортасында кәдімгі парақтарда (бланкілерде емес) бір бумаға жиналады (бірақ топ мүшелері арасында бөлінбейді).

7. Педагог құрылыстың аяқталу уақытын белгілейді және тапсырма орындалды деп есептелуі үшін мұнара тұруы керек 1 минутты белгілейді. Осы бақылау минуты аяқталғаннан кейін жүргізуші мұнараның биіктігін өлшейді.

8. «Құрылыс» аяқталып, командалар таныстырғаннан кейін әр команданың сөйлегенін кезек-кезек талдап, төмендегі мәселелер бойынша топтық талқылау жүргізіледі.

- 1) Командадағы рөлдер қалай бөлінді?
- 2) Тапсырманы орындауға не көмектесті? Не кедергі болды?
- 3) Жұмысты қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?

Ақпараттық бөлім (презентация)

1-слайд. Біртұтас ұжым – бұл ортақ мақсатпен, сондай-ақ топ мүшелері арасындағы берік қарым-қатынаспен біріктірілген адамдар тобы. Мұндай ұжым кез-келген қиындықты жеңіп, үлкен жетістіктерге жете алады. Өйткені, оның қатысушылары бір-біріне ашық, әріптестерінің пікірін тыңдап, қабылдай алады, қақтығыстарды тез шешеді, сонымен қатар әрдайым көмекке келеді.

Команда табысты жұмыс істеуі үшін ұжымда бірлік болуы қажет. Бұл қақтығыс деңгейін төмендетуге және еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі. Біртұтас ұжым мәселелерді жақсы шеше алады, өзгерістерге төзімді және кез келген қиындықтарға дайын. Сонымен қатар, бірлескен ұжым ынтымақтастық процесінде жақсы атмосфераны құруға оң үлес қосады.

2-слайд. Біртұтас команда құру үшін белгілі бір жағдайлар мен шарттар маңызды.

3-слайд. Команда құруға қатысты қарым-қатынас құпияларын талқылау

- 1) Адамдарға атын/есімін атап сөйлеңіз.
- 2) Бәріне сыпайы болыңыз.
- 3) Басқалардың талғамын, әдеттерін және мүдделерін құрметтеңіз.
- 4) Айналаңыздағы адамдарға мұқият болыңыз.
- 5) Басқа адамды мазақ етуден және қорлаудан аулақ болыңыз.
- 6) Егер, қателессеңіз бірінші болып кешірім сұрауды үйреніңіз.
- 7) Жолдастармен қарым-қатынас кезінде жағымсыз эмоцияларды тежеуді үйреніңіз.
- 8) Басқаларды тыңдауға және естуге үйреніңіз.
- 9) Басқалармен қарым-қатынаста сенімді болыңыз.
- 10) Өз пікіріңізді білдіруден тартынбаңыз.
- 11) Өз көзқарасыңызды мәдениетті қорғауды үйреніңіз.

III. Жобалық қызмет:

Сабақ кезінде:

1. Топ іс-шараның сценарийін, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жауапкершілікті, рөлдерді бөліп, бекітеді.

2. Іс-шараны өткізу күнін, орнын, уақытын бекітеді.

3. Тәуекелдерді және оларды шешу жолдарын болжайды.

Сабақтан кейін:

1. Іс - шараны соңғы даярлықтан өткізу.

2. Іс-шараны өткізу.

IV. Қорытынды

Сұрақ-жауап.

1. Бүгін сіз жаңадан не білдіңіз?

2. Біртұтас команданы қалай құруға болады?

Педагог әр қатысушыға «Қарым-қатынас құпиялары» жадынамасын таратады.

V. Рефлексия «Маған сенің ... ұнайды» тәсілі

№	Қатысушының аты-жөні	1 кездесу	2 кездесу	3 кездесу	4 кездесу
1					
2					

Қатысушылар кестені толтырады, топ мүшесінің есімі мен қандай қасиеттері ұнайтынын белгілеп, мұғалімге сақтауға береді.

Рефлексия.

«Сөйлейтін қолдар» жаттығуы.

Қатысушылар екі шеңбер құрайды: ішкі және сыртқы, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Педагог қатысушылар пайда болған жұпта үнсіз орындайтын команда береді. Осыдан кейін, педагогтің бұйрығымен сыртқы шеңбер бір қадам оңға жылжиды.

Пайда болған жұптарға арналған нұсқаулық нұсқалары:

1) Қол беріп сәлемдесу.

2) Қолмен күресу.

3) Қолмен татуласу.

4) Қолмен қолдауды білдіру.

5) Қолмен аяу.

6) Қуанышты білдіру.

7) Сәттілік тілеу.

8) Қолмен қоштасу.

Жаттығудың психологиялық мәні: дене байланысы арқылы қатысушылар эмоционалдық-психологиялық жақындасады. Олардың арасында өзара түсіністік жақсарады, вербалды емес қарым-қатынас дағдысы дамиды.

Талқылау:

1. Не оңай, не қиын болды?

2. Ақпаратты үнсіз жеткізу кімге қиын болды?

3. Кімге оңай?

4. Олар серіктестің ақпаратына назар аударды ма, әлде ақпаратты өздері қалай жеткізуге болатынын көбірек ойлады ма?

5. Бұл жаттығу не нәрсеге бағытталған деп ойлайсыз?

10-сынып/колледждің 1-курс білім алушыларына арналған 4-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Өзін-өзі тәрбиелеу және өмірлік мақсаттарға жету»

Мақсаты: адамның өмірлік стратегиясы ретінде білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге құндылық қатынасын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Өзін-өзі тәрбиелеуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру;
2. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау, ерік, мінез, мақсат қою, өзін-өзі сендіру ұғымдарын саналы түрде түсінуге қол жеткізу;
3. Өзін-өзі рефлексиялау дағдыларын дамыту.

Ресурстар: маркерлер, ватман, А4 қағазы.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

«Шаршы» жаттығуы

1. Барлық қатысушылар шеңберге тұрып, көздерін жұмады.
2. Көзді ашпай, шаршы пішінін сомдау керек. (Әдетте шу бірден басталады, барлығы өз стратегиясын ұсына бастайды)
3. Біраз уақыттан кейін оқушылар арасынан шаршы құратын үрдісті ұйымдастырушы анықталады.
4. Шаршы салынғаннан кейін көзді ашуға рұқсат етілмейді.
5. Педагог барлығынан олардың шаршыны бейнелеп тұрғандарына сенімді ме деп сұрайды? (Әдетте бұған сенімді емес бірнеше адам бар. Шаршы шынымен тұзу болуы керек. Барлығы шаршыға сенімді болғанда, қатысушыларға көздерін ашып, жақсы нәтижеге қуанып, үрдістіталдауға шақырады (Басқа фигураларды да салуға болады).

Талқылауға арналған сұрақ: Тапсырманы қалай жақсырақ және жылдам орындауға болады?

II. Негізгі бөлім

Топтағы жалпы талқылау:

1. Көшбасшы қандай болуы керек?
2. Өзін-өзі дамытпай және өзін-өзі тәрбиелемей шабыттандыратын көшбасшы болу мүмкін бе?
3. Өзін-өзі тәрбиелеуді қалай түсінесіз?

Өзін-өзі дамыту– бұл адамның жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру бойынша тұрақты және мақсатты жұмыс үдерісі.

Педагог: Ерте жастан бастап, адам ненің жақсы, ненің жаман екенін түсіне бастағанда және өзінің мінезіндегі жағымсыз қасиеттерді байқай бастағанда (жалғандық, ашкөздік, дөрекілік және т.б.) олардан құтылғысы келеді, бірақ қандай да бір себептермен бұл мәселе қиындықтар тудырып, кейде өзгертуге асықпайды. Кейде адам өмір бойы өзінің кім екенін және қандай екенін білмей өтеді. Бала кезімізден бастап әрқайсымыздың өзіміз туралы білуге мүмкіндігіміз бар, тіпті бәрін біле алмасақ та, аз нәрсе болса да, өз өмірімізді жақсартуға және қызықты

өткізуге мүмкіндік бар. Ендеше, сіз бен біз бұл мүмкіндікті жіберіп алмай, қолданайық.

Өзін-өзі тәрбиелеуді біздің жағдайда да жасауға болады, бұл үдерісті білім алушылар жыл басынан бері өтті. Ол үшін әркім өзін - өзі бақылауды, айналасына сенімді және мейірімді атмосфера беруді, бір-бірінің сынына төзімділікті үйренді.

«Өзін-өзі бағалау» жаттығуы.

Барлығына сұрақтар жазылған парақтар таратылады, әркім ойланып, бірлескен іс-шараға қатысуына байланысты өзін-өзі бағалайды.

Әрекеттер мен мінез-құлық

- 1) Мен қандай негізгі әрекеттерді жасадым?
- 2) Олар қаншалық тиімді болды?
- 3) Қорқыныш сезімі менің әрекеттерім мен мінез-құлқыма әсер етті ме? Қалай? Неден қорықтым?

4) Менің қолымнан нақты не келді?

5) Не болмады? Неліктен?

6) Мен мұның бәрінен қандай құнды сабақ ала аламын?

Ойлау үдерісі

1) Маған қандай ой келді? Неліктен?

2) Мен оларды басқардым ба немесе жай жібердім бе?

3) Менің ойым дұрыс болды ма? Қате болса, келешекте не істеуім керек?

4) Жағдай туралы басқаша қалай ойлауға болады?

5) Мұның бәрінен қандай құнды сабақ ала аламын?

Бастан өткерген эмоциялар

1) Мен қандай эмоцияларды бастан өткердім? Неліктен бұлай болды?

2) Бұл эмоцияларға қандай оқиғалар, жағдайлар мен адамдар ықпал етті?

3) Мен эмоциямды қалай басқардым?

4) Мен оларды пайдалы немесе зиянды жолмен басқардым ба?

5) Эмоционалдық тәжірибемді тиімді басқаруды қалай үйренуге болады?

6) Мен мұның бәрінен қандай құнды сабақ ала аламын?

Сенім жүйесі

1) Мен бүгін не нәрсеге сенемін?

2) Мен өзіме, басқа адамдарға қатысты неге сенемін?

3) Бұл сенімдер негізделген бе?

4) Мен қандай жағдайларда тез қорытынды жасауға бейіммін?

5) Маған қандай оң сенімдер әсер етті?

6) Маған қандай шектеу сенімдері кедергі болды?

7) Өзімнің сену қабілетімді ескере отырып, өзім туралы қандай құнды ақпарат ала аламын?

Адамдармен қарым-қатынас

1) Мен өзімді қалай ұстадым және басқа адамдармен қалай сөйлестім?

2) Түсініспеушіліктер болды ма?

3) Мен олармен қалай күрестім?

4) Мен сынға немесе бас тартуға қалай қарадым?

5) Мен өз көзқарасымды басқа адамдарға қалай жеткіздім?

- 6) Мен мұны қаншалықты тиімді жасадым?
- 7) Мен басқа адамдардың эмоционалдық қажеттіліктері мен ниеттерін қаншалықты тиімді оқыдым?
- 8) Қарым-қатынастың қандай қырларында өзімді жақсартуым керек?
- Мәселелер мен қиындықтар*
- 1) Менің жолымда қандай қиындықтар болды?
- 2) Мен бұл қиындықтарға қалай төтеп бердім?
- 3) Нәтиже қандай болды?
- 4) Мен қиындықтарды жеңуге көмектесетіндей нақты не істедім?
- 5) Мен жеңе алмаған мәселелер туралы не деуге болады? Неліктен бұлай болды?
- 6) Мен бүгін қиындықтарымды жеңуге тырысқанда қандай құнды сабақ алдым?

Педагог ойлануға уақыт береді және еркін микрофон «Мен жобадан қандай құнды сабақтар алдым?» тақырыбына өз пікірін білдіргісі келетін қатысушыларға ұсынады.

«Менің командаға қосқан үлесім» жаттығуы

Жаттығу әрбір қатысушыға командадағы орындаған рөлін түсінуге көмектеседі, оның топтық жұмысқа қосқан үлесі жалпы нәтижеге қалай әсер еткенін, үлес қосудың әртүрлі нұсқаларын түсінуге көмектеседі және қатысушыларда басқаларға құрмет көрсетуді және олардың функцияларын орындаудың маңыздылығын мойындауды дамытады.

Уақыты: 10 минут.

Педагог әр қатысушыдан өзінің шағын тобы аясында бүкіл команданың қызметіне қосқан үлесін қалай көретіні туралы айтуды сұрайды.

Топтарға дайындыққа уақыт беріледі. Осыдан кейін шағын топтың бір мүшесі өнер көрсетеді және өз тобындағы әрбір адам туралы айтады.

III. Жобалық қызмет

Қорытынды кездесуде әр команда жоба нәтижелерінің тұсаукесерін өзіне ыңғайлы форматта (бейнеролик, тұсаукесер, ғылыми баяндама, фактілер мен оқиғалардың иллюстрациясы, іскерлік ойын) дайындауы тиіс.

1. 1- команданың жұмысы
2. 2- команданың жұмысы
3. 3- команданың жұмысы

IV. Қорытынды.

1. Мотивациялық (жігерлендіретін) кездесу. Сабаққа көшбасшылық қасиеттері дамыған адамды қонақ ретінде шақыру.

2. Шақырылған қонақ білім алушылардың жобалық жұмысы туралы өз әсерлерімен бөліседі.

3. Педагогтер мен білім алушылар 1- сабақта «Шоқжұлдыз» ми шабуылы кезінде дайындалған сұрақтарды қояды (топ жетекшілерінде сақталып тұру керек).

Топтардың талқылаулары мен ой-пікірлері келесі тұжырымдарға әкеледі:

1. Ең бастысы – өз құндылықтарыңыз бен басымдықтарыңыздың болуы және оларды түсіну қажет.

2. Сіздің дүниетанымыңыздың өзегі не екенін нақты түсіну.

3. Өз іс-әрекеттеріңізді басқара білу және оларды таңдалған құндылықтармен салыстыру.

4. Осыдан кейін әрбір білім алушыға жоба барысында оның командадағы серіктестері толтырған сипаттама парағы беріледі. Педагог бұл сипаттамаға өз бақылаулары және тілектерін қосуына болады.

Рефлексия

Жоба жұмысынан кейінгі кері байланыс

1. Бөлменің ортасына карталар немесе жабысқақ парақтар қойыңыз.

2. Қатысушылардан бірнеше карточкаларды алып, тренинг туралы өз әсерлері мен естеліктерін жазуын немесе сурет ретінде салуын сұраңыз.

3. Қатысушылар карталарды қабырғаға немесе тақтаға іледі.

4. Барлығы қабырға жанында жиналып, «естеліктерді» көреді.

Сабақ соңында «Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Тұлғалық қалыптасу: өзін-өзі жетілдіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеу» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады: https://youtu.be/m7IeG1R_HqU?si=ylcoJaYsYRImRYTs

**«ӨЗІМЕ ДЕ, ӨЗГЕГЕ ДЕ ЖАУАПТЫМЫН!» ЖОБАСЫ БОЙЫНША
11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА/КОЛЛЕДЖДІҢ 2-КУРС БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАР**

*Тек нағыз жауапкершілікті
сезінетін, бойына ең ізгі қасиеттерді
сіңірген азаматтар ғана Әділетті
Қазақстанның тірегіне айналады.
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті*

11-сынып/колледждің 2-курс білім алушыларына арналған 1-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Ересек өмірге қадам»

Мақсаты: білім алушылардың жауапкершілік қасиетін дамытуға ықпал ету.
Міндеттер:

1. Жауапкершілікті ересек әрі мықты адамның маңызды қасиеті ретінде тереңірек түсінуге ықпал ету.
2. Өзге адамдарға деген жеке көзқарасты ұғынуға көмектесетін рефлексиялық талдау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту.
3. Тұлғалық өсуге және өзін жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға ұмтылысты қалыптастыру.

Ресурстар: А4 парақтары, түрлі-түсті фломастерлер, «Лабиринт» жаттығуына арналған қағаздан жасалған цилиндрлер немесе конустар.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

«Менің сүйікті жеңсіз жейдем» жаттығуы.

Жұптық жұмыс: сіздің жеке басыңыздағы, мінезіңіздегі басты нәрсені бейнелейтін ұранмен немесе символмен А4 парағына жеңсіз жейденің суретін салыңыз. Суреттермен алмасыңыз. Сіздің серіктесіңіз дұрыс түсінді ме, олар сурет/жазудың сіздің тұлғаңызды көрсететініне келісе ме?

Сәйкессіздік пайда болған жұптар сөйлейді.

II. Негізгі бөлім

«Ассоциацияны таңдау» жаттығуы.

Білім алушыларға «жауапкершілік» ұғымына ассоциация сөздерін таңдап, тақтаға екі бағанға жазу ұсынылады.

борыш, қамқорлық, тәуелсіздік, дербестік, сенімділік, өзін-өзі жүзеге асыру ...	батыл емес, алаңдаушылық, пассивтілік, өзімшілдік, қорқақтық, қиындықтардан қорқу ...
--	---

Ұсыным: бұл екі сөз тобын бірден «позитивті» және «теріс» ассоциациялар ретінде анықтауға болмайды. Белгілі бір сөздерді қайда жазу керектігін айту керек.

Талқылауға арналған сұрақ: Неліктен «жауапкершілік» ұғымы позитивті және теріс ассоциациялар тудырады?

«Жауапкершілік шеңбері» жаттығуы.

Мақсаты: өз жауапкершілігіңіздің аймақтарын түсіну.

Топтық жұмысқа арналған тапсырма. Алдымен топтың әрбір мүшесі өз өмірінде не үшін жауап беретінін тұжырымдап, жазуы керек. Топ барлық жазбаларды талқылайды. Жалпы қорытынды жасалады: сіздің жеке жауапкершілігіңіздің аймақтары қандай? Топ өкілі сөз сөйлеп, тұжырымды дәлелді түрде негіздеуі керек.

II. Негізгі бөлім

«Лабиринт» жаттығуы.

Мақсаты: басқаны сөзсіз сезіну және түсіну, ол үшін жауапкершілікті сезіну.

Ойын жүргізушісі таңдалады. Жүргізуші аудиториядан шығады. Жеңіл заттармен белгіленген маршрут салынады. Осы лабиринтте «жетектеуші» «соқырды» жетектеп жүргізуі керек. «Жетектеушінің» сөйлеуге құқығы жоқ, тек «соқыр» адамға қол тигізе алады.

Талқылау. Жүргізуші оған кедергілерді жеңуге не көмектескенін айтады. Қатысушылар рөлдердің қайсысы қиын болғаны туралы өз әсерлерін бөліседі.

«Қамқорлық» жаттығуы.

Мақсаты: Өз өміріңіз үшін жауапкершілікті қабылдау.

Сіз қамқорлық жасауыңыз керек, өмірі мен мінез-құлқы үшін жауапкершілікті сезінетін барлық адамдарды елестетіп көріңіз. Параққа жазыңыз.

Аяқтағаннан кейін мұғалім келесі сұрақты ұсынады: сіз өзіңізді осы тізімге енгіздіңіз бе?

Талқылау. Алынған нәтижелер және неге бұлай болғаны талқыланады.

Ақпараттық блок.

«Әр адам қоғамның мүшесі ретінде неге жауапты?» ми шабуылы.

Ұсыныстар тақтаға немесе флипчартқа жазылады. Педагог слайдта ақпарат береді және адамдардың іс-әрекеттері қалай анықталатыны туралы ойлануды ұсынады, әр адам төмендегілер үшін жауапкершілікті сезінуі керек:

- 1) Білім
- 2) Құндылықтар
- 3) Сенімдер
- 4) Нақты мотивтер
- 5) Сезімдер мен эмоциялар.

Талқылау

«Қателіктер үшін жауапкершілік» жаттығуы.

Мақсаты: қателіктер үшін жауапкершілікті қабылдаудың жеке стратегияларын пысықтау.

Топтық жұмыс. Қатысушыларға күнделікті қателіктер мен теріс қылықтар мысалдарын еске түсіру немесе ойлап табу ұсынылады. Содан кейін топтардың бірінің өкілі бұл теріс қылық туралы айтады.

Талқылау. Топ мүшелері «жақын адам», «дос», «ата-ана» позицияларынан реакцияларды сипаттайды, себептерін талдайды, жағдайды түзету жолдарын ұсынады.

«Проективті хат» жаттығуы.

Мақсаты: Өзгенің эмоционалды жағдайы үшін жауапкершілікті қабылдау.

Топта кім көбірек қолдау мен көмекке мұқтаж екенін ойлап, оны қолдаудың жолын тауып, хат жазуға тырысыңыз. Хатта жолдаушыға кеңес болмауы керек. Ол сол адамға қатысты өз ойлары мен сезімдерін білдіруге бағытталуы тиіс.

Талқылау:

- 1) Бұл жаттығу эмпатиялық түсіну дағдыларын дамытуға көмектеседі;
- 2) Зейіннің оң белгілерін көрсете білу бойынша жұмыс.

III. Жобалық қызмет

Педагог білім алушыларға бүкіл мектеп үшін маңызды болатын және мектепті бітіргеннен кейін оларды еске түсіретін жоба құруды ұсынады. Бұл мектептегі жағымды ахуал, мектепте бір-біріне қатысты зорлық-зомбылықтан бас тарту мәдениетін құру үшін жауапкершіліктің көрінісі болады.

Жобаның жалпы бағыты ұсынылады – қақтығыстарда араша түсушілердің қозғалысын құру.

«Жауапкершіліктің көрінісін талдау» жаттығуы

Мақсаты: Өзіңіздің авторлық позицияңызды және басқа адамдармен қарым-қатынастағы шығармашылық рөліңіздегі жауапкершілікті түсіну.

Бір апта ішінде ата-аналармен, мұғалімдермен, достармен, өзіңізбен қарым-қатынасыңызды талдаңыз. Сіздің мінез-құлқыңызда «мен міндеттімін», «мен қалаймын» деген ойлар қашан көрінгенін анықтауға тырысыңыз.

Келесі сабақта талқылауға арналған сұрақ.

- 1) Бірінші санатқа немесе екіншісіне қатысты не оңай болды?
- 2) «Мен міндеттімін» санатын «мен қалаймын» санатына қалай ауыстыруға болады?
2. Чат құрыңыз, онда «Мен не үшін жауап беруге дайынмын» тақырыбында білім алушылардың пікірлерін жинаңыз, талдаңыз және қорытынды жасаңыз.
3. Жұмыс тобын құрыңыз, бірнеше сұрақ қойыңыз, «Сынып пен мектептегі балалар арасындағы қақтығыстар» тақырыбында сауалнама жүргізіңіз. Қақтығыстар негізінде қандай себептер жиі кездесетіні туралы талдау жасаңыз.

IV. Қорытынды

Педагог: Адам шешім қабылдай бастағанда және оның жауапкершілігін сезіне бастағанда ересек және тәуелсіз болады.

«Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ-ның «Балалық шақ әлемі» YouTube арнасындағы «Қақтығыс: не істеу керек? 5 қарапайым ереже» тақырыбындағы бейнероликті келесі сілтеме бойынша көру ұсынылады:

<https://youtu.be/wPAenzlQLnU?si=b77eoA3Wf2lVePJM>

11-сынып/колледждің 2-курс білім алушыларына арналған 2-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Жауапкершілік – менің таңдауым»

Мақсаты: білім алушылардың қоғамдық маңызы бар мәселе бойынша жобалық қызмет дағдыларын дамытуға ықпал ету.

Міндеттер:

1. Қоғамдық маңызы бар мәселелерді шеше алатын ересектердің жауапкершілігі туралы түсінікті тереңдету.
2. Рефлексивті талдау, өзін-өзі бағалау және айналадағы адамдардың сезімдері мен мінез-құлқын түсіну дағдыларын дамыту.
3. Білім ортасында әріптестік пен белсенді қатысуын ынталандыру.

Ресурстар: ватман парақтары, маркерлер.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Жобалық жұмыс нәтижелері бойынша жаттығу

«Өзін-өзі бағалау» жаттығуы

Мақсаты: өз-өзіне және басқалардың өзіне деген көзқарасы арасындағы байланысты түсіну.

Қатысушыларға бойындағы қасиеттерінің екі тізімін жасау және оларды кесте түрінде ресімдеу ұсынылады.

Өзімді не үшін жақсы көремін?	Өзімді не үшін жақсы көрмеймін?
Өзгелер мені не үшін жақсы көреді?	Өзгелер не үшін мені жақсы көрмейді?

II. Негізгі бөлім

«Айна» жаттығуы

Педагог «психологиялық айна» деп аталатын плакатта өзіндік талдау мен өзін-өзі реттеуге бағытталған сұрақтарды ұсынады. Біріншісі назар мен талдауды өзіне бағыттайды. Екіншісі – жанындағыға бағыттайды.

«Психологиялық айна»	
Сізге атыңызды атамай немесе сізді мүлдем атамай-ақ жүгінгенде, өзіңізді қалай сезінесіз?	Сіз адамға оның атын атамай сөйлеген кезде, ол сіздің ойыңызша өзін қалай сезінеді?
Сіз сөйлегенде біреу сөзіңізді бөлсе, өзіңізді қалай сезінесіз?	Біреу сөйлегенде және сіз оның сөзін бөлгенде, ол сіздің ойыңызша өзін қалай сезінеді?
Жаныңыздағы адамның аузынан жаман сөз естігенде, өзіңізді қалай сезінесіз және бұл адам сізге қалай көрінеді?	Кенеттен дөрекі сөздер мен қарғыс сөздерді айта бастағанда, сіз қалай ойлайсыз, басқа адамдар қандай және олардың көз алдында қалай көрінесіз?
Өтірікті естігенде, өтірікшіге қалай	Өтірік айтқаннан кейін, сіз

қарайсыз?	басқалардан сізге қандай қарым-қатынас күтесіз?
-----------	---

Талқылау

Топтық жұмыс

«Басқаларға арналған ережелер» жаттығуы.

Мақсаты: әріптестікті қалыптастыруға және дамытуға ықпал ету.

Материал: А4 парақтары, қаламдар.

Ережелерді тұжырымдау.

Нұсқаулық: ватман парағын екі бағанға бөліңіз, бірінші бағанға өзіңіз үшін ережелердің (тыйымдардың) тізімін жазыңыз, оларды орындау сізге өзіңізді жайлы сезінуге мүмкіндік береді және сонымен бірге басқа білім алушыларға құрметпен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Екінші бағанда – құрдастарына (сыныптастарына) арналған ережелер.

Талқылау:

1. Тапсырманы орындау қиын болды ма? Неліктен?
2. Бізге өмірде ережелер керек пе? Неліктен?
3. Әр ереже нені үйретеді?
4. Осы ережелерді орындау нені ынталандырады?

Ескерту. Егер, жасөспірімдер өз ережелерін теріс тұжырымдайтын болса, онда оларды оң тұжырымдарға айналдыру қажет емес, мысалы, қатты айқайламаңыз / біз ақырын сөйлесеміз.

Талқылау:

1. Біз айналамыздағы адамдарға өз үміттеріміз туралы айтуымыз керек пе? Неліктен?
2. Біздің бұған құқығымыз бар ма?
3. Егер, өзіміз үшін күреспесек не болады? (*өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, құндылықтардың өзгеруі, мақсаттардан бас тарту, жағымсыз эмоциялар*).
4. Мұндай жағдайды елестетуге бола ма: біз ережелер ойлап таптық, бәрі оларды сақтай бастады, сыныпта/топта қақтығыстар жоғалып кетті ме? Егер, жоқ болса, бұл жағдайда не істеуге болады?

Дөңгелек үстел

Дөңгелек үстелдің тақырыбы «Қамқорлық пен жауапкершіліктің ең төменгі деңгейі, ойын-сауық пен рахаттың ең жоғарғы деңгейі, бұл бүгінде әлемдік жастардың басым бөлігі сәтті қоныстанған балалық шақ елі» деген тұжырымда көрсетілген.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сіз бұл мәлімдемемен келісесіз бе? Жақтаушы және қарсы дәлелдер келтіріңіз.
2. Орта мектеп оқушысы ретінде өз сыныбыңызда (мектебіңізде) нені өзгерте аласыз?

Дөңгелек үстелдегі байланыс ережелері:

- 1) жалпы сөз тіркестерінен аулақ бол;
- 2) мақсатқа (тапсырмаға) назар аудар;
- 3) тыңдай біл;

- 4) әңгімеде белсенді бол;
- 5) қысқа сөйле;
- 6) сындарлы сын айт;
- 7) әңгімелесушіге қатысты қорлайтын ескертулерге жол берме.

Қорытынды.

III. Жобалық қызмет

Команда құру

«Үй» жаттығуы

Мақсаты: топтағы рөлін, мінез-құлық стилін білу.

Жаттығу барысы: қатысушылар 2 командаға бөлінеді. Жүргізуші нұсқаулық береді: «Әр команда толыққанды үйге айналуы керек! Әр адам осы үйде кім болатынын таңдауы керек – есік, қабырға немесе тұсқағаз немесе жиһаз, гүл немесе теледидар болуы мүмкін бе? Таңдау сіздікі! Бірақ сіз толық және функционалды үй болуыңыз керек екенін ұмытпаңыз! Үйіңізді тұрғызыңыз! Сіз бір-біріңізбен сөйлесе аласыз».

Ескерту: қатысушылар осы ұжымда қандай функцияны атқаратындығы туралы ойлайды, олардың барлығы өздерінің «үйінде» қажет екенін түсінеді, бұл ұжымның бірігуіне ықпал етеді.

«Білім алушылар арасындағы қақтығыстар» тақырыбы бойынша алдыңғы сабақтағы сауалнама нәтижелерін талқылау.

Ақпараттық блок:

1. Сыныптағы/топтағы қарым-қатынас атмосферасын қалай жағымды етуге болады?

2. Медиация дегеніміз не?

Медиацияның мәні туралы мұғалімнің шағын презентациясы.

Медиацияның міндеттері:

1) қақтығысты жағдайды сындарлы түрде шешу (қалпына келтіру бағдарламаларын жүргізу арқылы);

2) білім беру ұйымындағы қауымдастықтарға жеке қатынастарға сүйене отырып, бір-бірін түсінуге мүмкіндік беру;

3) білім беру ортасында агрессивтілік деңгейін төмендету;

4) білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ету.

«Бітімгер портреті» жаттығуы

Сынып үш топқа бөлінеді. Әр топқа адам фигурасының алдын ала дайындалған силуэті беріледі (қағаздан кесілген). Топ мүшелеріне бітімгерлік қасиеттер туралы ойлануға және осы қасиеттерді дайындалған силуэтке жазуға тапсырма беріледі. Сонымен қатар, топ қатысушыларына адам ағзасының қай бөлігіне осы қасиеттерді жатқызуға болатындығы туралы ойлану ұсынылады (мысалы, бас – жағдайды дұрыс бағалау қабілеті, жүрек – эмпатия қабілеті және т.б.). Шағын топтарда жұмыс істегеннен кейін жүргізушілер барлық қатысушыларға сәтті делдалдың қасиеттерін талқылауды ұсынады.

Проблемалық сұрақ: «Білім алушылар өз сыныбында/тобында, мектеп ұжымында медиацияны (қақтығыстардағы медиация) ілгерілету үшін не істей алады?

Жобаны жоспарлау туралы ми шабуылы.

1) Жәбірлеу, буллинг бойынша білім беру ұйымындағы нақты жағдайдың қысқаша сипаттамасы.

2) Жобаның мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау – әртүрлі білім алушыларынан медиатор-делдалдардың жалпы қозғалысын құру.

3) Жобаның түпкілікті нәтижесінің нысанын айқындау.

4) Жобалық топты қалыптастыру, жаттығуларда орындалған өзіндік талдауға сүйене отырып, оқушылар арасында функцияларды бөлу.

Жоба бойынша тапсырма:

1. Жоба тақырыбы бойынша ақпарат жинау және талдау жүргізу:

1.1. медиация дегеніміз не, оны жүзеге асыру жолдары,

1.2. медиатор болғысы келетін білім алушының бойында болуы тиіс қасиеттер,

1.3. талдау, білім алушы/медиаторлар қандай қақтығыстарға әсер етуі мүмкін екенін анықтау.

2. Мақсатқа жету жолдарын тұжырымдау (медиация әдістерін қалай үйренуге болады, ересектердің қайсысы оқушыларды оқытуға тартылуы керек).

3. Жоба бойынша іс-қимыл жоспарын жасаңыз.

IV. Қорытынды

Білім алушылар сабақтың мазмұнына көзқарасын білдіреді. Сабақта ненің жаңа, ненің қызықты болғанын айтады.

11-сынып/колледждің 2-курс білім алушыларына арналған 3-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Өзім үшін де, өзгелер үшін де жауаптымын!»

Мақсаты: білім алушылардың қақтығыс жағдайларындағы мінез-құлық дағдыларын медиация аспектісінде дамытуға ықпал ету.

Міндеттері:

1. Қақтығыстардың табиғаты мен оларды сындарлы түрде шешу жолдары туралы түсінікті тереңдету.
2. Тиімді қарым-қатынас пен медиация дағдыларын дамыту.
3. Мектеп ортасындағы қақтығыстарды шешуге көмектесуге деген ынтаны қалыптастыру.

Ресурстар: ватман парақтары, А4 парақтары, қаламдар, фломастерлер, маркерлер.

Сабақ барысы

I.Кіріспе

«Сәтті күн рецепті» жаттығуы.

Мақсаты: оң тәжірибеге назар аудару дағдыларын дамыту, сыртқы және ішкі ресурстарды іздеу.

Материал: А4 парағы, қаламдар, түрлі-түсті қарындаштар.

Нұсқаулық: Жақсы тағам жасау үшін бізге қажетті нәрселердің тізімін көрсететін жақсы рецепт қажет екенін бәріміз білеміз. Сіздің алдыңызда қағаз парақтары бар. Ойланып, парағыңызға сәтті күннің «ингредиентін» жазыңыз (салыңыз), содан кейін барлығына көрсетіңіз. Біз сіздің компоненттеріңізді айтамыз және ортақ рецепт жасаймыз.

II. Негізгі бөлім

«Жақсы және жаман істер» жаттығуы

Жаттығудың сипаттамасы. Қатысушылар екі командаға бөлінеді. Әр командаға ватман парағы, фломастерлер немесе маркерлер және А4 қағазы беріледі. Бір команданың міндеті – адамға өзін көбірек құрметтеуге мүмкіндік беретін көптеген әрекеттерді жазу. Тиісінше, екіншісінің міндеті – адамның өзіне деген құрметін жоғалтатын әрекеттерді жазу. Қажет болса, әр команда сөздерді тиісті әрекеттердің суреттерімен бекіте алады.

Талқылау. Әр команда өз тақырыбын ұсынады. Содан кейін жалпы талқылау жүреді, соңында педагог айтылғандардың бәрін қорытындылайды.

Өркімнің осы және басқа әрекеттер арасында таңдауы бар екеніне назар аудару өте маңызды, бірақ әр уақытта бір немесе басқа мінез-құлықты таңдағанда, біз өзімізге деген құрметке ие боламыз немесе жоғалтамыз.

Жаттығудың психологиялық мәні. Балалардың іс-әрекеттер мен өзін-өзі құрметтеу арасындағы байланысты білуі. Өзін-өзі бағалау ұғымын бөліп көрсету және оның өзара сыйластықпен байланысын анықтау. Бұл толыққанды қарым-қатынастың қажетті шарты, онсыз келісімді дамыту мүмкін емес.

«Мен – хабарлама» жаттығуы – қақтығысты басқарудағы, келіссөздер жүргізудегі, нәтижелі қарым-қатынас орнатудағы маңызды дағды.

Мазмұны: Педагог қатысушыға кестесі бар бланк береді және келесі нұсқауларды айтады: сізге кестедегі «Сіздің сезіміңіз» және «Мен – хабарлама» бағандарын толтыру қажет. Сол жақ бағанда – жағдайдың сипаттамасы, оң жақта сіз бұл жағдайда қандай сезімдерді игергеніңізді жазуыңыз керек. Үшінші бағанда сіз жазған сезімді (немесе сезімді) ескере отырып, «Мен- хабарлама» деп жазыңыз.

Жағдаят	Сіздің сезіміңіз	Мен-хабарлама
1. Сіз мектептен кейін үйге келесіз. Сіздің бөлмеңізді үйдегі біреу шашып кеткен.	Ашу, реніш	Менің заттарыма рұқсатсыз тисіп, шашып кеткеніне ренжіп, ашуланамын.
2. Сіздің ініңіз (қарындасыңыз) және оның досы үйдің ішінде бір-бірін қуалап жүгіріп, қатты айқайлайды.		
3. Сізді досыңыз достарымен бірге тау жорығына шақырады. Бірақ сіздің досыңыз шақырған кейбір топ мүшелері сізге ұнамайды. Оларды сенімді адамдар деп санамайсыз.		
4. Сіздің анаңыз жаңа құлаққап сатып алып беру туралы уәдесін орындамады.		
5. Сіз күні бойы құрбыңызға қоңырау шалдыңыз, өйткені серуендеуге уәделестіңіз. Бірақ қоңырауға жауап бермеді. Оның жаңа досымен саябақта серуендеп, селфи жасағаны белгілі болды.		

«Рөлдік гимнастика» жаттығуы.

Педагог жасөспірімдерге «Біз өзіміз бірдей нәрселерді әртүрлі тәсілдермен жасай аламыз, яғни әртүрлі жағдайларда түрліше боламыз. Бұған көз жеткізуге тырысайық» деген ұсыныс айтады.

Педагог жасөспірімдерге келесі әрекеттерді орындауды ұсынады.

1. Белгілі өлеңді әртүрлі жолмен айту: сыбырлап; асқан жылдамдықпен; ұлу жылдамдығымен; робот ретінде; шетелдік ретінде.
2. Бала; қарт адам; арыстан сияқты жүру
3. Гүлге қонған ара; атқа мінген шабандоз сияқты отыру
4. Күзгі бұлт; ашуланған ана; ашуланған арыстан сияқты қабағын түю
5. Күн көзінде жатқан мысық; күннің өзі сияқты күлімсіреу.

Жаттығуды талдау

1. Өлеңді қалай айту және тыңдау сізге ұнады?
2. Сізге қалай серуендеу, отыру, қабағын түйу және күлімсіреу ұнады?

Ақпараттық блок

Педагог ақпарат береді(интеллект карта түрінде).

Қақтығыстың алдын алу үшін қажетті негізгі әдістер:

1. Агрессияға агрессиямен жауап бермеңіз;
2. Қарсыласты сөзбен де, қимылмен де, көзқараспен де жәбірлемеңіз;
3. Қарсыласыңызға сөйлеуге мүмкіндік беріңіз;
4. Қарсыластың қиындықтарына байланысты өз түсінігіңізді білдіруге тырысыңыз;
5. Тез қорытынды жасамаңыз;
6. Асығыс кеңес бермеңіз;
7. Қарсыласыңызды тыныш жағдайда туындаған мәселелерді талқылауға шақырыңыз.

III.Жобалық іс-әрекет

1. Қақтығыстардың алдын алу туралы әңгімесу.

1. Біздің қарым - қатынасымыз көбінесе қақтығыссыз жүре ме?
2. Қақтығыстардың алдын алудағы жетістіктер туралы кім айта алады?
3. Адамдардың оң қарым-қатынасына не кедергі болатыны есіңізде ме?
4. Қақтығысты жағдайлардың алдын алу үшін жеткілікті күшім бар дейтіндер қолыңызды көтеріңіз?

Топтық жұмыс.

Топтарға бөлініп, білім алушыларға табысты делдалдың қақтығыстарды шешуде қандай қасиеттерге ие болуы керектігін тұжырымдайды. Содан кейін әр топтың нәтижелерін талқылай отырып, оқушылар делдалдың Этикалық кодексін бірге жасайды. Мысалы:

- 1) байсалды және мықты бол, бірақ сонымен бірге «жылы» және жағымды бол;
- 2) сенім мен қамқорлықты білдір;
- 3) жауапты әрі бейтарап бол;
- 4) құрмет көрсет;
- 5) қақтығысқа араласпа;
- 6) эмоцияны басшылыққа алма;
- 7) кеңес берме;
- 8) шешім табу барысында өз идеяларыңды мәжбүрлеп таңуға тырыспа.
- 9) өзгелерге менсінбей қарама, жоғарыдан сөйлеме.
- 10) жауапкершілікті байыпты қабылда;
- 11) басқа адамның сезімдерін түсінуге тырыс;
- 12) басқаны сендіруге тырыс;
- 13) жағдайды басқаруды үйрен.

Жаттығу«Қақтығыстардың алдын алу дағдыларын жетілдіру»

Мақсаты: қақтығыс жағдайында икемді мінез-құлық дағдыларын дамыту, мәселені шешудің оңтайлы нұсқасын табу.

Педагог жағдаяттарды ұсынады, білім алушылар проблемалық жағдайлардан шығудың өз нұсқаларын тандап, қағазға жазуы керек. Мысалы:

1) Сіз жасамағаныңыз үшін көпшілік алдында айыпталдыңыз.
2) Жұмыстан шаршап келген анаңыз сізді пәтердегі тәртіпсіздік үшін жазалай бастайды.

3) Педагог сізге әділетсіз төмен баға қойды.

4) Сыныптас жағдайды түсінбей, сізді қорлай бастайды.

5) Көшеде өтіп бара жатқан көлік сізге балшық шашып кетті.

Жұмысқа 10 минут уақыт беріледі. Содан кейін әр қатысушы проблемалық жағдайлардан шығудың өз нұсқаларын оқиды, содан кейін топтық талқылау жүреді.

Талқылау. Қақтығысқа қатысушылардың әрқайсысының сезімдері мен мінез-құлқының себептері талданады. Қақтығысты жағдайдың әртүрлі түсіндірмелері ұсынылады.

Жаттығу. Тапсырманы орындауға психолог немесе әлеуметтік педагог қатысады.

Мақсаты. Медиация дағдыларын пысықтау.

Топтық жұмыс. Сынып 4 топқа бөлінеді. Топтардың әрқайсысы жеке-жеке ойналатын өзінің қақтығысды жағдайын ұсынады. Топ мүшелерінің бірі қақтығысты жағдайды шешуге көмектесетін медиатор рөлін атқарады. Психолог немесе әлеуметтік педагог тапсырманың орындалуына түсініктеме береді.

Жоба бойынша тапсырма

1. Мектептің педагог-психологімен, әлеуметтік педагогімен медиация бойынша кеңестер өткізу.

2. «Медиатор қалай жұмыс істейді» презентациясын дайындау. Шағын топтарда «Медиатордың мақсаты мен жұмыс кезеңдері» кестесін толтырыңыз.

3. Медиатор ережелерін әзірлеу.

4. Медиаторлар клубы (медиаторлар қозғалысы) туралы ереже әзірлеу.

IV. Қорытынды

Білім алушылар сабақтың мазмұнына көзқарасын білдіреді. Сабақта ненің жаңа, ненің қызықты болғанын айтады.

11-сынып/колледждің 2-курс білім алушыларына арналған 4-сабақ
Сабақтың тақырыбы: «Қоршаған әлемді ізгілікке толтырамыз!»

Мақсаты: Білім алушылар ұжымында буллингке, зорлық-зомбылыққа және буллингке қарсы тұруда жауапты мінез-құлықты қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Білім алушыларды ұжымдағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған командалық жұмысқа ынталандыру.

2. Медиацияның мәнін, принциптерін, ережелерін түсінігін қалыптастыру.

3. Медиацияның тәжірибелік дағдыларын дамыту және бекіту.

Ресурстар: түйреуіші бар қалың қағаздан жасалған 15x20 см карточкалар, маркерлер, фломастерлер, 3 флипчарт; буллинг жағдайы бар бейнеролик.

Дайындық кезеңі:

Сынып/топ іс-шараны коворкинг түрі бойынша дайындайды:

1) жүргізуші анықталады;

2) сценарий жазылады;

3) рөлдік ойын үшін буллинктің 2-3 жағдаяты әзірленеді;

4) бітімгерлер (медиаторлар) қозғалысының презентациясы дайындалады:

4.1) «Медиатор қалай жұмыс істейді», «Медиациядағы біздің мүмкіндіктеріміз» презентациялары;

4.2) «Медиатордың ережелері», «Медиатордың қасиеттері»;

4.3) «Қалай медиатор болуға болады» презентациялары;

4.4) Медиаторлар қозғалысы туралы ереже;

5) 7-10 сынып оқушылары таңдалады;

6) педагогтер, педагог-психолог, ата-аналар шақырылады.

Сабақ барысы

I. Кіріспе

Танысу. «Танысу картасы»

Коворкингке қатысушыларға карточкада оларды жақсы сипаттайтын затты, символды бейнелеу ұсынылады. «Өзіндік карта» кеудеге бекітіледі, қатысушылар бір-бірімен танысуға келеді.

II. Негізгі бөлім

Сыныпта (акт залында) қатысушылардың 4 тобы жеке-жеке орналастырылады: 11-сынып оқушылары / екінші курс білім алушылары, шақырылған білім алушылар, педагогтар, ата-аналар.

Тапсырма. «Басқаларға арналған ережелер».

Мақсаты: серіктестік пен ынтымақтастық қатынастарын орнатуға және дамытуға ықпал ету.

Ресурстар: флипчарттар, маркерлер.

Тапсырма. Ережелерді тұжырымдау

Нұсқаулық: Флипчарттарда әр топтың өкілдері (11-сынып оқушылары / екінші курс білім алушылары, шақырылған білім алушылар, педагогтер, ата-

аналар) қысқаша талқылаудан кейін қақтығысты жағдайды шешуге көмектесетін, өздері ұстануы тиіс ережелер тізімін жазады.

Талқылау:

1. Бізге өмірде осындай ережелер қажет пе? Неліктен?
2. Ұсынылған ережелердің қайсысы ең қолайлы, жұмыс істейді?
3. Осы ережелерді орындау нені ынталандырады?

Нәтиже – жалпы ережелер жиынтығын әзірлеу.

Рөлдік ойын.

Білім алушылар буллингтің 2 жағдаятын ойнайды және барлық қатысушыға осы мәселеге қатысты өз шешімдерін беруді ұсынады.

Білім алушылардан, мұғалімдерден, ата-аналардан ұсынылған шешімдер талқыланады. Педагог-психолог ұсынылған шешімдерге түсініктеме беріп, қажеттілікті атап өтті:

- 1) қақтығыс тараптарымен байланысқа қол жеткізу және ұстап тұру қабілеті;
- 2) эмоцияларды сындарлы түрде білдіру үшін жағдай жасай білу;
- 3) жұмыс кезінде тыныш атмосфера құра білу;
- 4) өзара түсіністікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасай білу.

III. Жобалық қызмет

Жүргізуші 11-сынып оқушыларын/ екінші курс білім алушыларын «Өзіме де, өзгеге де жауаптымын!» жобасын таныстыру үшін ортаға шақырады.

Балалар жобадан алған әсерлері туралы айтып, мектептерде жәбірлеу мен қорлау болмауы үшін жоғары сынып оқушылары өз жауапкершілігін түсінуі керек деген пікір айтады. Сондықтан олар білім алушылардың медиаторлар, бітімгерлер – қақтығыстарды шешуге көмектесетін адамдар қозғалысына қатысуы қажет деп санайды.

Қызықты, түсінікті, түрлі-түсті презентациялар ұсынады:

- 1) «Медиатор қалай жұмыс істейді», «Медиациядағы біздің мүмкіндіктеріміз» таныстырылымы;
- 2) «Медиатордың ережелері», «Медиатордың қасиеттері», «Қалай медиатор болуға болады» таныстырылымы;
- 3) Медиаторлар қозғалысы туралы ереже.

Талқылау

Медиаторлар қозғалысының белгісіне (логотипіне) және ұранына конкурс өткізу ұсынылады.

IV. Қорытынды

Қатысушыларға 2-4 стикер жапсырма таратылады. Оларға әркім сабақтың соңында жадында не қалғанын жазады: ойындардың сипаттамасы, жаттығулар, басқа қатысушылармен қарым-қатынас тәжірибесі және т. б.

Флипчартта үш сурет ілінеді: піскен апельсин, бір стақан апельсин шырыны, апельсин күнжарасы.

Жүргізушінің командасы бойынша коворкингке қатысушылар қандай-да бір суретке жазбалар жапсырады:

- 1) піскен апельсиндер – қайтадан оралып, ойланып, соңына дейін жеткізу керек;
- 2) бір стақан шырын – қуанып, жігерлендіріп, физикалық және рухани күш беретін нәрсе;
- 3) күнжара – ұнамаған, артық нәрсе.

Жүргізуші коворкингтің қандай нәтижемен аяқталғанын анықтайды.

Педагог жобаның аяқталуымен білім алушыларды құттықтап, алған білімдерін күнделікті өмірде еңбекте, оқуда және шығармашылықта жетістікке жетудің негізі ретінде пайдалануды тілейді.

ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1. Бағдарлама мониторингінің мақсаты:

- 1.1. Бағдарламаның іске асырылу барысына объективті баға қалыптастыру;
- 1.2. Бағдарламаны іске асыру жоспарын түзету бойынша негізделген шешімдерді дер кезінде қабылдау;
- 1.3. Білім беру ұйымдарының Бағдарлама бойынша қызметін жоспарлау сапасын арттыру.

2. Бағдарламаны мониторингтеу екі негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

2.1. Білім беру ұйымындағы буллингтің таралуын, білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздік деңгейін диагностикалау Д.Олвеус пен И.Баеваның әдістемелері арқылы жүргізіледі. Диагностика білім беру процесінің үш қатысушы тобын қамтиды: оқушылар, педагогтер және ата-аналар. Білім беру ұйымдарына сауалнаманы Google Forms арқылы жүргізу ұсынылады, бұл нәтижелерді жинауды, сақтауды және өңдеуді жеңілдетеді немесе «ННПИБД «Өркен» БӘАҰҒПИ сайты арқылы жүзеге асырылады. <https://orken-instituty.kz/kz/pedagogam/metodicheskie-rekomendaci>

2.2. Бағдарлама жоспарының орындалуын және диагностикалар деректерін сандық көрсеткіштер негізінде талдау.

Білім алушылар диагностикасын тек ата-аналардың/занды өкілдердің жазбаша келісімі болған жағдайда психолог жүргізеді.

3. Мониторинг кезеңдері, мерзімдері және диагностикалық құралдар

3.1. Бастапқы кезең – оқу жылының басында жүзеге асырылады. Оқушылар арасында буллингтің таралуын диагностикалау; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздік деңгейін диагностикалау.

3.2. Аралық кезең – оқу жылының ортасында жүзеге асырылады. Оқушылар арасында буллингтің таралуын диагностикалау; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздік деңгейін диагностикалау.

3.3. Қорытынды кезең – 1-11- сынып оқушылары мен колледждің 1-2- курс білім алушылары арасында буллингтің таралуын диагностикалау;

Білім алушылар, педагогтер және ата-аналар арасында білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздік деңгейін диагностикалау;

Бағдарлама Жоспарының орындалуын және жүргізілген диагностика нәтижелерін талдау негізінде өзіндік есеп дайындау.

3.4. білім алушылар арасында буллингтің таралуын диагностикалау, Д.Олвеустың «Білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктерін диагностикалау» әдістемесі бойынша жүзеге асырылады.

Әдістеменің мазмұны:

Мақсаты: Білім беру ортасындағы буллингтің таралуы мен ерекшеліктерін анықтау.

Сипаттамасы: Екі бөлек аспектіні өлшейді: буллингтің көріністері және оған ұшырау деңгейі.

Жауап нұсқалары және ұпайлар

Әдістемеде жауап нұсқалары ұсынылады, олардың әрқайсысына сәйкес ұпайлар беріледі:

1. Ешқашан болған жоқ – 0 ұпай
2. Бір-екі рет болған – 1 ұпай
3. Кейде болады – 2 ұпай
4. Аптасына бір рет болады – 3 ұпай
5. Аптасына бірнеше рет болады – 4 ұпай

Нұсқаулық. Мәлімдемелерді мұқият оқып шығыңыз, өзіңізге сәйкес келетін жауап нұсқасын таңдаңыз және оны кез келген белгімен белгілеңіз. Тестілеудің орташа уақыты: 3–5 минут.

Мәлімдеме	Ешқашан болған жоқ	Бір-екі рет болған	Кейде болады	Аптасына бір рет болады	Аптасына бірнеше рет болады
1. Мен біреуді балағаттадым.					
2. Мен біреумен әдейі сөйлеспедім.					
3. Мен біреуге физикалық зиян келтірдім, мысалы, итердім немесе ұрдым.					
4. Мен біреу туралы өсек тараттым.					
5. Мен қорқыттым.					
6. Мен біреудің затын ұрладым немесе бүлдірдім.					
7. Мені балағаттады.					
8. Мен туралы өсек таратты.					
9. Ешкім менімен бірге отырғысы немесе бос уақытын өткізгісі келмейді.					

Мәлімдеме	Ешқашан болған жоқ	Бір-екі рет болған	Кейде болады	Аптасына бір рет болады	Аптасына бірнеше рет болады
10. Менің заттарымды ұрлады.					
11. Маған физикалық зиян келтірді (ұрды, итерді).					
12. Ешкім менімен сөйлеспейді.					
13. Мені қорқытты.					

Сауалнама кілті

Белсенді буллинг (агрессия көріністері):

1) тікелей буллинг – 1, 3, 5, 6 сұрақтар мысалы: *балағаттау, физикалық зиян келтіру, қорқыту, заттарды бүлдіру немесе ұрлау;*

2) жанама буллинг – 2, 4 сұрақтар мысалы: *әдейі сөйлеспеу, өсек тарату*
Виктимизация (құрбан болу).

1) тікелей виктимизация – 7, 10, 11, 13 сұрақтар

2) жанама виктимизация – 8, 9, 12 сұрақтар

Нәтижелерді өңдеу тәртібі

Әр шкала бойынша (тікелей/жанама буллинг және виктимизация) ұпайлар қосылады.

Жалпы балл сол шкаладағы сұрақтар санына бөлінеді.

Орташа көрсеткіш интерпретацияланады:

Орташа ұпай Айқындық деңгейі

0–1 ұпай Әлсіз көрініс тапқан

1–3 ұпай Орташа көрініс тапқан (эпизодтық)

3–4 ұпай Айқын көрініс тапқан (тұрақты, жүйелі түрде)

3.5 Психологиялық қауіпсіздік деңгейін диагностикалау И. Баеваның «Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігін бағалау» әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Дереккөз: *Диагностикалық әдістемелер жинағы: мектеп психологына көмек*. Ұсынылған: НАО «ННПИБД «Өркен» ғылыми-әдістемелік кеңесі, № 2 хаттама, 2025 жылғы 11 сәуір 2025ж.

Оқушыларға арналған 1-сауалнама

Мәлімдемелер	Ұпайлар				
Блок 1.	0	1	2	3	4
1. Мен әкімшілік пен педагогтер тарапынан қорлау мен кемсітуге ұшырамайтыныма сенімдімін.					

2. Біздің білім беру ұйымында балалар бір-бірін мазақтап, қорлайтын лақап аттар қоймайды.					
3. Педагогтер тарапынан өз мекеніме бағытталған қорқытуларды естуге болады.					
4. Басқа балалар тарапынан маған деген жағымсыз көзқарасты сеземін.					
5. Оқу орнында педагогтер тарапынан қысым мен мәжбүрлеуге ұшыраймын.					
6. Маған мектептегі/колледждегі кейбір балалар мені елемейтін сияқты көрінеді.					
Блок 2	0	1	2	3	4
1. Мектепте/колледжде менің көңіл-күйім көбіне жақсы болады.					
2. Егер мектепте/колледжде қиындықтар туындаса, бәрі жақсы шешіледі деп сенемін.					
3. Мектепте/колледжде мен өзімді тұлға ретінде сезінемін.					
4. Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта мен сирек ыңғайсыздық сезінемін.					
5. Мен уақытымның көп бөлігін мектептегі/колледждегі достарыммен өткізгім келеді.					
6. Мектепте/колледжде мен сенім арта алатын, сырларымды бөлісе алатын және түсіністік пен жанашырлық табатын ересек адам бар.					
Блок 3	0	1	2	3	4
1. Біздің мектепте/колледжде көптеген маңызды, қызықты және қуанышты оқиғалар болып тұрады.					
2. Біздің педагогтер қиын сәтте әрқашан көмек пен қолдау көрсетеді.					
3. Мектепте/колледжде мен ересектермен және құрдастармен еркін пікір білдіре аламын.					
4. Менің ойымша, біздің мектепте/колледжде менің қызығушылықтарымды ескереді					
5. Менің ойымша, мектепте/колледжде бізді шынайы өмірге жақсы дайындайды.					
6. Біздің сынып (топ) – тату және ұйымшыл ұжым.					

Педагогтерге арналған 2-сауалнама

Мәлімдемелер	Ұпайлар				
Блок 1	0	1	2	3	4
1. Мен әріптестер мен әкімшілік тарапынан қорлау мен кемсітуге ұшырамайтыныма сенімдімін.					
2. Біздің мектепте/колледжде оқушылар үлкендерді мазақтап, қорлайтын сөздер айтпайды.					
3. Әріптестер мен әкімшілік тарапынан өз мекеніме бағытталған қорқытуларды естуге болады.					
4. Кейбір оқушылар тарапынан маған деген жағымсыз көзқарасты сеземін.					
5. Кәсіби қызметімде әкімшілік пен әріптестер тарапынан қысым мен мәжбүрлеуге ұшыраймын.					
6. Маған кейбір оқушылар мені елемейтін сияқты көрінеді.					
Блок 2	0	1	2	3	4
1. Оқу орнында менде жағымды эмоциялар мен сезімдер басым.					
2. Егер жұмыс барысында кәсіби қиындықтар туындаса, олардың оң шешілетініне сенемін.					
3. Мектепте/колледжде мен өзімді тұлға және кәсіби маман ретінде сезінемін.					
4. Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта мен сирек ыңғайсыздық сезінемін.					
5. Формалды және бейформалды жағдайда әріптестермен және балалармен қарым-қатынас маған қуаныш сыйлайды.					
6. Қажет болған жағдайда мен әріптестер мен әкімшілік тарапынан түсіністік пен жанашырлық табатынымды білемін.					
Блок 3	0	1	2	3	4
1. Біздің мектепте/колледжде көптеген маңызды, қызықты және қуанышты оқиғалар болып тұрады.					
2. Біздің педагогикалық ұжымға өзара көмек, қолдау және ынтымақтастық тән.					

3. Әріптестермен кәсіби қарым-қатынаста мен өз пікірімді еркін білдіре аламын.					
4. Біздің педагогикалық ұжымда менің қабілеттерімді дамытуға, кәсіби жетілуге және шеберлігімді арттыруға барлық жағдай жасалған деп есептеймін.					
5. Барлық қызметкерлердің педагогикалық белсенділігі мен бастамашылдығы оқушыларды дербес өмірге жақсы дайындауға ықпал етеді деп ойлаймын.					
6. Біз – тату және ұйымшыл педагогикалық ұжымбыз.					

Ата-аналарға арналған 3-сауалнама

Мәлімдемелер	Ұпайлар				
Блок 1	0	1	2	3	4
1. Менің балам оқушылар мен педагогтер тарапынан қорлау мен кемсітуге ұшырамайтынына сенімді.					
2. Біздің мектепте/колледжде оқушылар бір-бірін мазақтап, қорлайтын сөздер айтпайды.					
3. Менің баламға балалар мен педагогтер тарапынан қорқытулар айтылғанын естігенмін.					
4. Менің балам кейбір оқушылар тарапынан жағымсыз көзқарасты сезінеді.					
5. Біздің сыныптағы (топтағы) балалар педагогтер мен оқушылар тарапынан қысым мен мәжбүрлеуге ұшыраған жағдайлар болды.					
6. Маған кейбір балалар менің баламды елемейтін сияқты көрінеді.					
Блок 2	0	1	2	3	4
1. Сыныпта (топта) менің баламда жағымды эмоциялар мен сезімдер басым.					
2. Егер менің балам мектепте/колледжде қиындықтарға тап болса, педагогтер мен сыныптастарының (топтастарының) көмегімен олар оң шешіледі деп сенемін.					
3. Сыныпта (топта) менің балам өзін тұлға және қабілетті адам ретінде сезінеді.					
4. Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта менің балам сирек ыңғайсыздық сезінеді.					

5. Менің балама педагогтермен және балалармен формалды және бейформалды жағдайда қарым-қатынас жасау ұнайды.					
6. Қажет болған жағдайда менің балам педагогтер мен сыныптастары (топтастары) тарапынан түсіністік пен жанашырлық табатынына сенемін.					
Блок 3	0	1	2	3	4
1. Менің баламның мектепте/колледжде көптеген маңызды, қызықты және қуанышты оқиғаларға қатысу мүмкіндігі бар.					
2. Біздің сыныпқа (топқа) және оның педагогтеріне өзара көмек, қолдау және ынтымақтастық тән.					
3. Сыныпта (топта) менің балам өз пікірін еркін білдіре алады.					
4. Менің ойымша, біздің мектепте/колледжде балалардың қабілеттерін дамытуға және табысты оқуына барлық жағдай жасалған.					
5. Менің ойымша, педагогтердің кәсібилігі, белсенділігі және бастамашылдығы оқушыларды дербес өмірге жақсы дайындайды.					
6. Менің баламның сыныбы (тобы) – тату және ұйымшыл ұжым.					

Сауалнамалар нәтижелерін талдау және интерпретациялау

Сауалнама үш шкаладан тұрады, олар сауалнама парағында блоктар ретінде белгіленген:

- Блок 1: Психологиялық қорғалу
- Блок 2: Психологиялық жайлылық
- Блок 3: Білім беру ортасына психологиялық қанағаттанушылық

Әр шкала бойынша жалпы ұпай сомасы есептеледі. Әр шкалада ең жоғары балл — 24 балл.

Қорғалу (Блок 1)		Жайлылық (Блок 2)		Қанағаттанушылық (Блок 3)		Психологиялық қауіпсіздіктің орташа көрсеткіші	
Бағалаулар ауқымы	Деңгей	Бағалаулар ауқымы	Деңгей	Бағалаулар ауқымы	Деңгей	Бағалаулар ауқымы	Деңгей
0–7 ұпай	төмен	0–7 ұпай	төмен	0–7 ұпай	төмен	0–21 ұпай	төмен

8–16 ұпай	орташ а	8–16 ұпай	орташ а	8–16 ұпай	орташ а	24–48 ұпай –	орташ а
-----------	------------	-----------	------------	-----------	------------	-----------------	------------

4. Сандық көрсеткіштер мен мерзімдер

4.1. Орта білім беру ұйымы басшысының Бағдарламаны іске асыру туралы бұйрығы. Мерзімі: оқу жылының басында, қыркүйек.

4.2. 2024–2025 оқу жылындағы білім беру ұйымындағы буллинг жағдайларының саны. Мерзімі: оқу жылының басында

4.3. Ағымдағы оқу жылында анықталған буллинг жағдайларының саны. Мерзімі: ай сайын

4.4. Буллинг жағдайында әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды меңгерген оқушылар саны. Мерзімі: Қазан, желтоқсан, наурыз, мамыр

